

Ә. Модерзон

ЖАҚЫП ЖӘНЕ ЖҮСІП

Қазақ тілінде бірінші басылуы



05.09.3

ЖАҚЫП ЖӘНЕ ЖУСІП

Э. Модерзон

Э. Модерзон

ЖАҚЫП ЖӘНЕ ЖУСІП

Э. Модерзон
Жақып және Жусіп
Қазақ тілінде бірінші басылуы
„Шығыс Сәулесі“, Алматы 1993 ж

Сіздің бұл кітап туралы ой-пікірлеріңді, әлде сұрақта-
рыңыз болса, бізге мына адрес бойынша жазыңыз:

480114 Алматы – 114
а/я 68
„Шығыс Сәулесі“ баспасы

Kiprīspē

Жақыпқа орай Киелі кітап орынсыз мінеу мен келекемисқылға аз ұшыраған жоқ. „Киелі кітапта сөз болатын әулиелерге назар аударып көріндерші! Мысалға, Жақыпты алындар. Барып түрған алдамшы фой. Ол ағасы Аппасты қалай шыр айналдыра білді! Экесінің көзін бояп, өтірікті майдай тамызды емес пе? Жақыптың жасағанының бәрі бейшаралықтың ісі. Міне, әулие атанып Киелі кітапқа іліккен адам осындай!“ – деушілер жіңі кездеседі.

Рас, бұл әңгімелер аз да болса шындықтан құр емес. Жақыптың мінезінің жаман екені айдай анық. Оған күмән жоқ. Жақып қай істен болмасын өзіне пайда түсіре білді.

Осы күнге дейін мен де Жақып туралы қате пікірде едім. Ойымдағаны жасырғым келмеді. Жақыпты мен жүргегімде тапқаннан бастап, оның табиғаты мен бар болмысы көніліме орныққаннан кейін жаңағы қате пікірден толық арылдым. Бұл ашқан жаңалығым маған ауыр тиді.

Мүмкін осы сынды жаңалықты сен де өз жүргегінде тапқан боларсың? Немесе оған жету үшін саған әлі де біраз уақыт керек шығар. Онда сенен сұрайтыным, айтар тілегім – Жақыпты өз көкірегінен іздел табуында, оны мейлінше жақсы түсіне білуінде менің тәмендегі ой-толғамдарым саған бата болып тисін. Сонда ғана өткенде тарихтың орнына өзіңе өте жақын, өзің терең сезіне білген тарихты, Құдайдың Жақыптан Израилді қалай жаратқанын көресің.

Жақыптың мінезінің жамандығына қарамастан ол арқылы Құдай алға қойған мақсатына жете білді. Тәрбиелік мектебінің жолы өте ұзақ болды. Жақып Израилге өзінің көне табиғатына байланысты менмендігінің арқасында қайтақайта жеңіліп, енді жеңімпаз адам болу үшін, – Құдайдың онымен көп еңбектенуіне тұра келді.

Жақып арқылы өз мақсатына жете білген Құдайдың ке-

реметін мен әсіреке Жұсіптің тарихын зерттегенімде түсіндім. Ұлының шақыруы бойынша Жақып Мысырға келеді. Жұсіп оған перғауынның (фараонның) онымен танысқысы келетінін айтты. Бұны естігенде Жақып сөзсіз қатты қорықты. Үнемі қарапайым бақташы болып келген ол, енді сол кездегі әлемдегі ең құдіретті кісі – перғауынға баруға тиісті болды. Эрине, алғашында келіскісі келмей дәлел де айтты: „Жұсіп, мен патша алдына қай бетіммен барамын? Ешқашан патшаның қабылдауында болып көргенім жоқ қой!“ – деді. „Оның рас, әке! – деді Жұсіп сөзсіз жауап қатып. – Бірақ патша сенімен танысады тілек етіп отыр. Келіспеске шара жоқ“. „Хош, алайда мен өзімді қалай ұстауға тиістімін?“ „О-о, қам жеме, үйретейін! Залға кірісімен маңдайың еденге тигенше иіліп үш рет тағзым етесің. Соңан соң таққа қарай үш қадам жасап, тағы да үш рет бас июің керек. Одан кейін патша сенімен сөйлескенше күтіп тұрасын“.

Кәрі Жақып қатты күрсініп, жазмыштың ісіне көнді. Сарайда өзін қалай ұстау керек екендігін мықтап ойында ұстауға тырысты.

Қабылдау сафаты да жетті.

Оның қалай өткенін білесіндер ме? Жақып баласы айтқандай үш рет тағзым жасады ма? Жо-жоқ, бәрі керісінше болды!

Тек бір өзіне фана аян сол есте қалған түннен кейін, сылтып басатын кәрі бақташы залға кірген бетте, патша тағынан тұрып, оған қарсы жүрді де тағзым қылды. Әлемдегі ең құдіретті адам қарт алдында, ақсақ бақташы алдында басын иді. Жақып болса қолын жоғары көтеріп патшага батасын берді. Бұның бәрі сарайдағы қалыптасып қалған дәстүрге қарама-қайшы өткен еді.

Еврейлерге арналған Үндеу – хатта (Послание) кішіге үлкен бата беруге тиісті деп көрсетілген. Егер патша Жақыпқа өзіне бата беруге рұқсат етсе, онда ол Жақыпты жоғары мәртебелі санағаны. Жақып залға кірген бетте патша: „Бұл менен биік тұр. Мен жердегі патшамын, ал

мына кісі Құдайдың рақымының арқасында патшалыққа ие болған!“ – деп түсінді. Жақыптың келбеті мен бүкіл болмысындағы ерекшелік перғауынға қолма-қол әсер етіп, „бұл Құдайдың жіберген князі“ деп түйді ол.

Тәрбиеліктің ұзақ та қызын мектебіне қарамастан Жақып арқылы Құдайдың өз мақсатына жеткені соншалық – кімде кім онымен жүздесе қалса, бірден бұл өмірі мәнгілік, рухты адам екенін байқады.

Иә, Құдай солай ете алады! Жаман мінезді өтірікші Жақыптан Израилді, рухани байлыққа ие жеңімпаз адамды жасап шығару оның қолында еді.

Шынында да солай. Оңып түрған мінез Жақыпта жоқ еді. Ол бейшара адам болатын. Бірақ Құдай оны жаңартып, өзгертіп, Израилге айналдырды.

Мен осының бәрін түсінгенімде, маған бәрінен де қымбат болып көрінгені Жақыпқа деген Құдайдың бір фана мейірім – белгісі. Құдай өзін түрлі сөз – есімдермен атайды. Ол – бізді емдеуші Тәңір, бағып – қафатын Жаратушы, тағысын тағылар. Бірақ мен үшін ең аяулысы өзін Жақыптың Құдайымын деп әсірелегені.

Жақыптың мінезі қаншама түрпайы болса да Құдай өзін оның есімімен атаудан ұялмайды. Жақыптың Құдайы! Жақып оған онша жаман болып көрінбеді, өз атының даңқын шығару үшін, Жақыптан Ол өзге адам жасай алады. Сонда барып өзіме мен: „О-о, Құдай егер Жақыптың Құдайымын деуден ұялмаса, онда Ол менен де ұялмайды. Егер Құдай Жақып арқылы өз мақсатына жетсе, мен арқылы да мақсатына жететініне сенемін!“ – дедім. Оған Жақыптың Құдайымын деген сөзі айғақ, себебі Жақыпқа қатысты Құдай бүтінде сол баяғы қалпында. Уақыт өткенімен Ол өзгерген жоқ. Ол өмір – бақи бір қалыпта. Сондықтан Жақыптың Құдайына жан-тәнімізben беріліп, Одан біз арқылы Өз мақсатына жету үшін бізді тәрбиеле деп сұрайық. Құдайдың Жақыпты Израилге айналдырған тарихын бәріміз өз басымыздан кешейік.

Жақыптың туған жері

Адамды тану үшін оның ата-анасын, туып-өскен орны мен оны қоршаған айналаны білген жөн. Жақыпты дүниеге әкелген ата-ана баспанасында сәулелі жақтар мен қатар көлеңкелі жақтар да көп болды. Діни Жазбада (Писание) Жақып өскен семья туралы сараң айттылған: „Балалар ер жетіп, Аппас аңшылық жолына түсіп, дала кезетін болды. Жақып шатырдан шықпай тыныш, момын өмір кешіп жатты. Аң-құстан жасалатын дәмді тамаққа үйір Үісқақ Аппасты жақсы көрсе, Ревекка Жақыпты жақсы көрді“ (Тұрмыстық жазба. 25,27-28).

Жақыптың туып-өскен ұясы дінге берілгендердің баспанасы еді. Экесі Үісқақ – Үібраайымның баласы. Үібраайым Жақыптың кішкене кезінде әлі тірі болатын. Ол „шатыр ішінен шықпайтын жас балаға“ Құдайдың өткенде жасаған ұлы істері мен болашақ туралы армандауы жөнінде талай әңгімелеген де шығар! Бала оны жан-тәнімен беріле әрине тыңдады. Енді оның шатырдан шыққысы келмейтіні түсінікті де. Дін жөніндегі тарихи оқиғалардан артық қызықты ештеңе жоқ болды. Жүргегі де Құдай мен Құдай сөзіне ашық болды. Бірақ оңған мінез қайда: ол өте- мете қанағатсыз, пайдакунем еді. Қасиетті діни Жазбада Жақыптың қанағатсыздығының неден туындал жатқаны көрсетілген. Онда: „Үісқақ Аппасты жақсы көрді, себебі құс етінен жасалатын дәмді тағамға үйір еді“, – делінген. Аппас Жақыпқа мұлдем ұқсамайтын. Жақып діни тарихи оқиғаларды беріле тыңдал жатқанда, Аппас күн сайын даланы аралап, жастайынан аңшылыққа үйренді. Үйде отырып әңгіме тыңдауға уақыты да болған жоқ.

Ал, Үісқақ ше? Ол тұңғышын жақсы көрді. Жақыпты емес Аппасты жақсы көруінің себебі неде? Себебі Аппастың атып әкеліп, сол құстан дайындал беретін тағамын сүйетінінде. Рас, Жақыптың Құдайға байланысты сұрақтарға қызықпайтынын талай көрді. Өкініп, қайғырудың орнына

кіші ұлынан гөрі үлкенін жақсы көрді, өйткені тұңғышы тапқан құс етінің дәмі аузынан кетпейтін.

Міне, Жақыптың бойындағы пайдакүнемдік пен қанағатсыздық, осы арадан өрбіді. Бұл оған әкеден қалған енші іспетті еді. Осыдан барып туатын сауал мағнасы жағынан қиын да, маңызды да. Сауал еншіліктің ауыр жүгін қамтиды. Сондықтан да ата-ана өздерінен енші болып қалған зіл батпанды өмір бойы балаларына арқалатып қойғанша, әулиелікке бой ұрып, Құдай жолына берілулері керек еді.

Егер Ысқақ Аппас жағында болса, Ревекка Жақыпты қолдады. Мұндай қарым-қатынастағы балалар арасында бауырластық сезімнің дамуы мүмкін бе? Жоқ, мүмкін емес! Артынан барып олардың бір-біріне ағайындық сезіммен емес, салқын қандылықпен көз салғанын көргенде таңданбаймыз. Бұл ата-ана ұясында қанат жайған екі дайлық қарым-қатынастың нышаны. Басқа баспаналардан бөлініп, оқшауланып тұрған бұл ошақ құдайшылық пен құдай мейірбандығына толы еді. Соған қарамастан онда адамға тән күнәкарлік пен адамға тән жасырын көлеңкелер де баршылық болды.

Мұның соңы жеңілге соқпайтыны сөзсіз. Дінге сене берілген әке-шешенің толық Құдай жағында болмауы, өз жүректері мен өз үйін Қасиетті Рух тәрбиесіне бағындыр-мағаны өкінішті-ақ. Оларға тиісті ауыртпалық онда балаларына жүктеледі. Ал ата-ана үшін бұл барып тұрған қасірет. Ысқақ пен Ревекка ұлдарына орай қашшама қайғы мен жүрек ауруын кешті десеңізші, бірақ кінә өздерінен еді.

Жақыптың өзімшілдігі мен ашкөзділігі тұңғыш туғаның орнын басып алуда айқын көрінді. Ол анасының аузынан өзі дүниеге келер алдында Құдайдың: „Улкені кішісіне қызмет етеді“, – деп айтты дегенін естіген еді. Сөйтіп, тұңғыш туғанның орны өзіне тиетінін білді. Ал Ысқақ болса Құдайдың бұл сөзін ескерусіз қалдырды. Аппасқа ол тұңғыштық тұрғысынан қарады. Енді Жақыптың бар ойы, бар тілегі тұңғыштықтың еркіне қайткен күнде де ие болуға бағышталды.

Тұңғыш туғанның еркі неде? Жақыптың оған соншалық ұмтылғаны несі? Енді соны білейік. Үлкен ұлға еншінің екі бөлігі беріледі. Бұл тұңғыш туған үшін қалыптасқан ерік. Біз әңгімелеп отырған жағдайда үлкеннің үлесі көбірек еді. Тұңғышқа еншіге қоса Ханаан елі берілуге тиісті. Ойланатын жай. Оның үстіне тұңғыштың еркі бұл жолы тіпті әрірек қанат жайған. Тұңғыш туған бар әлем үшін батақор болып, сол арқылы жер үстіндегі барша үрпаққа бата берілмекші. Енді бізге Жақыптың Құдай өзі бермек болған, бірақ әкесі Ысқақ ұстап отырған тұңғыш деген атқа ие болуға неге ұмтылғаны белгілі.

Шіркін, ол егер Құдай айтқан сөзін орындағанша күте тұрса фой! Жо-жоқ, шешесі Ревекка шыдай алмағаныңдай оның да шыдағысы келмеді. Ысқақ Жақыпқа батасын бермекші болғанда Ревекка Құдайдың араласуын күтпеді. Құдайға құдайлық сөзін орындату үшін жалма-жан іске кірісті. Осы қимылды біз Жақыптан да көреміз. Ол да Құдай қашан кіріседі деп қолын қусырып отыра алмады. Өзіне-өзі көмектеспек болды.

Байқайсыздар ма, Ысқақ пен Ревекка бүкіл болмысын, ішкі дүниесін Жақыпқа аударды, ал ол болса өзінің өзімшілдігі мен шыдамсыздығы тұрғысынан ата-анасының тұрсыптын айнаңтай қайталады. Әке-шеше үшін бұл есте болатын маңызды жағдай. Баланың тәлім-тәрбиесі қай кезден басталмақ? Ол туғаннан кейін бе? Жоқ, одан де ертерек. Бұл арада ата-ананың қалыптасуы, олардың балалық шағы, өмір сурген ұясы үлкен роль атқарады. Сондықтан да, болашақ үрпақ туралы ойлайтын болсақ, өзіңмен бірге өмір жолын атқаратын серігінді таңдағанда оған жауапкершілікпен қараған жөн. Алайда осы маңызды қадамды біз көбіне ойланбай жасаймыз.

Балалардың әкесінің, не шешесінің кім болатыны да көңіл аудараптық жай. Егер сен Құдайды басшылыққа алып, қызыбалыққа, керексіз тілекten өрбіген сезім тебіренистеріне бағынбай осы құдайшылық шешімді қабылдасаң,

балаларың саған кезінде өз ракметін жаудырады. Олар саған өкпелейді де, – егер шешесінің не әкесінің кінәсінен ауыр өмір сүретін болса, өйткені бұл ауыртпалықты өмірінің соңына дейін арқалап өтеді ғой.

Ал сендер, ерлі-зайыптылар, болашақ үрпақ алдында жауапты екендерінді ұмытпанадар. Өздеріңе немқұрайды қарасаңдар да, балаларыңды аяңдар. Құдай сендер арқылы оларға ақ батасын дарытсын десендер, бар өмірлерінді Тәңірге арнандар! Тәңір бізге тек оның еркін фана орындайтын семьяны берсін де. Ондай семьяда ері әйелін, әйелі ерін қанамайды. „Жаратқан ием, өзің айтшы, біз не істеуіміз керек?“ – деп сұрайды екеуі де Құдайдан. Онда буырқанған сезімге, зорлық-зомбылыққа, көңілсіздік пен аяр өзімшілдікке орын жоқ. Жақыптың үйіндегідей сүйіктім деп бөліп жармайды. Өскелең үрпақ шапағатты Құдайдың мейіріміне бөленіп, шынайы таза ауалы Отанның құшағында өмір сүреді.

ҚАЙФЫЛЫ САУДА

Ақыры Жақыптың тұңғыштық атағына ие болу арманы да орындалды. Бірақ оны алу үшін қайфылы сауда жасалынды. Осы оқиға туралы Киелі кітапта былай делінген: „Сөйтіп, Жақып тамақ пісіріп қойды, ал Аппас болса дала-дан шаршап – шалдығып оралды. Аппастың Жақыпқа айтқаны: маған ана тамақтың қызылынан бер, қызыл түсті-сінен, себебі мен өте қалжырадым. Міне, осы сөздерден кейін барып ол Тамақсау атанды. Бірақ Жақып оған: онда дәл қазір маған тұңғыштық атағынды сат, – деді. Аппас болса: мен шаршадым, қарным ашып өлуге аз-ақ тұрмын, тұңғыштықта тұрған не бар? – деп жауап қатты. Жақып өз дегенінен қайтпай: ендеше маған ант бер, – деді. Анау антын беріп, Жақыпқа өзінің тұңғыштыққа жататын лауа-зымын сатты. Тек соңан соңғана Жақып Аппасқа нан мен жасымық көжесін ұсынды, анау ішіп-жеп тойып алды да, орнынан тұрып кетіп қалды. Сөйтіп, Аппас тұңғыш туған ұл деген еркінен айрылды (Жарат. бас. 25,29-34). Тұысқандық, бауырмалдық сынды сезімдер жоққа шықты! Жақып Аппастың аштығы мен қалжырафанын пайдаланып, оның тұңғыштық еркін иемденіп кетті. Керекті мақсатына жетуде қиналмастан жасаған қадамына да көніл бөлген жоқ. Тек әйтеуір ойлағаны орындалса болды да! Тек әйтеуір ұран ғып көтергені далада қалмаса етті.

Бірақ өздерің айтындаршы, мұндай ұранның несі жақсы? Осы сынды ұранды қолданушылар арамызда тым көп емес пе?! Мүмкін бұл ұранды сен де қолдайтын шығарсың?

Иә, бәріміздің де ішкі дүниемізге Жақыптың болмысы терең тамырын жайған. Өзімізбен-өзіміз әлек болып ойлайтынымыз пайдағана. Неше тұрлі әдіс қолданып, алға жылжып, көксеген мұратқа жетуғе асығамыз. Тек менің күнім

жоғары тұрса екен. Адамдардың көпшілігінің армандаитыны осы.

Жақыпқа тән табиғатты біз Мәсіх жолын қуушылар арасынан кездестіре алдық па? Олардың да өмір сатысының жоғарғы баспалдағына ұмтылуының күәгері болдық па? Неліктен діншілдер ортасында дау мен айтыс көп? Оның себебі басым көпшілік өзімдікті іске асып, менің айтқаным болса екен деп тағат таппайды. Көбіміз ең басты жауымыздың кім екенін, жауыздықтың ең ұлкені қайда жатқанын әлі күнге түсінген жоқпыш. Шайқастан шайқасқа шақыратын нағыз зор ата жау ішіміздегі „мен“. Ол саған біршама реніштер мен қыыншылықтар әкелген болар? Әлде артынан қайғылы өкініш тудыратын істерге де итермелеген шығар?

Кейде әлде кім қатты сөздер айтып, көңілінді қалдырып инабаттылық жасамауы мүмкін. Сол кезде сендеғі „мен“ ашуға булығып бұлаң-талаң болады. Шындыққа жүгінейік: „Жетті енді! Ол неге көкіді?!“ – деп ойлайсың сен. Сөйтіп, бойындағы „мен“ сені ыза мен жақтырмаушылыққа әкеліп тірейді. Керісінше, танысыңмен жаңағы адамның дөрекілігін ортаға салып, оны кіналап өкпе айттың делік – бұның ақыры түрлі ұнамсыз жағдайларға әкеліп соғады.

Иә, „менің дегенім болса екен!“ деген ұран барда біз ешқашан келісімге, түсінушілік пен тыныштыққа жете алмаймыз. Ол мүмкін емес. Іштегі „меннің“ басшылық етуі құрымайынша біз рух кедейшілігін тартып, бейшара құл дәрежесінде қала береміз. Сен осыны сезіне алдың ба? Көпшілік бұған түсіне де бермейді. Өзінің „менің“ оған әдейі бөлінген жаза орны – Голгофадағы айқыш ағашқа апармай, оған жалған сүйіспеншілік көрсетіп, аяушылық-пен қамқоршылық етеді. Менің бірде қабырғаға батырып жазылған: „Тым сезімталдық өзіндегі менді аяудың түрі“ деген сөздерді оқығаным бар. Бұл рас. Иә, өзінің „меніне“ аяй қарайтындар өте көп. Себебі олар кесепатты аластап, „меннің“ басты жау екенін әлі түсіне қойған жоқ. О-о, егер Тәнір біздің жүргегімізге өз нұрын төксे ғой! Адам мейрім-

сіздіктің шектен тыс күшін көргенде ғана өзіндегі мендіктен құтылуға тырысады.

Бұл саладан біз кейбір түсініктерді ғана атап өттік, ал біздің өзімізге тән мейірімсіздіктің саны ұланғайыр. Олар: көңіл күйіндең бұзылғаны, өкпелеу, ашулану, ызалану, қайғыру, табалану және тағысын тағылар.

Болашақта да сен іштегі „меннің“ басшылығына бағына бермексің бе? Әлі одан қалжыраған жоқсың ба?

„Менің айтқаным болсын!“ деген ұранмен басқаларды топ алдында жауапты деп санаудан құтылмайынша өзіндегі сезімталдық ызадан арылмайсың. Бұл сендергі опық жеген өкпелі мендік. Сен көңіл бөлу мен қостауды қүтесің, олар жоқ екен – ашу шақырасың. Ашуыңың себебі – сенің дегенің болмады. Ыза үстінде соңынан қатты өкінетіндей сөздер айттың. Айттылған сөзді қайтып алар едің, мұрсат жоқ. Өйткені болары болды.

Мүмкін сен хат арқылы жұмыстағы қарым-қатынасты анықтамақ болдың делік. Бірақ қаламыңды шайтанның сия-сауытына малдың. Хатыңа улы, запыранды сөздер күй-ылды. „Көкесін көзіне көрсettім!“ – дедің жазып болып. Иә, сен сөйттің. Ал сонан соң ше? Сонан соң: „Ақымақтық жасап хат жазбауым керек еді! Хатта бәрі таңбадай басылған, ол енді маған қарсы қолданылатын құрал фой!“ – деп опындың. Иә, ашу үстінде артынан қатты қайғыратыныңды ұмытып, шалағай шешім қабылдадың. Жалма-жан: „Енді жүйкемді жейді фой!“ – деп, тыныштық табу үшін, басқа жұмысқа ауыстың.

Тыныштық таптың ба бірақ?

Жаңа орында, жаңа қарым-қатынаста өз бақытыңды іздел таба алдың ба?

Сен басыңды шайқайсың. „Мен үлкен кателік жасадым. Бұрынғы орнымда отыра беруім керек еді!“ – дейсің. Оу, достым, көрдің фой сендергі менмендіктің көңілге қанша кірбең әкелгенін! Осынау мейірімсіздіктің уысынан құтылсан қайтеді?

Қараши, ескі адамның зорлық-зомбылығынан бізді құтқару үшін Иса айқыш ағаштың азабына да барды ғой. Елші Пауыл (Мәсіх жолын қуушы дінін уағыздаушы, Рим. 6, Ефес. 4, Колос. 3) әңгіме етіп отырған ескі адам – ол біздің санамыздағы Жақып, көнеден келе жатқан менмендік, өзімшілдік.

Айқыш ағаш азабы арқылы құтқаруды біз сеніммен қабылдайтын болсақ, онда ескі адамның да Иса Мәсіхпен бірге шегеленгенін (Рим. 6, 6), оның ұstemшілігінің біткенін білеміз. Қандай да болмасын өзіндік күресуден көмек жоқ, өз күшімен ескі Жақыпты жеңе алмайсың. Бір ғана көмек: айқыш ағаш азабын кешуге сеніммен қарау және Пауылдың аузымен Мәсіхпен бірге мен де айқыш ағашқа керіліп шегеленгенін дегенін айта білу. Ескі адамның өлетін жері осы ара. Саған қатысты оның күші жойылады, қуанышқа бөленіп нағыз бостандық аласың. Сонда барып: „Менің айтқаным болсын!“ деген бұрынғы қайғылы ұран күл болып ұшып, „Оның айтқаны болса екен!“ деген жаңа ұран туындаиды.

Соның арқасында ғана Исаға жан-тәнімізбен беріліп, алғашқы – тұңғыш туғанның еркіне ие боламыз. Ескі Жақыбынды, сенің ішкі сарайыңа оның зорлық- зомбылық жасағанын, айқыш ағашты, айқыш ағашқа шегеленуі арқылы бізді құтқарғанын көрсет деп сұрашы Одан. Міне, осыдан кейін ғана: „Мәсіхтің төгілген қаны неткен қасиетті еді! Сол арқылы күнә мен жауыздықтан құтылып, бостандық алу нағыз бақыт екен ғой!“ деп тебірене-толқып айта аламыз.

ҰРЛАНҒАН БАТА

Жаратылыштың басталуы кітабының 27 тарауы – Киеle кітаптағы ең қайғылы тараулардың бірі. Себебі ол адамдар арасындағы өтірік пен арбап-алдауды әңгіме етеді. Егер

адамдар өз жүргегінен Құдайға молырақ орын беріп, Ол жасайтын іс-харакеттен бұрынырақ қимылдамағанда бәрі керісінше болар еді. Осы аталмыш тарауда сөз болатын кісілерге тереңірек назар аударайық.

ЫІсқақ

„ЫІсқақты қәрілік мендеп, жанары көруден қалғанда, ол үлкен ұлы Аппасты шақырып алып: „Балам!“ – деді. Анау оған: „Алдыңда тұрмын“, – деп жауап қатты. ЫІсқақ: „Міне, мен де қартайдым, өлер уақытымды білмеймін; қару-жарагынды, қорамса мен садағынды ал да далаға құс аулауға шық. Мениң сүйіп жейтінімді дайында, өлместен бұрын саған батамды берейін“, – деді (Жарат. баст. 27, 1-4).

Лютердің аудармасындағы „жейтінім“ деген сөз үлкен мағнаны білдіреді. Бұл жәй ғана жейтін тамақ емес – тәтті, өте дәмді тағам. Аталмыш тарауды қайталап оқитын болсақ „тәтті тағам“ деген сөзге бес рет кезігеміз. Ал „менің сүйетінім“ немесе „оның сүйетіні“ деген сөйлем үш рет. Бұл тегін емес. Мұнда мағна жатыр. ЫІсқақ өзінің ас қазанына көп көңіл бөліп, тамақ жеуді құмарлыққа айналдырған.

Жаратқан иемнің құллы, Ыбраайымның баласы Құдаймен қарым-қатынаста болып, Онымен бірге көпті басынан өткізген адамның тамақ-құмарлыққа берілгеніне жол болсын! Өкінішті-ақ! Бірақ ЫІсқақ сияқтылар бүгінде арамызда аз ба? Олар қартайып, шашына ақ кірген, баяғыдан бері-ақ Құдай жолымен келе жатқан, бірақ түрлі әдет пен түрлі құштарлықтан арылмаған адамдар. Біреу көп сөзділікке, артық сөйлеуге бар, енді біреуінің табынатыны ақша, үшіншісі саудамен айналысады, төртіншісі шарап құйылған ыдысты төңіректейді, бесіншісі дөрекі, жат істерге үйір. Жаратқан иемнің балаларының керексіз іске үмтүлғаны қайғылы-ақ! Сана мен рухы тазаланып, құтқарудан өтпегендей. Иса: „Олардың бойларындағы күнә құрсауын күл-

талқан етпегендей“. Иса жазалау орны – Голгофада: „Мақсат орындалды!“ деп айғай салғаннан кейін ешкім өз қалауының құлыш болмауға тиісті.

Оз қажетіне бас ұрып, байлауда жүрген Мәсіх жолын қуушыларды көргенде менің жаным ауырады. Сонда бізді құтқару үшін өз қанын төккен, біздің бостандығымыз үшін өз өмірін қиған Исаңың жаны қалай қиналды десеңізші.

Бірде мейманханада кешкі тамақ ішпек болып отырған мен көптен білетін, Құдай жолына түскен ескі танысыма кезіктім. Ол менюді әкелуді сұрады. Тізімде тағамдардың түрі көп болғанымен оған бірде-бірі ұнамады. Әр тағамға қатысты ескертпе-пікірін айтты. Тізімді толық қарап шығып, күтіп тұрған дәйешіге: „Сонымен, жөнді ештеңе болмағаны ғой?!“ – деді. „Faфу етіңіз, ұнағанын алыңыз, тағамның түрлері көп қой!“ – деп жауап берді анау. „Жоқ, бұның бәрі жәй нәрсе! Маған...“ – танысым тілегін айтты, бірнеше жылдар өткендіктен бе, әйтеуір тағамның атын мен ұмытып қалдым. Алайда әлі есімде, әр астан кейін ол: „Негізінде бұл былай дайындалу керек еді! Түсіндіңіз бе? Былай емес бұлай!“ – деп отырды. Бұл да Ысқақ. Танысым үшін дәйеші алдында ұялып отырдым. Құдай жолын қуған қарт қызметші, соған қарамастан тамаққа бар ынтаzarымен байланған.

Тамақ туралы әлде қандай ойфа қалып көрдің бе? Осы біз не себепті тамақ жейміз? Адамдардың көбі тек жеу үшін өмір сүріп жатқандай. Керісінше: „біз өмір сұру үшін жейміз“, – деген дұрысырақ болар еді.

Ас ішкенде біздің атқаратын мақсатымыз не? Ишіп-жеген тамағымыз арқылы Жасаған иенің мейірімін қабылдаймыз. Сол астың көмегімен Құдай өмірімізді сақтап, сол үшін қимыл-харакет жасап өмір сұруге күш береді. Сондықтан тамақтану өте маңызды іс. Тіпті қасиетті дегім де келеді. Біз Құдай үшін өмір сүріп, Құдай үшін тамақтанамыз. Тамақты Оған қызмет ету үшін ішеміз. Сөйтіп, ішетін асымыз бен жейтін тағамымыздың мәні жоғарыласп ізгіліктенеді, арнауын тауып дәріптеледі, Құдайға қызмет етудің негізіне

айналады. Пауыл айтқандай: „Ішкенде де, жегенде де Құдайдың даңқын көтересіндер“ (1 Кор. 10, 31). Мұны түсінген адам қарын тоқтығы емес, Тәңір үшін тамақтанады.

Тамақтың маңызы өсіп, Құдайдың ізгілігіне ие болған-дықтан жау оған дүние жаралғаннан бастап қолын созған. Бұл әлемде күнә қалай пайда болды? Адам-ата мен Хая-ана бірінші болып оның дәмін татты. Құдай оларды өстіп сынаады.

Құдайдың атынан айтылатын бірінші өсиетте: „же“ дегінгендегі (Жарат. баст. 2, 16). Ал тиым салудың алғашқы жолдары керісінше „жеме“ дейді (Жарат. баст. 2,27). Құдай бұл арада олардың тіл алғыштығын сынағысы келді. Өкінішке орай Адам-ата мен Хая-ана тиым салынған жемісті жеді. Киеle кітапты қайта-қайта оқыған сайын адамзат жауының бұл салада әбден ерік алғанын көреміз.

Көретініміз Нұхтың (ол кезінде Құдайға құлшылық ету өмірін кешкен адам) өзі өсіріп-баптаған жүзімнің шарабын елердей ішіп, мас болғаны.

Аппастың жасымық көжеге бола тұңғыштығын сатқаны.

Ісқақтың құс етін жеуді жаны жақсы көріп, қарынын тойдыру мақсатымен Құдайдың еркіне қарсы болғаны.

Израилдің шөл далада Құдайдың оған аспаннан жіберген „жаман“ тамағы мен нанына өкпелегені.

Ішіп-жеуді сүйетін мындаған израилдіктердің бір күнде қаза болғанын да көреміз.

Сонымен, біз Киеle кітаптан бастап осы заманға дейін толып жатқан мысалдар келтірер едік. Ішіп-жеуге келгенде жасалатын күнәнің шегі жоқ. Бұл туралы айтудың да қажеті шамалы, оны бәрі де біледі.

Алайда, аталмыш мәселе шайтаннан гөрі Құдайға жақын. Сол себепті біз Құдай алдында қарыздармыз. Бұл саланың Құдайға тиісті екенін көрсететін дәлелді мен Тәңірдің Кешкі құлшылық ету жиналышында кездестіремін.

Құдаймен өте тығыз да маңызды қарым-қатынас наның дәмін татып, шарап қабылдағанда туады. Құдай ішіп-жеу

сәтінде де біздің өзімен бірге болуымызды қалайды, тек Соның алдында, тек Сол үшін ғана тамақтанамыз. Сөйтіп, жеп-ішетін асымыз Құдайдың құптауы дарыған маңызға ие болады. Қөректенетін тағамымыз өзіміз жақсы көретіндегі етіліп дайындалсын деген орынсыз талапты қоймағанда ғана бұл тұрғысындағы келіспеушілік пен реніш жоққа шығады. Иә, қай семьяны алмаңыз тамак „жөнді“ дайындалмаса, қолма-қол реніш-өкпе туып жатпай ма?! Кейбіреулер күйіп-пысып жалма-жан әйелін айыптайды. Тамақты өзіміз үшін емес, Құдай үшін, Құдайға арнап ішіп-жейтін болсақ бар өкпе, бар жөнсіз тілек су сепкендей басылады.

Бұл саланы Құдайға қайтарып Жасаған иемнің балалары, бізді үнемі ескертіп отыратын мысалға айналған Ысқақтан үренсе ғой. Сала шайтандікі де, өзіміздікі де емес – Құдайдікі.

Тамаққа деген қайғылы құштарлық неге әкелетінін Ысқаққа байланысты мысалдан көреміз. Жақыпқа шарапат шапағатының тиетінін, үлкеннің кішіге қызмет ететінін ол жақсы білетін. Соған қарамастан үлкен қалауын есінен шығарды.

Иә, өзінің түкке тұрмайтын пиғыл-тілегіне байланған адам Тәнірдің қалауына да мән бермейді. Құдайдың не айтқанында ісі жоқ. Біз қабыл алуға болмайтын әр неге қажетсіз үйірлік Құдай ұмсынған еркіндікті көксеуші арымызға кедергі әкеледі. Бұл қатаң шындық. Мұндай жәй сенімен де болмасын десең сақтанып жүр!

Алғашында құштарлыққа берілген адам ойға қалады, ұжданы алдында азап шегеді. Ұақыт өткен сайын Құдайдың сұрау-тілегіне женіл қарап, соңынан оны бұзуға дейін барады.

Сонымен, Ысқақ алға қойған жоспарын қалай орындауды? Ашықтан-ашық жасауға болмайтыны оған аян. Ревекка қарсы тұратынын біледі, әйелі Тәнірдің айтқан тілегін оның есіне салады. Сондықтан Ысқақ бәрін жасырын жасайды.

Бұл маңызы зор іс! Дүние жүзілік тарихи мәні бар іс!

Себебі бата алушы арқылы жердегі барша халық баташа ие болады. Міне, осы маңызды істі Ысқақ есігін бекітіп алыш, сырт көзден таса жасырын жасамақ. Алайда оның ұжданының қатты қобалжулы екенін көреміз.

Ысқақтан аударған назарымызды Ревеккаға бүрмaston бұрын біз қариядан әлде-бір нәрселерге үйренелік.

Құдай балаларында жасырын істер болмауга тиісті

Бұл сөзді біз жүргегіміздің түбінде терең сақтайық. Жарықтан қорқып қараңғылықты сүйетін жасырын нәрсенің бәрі Кұдайдың ісі емес. Тәнірдің балалары қараңғылықтан жаралған жоқ. Сырт көз көріп білмеген істі олар жасамайды да, іздемейді де. Меніңше, әр-бір семьяда Жаңа жыл мейрамы немесе туған күн тойы алдында болатын жасырын дайындық туралы айтып жатудың керегі шамалы. Ол қуанту үшін кенеттен берілетін силықтарға бағышталған салтанат. Менің әңгіме етіп отырғаным: ешкімге айтпа, келістік қой, екеуміз фана білейік деген жасырын сырлар. Егер саған біреу осылай десе – бұл құдайлық емес, шіріген іс деп біл.

Жазған адамның қолы қойылмаған жалған, жасырын хатты да есепке алған жөн. Кімде-кім біреуге бірдеңе жасағысы келсе, ерлік жігер танытып, оны ашықтан-ашық істеуі керек. Соңдықтан да қайталап айтамын: Тәнірдің балаларында жасырын сыр болмауга тиісті. Барлық жасырын нәрсе төменнен, қаранғыдан өрбиді, өйткені ол жарықтан қорқады. Өзімізді үнемі шуақты күн сәулесінің астында жүргендей сезінейік. Шындық пен жарық сәулені көтермейтінді жасамайық та, ол туралы айтпайық. Жасырын істен ешқашан жақсылық болып көрген жоқ, соның дәлелі Жақыпқа байланысты мысал.

Ревекка

Ол туралы біз Жаратылыстың басталуынан оқимыз (27,5-10): „Ысқақтың ұлы Аппасқа айтқанын Ревекка естіген еді. Аппас құс атуға далаға кетті, Ревекка болса кіші ұлы Жақыпқа: сенің әкең Аппасқа „құс атып әкеліп, маған тағам дайындал бер; тойып алып өлмес бұрын саған Тәнір алдында батамды бағыштайын“, – дегенін естідім. Ұлым, менің енді саған не айтатынымды тыңда: „Малға бар да жақсы кондылау екі қозыны таңдал ал, етінен әкеңе ас жасайын, тамақтанып алғаннан кейін ол көзін жұмбай тұрып саған батасын береді“, – деді.

Ысқақ Аппаспен жасырын келісімге келген болса, Ревекка да осы сынды қадамды жасай алды. Ысқақтың Аппасқа өте құнды бірдеңе айтпақшы екенін байқаған ол тың тыңдаиды. Ері мен әйелінің арасында осындағы қарым-қатынастың болғаны, ері әйелінің сыртынан есту үшін тың тыңдағаны қайғылы-ақ! Тың тыңдаған Ревекка Ысқақтың Аппасқа айтқанының берін естиді. Енді не істеу керек? Құдай Жақыпты батақұр етіп бөлген еді, ал Ысқақ болса батаны Аппасқа бермекші. Қатерлі жағдай! Егер Ысқақтың жоспарын дәл қазір бұзбаса Құдайдың тілегі мен Оның айтқан сөзі орындалмай, Жақыпқа бағышталған Тәнірдің батасын Аппас алады. Соңдықтан Равекка араға түсіп, Құдай сөзінің орындалуына көмектесуі керек. Қандай есуастық! Құдай бар әлем қарсы тұрса да бейне бір өз еркін орындағы алмайтындағы. Әлсіз, қауқарсыз әйел күштінің күштісі құдіретті Құдайға қалай көмектеседі?! Сонымен, Ревекка Құдайға қалайша көмектесті? Өтірік пен алдау арқылы. Соңынан осы араласуының ауыртпалығын өмір бойы арқалап өтті; қайғы мен жүрек ауруына шалдықты. Бірақ Ревекка араласпаса Ысқақ батасын басқа ұлына берер еді ғой деп араларыңнан әлде кім айтуы мүмкін. Солай ма? Оған сенімдерің мол ма? Жоқ, батасын басқа ұлына бермес еді дер едім мен. Өз көзқарасымды

Киелі кітаптағы сөздермен дәлелдеуге әбден мүмкіншілігім бар.

Осыдан бірнеше ондаған жылдар бұрынғы, 12 жасар Ысқақты еске түсірейікші. Экесі оны таңнан оятып, жолға жинал деп бұйырды. Ысқақ сол сэтте-ақ дайын болды. Бірақ сапар шегу қызық әкелген жоқ, жол бойы әкесі ләммим деп ештеңе айтпады. Ысқақ сөйлесуге тырысып еді, онысынан ештеңе шықпады. Соңғы рет Морпа тауына көтеріле бастағанда әңгімеге шақырды. „Әке, отқа салатын отынды да ала келдік, ал құрбандыққа шалынатын қозы жоқ қой?“ – деді ол. „Құрбандық қозысын Құдай Өзі ізден табады,“ – деп қысқаша жауап қайырды Ыбыраайым.

Таудың төбесіне көтерілгеннен кейін, Ысқақ арнаулы қозыны көрмей, Құрбандыққа өзінің шалынатынын білді.

Ыбыраайым құрбандыққа қажет орын тағайындал, сол жерге отын ағашын үйді, баласының қол-аяғын байлады да, оны ағаштың үстіне орнатылған құрбандық ошағына жатқызды. Пышақ ұстаған қолын көтеріп, енді ғана шалмақ болғанда: „Ыбыраайым! Ыбыраайым!“ – деп шақырган біреудің айғайын естіді. „Мен мұндармын!“ – деп жауап қатты ол. Құдайдың айтқаны: „Қолынды балаңа көтерме, ейткені Мен енді сенің Құдайдан қорқатынынды білдім. Мен үшін ұлынды, жаңғызынды аяған жоқсың!“

Араласпас бұрын Құдай аяғына дейін күтіп бақты. Әнеміне дегенше пышақ та жоғары көтерілді, келесі бір сэтте Ысқақ қанға боялып жан тәсілімін берер еді. Бірақ соңғы сэтте Құдай килікті. Сол оқиғадан бері ондаған жылдар отті. Ысқақ қартайды, бірақ Құдай қартайды ма? Жоқ, Құдай баяғыдай, сол қалпында.

Аппас құсты атып алғып, одан тағам дайындал әкесіне әкелді делік. Одан кейін Ысқақ Жақыпқа бата беру үшін қолын жоғары көтерер еді. Әрі қарай не болмақшы? „Ысқақ! Ысқақ!“ – деп шақырган дауыстың естілетініне мен сенемін. Сонан соң: „Токта, қолынды көтерме!“ – дер еді Жаратқан ием.

Морпа тауында болған оқиға бұл жолы да сол қалпыңа қайталанбақ. Сондағыдан Үбрайымның көтерген қолын келіп тоқтатқан Құдай Ысқаққа да келіп, өзінің еркінен тыс Жақыпқа бата бергенін қабылдамас еді.

Шіркін, Ревекка күте білсе етті! Онда Бастаудың 27 тарапуы жақсы әсер қалдыратынына дау жоқ. Бұл тарау арбап алдауды, өтірікті емес, құдіретті Құдайдың еркінің орындалғанын паш етер еді.

Бірақ Ревекка күте алмады. Иә, Ревеккаға ұқсас жандар әлі де бар. Көбіне біздің сағатымыз алға асығады. Көбінесе Құдай уақытында көмекке келуді ұмытады деп ойлаймыз, сондықтан оқиға ағысына өзіміз килігеміз. Жо-жоқ, Құдай әлі ештеңені ұмытып көрген жоқ. Құдай ештеңеге де кешіккен емес. Рас, кейде Ол күттіріп қояды. Онысы дұрыс та. Бірақ „қажетті мезгіл туғанда Ол барлық құдіретімен көмекке келеді!“

Бір жиында мен осы Құдайдың араласуын күту мен Оның көмегі туралы айттым. Мұны іс жүзінде дәлелдеу үшін мен: „Ақшаң жоқ делік, ал қазан айының біріне дейін үй ақысын төлеуің керек, сонда Құдайдан көмекті қай мезгілге дейін күткен болады?“ – деп сұрадым. Сөйттім де: „30-шы қыркүйектің кешіне дейін“, – деп жауап қаттым.

Осыны естіген бір тігінші әйел қасыма келіп, маған мынаны айтты: „Сіздің әңгіменізге түзету еңгізгім келгені үшін, кешіріңіз. Үй ақысын қазанның біріне дейін төлеу керек болса, 30-шы қыркүйектің кешіне дейін күткен жөн дедініз фой. Жоқ, I-ші қазанды күту керек, мұны мен өз басымнан өткердім. Үй ақысын төлеуге мүмкіншілігім болмады. Шынында, жазу кітапшам бойынша ақшаны заказ берушілерден алуға тиісті едім, бірақ олар төлемеді. Оларға бұл „жай, ұсақ ақша“, ал мен үшін бұл көп еді. Сөйтіп, ақшам болмады. Ол жөнінде Тәңірге жалбарындым. Келім ақша түспеді бірақ. I-ші қазан да жетті. Ақша әлі жоқ.

Мен туралы Тәңір ұмытып кетті ме? Мүмкін емес! Мен сенімімді жоғалтпай күте бердім. Уақыт түске жақындаған

кезде, мен киімін тігіп жүрген таныс әйел кірді. „Азық-тұлік сатып алуға қөшеге шығып едім, кенет сізге соққым келді. Мен әлі қарызымды түгел төлеген жоқпын фой. Қын болмаса, қанша беруім керек, соны дәптеріңізден қараңыз-шы. Есеп айыратын қағазды өзіммен бірге алмап едім, себебі сізге соғып қарызды төлеу ойымда да жоқ еді“, – деді ол. Мен одан қанша алатынды айттым. Оның төлейтіні тұп-тура маған керек сома болып шықты!“

Әйелдің әңгімесінен мен тағы да өзіме қажет нәрсені таптым. Соңғы сәтке дейін күткен жөн. Біз оған сенетін болсақ Құдай өкініште қалдырмайды. Бұл тұра!

О-о, Ревекка сол күні тізерлей отыра кетіп, Ысқақтың жоспарын жоққа шығарып өзгертуді Құдайдан сұрап, жалбарынса етті. Онда табысқа жетер еді. Бірақ көмек көрсетуге араласқаны өзіне, бүкіл үй-ішіне қайғы мен қасірет әкелді.

Құдай бізге Ревекка сияқты қадам жасатпасын. Біз Құдайға көмектесе алмаймыз, бізге оны жасаудың қажеті де шамалы. Құдайға сенип, Одан көмек күте отырып біз Оны дәріптеп, мадақтауға тиістіміз.

Жақып

Ревекка Жақыпқа әкесін алдау жолын ұсынғанда ол оған не деп жауап қатты? Бір кездегі Жұсіптей: „Құдай алдында күнәға батып, мұндай орасан жауыздықты қалай ғана жасаймын?“ – деді ме? Жоқ, ол басқаша айтты. „Менің ағам Аппастың денесін түк басқан, ал менде түк деген атымен жоқ. Әкемнің мені қолымен сипап көруі ғажап емес; онда бата орнына қарғыс алыш, оның алдында өтірікші боламын фой“, – деген еді Жақып шешесі Ревеккаға (Жарат. баст. 27, 11-12).

Бұл сөзден не туындастын? Күнәдан ол қорықпайды. Күнә жасап жатқанда өтірікші болып көрінуден қорқады.

Ысқақ жасырын істі байқамаған күнде ғана, ол күнәға баруға дайын. Оған тек сыртынан көзге таза қалу маңызды. Іштей бұл көріністің болмысы қандай, Құдай бұған қалай қарайды? Бұл сұрақтар оны онша мазалай қоймады.

Жақыптың өзі сияқты достары бар ма? Мәсіх жолын қуушы деп аталып, тек сырт пішінін сақтайтындар көп қой. Адамдар оларды әулие, Мәсіх жолын қуушы дініне берілген деп санаса болғаны.

Ана дүниеге кетіп, мәңгілік көзін жұмған досымның Киелі кітабын сүйсіне парактаушы едім, себебі ол оқыған тұстарына әр-түрлі белгі қойып отыратын. „Тәңір түпкі тазалыққа жеткізсін, рухыңыз, ішкі дүниеңіз, тәніңіз Тәңір Иса Мәсіхтің қайта келуі алдында кесел-күнәдан аман-сау сақталсын“, – деген Тесалониктықтарға арналған Үндеудің тұсына „фанермен жайдан-жай қапталмаған“, – деп досымның қолымен жазылыпты. Құдайға құлшылық етушінің бұл сөзбен не айтқысы келді екен?

Фанермен қапталған шкап шомбал болып көрінеді. Сырт көрінісі сондай. Ол тек жұп-жұқа емен тақтайынан тұрады. Одан кейінгі қабаты – қарағай. Сырттан қараған адамға бұл еменнен жасалған шомбал шкап сияқты. Ішін ашсан, оның тек емен фанерімен қапталғанын көресің. Жаңағы Киелі кітап бүйіріндегі белгі Мәсіх жолын қуушы дініндегі „фанермен қапталғандардың“ көп екенін айтады. Иә, солай. Кейде қателік жіберіп, олар тұрғысында: „Неткен тамаша діни аға!“, „Неткен ғажап діни апай!“ – деп айтатындар да бар.

Ал осы адамдар семьяда қандай?

Осыдан бірнеше жыл бұрын жиындарда сөз таласына жиі түсіп жүретін діндар ағайдікіне соқтым. Ол үйінде жоқ болып шықты. Мені әйелі қарсы алды. Мұндай адамның жұбайы болу қандай фанибет дедім мен оған. Анау жымиды да: „Егер сіз ерімнің үйде не айтатынын естісеңіз!“ – деді мұңайған пішінмен.

Сонда барып түсіндім: діндар ағам сырттай „фанермен

қапталған“ екен. Сонынан оның ешбір өзгермегенін естідім. Ол аяғына дейін тазалана алмады. Өзінің табиғи қатаңдығын, әйелінің өкпесін тудыратын дөрекі сөздігін тастамады.

Бірде ол қатты ашуланды, жұмысшылар оның айтқанын жасамаса керек. Бұланқ-талаңы шығып, өзіне-өзі келгенше жүргегін үстады. Сұмдық-ай! Көп ұзамай содан қайтыс болды.

Ең маңыздысы „Фанермен қапталған“ болып қалмауда, сырт көзге әдейі Мәсіх жолын қуушы дініне берілген болып көрінбеуде. Шын мәнісінде нағыз Мәсіх жолын қуушы болғанымыз абзал. Өйтпесек көп нәрсені жоғалтамыз.

Адамдардың біз туралы не ойлайтынынан Құдайдың не ойлайтыны маңызды. Әулиелік түр көрсетіп Құдайды алдай алмайсың. Ол түп-тура жүргегімізге қарайды. Сондықтан тек қана Мәсіх жолын қуушылық пішін көрсетпелік, Тәңірін шын сүйетін Мәсіх жолын қуушылар болайық.

Сиыну дұғасын айтушылар кейде мәнерлеп: „Тәңірім, егер менде әлі саған ұнамайтын кемшіліктер болса...“ – дейтіні бар. Қалай-қалай өздері туралы ой толғайды, ә? Тәңірім қалай да болмасын біздің ұнамсыз жағымызды ізден табады. Тәңірдің сеніммен қарайтыны соншалық, нашарлық бізден табылған күннің өзінде түсінбеушілік пен адасуда қалдырмайды. Оны бізге Өзінің қасиетті рухы арқылы жеткізеді. Ол ашықтан-ашық: „Балам, бұны қой, оданда ананы жөнде!“ – дейді. Құдайдың шын ұрпағы Тәңір қалаған іспен байланыста екенін үнемі жақсы біледі. Діншіл адам: „Тәңірім, егер менде әлі саған ұнамайтын кемшіліктерім болса...“ – деп дұға оқығанда осы сөзімен өзінің ішкі дүниесінің дұрыс екенін көрсетіп, Құдайды алдағысы келеді. Бұл рольді атқару ойыны бөлмеде жеке қалып, сиынғанда да өрби түседі. Бөлмедегі сиынушылар арасынан шын мәнісіндегі түрінен жақсы көрінгісі келетін Жақыпты да кезіктіруің мүмкін. Иә, Жақыптың күнәсі қанымызға терең бойлап, қатты сіңген.

Жақып анасының ақылына көніп, оның айтқан сөзін

қабыл алады. Сөйтіп, алданған қарт Ысқақ Жақыпқа батасын береді. Қайғылы оқиға. Құдай бұл жөнінде не дейді екен?

Егер Жақып біздің заманымызда өмір сүріп, шіркеуге мүшे болса, әрине, оған: Жақып, сен ұяттық жасадың, істеген ісіңмен Тәңір ісінің атына кір келтірдің, шіркеулік қауым құрамынан сені шығаруға тиістіміз, – дер едік. Ал Құдай болса онымен қалай сөйлесер еді?

Міне, бейшара қашқын Жақып ашық аспан астында, жастық орнына тас жастаңып қара жерде жатыр. Оның жүргегі өмірін қайтсе де сақтап қалу қорқынышына толы. Құдай оған кенет ғажайып түс жолдайды. Ол аспан сатысын, сол сатының үстінде тұрган Құдайды көреді. „Мен сенімен біргемін; қайда барсаң да аман сақтаймын; сені туған жерінде қайта әкелемін“, – деді оған Құдай (Жарат. баст. 28, 15).

О, неткен жақсы, мейірімді Құдай! Кінә тағатын бірде-бір сөз жоқ. Тек қолдау, сенім-тілек айту. Сонда Құдай Жақыптың бұл қылышына күнә деп қарамағаны ма? Әрине. Бірақ қазір ол туралы айтатын уақыт емес. Құдайдың онымен үрланған бата жөнінде сөйлесетін кезі әлі-ақ жетеді. Құдай одан Ысқақтан сұрағанындей: „Атың кім?“ деп сұрады. Ал қазір ол мезгіл туған жоқ. Құдай егер дәл осы сэтте Жақыпты жауапқа тартса, Ол онда сынған қамысты қақ бөліп, тұтіндей бастаған мақтаны сөндірер еді. Жо-жоқ, әлі ерте!

Жақыпқа байланысты оқиғадағы Құдай мен үшін өте тамаша, табынуға тұрарлық. Бұл арадағы баяндау маған өте-мөте қымбат. Онда: бізде Жақыптың болмысы әлі күнге дейін болған жағдайдың өзінде Құдай ұзақ шыдап бағады, – делінген. Қалайша? Тәңір қараны-ақ, ақты-қара дей ме? Жоқ! Құдай алдында күнә күнә болып қалады. Ол біздерді ұзақ шыдап, Жақыптан Израилді жасау жолындағыдай бізben жұмыс істеуді көздеген бағытында жүргізіп отырады.

Біз Жақып жөнінде әңгіме-дүкен құрып жатқанда сен:

мен әлі бұзыла қоймаған Ысқақпын, Құдайдың мейірімімен өмір сүргеніме біраз болды, Иса бейнесіне толық көше де қойған жоқпын, – деп ойлаған шығарсың. Мүмкін өзінді Ревекканың орында сезініп: күте білмейтін шыдамсыз Ревекка менмін, – деген боларсың. Әлде сырттай сопы болып көрінетін Жақыптан тұлғаңды іздел таптың ба?

Сен қолынды сылқ төмен түсіріп: „Ах, менен еш уақытта ештеңе шықпайды! Ештеңе!“ – дейсің. Сонда рақымы мол Құдайдың айтатыны: „Айтқанымды орындармайынша Мен сені тастамаймын. Өз ісін сенен бастады екен, оны Иса Мәсіхтің қайтадан жаңғыратын күніне дейін атқарып өтеді. Сендегі Ысқаққа тән ерекшеліктерді де жеңіп шығады. Сенің бойындағы Ревекка мен Жақыптың қасиеттерін де күл-парша етеді. Тек Оған берілсең болғаны. Оған толық сенгенде ғана өзінде болып жатқан Жақыптан Израилге айналудың ғажайып өзгерісін сезесің.

Өзіндік жол

Вефиль даласында өткізген түнде Құдай Жақыпқа өзінің ғажап сенім-сертін берді. „Мен сенімен біргемін: сені туған жеріңе қайта оралтамын; себебі айтқанымды орындармайынша Мен сені тастамаймын“, – деген еді Ол. Ал Жақып ше? Құдай одан сенімге толы іс күткен жерде Жақып көп сөзділікке барды. Құдайшылық уағызында: „Егер Құдай менімен бірге болып, бұл сапарда аман-саяу сактаса, жеугенан, киуге-киім берсе, әке үйіне тыныштықпен оралып, Тәңір менің Құдайымға айналса: онда мына ескерткіш қылып қойған тасым Жасаған иемнің үйі болсын; маған силағаныңың бәрінен саған, Құдай, оныншы бөлігін табыс етемін“, – деді (Жарат. баст. 28, 20-22) .

Жақыптың мұнысы асқан кең пейілділік қой! Егер Құдай оған қамқоршы болса, онда ол да Тәңіріне ізет көрсетпек. Құдіретті Құдай алдында Жақып өзінің лайық-

сыз адам екенін паш етеді. Күнәқарлығына қарамастан Құдай оны тамаша серт-сеніммен қанаттандырады, ал Жақып келісім-шартқа барады: „егер Сен мені аман-есен сақтасаң, наң мен киім берсең, онда мен де саған керегінді қайыратын боламын“ – дейді.

Осыдан-ақ өз мақсатына жету үшін Құдайдың Жақып-пен көп жұмыс жасау керектігі көрініп тұр. Әсіресе бажыра-йып көзге түсетіні Жақыптың неден болмасын пайда табуы, осынау шешуші сағаттың өзінде оның ішкі дүниесінде Жа-қыптың мен-мендік тұлғасы басым тұрды. Сонда Жақып-тың Израилге айналуына қаншама уақыт керек болғаны?

Міне, жолаушылаған ол Мессопотамияға да келіп жетті. Құдықтың жаңында бақташылармен кездесіп, осынау көп қойдың иесі өзінің немере ағасы Лаван екенін біледі. Жә, әңгіме (Жарат. баст. 29, 1 – 20) айтылған нұсқасы бойынша толық баяндап шығайық. Бұл оқиғамен танысқанда Жақыптың жеті жыл бойы Рахиль үшін қызмет еткенін көріп: нағыз поэзия фой деп таңданамыз. Бірақ бәріне жіті көз салсаң поэзиялық буалдыр тұман ғайып болады да, әсірелікке көп нәрсенің жетпейтіндігін көресің. Бұл оқиғаны ұқсас оқиғамен салыстыралық: Елиезер де Месопотамияға келгенде Жақып сияқты құдықтың жаңында жергілікті адамдарға тап болады. Ол құдықтың жаңында суға келетін қала қыздарын күтеді, себебі солардың ішінен мырзасының ұлына жааралық қалыңдықты таңдал алуға тиісті. Қайта-қайта дұға оқып: „Жаратқан ием, менің мырзам Ыбраайымның Құдайы! Ыбраайымға мейірімінді түсіріп, маған бүгін сол аруды көрсетші. Міне, мен құдықтың жаңында тұрмын, қала қыздары су алуға келіп жатыр. Арудың біріне: „Құмыранды еңкейтіп су ішкізші!“ – деп айтуым керек, егер ол: „Іш, мен түйелерінді де суаруға дайынмын!“ – десе, онда Сенің құлың Ысқаққа алдын-ала белгіле-ген қызың сол; сөйтіп, менің мырзама деген қошаметінің шегі жоқтығын білемін“, – дейді (Жарат. баст. 24, 12-14).

Ысқаққа әйел таңдауда өзіне үлкен жауапкершіліктің

жүктелгенін Елиезер сезіне білді. Сондықтан ол басшылық етуді Құдайдан сұрады.

Жақып ше? Ол құдықтың жанындағылармен дауыстап амандасады, немере қарындасы Рахильді құшактап сүйеді, себебі бірден ғашық болып қалған еді. Өзіне оны өмірлік жар етуге Құдай келісімін берді ме, жоқ па – сұрамайды. Қыз қатты ұнайды, сұлу, қылықты. Сонынан Лаван атқарған еңбегіне не қалайтынын сұрағанда Жақып ойланбастан: „Мен сенің кіші қызың Рахиль үшін қызмет етемін“, – дейді.

О, егер Жақып осындай маңызды шешім қабылдаған сәтінде басшылық етуді Құдайдың қолына берсе фой. Құдайдың қалауын сұраса етті?! Онда көптеген қыыншылықтарға ұшырамас еді.

Лаван оны алдап, Рахильдің орнына әйелдікке Лияны бергенде бәрі бір қоярда-қоймай Рахильге де үйленеді. Сейтіп, екі әйел алады. Эрине, бұл Құдайдың тілегі емес. Соңан соң оларға келіп, үй шаруасын қарайтын екі әйел- Валла мен Зелфа қосылады. Мұның аяғы семья өмірінің ауыр болып қалыптасуына әкеліп соқты емес пе! Шешелері мен балалары арасында ұрыс пен жанжалдың шегі болмады. Құдаймен келісіп жасалынбаған асығыс қадамның кесірін Жақып өмір бойы басынан кешті.

Құдай оған өмірлік жар етіп Рахильді емес Лияны тағайыннады. Батақорлықты еншілікке алған Иуданың шешесі Рахиль емес – Лия болатын. Исаңың арғы анасы біз Рахиль емес – Лия дейміз. Бірақ Жақыптың көргені тек Рахильдің сырт сұлуплығы ғана Соған орай ол сұлу емес Лияның шынайы алтын жүрегін байқамай қалды.

Біз Лияның жүрегіне үңіліп, балаларының есімдеріне қарап оның мән-мағнасын біле аламыз. Тұңғыш ұлы Рувим: „Тәнір менің бейшара жағдайымды байқаған екен, енді қүйеуім мені сүйетін болады“, – деген еді. Бұл арада үй-іші құрған ерлі-зайыптылар арасындағы қандай бақытсыз өмір көзімізге көрінеді.

„Менің бейшара жағдайымды“, – деп мұнаяды Лия. Иә,

жүректен туындаған үлкен махаббатқа мән бермейтін ерекпен тұру бейшаралық емес пе? Алайда „енді мені қүйеуім сүйетін болады“ – деген үміті орындалмады.

Екінші ұлы Симеон туғанда: „Мынаны бергені – менің сүйікті жар емес екенімді Тәңір естіген екен!“ – деді. Тәңір сонда нені естіді? Ауыр күрсіністі, өкпе-назды, жасырын көз жасы мен ерлі-зайыпты өмірінің қайғы-қасіретін бе?! Өйткені Лияфа бұдан да жеңілдік келген жоқ.

Ол үшінші рет ана болды. Енді ол бәрі де басқаша болады деп ойлады. Ұлын Левий атады да: „Күйеуім енді бұдан былай толық менің еркіме көшер, өйткені үш ұл тауып бердім фой“, – деді. Бірақ күйеуінің махаббатына қатысты үміті орындалмады, бәрі бұрынғыша қалды. Бақытты өмір суруден біржола түңілген ол тағдырына еріксіз көнді. Төртінші ұлы Иуда дұниеге келгенде: „Мен енді Тәңірімді дәріптемеймін!“ – деді.

Ешқандай тілек те, ешқандай өкпе де жоқ!

Ошақ басының мектебінің өмірінде ол қызыншылықты Тәңірінің қолынан алғандай қабыл етуді үйренді де, сол үшін рақмет айтуды ұмытпады. Мұндай өмір кешкені үшін Құдайға рақмет айту – көпті аңғартады.

Көз алдымыздағы Лияның тұлғасы еліктеуге тұратын бейне. Өзінің тілек-арманы мен күш-жігерін Құдайға бағындырған, жүретін жолының бар ауыртпалығы үшін Құдайға рақметін жаудырған ол – қол жетпес биікке көтерілді.

Жақып осы алтын жүректі байқамай өтіп кетті. Бар болмысымен берілген Лия сияқты жанфа Жақыптан жүрек те, назар да табылмады, себебі жүрегі Рахильге берілген еді. Бұл жол – Жақып таңдап алған өзіндік жол. Ал өзіндік жол әрқашан қайғы мен жүрек ауруына әкеліп соғады. Мұны біз Лотқа байланысты оқиғадан да анық көреміз. Содомға беттеген Лот өзінің тұрақты мекені етіп Иорданның құнарлы жайылымы мен Содомның әдемі аңғарын таңдап алды – бұл оның өзіндік жолы еді. Ол да Құдайдан не қалайтынын

сұраған жок, бәрін жүргегінің әуестігімен істеді. „Тәнірім, айтшы менің не істеуімді қалайсың?“ – деп жанарын төмен салып сұраудың орнына көзін жан-жағына қадап, маңайындағы ұнаған аймақтан алған әсеріне қарай іс жасады.

Лоттың өмірі Құдай үшін жоғалған өмір болды; әйелі тұз бағанына айналып қатып қалды, себебі жүргегі Содомда қалған еді; қыздары Содомнан тараған күнәмен уланды; барлық дүние – мұлкі құрып кетті. Мұнын бәрінің себебі неде? Себебі өмірінің шешуші кезеңінде Лот Тәнірдің қалауын сұрап білмеді, өз жолымен кетті.

Қауыпты, өте қауыпты. Өз жолымен жүрген діндарлардың соңынан қатты ауыртпалықтарға тап болатыны сөзсіз.

Сәтсіз күйеуге шыққандарын айтып, аңы көз жасын төккен әйелдердің маған келгені қаншама! Көбіне балалары ата-анасының ескертуіне, келісімін бермегендеріне көңіл аспайды, өзінше жасайды, ақыры қайғыға, бақытсыздыққа душар болады.

Әсіресе өмірдегі өте маңызды қадам – сүйген жарынды таңдауда Құдайдың еркін білу қажеттінің қажеті. Бұған қатысты Құдайдың еркімен, шын мәнісінде „аспанның төріндегі“ өтетін болса батага бөленген ерлі – зайдиптылар бірлестігі бақыт тауып, жұмақтың есігін ашады. Ал Құдайдың еркімен келісімін таппаған үйлену тамұққа айналатыны даусыз.

Иә, біздің өз еркімізбен жасаған ісіміз жамандық жолына әкеліп тірейді, ендеше ондай шешімді қабылдамасақ қайтті? Сондықтан да:

Жүргімнің Әміршісі алдына
Әкелейін мен сиды мол,
Көлемі аз, қораш болғанымен
Куантады Құдайды ол.
Өз еркімнен туды бұл ықылас,
Исаға оны бергенім рас!
Бар болмысым, ішкі дүнием, жан – тәнім

Бір сендік Тәнірісі – Жаратқан ием!
Қолдағың! – делік.

Өз еркінді Тәнірге құрбандыққа әкелгенде ғана жүрегің орнына түседі. Ол мазасыздануын қойып, өткінші өмір жәйімен ағады; орынсыз құштарлық, жегідей жеген қорқыныш басылады.

Шексіз құштарлық: тек менікі болса еken дейді. Жанды өртеген тілек орындалмаған сэтте жер басып жүрген бейшара пақыр опынады, қайғы кешеді.

Қорқыныштың айтатыны: тек бұл болмаса еken! Тек бұған жол берілмесе! Алайда, әлгі кісінің қорыққаны іске асса, онда өмірі маңызын жоғалтып, мағнасыз, бағытсыз қара түнек орнайды. Ондай өмір неге қажет?

Бірақ та Тәнірге өз еркінді құрбан етсең бәрі басқаша болады. Сонда барып балаға тән сеніммен айтатының: Тәнір, мен осылай болуын қалағанмын, алайда тек Сенің ойың орындалғанда ғана! Армандағаның келсе, Құдайға рақметінді жаудырасың, келмесе-бәрі бір солай етесің, өйткені Құдай жөнді деп санаса сәті туар еді. Болмады еken, – бұл істің сен үшін жақсылыққа айналмайтынына түсінесің.

Өз еркін Құдайдың қолына табыс еткен жүрек қобалжусыз соғады. Болашақ туралы енді қам жемейсің, Құдайдың алдын-ала бәрін байыптап қойғанын, ешқандай жамандықтың болмайтынын сезінесің.

Бір ғана тыныштыққа ие болуың өз алдына, Тәнір бастаған жолмен жүріп өту үшін күш пен қуатты бойыңа сіңіресің.

Әр-бір өмір жолының өз қыншылығы бар. Одан ешкім құтыла алмайды. Қыншылықты біз қайдан кездестіреміз? Үлкен айырмашылық өзіміз таңдал алған, немесе Тәнір жүргізген жолдан ба? Ауыртпалыққа өзіндік жолда кездесең өзінді-өзің кінәлап, өкпелей бастайсың. „Қап, ана бір істің керегі шамалы еді. Қап, мынаны жасамауым жөн

еді!“ – деп қиналасың. Адамның ұнжырғасы түсіп, қабағы ашылмай ол күші мен қайратын жоғалтады.

Ауыртпалық Құдайдың жолында кездесетін болса – бәрі өзгеріп сала береді. Онда Тәнірдің қыншылықты біздің сенімізді сынап қатайту үшін, Жаратқан иені жаңа қырынан тану үшін жібергенін білеміз.

Өзім жүріп келе жатқан жолдың, дәл қазір түрған орнымның Құдайдың әмірінен екенін білгенде фана Дәуіт-пен қосылып: „Тәнірмен бірге мен биік іргеден де оп- оңай аса аламын!“ – деп айта аламын.

Путқа табынатын бір тұтас халыққа қарсы түрған Илияс қай күшке сенді екен?! Өзін Құдайдың осында әдейі әкеліп қойғанын білді. Сондықтан да: „Тәнірім, алдыңда тұрмын!“ деген оның ұраны болатын.

Иә, Құдайдың есіміне орай осы арада тұрмын деген сенім қандай да болмасын қыншылықтарда да, азап пен қайғы-қасіреттерде де саған күш пен өшпес жігер береді. Сол сэтте әлсіз адамның өзі іilmестей, жеңілмestey рухқа ие болып, қатаяды. О-о, ешқашанда Құдай өзі бастап келе жатпаған жолмен жүрме. Өзіндік жолдың бәрі – алдамшы жол.

Тәнірдің: „Жүрер жолыңа бағыштап отырамын; басшылық етіп, назарымды тек саған аударамын!“ – деген уәдесі қандай жақсы. (Жырл. 31, 8).

Сонымен, шешуші сағатта біз Оған қарап: „Тәнірім, менің жүретін жолымның бағытын көрсет; жаратқан ием сонда басшылық етеді. Алайда бір шарт бар: „Жанарым менің Тәнір жакта“ деп (Жырл. 24, 15) дұға окушы айтқандай біздің қарашибіримиз одан басқа жаққа қалт аумауы керек.

Дүниеден бәрі бірімен бірі қарым-қатынаста. Тәнірге қарап, Одан бағытты көрсеуді сұрасақ, онда Жаратқан Ием бізге бастап жүретін жолды назарымен көрсетеді. Осы жолммен жүргенде болашақта жүрегің қобалжымай тыныштық аласың, қыншылық пен қасіретті шақтарда – күш пен батылдық, жеңіске жеткізетін сенім табасың. Сол

себепті де өзіндік жолмен жүрмей, қандай да болмасын шешім қабылдағанда Тәнірден басшылық етуін сұралық. Ол сонда барып құдіретті атына орай бізді шындыққа апаратын бағытқа сілтейді.

Маңызды сабак

Жақып Лаванның қол астында алғашында жақсы тұрды. Бұл бірақ ұзаққа созылмады. Өз пайдасын таба білетін Жақып тез арада өзі бауфа тиісті малдың басын көбейте білді. Еншілерінің өскенін қалаған Лаванның балалары мұны көріп, ала көздерімен қарайтын болды. Жақыпқа енді олармен бірге тұру ауырға соқты.

Ақыры, 20 жыл өткеннен кейін Құдайдан Ханаанға орал деген үкім де жетті. Ол жөнінде Жаратылыстың басталуында 31, 1-3 тарауында оқимыз: „Сөйтіп, Жақып Лаван балаларының: әкеміздің барлық дүние-мұлкін Жақып өз қолына жинап алды, сол арқылы байлық тапты деп айтқанын естіді. Оған деген Лаванның көзқарасының кенеттен-кенет өзгере қалғанын көрді. Сонда Тәнір Жақыпқа: „ата-бабаңың жеріне қайт, туған өлкеңе бар, мен сенімен біргемін“, – деді.

Фажайып уәде емес пе! Құдіретті Құдай: „Мен сенімен біргенім!“ – деді оған. Ал Жақып ше? Әйелдерін шықырып алып, өзінің Лаванмен және оның балаларымен қастасқандығын, Құдай оған елге орал деп әмір еткенін айтты. Кезең де өте қолайлы: Лаван үйде жоқ, ол қой күземінде. Оқиғаның дамуына байланысты шумақтың келесі жолында: „Өзіне тиістінің бәрін алып, жүріп кетті,“ – делінген.

Мұнда қандай логикалық байланыс бар? Құдай: „Мен сенімен бергемін!“ – дейді. Ал Жақып қаша жөнеледі... Жоқ, ешқандай ішкі байланысты көрмейміз. Осыдан барып Жақыптың Құдайға деген сенімінің жоқтығын байқаймыз. Құдай: „Мен сенімен біргемін!“ – деп уәдесін берді, одан

жасырын түрде оған жолға қашып шықпауы керек еді. Ашықтан-ашық Лаванның алдына келіп, өзін еркін ұстап: „Құдай үйге қайт деп жатыр, қоя бер мені!“ – деуі жөнді.

Лаван оған қарсы келген күнде уәдесіне орай Құдай көмегін көрсеткен болар еді. Жо-жоқ, Жақып олай істемеді. Тәнір берген керемет уәдеге қарамай ол жасырын қашып шығады. Неге? Өйткені Құдайға сенбеді. Назары Құдайдан гөрі Лаван мен оның балаларында болды.

Жақып сияқты қылышқа жасаушы адамдар тым-ақ көп. Олар көңілін Құдайға емес, кез келген нәрсеге бөлуге дайын. Мен оларға өте маңызды сабак берсем деймін.

Шын мәнісінде сенім деген не? Бұл түрғыда түрлі жауап беруге болады. Сену – берілу деген сөз. Сенімнің қайтарары көп. Сену тыңдау. Иә, солай. Бірақ бүгін мен оған өз өмірімнен тәжірибе етіп алған басқа түсінік берсем деймін; сену – Құдаймен санасу деген мағна. Жақыптың қатесі, міне, осында жатыр. Ол Құдаймен санаспады, бірақ Лаванмен және оның өшпендейлігімен санасты.

Біз бүгін сенудің Құдайдан көмек күту екендігін түсінеде, үйрене де білуге тиістіміз.

Осыдан бірнеше жыл бұрын мен Тюрингиадағы қаланың бірінде жиналыс өткіздім. Жиналыстан кейін діндар ағаінілер мен діндар апа-қарындастар мені қоршап алыш, қажеттікten туған наразылықтарын айта бастады. „Шіркін, біздің өз дін қызметкеріміз болса фой!“ – деді бірі. „Бізге қоңырау қафушы да керек-ақ!“ – деді екіншісі. „Діни жиын өткізетін үй табылса!“ – деді үшіншісі. „Бәрінен де қаражат болса!“ – деп араласты тәртіншісі. Осы сынды өкпе-назды тыңдал алған мен: „Діндар апа-қарындастар мен діндар ағаінілер, сендер сену дегеннің не екенін білесіндер ме?“ – дедім. Соңан соң: сену – Құдайдан көмек күту дегенді айттым.

„Сіз дін қызметкерінің қызметіне, ал сіз қоңырау қафушыға, мына кісі жиын өткізетін орынға, ал ана кісі қаражатқа сенімдерін артады екен, – дедім мен одан әрі. –

Енді Құдайдың да көмегіне сенулерің керек!“ Олар солай етті. Бүгін қоңырау қағушысы, жиналатын үйі, дін қызметкері мен қаражаттары бар. Иә, біз сенуге үйреніп, Құдаймен санасуға тиістіміз.

Алайда ол үшін бізге көп нәрсе жетіспейді. Кейбіреулер Құдайға назар аудармай, тек өзіне сенеді. Өзіңмен фана санасқанда, ішкі дүниенде орай, екі-ақ нәрсені көре аласың.

Бойыңдағы күш пен қуатты, немесе әлсіздік пен дәрменсіздікті.

Басым көпшілігі күшті екенін сезінеді. „Маған беріңдерші, орындал шығайын. Бұл мен үшін оп-оңай! Бұған дейін істің алға баспағаны енді түсінікті. Қажет адамы бол-маған екен. Мен кіріссем болды, бәрі де ыңғайланады!“ – деп даурығады олар.

Өзін осылай арқа тұтатын адамға Құдай өз қатысын білдіре ме? Жоқ! Өйткені Құдай мемменшілге қарсы, тек алдында басын игенге фана рақымын жаудырады.

Мен бірде бір ауылға соғып, жақадан келген басшы діндар қарындаспен таныстым. Ол шіркеудегі жұмыстың мардымсыз екенін, себебі бұдан бұрын көп қателіктер жіберілгенін айтты. Оның ойынша: енді бәрі өзгеруге тиісті, халық оны қайда бармасын құшағын жайып қарсы алады екен.

Мұнан соң діндар қарындасты өз қол астына қызметке шақырған басшы діни әйелге бардым. „Басшы қарындасқа сақ қарағайсыз!“ – дедім оған. Анау қарсылық білдірді, кір жолатпай іскер адам деп мадақтай жөнелді. „Іскерлігін өзі де айтты. Бірақ сақтықта қорлық жоқ. Оның бойынан әулие кісіге тән мейірімділік қасиетін көрмедім“, – дедім мен.

Көп ұзамай ауылдан хат алдым. Хатта: „Біз көп қыншылықты басымыздан кештік. Сырттағы көпшіліктің ту-сінбеушілік өшпенділігінен туған ауыртпалықты былай қойғанда, біздің өз ішімізде айтыс пен жанжал жиі болып тұрды. Бір-бірімізге қарсы шықтық. Мұндай пәлененің қайдан келгенін түсіне алмадық. Тек біраздан кейін фана барлық

әңгіменің сол діндар қарындастан туындағанын білдік. Оны қолма – қол жұмыстан босаттық“, – деп жазылыпты.

Иә, өз күші мен мүмкіншілігіне иек артқан адамды Құдай жауапқа шақырып, бұрышқа қояды. Мүмкін ерте-ректе Құдай бұл діндар қарындасқа үлкен рақыммен қаралған болар. Бірақ Құдайдың абыройын көтерудің орнына ол абыройға өзі ие болды, сөйтіп бойындағы батақорлық қасиетті жоғалтты. Кейбір кісі өзіне қарап бойынан күш – қуатты емес, әлсіздік пен дәрменсіздікті көреді. „Әттеген-ай, ешқандай қасиет маған дарымаған. Тәнірге жақсылық жасар едім, бірақ қолымнан келмейді!“ – дейді ол ақтала күрсініп.

Жаңағы сөзді айтушылар өздерінің бағынышты екенін көрсеттім деп ойлады. Жо-жоқ, қайдағы бағыныштылық – бұл сенімсіздік пен сенбеушілік қой. Өзінің әлсіздігіне осылай қарап, жылап-сықтаған адам ешқашанда Құдай жүктеген іске қолының ұшын да тигізіп көрген емес. Қалай фана Тәнір оған риза болмақ? Болмайды еш уақытта! Бұлай жалған бағынышпен өзіңде қаралған – қатерлі. Бірінші жағдайда кеудесін көтеріп өр көкіректенеді, екіншісінде – қауқарсызға айналып, толқып қобалжиды. Екеуінде де Құдай алдында дұрыс еместіктерін көрсетеді.

Ал енді біреулер өзінен ғері шайтанға көбірек көңіл бөледі. „А-а, шайтан ба? Шайтан күштій! Ол үнемі мені алдап-арбауға тырысады!“ – деп олар мәз болды. Иә, расында да солай. Шайтан күштінің күштісі. „Зор күш пен шексіз айла – міне, оның ең қауіпті құралы, оған жер үстінде тең келетің жоқ“, – деді Лютер. Дұрыс айтқан.

Арамыздағы көшпілігіміз сияқты шайтанның күшін есепке алмай, оны құлқілі тұлғаға айналдырғанымыз ақымақтық болар еді. Жаудың әліне мән бермеу – үлкен қателік. Шайтан – қараңғылық патшасы, сондықтан оның күші де басым.

Бір жағынан оны асыра мақтау да дәрекілік. Одан билікті тартып алған жалғыз Құдірет бар емес пе?! Иса титық-

таған кәрі жыланды жазалау орны – Голгофта оны жоқ қылды. Енді ол жеңілген жау. Оның күші тек біз мүмкіншілік берген жерге ғана жетеді. Сол себептен кейбір Тәңір балаларының онымен қарым – қатынасқа баруы өте қауыпты. Хая-ананың қателігі жаумен сөзге келуінде. Ол: „Шайтан, кет әрі!“ – деп бірден айтуы керек еді. Бірақ Хая-ана онымен әңгімеге барып, қараңғылықтың құрбаны болды.

Жауыңа назар аударма! Жауыңың сөзіне құлақ аспа! Егер осыны жасамайтын болсаң қорқаққа айналасың, ал қорқақ адамды Құдай өз мақсатына пайдалана алмайды. Барша халық естітіндей етіп айт: „жасқаншақ пен қорқақтар кері қайтсын!“ – деп бұйырған еді Құдай, Гедеондағы медиянитяндықтарға жорыққа аттанғанда. Сонда 22.000 адам кері бұрылған (Билер. 7, 3).

Құдай қорқақтармен ештеңе де істей алмайды.

„Вормседе жын-перінің саны үйлердің төбесіндегі жүқа қыштың санымен тепе – тең болған күннің өзінде, мен бәрібір сонда барап едім!“ – дейді Лютер.

Ол шайтанмен санаспай Құдайдың көмегіне сенді. Қателескен жоқ. Ал енді біреулер жағдайға қарағыштайды. „Иә, өзгеше жағдайға тап болсам мен де саналы өмір кешкен болар едім! Иә, иә, менің жағдайым басқаша болса!“ – деп ойлайды олар.

Құдай жолымен өмір сүріп, Оның жолымен жүру үшін бізге қатысты жағдайдың өзгеруін күтпелік. Қандай да жағдай болмасын кедергі өзінен-өзі табылады.

Біздің жағдайымыз Тәңірдің даңқын шығаруға мүмкіншілік тудыратын ең қолайлы жол. Оның қыншылығы мен ауыртпалығына қарамастан Исаңың қолынан не келетінін біз сол арқылы көрнекті мысал ғып көрсетуіміз керек. Көп жылдардан бері піліптіктерге жолданған Үндеу – хаттағы бір сөз мен үшін өте – мөте қымбат. Ол бірден аса маңызды емес сияқты...“ Сендерді барша әулиелер мен әсіресе кесарь (Рим императорларының грекше атағы) үйінен шыққандар құттықтайды“ (Піл. 4, 22). Тек кесарь үйінде ғана әулие ата-

нуға болатын, ал кесарь деп қанышер, қатыгез Неронды айтамыз. Ендеше кез келген жағдайда әулиелік өмір кеше аласың. Ал біздің жағдайымыз шектен шығарлықтай соншама қын емес қой.

Айтарым, өз жағдайыңа қайғылы пішінмен қараушы болма. Сені еш нәрсе мазалап, қорқытпасын. Қорқақтардың от пен күкірт алаулаған көлде өртке оранып жанатынын ұмытпа.

Төңірегіндегі кісілерге тым көніл бөле берме. Бірақ көпшілігіміз солай жасаймыз, айтатынымыз: „Иә, ол қолымнан келеді ғой, алайда өмірдегі қосағама не деймін, бастығымды, бірге істейтін қызметкерлерді қайтемін?!“ Иле сені түсінбейтін, жағымсыз адамдар жөнінде зарлай жөнелесің.

Қадірлі жаным, жаңағы аталмыш адамдардың сен үшін қанша маңызды екенін анықтағаның дұрыс. Олар есіркеушілерің болар? Солай ма? Есіркеушілерім дейсің бе? Иә, есіркеушілерің! Ойланшы, егер сен үнемі осы сынды жанашыр, есіркеуші, мақтай да сүйе білетін кісілермен бірге боласың делік. Саған одан жақсы ма? Эрине, жақсы емес.

Меніңше, өкпелемей-ақ қой, сен шыдамсыз тұрпайы адамға айналарың хақ, себебі сыпайыгерілік пен елгезектікке, момындық пен қарапайымдылыққа үйренуге мүмкіндігің жоқ қой. Тәңір жасағысы келген қой мінезділік сенен шықпас еді. Біздің тәрбиелеп, Иса Мәсіхке айналдыру мақсатымен рақымы мол, шексіз махабbat силаушы құдіретті Құдай жолымызға қыншылық әкелген осы адамдарды қойды. Адамдар саған кедергі болмайтын болсын! Олардан гөрі жоғары, биікке қара. Сені тәрбиелеп, өз бейнесіне айналдыруға ұмтылған осы адамдардың үстінен көз салушы Тәңірге қара! Иә, басқаның бәрінен жанарынды бұрып, Исаға назар аудар. Мұның дұрыс көзқарас болады. Бұл көзқараста ғажайып әсер ететін күш бар. Теңіз үстімен жүріп келе жатқан Тәңірді көргенде Петір: „Жаратқан ием, саған баруға маған да рұқсат ет!“ – деп айқайлады. „Кел онда!“ – деді Иса. Иса кел десе тілегенімнің болғаны да деп

оилайды Петр. Ол теңіз үстіне аяғын қойып, көзін Исаға қадап тұра қалды. Су беті оны ұстап тұрды.

Біз де Петір сияқты қыншылық теңізінің үстімен жүре аламыз, орындалмайтын ештеңе жоқ, тек жанарымызды Исаға бұрып, өмір тудырған оқиғалар мен сұрақтардың алдында Құдайдың көмегіне сенсек болғаны. „Сенген адам бәріне де жетеді!“ – деп жазылған емес пе? ! Бәріне де! Себебі қолдаушы деп сенген Құдайымыз бәрін де жасай алады. Оның құдіреттілігінде шек жоқ. Оған сенген кісі тамаша қайырымдылыққа ие болады. Өйткені Тәнірдің қолынан бәрі келеді.

Келмейтін бір нәрсе: өзінің көмегіне сенгенді өкініште қалдыруғана.

О-о, Одан үмітінді үзбе! Күнделікті өмірдің қыншылығымен бетпе – бет келген сайын Тәнірге жанарыңды қадап бақ. Өзінді әлсіз, қауқарсыз еткің келмесе айналаңа бекерден – бекер қарама. Құш пен рақымы мол Тәнірге қара! Сонда барып сенің өмірің баталы, толық қанды өмірге айналады. Сөйтіп сен Тәнірдің даңқын арттырасың.

Толқып – қобалжысаң Тәнірдің атағы мен даңқынан айырғаның. Ал сенім артсаң – жоғары көтергенің. Сенің қалайтының не: Тәнірдің атағын өсіру ме, әлде сол атақты өшіру ме? Айтарым, Жаратқан иемнің даңқы шықсын десең, Оған сенім көрсет. Өмірдегі барлық жағдайлар мен қыншылықтарды да назарыңдан тыс қалдырма. Сондағана елшінің: „Оған қараган сайын бар болмысымызбен сол Тәнір Рухының бейнесіне айналамыз!“ – дегені орындалады.

Жөнге келтірілмеген өткен өмір

Месопотамияды тұрып жатқан Жақып әзірше Аппас туралы ойлаған жоқ. Ағасы жөнінде қылт еткен ойды жалма-жан өзінен қуатын. Енді Ханаанға сапар шеккен ол

әр сағат сайын ағасына жақындей түсті. Жүргегін бейне-бір ауыртпалық қыса түскендей: туған үйге келген соң Аппас не істер екен? Үрланған бата үшін өшін ала ма? Осы сынды ой жүргегін мазалады. Ақыры, елші жіберіп, өзінің атамекенге келе жатқанын хабарлау керек деген шешімге келді. Бұл, әрине, Аппасты жақсы әсерде қалдырып, достасуға бейімдеді. „Сонымен, Жақып Сеир жерінің Едом аймағындағы ағасы Аппасқа алдын-ала хабаршыларын аттандырды, – делінген (Жарат. баст. 32, 3). – Менің мырзам Аппасқа осыны айтындар...“

Егер де мен оны осылай сыпайыгершілікпен атасам, әрине, дұрыс әсер етемін деп ойлады Жақып. Менің ағам Аппасқа айтындар деуіме болады фой, бірақ „менің мырзам“ дегенім нысанана дәп тиіп тұр. Сонымен, менің мырзам Аппасқа оның құлы Жақыптың айтатыны. „Құл Жақып“, өте тамаша, бұдан артық ештеңе де ойлап таба алмайсың. „Осы уақытқа дейін Лаванның қол астында түрған едім. Менде өгіз, есек, құлдар мен күндер баршылық; мырзам, саған өзім туралы хабарлап, назарыңың мейірбандылығына іліну үшін кісі жібердім“.

Жолдау хат әсір-ақ. Аппас жәй кісі емес, патша сияқты. Әр сөзі майдай тиеді, Аппас татулыққа барып, кешіреді. Елшілер жүріп те кетті. Бірнеше күннін соң қайта оралды, олардың жауабы штабтан келген телеграммадай қысқа: „Біз сенің ағаң Аппаста болдық, ол қасына төрт жұз адам ертіп, сені қарсы алуға шықты.

„О-о, қандай бақытсыздық! Күтпеген жәйіт! Ешқандай жауап та, жүрекке жылу әкелер сөз де жоқ. Қатал, мейірімсіз шындық. Ол қарсы алуға шыққан, жанында 400 адам. Енді үрланған батаның зауалын тартады. Енді оны жаза күтіп тұр!

Аппас келе жатыр. Аппас өзімен бірге 400 кісіні ерткен. Жақыпты зор қорқыныш билейді. Аппастың қүшінің алдында мұлдем қауқарсыз. О, қасірет, енді не болмақ?

Жақып неге осыншама қорқа қалды? Бұл қорқыныштың

себебі қандай? Оның өткендеңі өмірі жөнге келтірілмеген еді. Қайғылы жағдай. Өзіңнің өткендеңінді Құдай алдында жөндеңеңінше бүгінде саған бейбіт тіршілік пен тыныштық жоқ. Бұрынғы оқиғамен байланысты болсан, ішкі жан-дуниенмен шегеленіп қалуынды есептемегеннің өзінде, шіркеуге, айналаң мен қасындағыларға қарғыс пен лағнет әкелесің. Оны Аханға қатысты оқиға растайды. Иерихон қаласын басып алғанда, байлықтан еш нәрсе алмаңдар деп Құдай тыым салды. „Бірақ оны кім көріп жатыр?“ – деп ойлаған еді Ахан. Сөйтіп, әдемі вавилондық сырт киімді, 200 күміс теңге мен алтын балдақты жасырып қалды да, оларды шатырының ішіне көміп таstadtы. Мұны Киеle Құдайдан басқа ешкім білген жоқ.

Артынан Гай қаласын басып алу үшін Иешуа Навин кішкене жасақ жібереді. Гай кіші-гірім қала болғандықтан Иешуа бар әскерін көтеруді жөн көрmedі. Бірақ қала тұрғындары қарсы шауып, израилдіктердің күл – талқанын шығарып, кері қашуға мәжбүр етті. Майдан даласында 36 адам қаза тапты.

Бұл хабарды естіген Иешуа ызадан не істерін білмей булықты. Құдайдың Ханаан мен оның басқа қалаларын жеңіп берем деген уәдесі қайда? Енді міне, Израилдің алға жылжыуна кішкене ғана қалашық Гай кедергі болып отыр! Сонда Иешуа Құдай алдында етпетінен түсіп, оған дұғасын жолдап жалынды. Құдай сонда жауап берді: „Түрегел! Неліктен етпеттеп жата кеттің? Израилдіктер кунәфа батып, менің үкімімді бұзды. Тыым салған дүниеме қол жұмсады, сол үшін жауға төтеп бере алмай табандарын жалтыратты, себебі оларды қарғыс атқан. Арапарындағы қарғыс атқанды кумайынша мен сендермен бірге болмаймын!“ – деді (Иешуа Нав. 7, 10-12). Сонда ол жалма-жан барша халықты жиып, кінәлі Аханды ізден табады да оны үй-ішімен бірге таспен соғып, халық арасынан қуғындаады.

Қалай, өте қатаң жаза ма? Жоқ! Анау Иешуа жіберген аталмыш жасақтың жеңіліске ұшырауына кінәлі. Майдан

даласында қаза тапқан 36 адамның да өлімі оның мойнында.

Байқасаң, оқиғаның терең мағнасы осы арада жатыр: кімде – кім өткендеңі өмірін жөнге келтірмесе, ол ішкі рухани дүниесіне зиян әкелуімен қатар, өзі барып жүрген шіркеуінің өміріне де кедергі жасайды. Жасырын қарғыс қайтпайынша Құдай батасын беріп, сені жеңіске жеткізбек емес. Құдай алдында өткендеңің жөнге келмей жеңімпаз, кедергісіз өмірге бой ұрып, Жақыптан Израилге айнала алмайсын.

Кей-кейде бұрынғы болған ескі оқиғалар еске алынуы мүмкін. Кей-кейде жауларымыз сол үшін бізді: „Не, жиынға барғың келе ме? Әулие атанбақсың фой? Дін тазалығын басқалар алдында уағыздамақсың ба? Әуелі өз есігіңің кіре берісіндегі кір- қоқысты сыптырып таста!“ – деп айыптайды да. Адам рухани дүниесіне ақау әкеп, ар тазалығынан айрылғанда оның аузын осылай жауып, бойындағы қуатын өшіреді. Сен осыны білесің бе? Ескі қарғыс қадам бастырмай буын-буыныңың сіңір тарамысын тартып тастаған жоқ па? Құдайға жақындаған қасиетті сафатында сен азын-аулақ жөндеуден өтпеген бұрынғың туралы ойладың ба?

Жау алдында арың таза болуы керек, өйтпейінше береке-рақатқа жетіп, рухани өмірінде алға жылжи алмайсын. Мұны ұсақ-түйек дей көрме. Ұсақ-түйекке көніл бөлмегенің саған үлкен зиян тигізуі мүмкін. „Бұл түк те емес!“ – деп ойлады менің бір танысым, аяғының терісін сыйдырып алып. Киген шұлығының бояуы бүкіл қанына у боп жайылыш, ол содан қаза тапты.

О-о, ұсақ-түйек рухани өмірдің құтын кетіріп, оны құртып жіберуі де ықтимал.

Балалық шағында ол төрт-бес жаман істерді иемденген еді. Сол жасаған істері мазасын кетіре берді. Жасы келіп, жүрттың құрметіне бөленген бикеш атанса да өткендеңісін жөндеуге мәжбүр болды. Келесі кісіміз шәкірт болып жүрген кезінде ол терезенің әйнегін сындырды. Қазір бір

дүкеннің иесі болса да, бұрынғы қожайынына барып ақтауы керек.

Міне, осындай „ұсақ-түйек“ тыныштықты кетіріп, ар-ұжданында мазалайды.

Алдарында тағы бір адам тұр. Ол темір жол басқармасының қалтасына түсіп: балам әлі 10 – да толған жоқ деп, билеттің жарты құнын үнемдеді. Жоқ, үнемдемдеді, өз пайдасына ұрлады!

Бір адамға қалдық ақшадан көбірек тиді. „Кассир сана-маса, қайтаратын ақшасын мен санап жатуга тиісті емес-пін!“ – деп ақталды ол. Ендеше бұнықі де ұрлық.

Ал келесі кісі шеберханада өзімен бірге аспаптың бірін ала кетті. Онда не тұр? Бәрі де сойтпей ме? Мүмкін. Бірақ одан кешірім бар ма? Жасаған ұрлығың азайып-кемімейді фой!

Әрт кезінде тағы бір күнәкар күйіп кетті деп артынан құнын төлету үшін дүние-мұліктің біразын тығып қойды.

Мынау сатуға апара жатқан сүтіне су қосты.

Мына біреу қалалық транспортқа билетсіз мініп сайрандады.

Осы сынды мысалдарды жалғастыруға болады. Жөнге келмеген өткендеғісінің жүгін арқалап әлемде сандалған қаншама адам жүр. Олар бақытсыз жандар, тыныш, бейбіт тіршіліктің не екенін білмейді. Құдай бұл жөнінде бізге жиі ескертіп отырады. Әңгіме еткен адамдарымыз бұрынғы оқиғаға қатысты ескі істерін жөндемек болып, талай шешім қабылдаған, бірақ өжеттіктері жетпей бәрі баяғыша қалған.

Эрине, кемітіп – қорлау жолымен жүру үшін өжеттік қажет. „Мен сізге өтірік айттым! Мен алдадым сізді. Сізді тонаған меммін!“ – деп айту жеңіл емес, әрине. Рухани дүниенде ақаулап, арыңа салмақ түсіргенше қорлау жолына түсkenің артық.

Мен бір ғана нәрсені өз тәжірибемнен жақсы білемін: егер Тәңір сенің бұрынғы оқиғанды өз қолына алса, ол жеңілдемейінше Құдайдың қолы сол ауырған жерден алын-

байды. Оған сенуің керек. Сенің сұлу сезің де көмектеспейді. „Мен мұны жасамаймын деп едім! Бәрі кенеттен ғой. Істеген ісіме қолма – қол өкініп те отырмын!“ – деп зарқафуыңа болады. Бәрі бір түк шықпайды. Ол сенен бір рет: өтірігінді, алдағаныңды айтуға тиістісің десе, оның сезіне құлақ асып қарғыстан арылмайынша, өткенінді жөнге келтірмейінше сенің ішкі дүниесң мазасыздануын қойып, тыныштық таппайды. Мұны мықтап ұқ. Сондықтан сенен сұрайтыным: өткенінді жөндеуді кейінге қалдырма. Онда сен Құдаймен рухани өмірінді кейінге, ұзаққа сырып қойғаның. Өзіңе-өзіңің кедергі жасағаның.

Қасіретті өмірің сені түрмеге әкелсе де, Құдаймен бейбіт қарым-қатанасты жоғалтқанша, саған осының өзі жақсы. Мен сот алдында өтірік куәлік беріп, артынан өз еркімен сонысын мойындаған бір адамды білемін. Ол бір жарым жылға сottалды. „Бірақ бұл менің өмірімдегі ең бақытты кез болды, – дегенді ол маған, кейін әңгіме етті. – Мен ешқашан өзімді сондағыдай Тәңірге жақын сезінбедім“.

Иә, Тәңірдің әлемі бәрінен артық та, қымбат.

Ал ол әлем сенде жоқ, болуы да мүмкін емес, себебі өткен өмірің жөнге қойылмаған. Ерте ме, кеш пе албасты жын сенімен байланысты оқиғаны жарыққа шығарып, өзінді айыптының орнына қояды.

Сауда мекемесінде бір жас жігіт еңбек еткен еді. Бөлім менгерушісінің қызметін атқарған ол ақшадан аз да болса ысырапқа ұшырады. Бастығына болған істі жасырмай айтты. Ары мазасын алыш, тыныштық бермеді. Соған қарамастан жас жігіт оған ысырап жасағанын жеткізді. Қызметінен босатылды. Көп, ұзамай жұмыс та тапты. Болған оқиғаны жаңа бастығына айтсам ба, айтпасам ба еken деп ойлады. Ақыры: айтуым керек, жұмысқа қабылдамаса мейлі деп шешті. Сөйтіп, ол болған мән – жайды баяндап берді. Мұнысы бастыққа зор әсер етті. „Осының бәрін жасырмажағаныңыз үшін рақметімді айтамын. Сенемін, болашақта бұл қателікті қайталамайсыз“, – деді бастығы сонан соң.

Бұрынғы бастық жас жігіттің жұмысқа орналасқанын естісімен оның жаңа қожайынына хат жазып жіберді. „Кімді қызметке алғаныңызды білесіз бе? Алғаныңыз ысырап жасаған адам“, – деп хабарлады. „Иә, оны мен білемін, болған істі өз аузынан естігем!“ – деп жауап берді жаңа бастық. Өзінің кінәсін жас жігіт ашып айтпағанда не болар еді? Жаңа бастықтың алдында сенімнен айрылатыны сөзсіз ғой.

Жау осылай істейді. Біз күтпеген жағдайда бұрынғы жасаған істерімізді жарыққа алып шығады. Сол сэтте ұят пен масқарадан қайда баарымызды білмей қалшип тұрып қаламыз.

Жауға еріп, оған басшылық жасатпа! Сені оған байлаپ тұрган жіпті әлі де болса үзуге тырыс. Өзіңнің өткендегі өмірінді жөнге келтір. Тек: не үшін жаздым-жаңылдым екен, нені жөнге келтіруім керек деп өзінді-өзің жегідей жеп, басынды қатырма. Жо-жоқ! Біле-білсең менің мензейтінім басқа. Оны түсінетіндер де бар. Құдай жиі еске салатын бұрынғы істі олар біледі де, себебі көптен бері маза таппай жүр емес пе?! Иә, сол баяғыдан тыныштығынды алған ертедегі оқиғаны Құдай қайта-қайта мензейді Сен оны қайткен күнде де ақыры жөнге келтіруің керек.

Тек осылай ғана біз Израиль бола аламыз, тек осылай ғана еш кедергіге аялдамайтын жеңімпаз өмірді паш етеміз. Сен осы айтқанды қалайсың ба? Айтшы, рас емес пе, жеңімпаз болғың келеді ғой? Онда өткендегінді Құдай алдында жөнге келтір. Себебі қасиеттің шыңына жоғарлауда, бұрынғы жөнделмеген оқиғаңнан асқан бірде – бір кедергі жоқ.

Дұрыс оқылған дұға

„Аппас сені қарсы алуға шықты, жанында төрт жұз адам бар“, – деген хабарды естіген Жақып қатты қорықты, не істерін білмей сасып қалды. Төнірегіндегі кісілерді, ірі және ұсақ малды, түйелерін екі қосқа бөлді. „Аппас қостың біріне

шабуыл жасап, жеңіске жететін болса екінші қос аман қалады“ – деді ол сонаң соң. Қандай пәле! Иә, нендей де қиын жағдай кезікпесін Жақып үнемі одан құтылудың амалын табады. Қазір де көрер көзге солай сияқты. Тек көрер көзге ғана. Аяқ астынан өзгере қалған оқиғадан сыйылып кету қиынырақ. Оны өзі де біледі. Екі қосқа бөлінгендері сол-ақ еді, қолма-қол өзіне ол: „Менің бұл істегенім бәрі бір бекер фой. Егер Аппас қостың біріне тиісіп жеңіске жетсе, екіншісі де төтеп бере алмайды. Ақылға жүгінем деп ақымақтыққа бардым. Не істеуім керек? Енді қайттым?“ – деді қобалжып.

Кенет ойына есінен тарс шыққан жай түсті. Мінажат етуім керек. Құдайға жалбарынып, көмек сұрауыма болады фой.

Жақып жалма-жан дұға оқып, мінажат етіп өз тілегін Құдайға білдірді. Біз бұл арада одан үйренуге тиістіміз. Қажет болғанда ғана дұғаға мойын ұсыну – қателік. Әуелі түрлі әдістерге барып, түк шықпаған соң іздең табатындары – дұға. Әуелі өздеріне – өздері көмектеспек болып тырысады. Одан кейін көмекті адамдардан іздейді. Сонаң соң естерін жиады да: дұға оқып, мінажат етуге болады фой деп шыға келеді. Осы жөн бе? Дұға үшін соңынан барып тапқан уақыттары дұрыс па? Әрине, дұрыс емес! Дұға бірінші орында болуға тиісті. Ісімміздің бәрін дұға оқудан бастағанымыз жөн.

Кішкене балалардың кілемше-жайнамаздарында: „Әуелі дұға оқы!“ – деген ескертпе жазу бар. Ол үлкендерге де қатысты, себебі олар бұл ескертпені жиі естерінен шығарады. Қажет шаруаға кірісіп кетіп, әбден сәті түспегендеге ғана естерін жиады. „Немен шұғылданып жүргенімді Құдайдың есіне салдым ба? Жоқ! Ұмытып кетіппін! Истің неліктен жүрмей қойғаны енді түсінікті“, – деді. Иә, әуел баста дұға жолдауың керек. Сонда ғана күнделікті өмірдің алға ұмтылған машинасы дұғамен майланып, еш тоқтаусыз заулар еді. Осы қарапайым ақиқатты есіңе мықтап сақта. Күнделікті

шаруаңа кіріспес бұрын дұға оқы! Хат жазуға отырдың екен дұғаға жүгін! Тамақ ішпей тұрып әуелі дұға жаса! Кісілерден ақыл – кеңес, көмек сұрап алдында дұғаға мойын ұсын! Көп ұзамай-ақ өміріңің батамен жаңғыра түскенін көресің. Қыныңшылықтарың азаяды. Атқаратын жұмысың жеңілденеді. Ұсақтүйекке бола қит етсе қүйіп-пысып толқымайсың. Тек әуелі дұға оқы деген ескертпені жаңында мықтап ұста. Осы сөзді сезіне біл.

Жақып мінажат етіп, дұға оқыды. Қалай оқыды? Нені тілек етті? „Әкемнің әкесі Үбраайым мен менің әкем Үсқақтың Құдайы, Тәңірім, маған: „ата-мекеніңе, туған жеріңде қайт, мен сені қолдайтын боламын!“ – деген еді! Мен – сенің құлың барлық маған деген рақымың мен мейіріміңің тырнағына да тұрмаймын; себебі қолыма аса таяқ ұстал Иорданнан өттім де адамдарымды, мал – мұлкімді екі қосқа бөлдім. Ағам Аппастың қолына түсірмей аман сақтап қал; ол осында келіп мені, әйелдерім мен балаларымды өлтіре ме деп қорқамын. „Мен сені қолдап отырамын, үрпағынды санына жете алмайтын теңіз жағалауының құмындай көбейтемін“ деп едің фой.

Өте жақсы дұға. Еліктеуге тұрарлықтың бірден – бір мысалы. Кіріспесі де тамаша! Онда Үбраайым мен Үсқаққа Құдайдың жекелей қатысы болғаны ескертілген. Ал өзінің Құдаймен жеке байланысы жөнінде айтуға батылы да жетпеді. Жағдайдың мұлдем басқаша болу керектігін ол біледі. Шын жүректен: „Сондай – ақ менің де Құдайым!“ деп сөйлей алмайды. Бар уағызы: „Әкемнің әкесі Үбраайым мен менің әкем Үсқақтың Құдайы“ деумен шектеледі. Егер ол Құдайға өзінің махаббаты мен сенімін білдіре алмаса, онда Құдайдың оған сенетіні туралы айтуы керек қой. Сөйтеді де. „Туған жеріңе, ата -мекеніңе қайт, мен сені қолдап отырамын деп едің, Тәңірім“, – дейді. Құдайдың оған берген сертіне иек артады. Бұл дұға үшін дұрыс негіз. Біздің бұған да үйренгеніміз жөн. Мінажат қалғанда Тәңірдің рақымшыл көмегіне сүйенуіміз керек, сонда барып нағыз

берік сеніммен дұға жасай аламыз. Құдайдың сөзіне сүйеніп, „Тәнірім, сен айтқан едің!“ – дегенде ғана дұғамыздың құлаққа шалынғанын білеміз.

Одан әрі Жақыптың дұғасы Жаратқан иеге жүгіну мен алғыс айтуға арналған. Бұл да біз үшін үйренетін мысал. Дұғамыздан оны сырт тастамауымыз керек. Құдіретті Құдай алдында бағынышты екенінді көрсетіп, жерге жеткенше басынды июін керек. Сенім білдіріп, Тәнірден көмек күткенде алғыс айтып, рақметімізді жаудыруды ұмытпайық. Содан соң келетіні жалбарыну, көмек сұрау. Жақып та тілегін білдіріп: „Ағам Аппастың қолына түсірмей аман сақтап қал!“ – дейді.

Дұғаның аяғында Құдай берген сенім – сөз қайтадан еске салынады. „Тәнірім, сен айтқан едің“, – дейді тағы да. Сөйтіп, оның жалбарыну мен алғыс – рақметі Құдайдың оған сенім берген сөзімен жан-жақты қоршалып жатыр. Жақсы да ерекше дұға екені көрініп тұрған жоқ па? Осының өзінен-ақ мінажатты қалай жасау керек екеніне көзіміз жетеді. Бірақ бір ғана түсінбейтін нәрсе бар. Ол дұға оқып болғаннан кейін өзінің мал-мұлкінен ағасына сыйға 200 ешкі, 20 теке, 200 қой, 20 қошқар, 30 боталы түйе, 40 сиыр, 10 өгіз, 20 қашар мен 10 есекті бөліп қойды деп оқимыз одан әрі. Иә, нағыз патшаға ұсынатын сый.

Мұнысы Аппасқа деген үлкен махаббаттан емес, жо-жоқ, ағасына кездесер алдында туған зор үрей-қорқыныштан еді. Осы патшаға беретін силықты әзер-мәзэр дегенде жүргегінен үзген еді. Бұлай еткендегі оның ойы: „Силық беріп алдын алайын, маған қалай қарайтынын сосын көре жатармын. Мүмкін қабыл алар“.

Жүргегін қорқыныш кернеді. Сол қорқыныш: силық Аппасты татулыққа әкелер деген ойда қалдырыды. Бұны жасамас бұрын не істеп еді Жақып? Құдайдың сөзін сүйенішке алыш, мінажат етті. Құдайдан көмек сұрады. Ал қазір ше? Қазір қайтадан өзіне – өзі көмек көрсетпек. Дұғадан ешбір пайда болмады. Ол жеңілдік те, бойын билеген қорқыныш-

тан бостандық та әпермеді. Жүргегінде әлі де ауырлық жатқанын сезінді. Бұл дұғада күш те, маңыз да жоқ болды. Жасамаса да болар еді. Тек уақытын босқа шығын етті.

Дұрыс бағышталған дұға істі Құдайға табыс етіп, орындалуын Тәңірің өзіне жүктейді.

Жақып Тәңір алдында тілегін жақсы жеткізе білді, бірақ оны артынан қайтадан арқалады. Оны Тәңіріне қалдыруы керек еді, есінде: ісімді Жаратқан иеме бердім, ол енді менікі емес, сонікі дегені жөн еді. Мінажат етудің маңызы, міне, қайда жатыр. Дұға оқиды екенсің – ісінді Тәңіріңе жолдап, соның еркіне бер. Өз ауыртпалығынды Құдайға ұсынып, соның қамқоршылығына көшкенде ғана дұға маңызға ие болады да бізге жеңілдік әкеліп, қуаныш пен бостандыққа жеткізеді.

Бұған бізге рұқсат та берілген. „Бүкіл ауыртпалықта-рынды Оның қамқорлығына табыс етіндер!“ – деп жазулы ғой Киелі кітапта. Егер мен атқарап ісімді Құдайдың қолына ұсынсам, онда сол жүктен арылып жеңілдік сеземін. Жеңілдік жоқ жерде дұға да дұрыс болып саналмайды. Ол айдан анық.

Енді саған сұрақ қойғым келеді. Сен оқыған дұға қандай? Ол Құдайға бағышталған ба, әлде жай айтылған ба? Мүмкін жеке сөздер мен тіркестерден, немесе Жақыптікіндегі әдемі сөйлемдерден тұратын шығар? Әйттеуір тек сөз тіркестері ғой? Дұға саған жеңілдік әкеле алды ма? Бойыңа қан жүгіртіп, жаңа күш берді ме? Өз қыншылықтарыңа билік етер халға жеттің бе? Дұғадан соң осы айтылғандардың бірде – бірі орындалмаса, мінажат қылғаның босқа кеткені. Оны алдын – ала білсең, дұғаңды оқымай тоқтата тұр. Мінажат жасағаның – Құдайға ісінді тапсырғаның. Енді ол іс сенікі емес. Енді ол Құдайдікі. Енді күт те Құдайдың не қылатынын қара.

Дұрыс оқылған дұға жүрегінді тазалап, оны қуанышқа бөлдейді. Бірақ ондай дұға өте сирек кездесе ме деп қоркамын. Қорқатыным – олардың көпшілігі жеке сөздерден

құралған. Сондықтан да: мінажат еткенің шын мінажат па деген сұрақтың тууы әбден ықтимал. Мүмкін сен құр сөздерді ғана тізбектейтін шығарсың?

Адамдардың көпшілігі дұғамыз көмектеспеді деп неліктен өкпе – наздарын айтады? Өйткені мінажатты қате жасайды. Өйткені тілектерін шын мәнісінде Құдайдың қолына жөндеп бере алмайды. Ондай кісі ісінің орындалмағанын өз көзімен көреді. Бар тілек – қажетінді, үй-іші мен қызметтегі кез болған кедергілерінді, халық пен еліце байланысты қиыншылықтарында Тәңіріңе бер, оның шеге тесіп қанға боялған қолына ұсын; сонда білерсің: Ол саған қамқоршылық етеді.

О, шіркін бәріміз дұрыс дұға жасауды үйрене алсақ, қой!

Фажайып күрес

Ағасы Аппасқа үлкен силық жолдау арқылы Жақып соңғы рет алдау мен арбауға барды. Бірақ одан өзіне еш тыныштық таба алмады. Ол үйқтағысы келді. Көзі ілінбеді. Болашағы тым сұсты, қаһарлы болып көрінді. Келер күн, алдағы сафаттар не әкелер екен? Осы мазасыз ойға орай Құдаймен оңаша қалу керек екенін сезді. „Сол түні орнынан тұрып, екі әйелі, екі күні мен он бір баласын алып, Иавоктың арғы бетіне ағыстан жалдап өтті. Қалған малы мен дүние-мұлкін де сөйтті. Жақып енді жападан-жаңғыз қалды“.

Кейде өзіңмен-өзің ешкімсіз болғың келгенде қасындағы ең жақын адамың да кедергіге айналады. Өйткені Құдаймен жүзбе-жүз сұхбаттасуың керек. Өйткені Тәңір сенімен ешбір бөтен дыбыс бұзбайтын, толық тыныштықта сөйле-суге тиісті.

Өкінішке орай, көбіміз мұндай тыныштықты, Құдаймен жеке кездесуді онша қаламаймыз. Қайта оны жасауға жүргегіміз дуаламайды. Бірақ та Тәңірмен жаңғыз қалудан

артық ештеңе жоқ. Үй-ішіндегі бала-шағаңмен дұға қылу, Құдай сөзін тыңдаپ мінажат ету жақсы, әрине. Батаның бойға даруына мұның себеп болары сөзсіз. Алайда Құдаймен бетпе-бет болып әңгімелесу үшін кей-кейде бүкіл үй-ішінді Иавохтың ар жағына өткізіп, жаңғыз қалған дұрыс. Мұны неғұрлым жиі жасасаң, соғұрлым бата алып рухани күш жиасың. Егер де оған мән беруді тіпті ұмытсаң, ішкі дүниен тез ұсақтанып жылдам солады.

Құдаймен жаңғыз қалуға Жақып бұдан ертерек уақыт тапсағой. Онда оның өміріндегі көп жағдай басқаша дамып, қыншылықтарға кезікпес еді. Сөзсіз солай. Зор ауыртпалық басына түскенде ғана ол тыныштықты қалап, Құдаймен оңашаланғысы келеді. Бұл тыныштық минуттар Тәңірінің қолында бұрынырақ болса шіркін, онда Жақыптан Израилді ол баяғыда-ақ жасайтын еді. Ендеше Құдаймен әңгімелесуге оңаша уақыт таба білейік: сонда оның бізді қорғап, бізді тәрбиелеуде де үлкен табысқа жетері даусыз.

Жақып жаңғыз қалды. Құдаймен оңаша болу сәтіне жетті – ау акыры. Бірақ аспанды таң шапағы бояғанша белгісіз Біреу онымен алысып шықты. Жеңіске жетпесін көрген ол Жақыптың жамбасын жанды жерінен қатты басып қалды, сөйтіп екі ара күрес үстінде аяғын зақымдалды. „Таң да атып қалды, енді босат мені!“ – деді Ол Жақыпқа. „Маған бата бермейінше жібермеймін сені!“ – деп жауап қатты Жақып.

Таң қаларлық күрес! Белгісіз жұмбақ жау Жақыпқа тиісіп, онымен арпалысты.

„Жеңе алмайды“, – делінген Киелі кітапта. Ендеше Жақып Қарсыласынан мықты болғаны. Бірақ Оның қолы тиіп, жамбасы зақымдалады. Бұлай ету үшін асқан күш керек қой. Адамның құдіреті мұндай зақым келтіруге жетпейді. Сол себепті Қарсыласының күші Жақыптың күшінен басым екенін көреміз.

Көп ұзамай: „Жібер мені!“ – деп сұрайды Жақыптың

Қарсыласы. Өз еркімен босап кете алмайтыны анық. Онда әл жағынан Жақыптың асып түскені. „Бата бермейінше жібермеймін сен!“ – дейді сонда барып Жақып. Осы сөзімен ол Қарсыласының басым екенін, оның алдында өзін төмен ұстайтынын растайды.

Байқайсыз ба, барып тұрған қарама-қайшылық. Оқиға желісін қалай түсінуге болады? Келесі сөйлемдерден Жақыптың Қарсыласының кім екенін білеміз. Бұл бөтен ешкім де емес, Тәнірдің өзі. Себебі: „Сен Құдаймен күрестің, енді адамдармен арпалыста жеңіске жететін боласың!“ – делінген. Жақыптың да айтатыны: „... Мен Құдаймен бетпе-бет кездестім“. Құдайдың Жақыппен күреске шығуы неліктен? Мұны біз екі ара жекпе-жектің нәтижесінен көреміз. Күрес барысында Жақып жамбасының буынын шығарып алады. Ал жамбастық буын – бойымыздағы күштің негізі. Ол біз үшін тиянақтың тірегі. Сол арқылы ғана аяғымызға тік тұрып, жер басамыз. Егер де жамбастық буын орнынан тайып кетсе, біз әлсіздікке ұшырап, қайта-қайта құлай береміз. Сейтіп, жамбастық буын бойымыздағы күштің, еркіндігіміздің өміршең суреті десе де болады. Құдай осы бағытта Жақыппен де, бізben де күрес жүргізеді: осы еркіндікті, өзімшілдік бағынбаушылықты күйрету үшін.

Жақып болса қудың куы. Қолма – қол жаңа айланы іздел табуға дайын. Құдай оған қажет емес. Оның көмегі мен батасы да оған керек болмады. Ол ақылы мен өз айласына сенді. Сол себепті Құдай Жақыпқа батасын бермеді. Сол себепті одан Өзі ойлаған адамды жасап шығара алмады. Құдайдың Өз мақсатына жете алмауының себебі Жақыптың өзіндік мемменшілдігі тұлғасында жатқандықтан болды.

Ал сонда біз басқаша жаралғанбыз ба? Құдайға әсіресе қынырақ тиетіні – біздің жеке басымызға қарасты өміріміз, өркөкіректігіміз, шектен шыққан іскерлігіміз, біреуден артық болып көрінгіміз келетіні. Сондықтан Құдай біздегі өз әлімізге сенушілікті жою үшін, қауқарсыздығымызға

көзімізді жеткізу үшін алған бағатынан аумай жұмыс істейді. Иә, бұл ұзақ та, қыын күрес!

Күндердің күні адам „кішірейіп“, өркөкіректігінен айрылып, жеңілдім деп ақ жалау көтермейінше Құдай көптеген жылдар бойы онымен тоқтаусыз арпалыса бермек.

Достарың мен таныстарыңың арасында жүргендे жанжағыңа қараашы! Өмірлері саған үкіас тұлғаларды көретін боларсың. Біреуі мұны сезімге құлай берілгендігімен растаса, екіншісі өзімшілдікке бой ұрғандығымен, үшіншісі көкірегін ұрган мақтаншақтығымен көзге түседі. Бізді жанжағымыздан Жақыпқа тән табиғат қоршап жатыр. Айналамыз толған қара бастың қамын ойлаушылар. Олардың өзінен басқа жақыны жоқ. Солай ойлап, солай харакет те жасайды. Өз жүрегіміз бен өмірімізге үңілелік: қандай езгешелік бар онда? Жақыптың табиғаты тағы да алдымыздан көлендейді емес пе? Иә, иә, тек Құдай сәулесін түсіргенде ғана біз Жақыпты басқадан емес, өзімізден көреміз. Сонда байқайтынымыз: Жақып деп жүргеніміз бөтен ешкім емес, бастан аяғына дейін өзіміз екен!

Шындыққа жүгініп, жақсылап ойлап көрсөң Жақыптың табиғаты саған көп азап әкеліп, қайғыға бөлеп ауыр құрсіндіргенін растар едің. Иә, менменсу, өзімшіл еркіндік – біздің нағыз қас жауымыз, рақымсыз жендетіміз.

Осы жауды жеңіп, аяқ-қолымызды байлаған бұғауды үзу үшін, Құдайдың бізбен күресетіні сондықтан. Өйткені Құдай бізге жақсылық тілеп, азаптан құтқарғысы келеді. Оның осы жолында тұрған біздің бойымыздағы өзімшіл және көне Жақыптан асқан кедергі жоқ. Аталмыш жауға Құдай қарсы тұрғанда біз бұған қуана алдық па? Жо-жоқ, қайта сүйікті „менімізді“ барынша қорғаштап, ақтауға тырысамыз. Құдайға қарсы күресеміз. Ақымақтығымыз фой бұл! Күрестің ұзаққа созылатыны да сондықтан. Сондықтан да Тәңірдің балаларының арасында Жақыптардың тым көп кездесіп, Израилдердің аз болатыны түсінікті.

Жақыптың күшінің қандай екенін көрдің фой. Тәңір оны

жеңе алмады. Жақыптың әлі одан басымырақ. Бұл біздің күнделікті болмысымыздың суреті. Құдайдың бізді өршілдік пен кеуде қағудан босатқысы келгенін байқасақ та мен менндікке одан бетер бой ұсынып, аяғына дейін қарсыласып бағамыз. Құдайдан қорғану – топастық. Бірақ Жақыпты өте жақсы көретіндіктен біз сөйтеміз. Күштінің қолына оны бергіміз келмейді. Құдай енді басқаша әдіс қолданады. Ол Жақыптың жамбасына қолын тигізді. Өз мақсатына қайткен күнде де жетуі керек. Себебі Жақыптың бақыты, оның аман қалуы бойындағы көне табиғатының өшіп құруымен байланысты екенін біледі.

О, Құдайдың біздің жамбасымызға зақым келтіруінен асқан зардаб жоқ! Сонымен бірге бұл саған батаның даритын сафаты. Бойымыздағы өзімшіл күш жеңіліс тауып, күйреп жатқанда Құдай біздің болмысымызға өзін тұрақтатып, құдіретті қуатын дарытады.

Ал сен ше, Тәңір сениң жамбасынды зақымдап көрді ме? „Тәңірім шынында да мен өзің ақтап алған нағыз зұлым жанмын“, – деп айтуды үйрендің бе? „Бар ішкі болмысымда ешбір жақсылық пен мейірімділіктің жоқ екенін білемін“, – деп елші Пауылмен бірге мойындаі аласың ба?

Жамбас сүйегің сынса – зардабтың зардабы, сыннып барап қайта жөнделсе – рақат кешесің. Тәңірдің даңқын өсіру үшін біз оған кедергі жасамауымыз керек, біздегі өршіл „менмендік“ оның жолында тұрмауға тиісті.

Жамбасының буыны сынғанда Жақып әлінен айрылып, көмек боларлық сүйеніш таппады. Қос қолымен қарсыласын шап беріп ұстамағанда құлар еді. Ол сөйтті де. Бар күшімен Тәңірді ұстай алғаны соншалық, анау одан босап кете алмай еріксізден-еріксіз: „Мені жіберші!“ – деді. Жақып бірақ жібермеді. Одан бетер жабыса түсті. Қалайша құламай тік тұрды ол? Тік тұрғызған өз күші емес, Тәңірді мықтап ұстағаннан. Тәңір енді оның қуатына, Қолдаушы тірегіне айналды.

Иә, Құдайдың бәрімізден күтетіні де осы. Еркіндік жоққа

шыққан сәттен бастап біз өзімшілдіктен айрыламыз. Қолымыздан түк келмегендеге фана қауқарсыз хал кешіміз. Жалғыздан – жалғыз Тәнірдің қолында қаламыз.

Құдай жасаған әрекетке қарсы жеке бастың қамы, дегенім болсын деген тілек пен өзіндік өмірің кедергі жасама-фанда фана қасиетті батаның шуақты нұрына шомыласың. Жақыпты женгеннен кейін, Құдай өз еркіне жетеді. Жақыппен Иавок жағалауында болған оқиға біз үшін жазалау орны – Голгофада қайталанды. Иса онда біздегі көне адамды жазалап, айқыш ағашқа шегеледі. Оның билігі (Жақыптың) сол жазалау орнымен шектелді. Сондағы: „Көне адамның Онымен бірге керілгенін білерсің“ – деген сөз шындыққа айналды.

Елші Пауыл жазғанындей (Рим. 6,6) көне адамды бізге керудің енді керегі жоқ, ол керулі тұр. Біз Голгофада болған күнәдан тазалануды, көне адамның билігі – Жақыптың табиғатынан арылуды сеніммен қабылдауымыз керек. Қарсыласымен бір болған Жақып сияқты сонда барып Тәңірмен бірлікке жетеміз. Бойымыздағы өркөкіректікten бостандық алып, Онымен жаңа өмірге апарар жолда қосыламыз.

Шіркін, Тәнірдің Жақыптың табиғатымен күресі аяқталса ғой, адамдар енді қайтып Жақыпқа қолдарын созбай, оны Иса алдында сеніммен өлімге қиып отырса. „Мен Мәсіхпен бірге айқыш ағашқа керілдім, енді тірі емеспін, бірақ мендегі Мәсіх тірі!“ – десе. Тәнір өз мақсатына жетіп, мен – мендігі және күшінен айырылған адамдар: „Тәнірім, сен маған батаңды бермейінше жібермеймін!“ – деп жалбaryнатын болса.

Шешім

Жақып Тәніріне: „Маған батаңды бермейінше сені жібермеймін“, – дегенде Құдай оған сұрақ қойды. „Сенің атың

кім?“ – деді. „Жақып“, – деп жауап берді анау. „Бүгіннен бастап сенің есімің Жақып емес, Израиль“, – деді сонда Тәнір.

Тәнірдің қойған сұрағы қызық-ак! Ол кіммен күреске шыққанын білмей ме? Түн ішінде арпалыса кетіп, енді күн шыққанда ол адамның түр-түсін көрмей түр ма? Жо-жоқ, сұрақты олай түсіну қате. Жарайды делік, бірақ Тәнір Жақыптан есімінің кім екенін сұрағаны несі? Мұндағы мән нede?

Бүгінгідей емес, ол кезде есімге үлкен мағна берілетін. Бүгін адамның есімі жай атау ғана. Біреуді маңғаздық мағнасын беретін атпен Эрнст дейміз, ал ол болса көңілді, жайдары адам. Екіншісі бейбіт тыныштықты сүйетін Миро-слав деп аталса, шын мәнісінде оның бойынан момындыққа бейім қасиеттерді кезіктіре алмаймыз. Бұрынғы кезде бәрі басқаша болатын. Бұрын есім ананың баласына қатысты тілегіне, үмітіне орай берілетін. Құдайға тиісті есімдер оның негізін анықтаса, адамдардың аттары олардың табиғи болмысын көрсететін. Ал Жақып деген есім өтірікші, айлакер деген ұғымды білдіреді.

Сондықтан да Құдай Жақыптан: „Есімің кім?“ – деп сұрағанда, бұған „сен өзің кімсің?“ деген мән беріп отыр. Жақып өзін- өзі түсіну дәрежесіне жетті ме, ішкі болмысын анықтай алды ма – міне, Құдайдың білгісі келгені осы еді. Анау: „Менің атым Жақып!“ – деп жауап бергенде, бұл жауабымен: Иә, мен айлакер Жақыптың! Қарт әкемді алдаған да мен боламын. Ағамнан да айламды асырдым. Қайдан болмасын өзіме пайда түсіре білемін. Сол Жақып мына мен! – деп дәлелдеген еді. Тура берілген баға! Құдай Жақып арқылы осыған жеткісі келді. Біз арқылы да көксейтін мақсаты осы. Аталмыш сызыққа жетіп, Тәнірдің нұрына бөлленген біз: менің атым Жақып деп мойындауға тиістіміз.

О-о, адам баласына өзін Жақыптың орнында көріп, соны мойындау жеңіл емес! Табиғатымыздан біз өзімізді жоғары санаймыз. Дәлел сөздер келтіріп, жамандығымызды жасы-

руға тырысамыз. Ақталуға, кемшілігімізді көрсетпеуге құштармыз тым.

Біз Жақып екенімізді сезінгенге дейін Құдайдың бұл салада атқарар жұмысы көп. Жақыптың табиғаты әр кімде әр түрлі бой көрсетеді. Жақыптың болмысы біреуден ашу шандығымен, екіншісінен қит етсе өкпелей қалатындығымен, үшіншісінен ыза-өшпендейлігімен, төртіншісінен үнемі менің айтқаным дұрыс деуімен, бесіншісінен арының кіршендейгімен көрінеді. Сен өзіңден Жақыптың осы сынды болмысының бірін таба алдың ба? Құдайдың: „Атың кім?“ – деген сұрағына менің атым „Қызыбалық“, менің атым „менмендік“, ал менің атым „Өкпеші“ деп жауап бердің бе?

Жастардың бір отырысында шешен олардың үйірмесі мен оның мүшелеріне сыппаттама берді. Әңгімені діндар апа – қарындастар үйірмесінен бастады. Үйірме мүшелерінің аттары таң қаларлық еді. Бір діндар қарындасты ол бізге „Өсекші“ деген есіммен таныстырды. Мұнысымен нені айтқасы келді екен? Есім ойдан берілген. Онысы көрініп-ақ түр. Бірақ ол арқылы біз діндар қарындастың ішкі болмысын көргендейміз фой. Бір ғана оның емес, үйірмедегі бүкіл діндар қарындастардың болмысын көреміз. Бұл есім жаңғызы осы үйірмені ғана қамтымайды, басқа да шіркеу мен үйірмедегі әйелдер мен қыздарды қамтып жатыр. Көптеген діндар қарындастарды „Сөзуар“ деген есіммен де атауға болады. Мүмкін бұл есім саған да дәл келер? Мүмкін сен де көп сөзді жақсы көретін мылжың шығарсың? Бетімен, аузыңа келгенді айта бересің бе? О, онда Тәңір алдында мінажат етіп, жасырмай ашықтан – ашық айт: мен – мылжыңмын де. Соңан соң жаңағы дін қызметкері өз әңгімесінде „Уәдешіл“ атты діндар қарындасқа тоқталды. Иә, ондайлар баршылық, кезінде қолынды көкке жеткізем деп уәде етеді де, артынан орындағай кетеді. Петірдің де тұлғасы соған айғақ емес пе? Уәде беріп, антсу ішті, ал оның ақыры не болды? Ақыры ол өз Ұстазынан бас тартты. О, сол түні Исаңың отты жанары оны есіне келтіріп, кім екенін

көрсетті. Көз жасын сорғалатқан Петір: мен – Жақыппын! – деді. Үйірменің басқа да мүшелері жөнінде сөз қозғалды. „Жыламсырақ“ деген діндар қарындасқа да сыпattама берілді. Бұл атты қит етсе жылап қоя беретіндігі үшін алған еді. Әсіреке іс ол қалағандай болып шықпаса, отыра қалып еңіреп қоя береді еken. Ашына, өксіп жылайды. Неліктен? Өте-мөте сезімталдығынан ба? Жо-жоқ! Мына күнделікті дүние нашар деп, өзіне жаман қарайды деп жылайды. Өйткені осы заман үшін одан асқан жақсы кісі жоқ. Оны төңірегіндегі адамдар түсінбейді еken. Міне, осының бәрін көңіліне алып, өксіп жылайтын сол. „Жыламсырақ“ діндар қарындасымыз.

Мысалға келтірілген аттарды түгел айтып шығуға бұл арада мүмкіншілігім жоқ. „Егерде“, „Боларда“ деген есімдер де аталды. Олардың мағнасын түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Тек күлесің, күлесің де адам жан дүниесінің астарына қарап өкінесің.

Осы сынды діндар қарындастар өмірде жиі кездесетіні өкінішті-ақ. Ондайлар барлық жерде де бар. Ондай діндар ағалармен де кездесеміз. Талай – талай жүздесіп, бетпе – бет те келдік. Бірақ басқаны көру оңай, өзінді көру – қынырақ. Бәрі бір онсыз болмайды. Бәрі бір өзіміздің болмысымызға көзіміз жетіп, шын атымызды анықтап білгенше Құдай ерінбей-талмай бізben еңбек етеді. Мүмкін сені – діндар ағаны „Қызба“ деп атайтын шығар? Оны өзің білмесен де әйелің жақсы біледі. Мүмкін сені – діндар қарындасты „Наздыкеш“ дейтін болар? Мұны өзің күнде қаранып жүрген айнаң айтып береді. Әлде керісінше, есімің „Өкпеші“ ме? Бұл атпен жүргендер өмірде өте көп қой.

Егер, шіркін, Тәңірдің балалары биіктен түскен нұрға шомылып, ішкі дүниелерін жарқыратын көрсетуіне қарсы келмесе ғой! Онда оларға көмек тиер еді. Өзіміздің, шын мәнісінде, кім екенімізді анықтамайынша біз бойымыздағы Жақыптың тұлғасынан құтыла алмаймыз. Ол айдан анық. Сондықтан да ең басты қажет нәрсе: өз болмысымызды, өз

мінезімізді, тілек – талпынысымызды білу. Тәнір түсірген жарық сөуленің құдіретімен өзімізді Құдай сынды жанжақты тани алайық. Біз үшін оның маңызы зор. Ақиқатқа жүгініп: менің атым Жақып деп шындықты мойындауымыз керек.

Сен арқылы Құдай соған жетті ме?

Окінішке орай, өздерін Жақып деп атайдынын білетін адамдар бар, бірақ бұл есімнен олар ұялмайды. Қайта мақтанып, қеуделерін кереді, бейне бір Жақып десе зор қошаметке ие болатындай.

Мен мінезі дөрекі адамдармен де кездесіп үлгердім. Олар сөзсіз әйеліне, балаларына, басқа да кісілерге әдепсіздік жасап, қоңілдерін қалдыратын қатты сөздер айтушылар. Мінездерінің солай екенін жақсы білсе де, оны шектен шыққандық деп есептемейді. „Мен шыншыл, тұра адаммын. Ойлағанымды жасырмай бетіне айтып салам“ – дейді, олар өздері жөнінде.

Сөйтіп, Жақып екеніне мақтанады. Бірақ бұған мақтана-тын не бар. Дөрекі болу арыңды жоғарлатпайды, масқараңды шығарады.

Сонымен бірге „Өкпешіл“ діндар қарындастарға да жолықтым. Олар өздерінің өкпешіл жандар екенін өте жақсы біледі, алайда онысына ұялышп, бұдан арылудың орнына көпшіліктен тілейтіндері: сол өкпешіл қылықтарымен санасу. „Мен қолма-қол өкпелеп қаламын, не болса да бұл естерінде болсын!“ – дейді бұл пақырлар.

Бірақ біз олай ойлауға тиісті емеспіз. „Мен Жақыппын, осы болмысымды сол күйінде қабыл алындар!“ – деп айтуға хақымыз жоқ.

Жо-жоқ, біз Жақыптан Израилдің пайда болғанын қалауға тиістіміз. Көп кісілер сияқты қателік жіберіп, іске қолма – қол кіріспеуіміз керек. Өздерінің Жақып екенін білгендер сол сэтте өз күштерімен Израилге айналғысы келеді. Өз – өзін қолдарына ұстап, жақсы болуға талпынады. Бұл қателік. Біз өзіміз Израиль бола алмаймыз. Осылай

жасағысы келген адам ешқашан мақсатына жете алмайды. Алайда басым көпшілігіміз солай істейміз. Мен бәріміз деп айттар едім.

Міне, әлде кім мінезінің тым қызба екенін байқады. Енді қызбалық танытпауға тырысады. Ол өзіне, Құдайға, әйеліне: „Бұдан былай мұны қайталамаймын!“ – деп уәдесін береді. Бірақ бұрынғы мінезін қайталайды. Ол көзіне жас алып, дұға оқып тағы да қатаң шешім қабылдайды, соған қарамастан алға жылжи алмайды. Қызбалық бойында со бойы өзгеріссіз қалады.

Немесе діндар қарындастымыз енді гәрі өкпешіл болмаймын дейді. Бірақ алғашқы-ақ ұнамсыз жағдайда өкпеге жол береді. Иә, Тәнірдің балалары бойларындағы Жақыптың тұлғасымен жеміссіз күрес өткізу жолында әлдерінен айрылып, үміттерін аз жоғалтқан жоқ. Ақыры көбі қолын бірақ сілтеп: „Мұның бәрі түкке тұрмайды. Сол баяғы қалпында қалғаным жақсы!“ – деді.

Күрестің, дұғаның ешбір әсере жоқтығы неліктен? Жақыптың болмысынан құтылу үшін таңдал алған жолдары дұрыс емес. Біз өз-өзімізден Израилді жасап шығара алмаймыз. Бұл жақсы да. Егер аталмыш іс қолымыздан келетін болса айқыш ағаштың қажеті де шамалы. Онда біз өз табиғатымызды тазалап, Тәнірдің дәрежесіне жетер едік.

„Егер күнәмізді айтып, ағынан жарылсақ шыншыл да сенгіш Тәнір күнәмізді кешіп, бізді қандай да болмасын өтіріктен тазалап шығады,“ – деп жазады елші Жохан.

Өкпелеушілік пен қызбалық мүмкін шындыққа жатпайтын шығар? Ал күншілдік пен өшпендей ше? Мансапқорлық пен даңғойлықты да қайда қоясың? Ендеше көне адамнан құтылатын жол сен үшін сайрап тұр. Сен оған қарсы күреспей-ақ қой. Оныңнан ештеңе де шықпайды. Бойындағы жалған шындығынды әшкерлеп Тәнірге ашықтан-ашық: Жақып – ол мен! – деп айтуың керек. Мен өте қызы қандымын, өте даңғоймын! Жақыптың болмысынан құтылғым-ақ келіп еді. Бірақ бәрі босқа кетті. Енді, міне,

Өзіңе келіп, көне Жақыпты алдыңа тарттым. Тәнір, тазалашы мені одан!

Сөйтіп, сенің қолыңдан келмегені оның қолынан келеді. Ол сені бойындағы көне Жақыптан тазалап шығара, алады.

„Бұғиннен бастап сенің атың Жақып емес, Израиль!“ Неткен тез өзгеріс. Бұған біз кіріссең, онда бәрі ақырын болар еді. Иә, біз онда ешқашан да мақсатымызға жетпес едік. Тек Құдайдың өзі кіріскенде фана оқиға жылдам дамиды. Неге десен, біз көне адамнан арыламыз. Неге десен, Тәнір біздің өтелуіміз үшін сеніммен келуімізді күтеді. Сондықтан да сені әбден қинаған көне Жақыппен Исаға келе біл. Оны Тәнірдің алдына көлденең тарт! Сонан соң жазалау орны – Голгофада болған жайға сен: ол -біздің көне адамнан арылуымыз, менмендік пен жалған шындықтан ада болуымыз. Сен енді Жақып емессің, Израилсің!

Енді Жақып емес

Қуанышты хабар! Көне адамның билеп – төстейінен құтылатын жол бар.

„Бұғиннен бастап сенің атың Жақып емес, Израиль, өйткені сен Құдаймен күрестің, бұдан былай адамдарды жеңетін боласың“, – деді оған (Жарат. баст. 32,28).

Енді Жақып емес!

Құдай Жақыптан бүкіл қайғы-қасіретін ашып айтуды, Тәнір алдында ақыры таза болып көрінуін күткен еді. Онысы іске асты. Жақып тәубе етісімен Құдай: Жақып емессің, Израилсің! – деді.

Бұдан біздің көретініміз: Құдай бізді Израилге айналдыру сәтін асыға күтеді. Бар ойын соған бағыштайты. Бізге Құдайды күтудің керегі жоқ, Ол бізді күтеді. Бізге Израилге айналдыр деп Одан сұраудың қажеті шамалы. Ол бұған дайын, тек біз тиісті шартты орындасақ болғаны. Шарт: жасырмай тәубеге келу!

Енді Жақып емес, Израиль! Бұл сөз нені мензейді? Бұрын көне кісі жалған шындығымен бой көрсеткен көне адамнан, енді жаңарған жаңа адам пайда болды дегеніміз. Бұрын жауыздық болған жерде енді жақсылық орнады. Бұрын ашу мен ыза туындаған арада енді шыдамдық пен келісімдік күшінің енгени. Бұрын көне Адам-атаның тұлғасы мықтап орныққан жерде, енді жаңа адам Иса аяғын нық басып тұр. Бұны келесі оқиғаны мысал ғып келтіргенде ғана түсінеміз. Бір діндар әйел осы сынды оқиғалар туралы, Айқыш ағашта тәубеге келген жанның тазаланып, айыққаны жөнінде әңгіме болған жиынға қатысқан еді. Ол бойындағы көне адамның аңы, уытты тілі арқылы оған зиянын тигізетінін үқты. Тілінің аңызығын айтып, Құдай алдында тәубе етіп, айылу тазалығын сеніммен қабыл алды. Сол сенім көне адамның билеп – төстөуінен кері сырғызды да, жаңа адам – Исаның қамқорлығына жеткізді.

Осы өзгерген күйімен айтқан уақытынан үйіне ертерек келді. Әрине үй-ішінің өз тәртібі, өз ережелері болатын. Сол қалыптасып қалған ереженің біріне орай: сыптырындысы бар кіршік – қоқым салатын шелекті үйге кіретін орталық есіктен шығаруға рұқсат жоқ, ол үшін аулаға аппаратын кішкене басқыш саты пайдаланатын. Шаруа қызметіндегі Мария деген әйел үй иесі әлі келе қоймас деп жуынды мен сиптырындыны төкпек болып, орталық есіктен шыға келді. Сонда ол үй иесімен бетпе-бет кездесе кетті. Марияның қорыққаны соншама, қолындағы екі шелектің екеуін де түсіріп жіберді. Жуындының кір суы басқыштан төмен сорғалай ағып, кіре берістегі төсенішті былғады.

„Иә, – деп ойлады Мария, – енді маған ақсаусақ бәйбіше көресінді көрсетеді! Бірақ одан да тым қатты кетсе әрі шыдамаспын, кетемін, мен сияқты қыз бала қайдан да болмасын өзіне жұмыс табады!“

Алайда ақсаусақ бәйбішеміз шу көтерген жоқ. Тек Мария жаққа бір көз салды да, басқышпен жоғары көтеріліп өз бөлмесіне қарай беттеді. Бөлмесіне кіргеннен кейін

дізерлей отыра кетті. „О, Тәнірім, бірінші рет абын тілімді тежең женіске жеткізгенің үшін саған рақметімді айтамын!“ – деді жалбарынып. Ол сөйтіп, тәубе етіп жатқанда біреу есікті тықылдатты. Мария екен. Жаңағы біз көрген, „бұдан әрі шыдамаспын, мен сияқты қызы бала қайдан да болмасын өзіне жұмыс табады!“ – деген Мария. Басын төмен салып: „Кешіре көріңіз мені! Бұдан былай бұл қылығымды қайталамаймын!“ – деді. Марияның кенеттен – кенет өзгере қалғаны неліктен? Үй иесі әйелдің кіре бере үнсіз тастаған көз қарасынан еді. Бір гана үнсіз қарағаны күнделікті айтып жүрген сөздерінен асып түсті. Үй иесі әйелдің тұлғасынан Мария алғаш рет көне кісіні емес, жаңа адамды – Исаңы көрді. Көне адам тек ашу шақыратын болса, жаңа адам жүрекке жол тапты.

Енді Жақып емес!

О, егер сен мұны сеніммен қабыл алсаң, маңайындағы кіслер сендеңі өзгерісті көреді. Алғаш қарағаннан – ақ алғаш айтылған бірнеше сөздерден-ақ әлде не болғанын байқады. Иә, оны жасыру да қызын, өйткені сенің бетке ұстарың болып Иса тұр, оның бүкіл болмысына билік жүргізгені ап-айқын.

Енді көне Жақып емес! Енді өкпешіл де, көңілсіз де, қаста, өркөкірек те емес... енді... енді...

Енді өзімшілдік пен менмендіктің шеңберінен шыға алмайтын көне Жақып емес, бірақ рақымының құдіретімен женіске жететін Израиль! Рақымының құдіретімен женіске жететін Израиль! Сенің сондай болғың келе ме? Егер Голгофадағы айқыш ағашта болған оқиғаны сеніммен қабыл алсаң, сен сондай бола аласың. Мәсіх онда бізді көне адамның билеп- төстуеінен тазалап, айықтырды.

Пауыл женімпаз Израиль болған еді, ол: „... осының бәрін бізді Сүйүшінің күші арқылы женіп шығамыз“, – деді.

Иса біздің женімпаз Израиль болғанымызды күтеді. Шіркеуге арналған жеті үндеуінің әр қайсысында ол: „Женімпаз, женімпаз“ – дейді. Ол осыны күтеді. Күтуге хақы

бар, себебі жеңілушіден бізді жеңімпаз етуге ол бәрін де жасады. Рухани тазаланудан өттік. Көне адам әлі де кей – кейде бізге өз еркін жүргізе қалса, біз толық рақатқа бөлене алмаймыз. Ол мүмкін емес. Оған тек айқыш ағашты барлық шын мағнасымен толық қабылдағанды ғана, өміріміздің билігін Тәңірімізге, жаңа адамның қолына бергенде ғана жетеміз.

Иса Мәсіхпен бірге жеңіліс тапқан біз, Тәңірдің махаббатына бөлене отырып, қайтадан жеңімпаз болып шығамыз. Айқыш ағашқа шегеленіп жеңілсек те Онымен бірге тұлғаға айналып, бойымызды менмендік пен көне адамды жеңіп шығамыз.

АЙЫҒУ

„Жақып сол жерді Пенуэл деп атады; өйткені Құдаймен бетпе-бет жүздесіп, жаным аман қалды, – деді ол. Пенуэлден әрі өте бергенде күн де шықты, ол бір жақ жамбасымен сылти басып, ақсаланғап кетіп бара жатты“ (Жарат. баст. 32,30-31).

Пенуэл – Тәңірдің жүзі деген сөз. Мейірім мен аяушылықта толы Тәңірдің жүзін көре алатын біздің де Пенуэліміз бар, ол – Голгофа. Сен өз Пенуэлінді іздеп таптың ба? Сол арада Тәңірдің жүзі мен Оның жүрегіне үңіліп қаралың ба?

Жақыптың Пенуэлде білгенін біз Голгофада басымыздан кешіп, сезінеміз: себебі сонда жан дүнием айықты. „Иә, өзімшіл меннің билігінен құтылмайынша көңіл сырқатының құшағында қала береміз. Өкпешілдік, өркөкіректік, қызыбалық пен ызақорлық – осының бәрі көңіл ауруына жатады. Одан толық арылмайынша бақыт пен қуанышқа жету қыын“. Жаным менің, Тәңірге барша жақсы батаңды бер, бар ішкі дүниемде тек Оның қасиетті есімі. Тәңірге

барша жақсы батанды бер де, Оның шексіз мейірімін ұмытпа. Ол сенің барлық зансыз істерінді кешеді, барлық аурусырқатынан айықтырады“ (Жырл. 102,2-3).

Дұға-жыр айтушы бұл жерде тән, дene ауруын емес, сонымен бірге өзінің де көңіл ақауын әңгімелейді. Жан дүниесін айықтырғаны үшін Тәңірін мадақтайды. Дұға айтушы солай етсе, онда біз де сөйтуйіміз керек қой. Қарсы алдымызда Голгофадағы айқыш ағаш тұрған жоқ па!

Айығыпсың! Бұл жағдайда ұзақ ауырған болсан, өкпеңе суық тиіп немесе сүзекке душар болып, көп күндер төсек тартып жатып қалсаң, сырқатындың беті қайтысымен өзінді өте тамаша сезінесің емес пе? Осы сынды күйді жан дүниен айыққанда да кешесің. Енді біреуге өкпелеп мазам кетпейді, ұсақ-түйек үшін қайғырмаймын, ауыртпалық қасіретін әкелетін нәрселер өміріме қажет емес. Айқыш ағаш пен айқыш ағашқа Керілгенге қарап қуатқа ие болып, жеңіске жете аламын.

Айықтың! Көне адамның билеп – төстеге, мен – мендікке бағыныштылық құлдығы аяқталып, біздің жүрегіміз бен біздің өміріміздің шексіз Билемшісі мен Тәңір Иса болғандаған сені қоршаған дүние ғажайып қалыпқа енеді.

Айықтың! Енді ғана сол сәттегі Жақыптың күйін кешесің. „Пенуэлден әрі өте бергенде күн көзі де шықты“. Күн көзі сол арадан шығысымен өміріміздегі бүкіл жаңалық бастамасын табады. „Шындықтың күні шығып, оның сәулесі айығу әкелгенде, сол шындық күніне айналған Иса біз өмір сүріп, одан әрі әрекет жасауымыз үшін өз нұрына бөлеп жылдықтаңда, дүние-әлем өзгеріп жаңарады.

Жақып бұған дейін кезбе еді, күнәсі мен өзінің мен-мендігінің қараңғы қапасында жүрген. Енді жарық сәулеге бөленді. Сол қараңғы қапастан алған бір ғана нәрсесі болды. Жадында сақталғаны: „бір жақ жамбасына ақсап басуы“. Өзіндік көне күш күйреді, сол күйреген халінде қалды. Жақып енді гәрі өз күшіне сенбейтін адамға айналды. Оның өзіндік күші мәнгі-бақи жоққа шықты. Бір жақ жамбасына

ақсал басатын болды. О, бізбен де осылай болса ғой! Өз күшімізге енді қайтып арқа сүйемесек! Әлсіз пақыр болып қала берсек, сонда барып біздің бейшаралығымыз арқылы Оның құдіреті көрінер еді. Өкінішке орай, көбінесе олай бола бермейді.

Бірде Израилге айналған Жақып жөнінде айтқанымда бір кісі: „Сонда сіз өзіңіз кімсіз – Жақыпсыз ба әлде Израилсіз бе?“ – деп сұрақ қойды. Мен жанарымды Тәңірге бағыштап: „Жақып пен Израиль бір адамның екі есімі. Бұл жеке – жеке екі тұлға емес, бір ғана кісінің дінгеге деген сенімінің қарасы – қарасы көз қарасы“, – деп жауап бердім.

Израилге айналған адам қайтадан Жақып бола алады. Иса өзіне келген Симонға жаңа есім берді. Ол оны Петір (тас деген мағнада) деп атады. Бірақ қажет уақыты туғанда Иса оны Петір демей бұрынғы есімімен атады. Генисарет көлінің жағасында Тәңір одан: „Иониннің баласы, Симон, сен мені жақсы көресің бе?“ – деп үш рет қайталап сұралнда Петірдің қиналғанын көрсөніздер. Үш рет қайталап – Симон деді. Мұнысы Петірге ауыр тиді.

Израилдің тұлғасын тастап, қайтадан Жақыптың бейнесін қабылдау Тәңір балалары үшін де қыынға соғады. Бұл өзгеріс қалай болады? Егер біз қабылдаған Исаны ұмытсақ, оған деген сенімді жоғалтсақ, көне Жақып тағы да өз күшіне енеді. Сондықтан да жау жұмысын Тәңір балаларымен бір бағатта, олардың Исамен байланысын жоққа шығару мақсатында жүргізеді. Жау бізді күнәкар етпек. Бірақ бұл негізгі мақсаты емес. Бізді Исаңың қамқорлығынан ада қылғанда күнәбаға біз өзімізден-өзіміз батамыз. Сондықтан да Исамен байланысымызды әлсірету үшін қолынан келгенінің бәрін жасайды.

Мұнысы болды екен, үтты дей бер. Онда бірінші тұлға болып тағы Жақып шығады. Сол себепті Өзінің нұрлы құшағынан шықпауымызды Иса жиі айтатын. Сол себепті де Жоханның қайта-қайта өтінетіні: „Тәңір балалары, одан тыс кетпендер!“

Исаның болмысында Израиль бар, ол жоқ болғанда – Жақыпты көреміз.

Израилдың орнында болып, керемет сәтті басынан кешкен адам Жақыптың жағдайына барғысы келмейді.

Исаның қамқорлығынан шықпауға тырысайық, сондаған Израилге айналып, мәңгі – бақи оның қалпын жоғалтпаймыз. Адамға бата дариды, Тәнірдің даңқы артады, – деген сөз сонда барып орындалады.

ЖҮСІП

ЖАҚСЫ ШЕШІМ

Жаратылыстың басталуы 37,2

Жүсіптің бастан кешкені жас шағымызда бәрімізге де қатты әсер етті емес пе? Оның аумалы-төкпелі тағдырын біз онымен бірге кештік. Жүсіптің пешенесіне жазылған өмір жолы ауыр да қыын еді. Кенеттен – кенет мысырлықтардың құлыш болуы, соナン соң қараңғы қапасқа қамалуы – осының бәрі бізді орасан тебірентті. Жүсіптің қыын-қыстауды жеңіп шығуына көмектескен ерлігіне құрметпен қарап, қайран қалатынбыз.

Жүсіптің бейнесінде бізді өзіне тартатын тек қана аяушылық қана емес еді; оның өмірінің ерекше маңызын, жүрген жолының қай жерінде болмасын, бізді Құтқарушының бейнесіндей бола білгенінен көреміз.

Қасиетті Рух ғажайып түрде Исаның жолын Жүсіптің өмірімен қайталаған еді. Бұл сәт Жақып оны шақырып алғып: „Бері кел, мен сені соларға жібермекшімін“, – дегені мен Жүсіптің ынтағарлықпен: „Иә, мен дайынмын!“ – деп жауап қатқанынан басталды да, Жүсіптің патшадан кейінгі екінші адам ретінде Мысыр тағына көтерілуіне дейін барды.

Жұсіптің өмірі арқылы Исаның Әкесінің кіндігінен бастап масқаралану мен қорлану арқылы Құдай тағына жеткенге дейінгі жолы бейнеленеді.

Міне, Жұсіп өмірінің негізгі маңызы осында жатыр. Оның түпкі тамырына бойлай алсақ, әрине, пайдасы мен шапағаты бізге де тиетіні сөзсіз.

Әкесінің шатыры астында Жұсіп бақытты балалық шақ кешкен еді. Рас, анасы Рахильден ерте айрылды, бірақ Жұсіп бар мүмкіншілігінше оны жоқтатпауға тырысты. Анасын жогалтқан Жұсіп пен інісі Вениаминді ерекше жүргегіне жақын тұта білді.

Өткен күндердің ғажайып оқиғаларын әкесі әңгіме еткенде бала бар ынтаzarымен ден қойып тыңдайтын. Жұмақтағы керемет бақ туралы сөз қозғалғанда әкесінің аузынан көзін алмайтын. Себебі бұл жұмақ әлемінен айрылуға алғашқы адамдарға өздері жіберген қателік себеп болды. Құдай күнәлерін кешпей, Адам-ата мен Хаяу-ананы пейіштегі бақтан қуып шықты.

Міне, сонда барып жас бала Тәңірдің қасиеті мен күнәнің бейнеті туралы алғаш рет әсер алды.

Келесі жолғы әңгімесінде Жақып дүние жүзін басқан топан суға тоқталды. Су астында жердің биік тауларға дейін қалып қойғанын, соның салдарынан жер үстіндегі өмір біткеннің құрып кеткенін айтты. Бұл алапат жазаға себепші болған не? Тағы да күнә! Тәңірдің Рухына адамдардың мойын ұсынғысы келмеді. Олар шектен шығып, Құдайға қарсы ереуіл жариялады. Сонда барып барша әлем жазалау сотына тап болды.

Баланың көңіліне тағы да Тәңірдің қасиеттілігі мен күнәнің кешпес сорақылығы қатты әсер қалдырды. Жақып мал-жанымен бір орыннан екінші орынға жақсы жайылым ізделп қөшіп-қонып жүретін қөшпендіге жататын. Сондықтан да бірде ол Өлі теңізіне жақын қоныстанды. Баласына атасы Ыбраайымның тірі кезінде бұл жерде гүлденген қалалардың болғанын, бүкіл аймақтың жері сондай құнарлы

болғанын әңгімелеп берді. Бала осыншама өзгерістің себебін сұрағанда тағы да күнә екенін естіді.

Күнәнің кескіні осыншама қорқынышты болса, күнә әулие Құдайға осыншама өкінш әкелсе, онда күнә жасағанымша өлгенім артық деп Жұсіп жүрегімен шешім қабылдады.

Жұсіптің бұл айтқаны балалық емес пе? Кейбіреулер солай дейді де. „Жастық шапшаңдықты сүйеді. Өзіне-өзі келіп, көңілінің өрекпелдігін бассын!“ – дейді олар. Осы сынды сөздерге қатысты мысалдар да келтіреді.

Жұсіптің өмірін ойға алайық, қайғы мен қасіретке, апат пен қыыншылыққа қарсы аттанған оған көз салалық. Егер Жұсіп өмірін күнә жасағанымнан өлгенім артық деген шешіммен бастамаса онымен не болар еді? Осы ережеге жүгінудің арқасында оның Потифар үйінде өткен түрмисы құптарлық әсер қалдырыды емес пе? Жастық шағының ерте кезінен-ақ Құдай жағында болуға берік шешім қабыдау қандай жақсы болды. Болашақта уақыт болады ғой деп осы шешімін қабылдамағанда кеш қалар еді.

Менің бұл баяндауымды оқып отырған ата-аналарға қоятын сұрағым бар. Құрметті әке, құрметті ана, сіздер балаларыңызды қалай тәрбиелейсіздер? Олардың көңілін Тәнірге көбірек бөлуге үйретесіздер ме? Өмірде оларды күтіп тұрған күресті қарсы алуға дұрыс үйретесіздер ме? Егер сіздер балаларыңызды аспан мұрагерлері болу үшін тәрбиелесеніздер, онда сіздер оларды жердегі өмірге де дұрыс тәрбиелегендеріңіз. Ең бастысы – балаларың Құдайдың мейірімі мен шапағатына ұмсынсын десендер оларға жақсы өнеге бола аласындар ма?

Тәнірдің әулиелігі мен күнәнің қаһары сендерге әсер ететінін балаларың көрсін, сонда олар: күнә жасағаннан өлген артық деп Жұсіптің шешімін жандарына медет тұтып, өмірге аттанады.

Осы жазғанымды оқып отырған, жігіттер мен қыздар, сендерге де қояр сұрағым бар. Қалайсындар өздерің?

Жұсіптің шешімін өз шешімдеріндегі қабылдадындар ма? Күнәнің тым қорқынышты екенін сендер Жұсіптен артық білуге тиістісіндер. Ол үшін көктегі Әкеміз жаңғызы Ұлын берді. Ол үшін Тәнірдің Ұлы қанға батып, өмірін берді. Голгофадағы айқыш ағаштың алдында күнә жөнінде әулие Құдайдың не ойлайтынын көреміз: күнә – оның алдында барып тұрған онбағандық болып есептелінеді. Әлем Құтқарушысын адамдардың күнәсі лағнет ағашына шегелет-кенін ойлағанда, біз күнәға қарсы соғыс жарияладап, күнә жасағаннан өлген артық, – деген Жұсіптің шешімін бойымызға сіңіруге тиістіміз.

Жұсіптің өмірі туралы ой-толғауымыз оқушыларға бата болып дарысын, олардың шешімі Жұсіптің шешіміне сай келсін, сонда біздің өміріміз шапағатқа толы, рақымы мол өмірге айналады. Сырттай қыншылығы бар, көлеңкелі болып көрінсе де Құдаймен тығыз қарым – қатынаста өтсе болды. Ол солай болады да, егер біз күнә жасағаннан өлген артық, – деген шешімді қабылдасақ. Бұл жақсы шешім.

ЖҰСІП ЖӘНЕ ОНЫҢ БАУЫРЛАРЫ

Жаратылдыстың басталуы 37,2 – 4

Егер Жұсіп күнә жасағаннан өлген артық, – дегенді негізге алса, бір қарағанда, ол өзін қоршаған кісілердің сүйіспеншілігіне бөленуге тиісті болып көрінуі керек еді. Өйткені ол ешкімге кесірін тигізген жоқ қой. Ол барлық жамандық пен келіссіз сөзге қорқынышпен сақтана қарады.

Жо-жоқ, бәрі керісінше болды. Әдетте өмірде барлығы керісінше фой. Егер адам өмірін Тәнір алдында қорқынышта откізсе, жасаған қадамы мен әр-бір әрекетінде күнәдан қашатын болса, көп ұзамай төңірегіндегілер оны бөтен, жат кісідей қабылдайды. Ол көзге қораш көрініп, кірпідей тиеді. Оның өмірі олардың өмірін айыптайтындаидай. Ал егер өздері сияқты әрекет жасаса, онда оған сүйіспеншілікпен қарап,

жақсы адам деп мақтайды. Бірақ кімде-кім өзін қофам өмірінен бөліп тастаса, басқаларға керісінше жұмыс жасаса, оларға қарсы келіп: „бұларың қате, дұрыс емес!“ – десе онда ол көзге түскен қоқым болып жиіркеніш, ыза тудырады.

Жүсіппен де солай болды. Ол үлкен ағалары жасаған іске араласпады. Қайта олардың қытығына тиіп, бұл тұрғысында өз пікірін айтты. Алайда оның айтқанын тыңдаудың орнына ағалары киліктің деп ыза болып, өшпендейлік білдірді.

Израилдегі парызышылар мен дін қызметкерлерін Мәсіхке қарсы не қоздырды? Оның әулиеге тән кіршіксіз таза өмірі. Олар Оны құртуға тұрарлық бөгде тұлға деп абылдады. Оның кіршіксіз таза өмірі оларды айыптады. Оның рақымшыл махаббаты олардың сараңдық пен өзімшілдіктерін әшкереңдерді. Сол себепті олар Одан құтылғысы келді.

Бүгінгі өмірде де солай. Кімде-кім шын көңілімен Тәнірғе ерсе, Құдай сөзіне сәйкес орынды, дұрыс қадам жасаса оны маңындағы кісілер сүймейді. Бірақ бұл дүние Мәсіх жолын қуушылар дініне жартылай берілгендерді сүйеді. Ондайлар қауыпты емес. Бастысы – „тым шетте болудың керегі жоқ“. Тым „асып“ кетпе. Киелі кітапта көрсетілген өмірге сәйкес өмір сүретіндер нағыз „шіп-шикі надандар“, олардан „түк те шықпайды“.

Құрметті оқушым, ал сен ше? Айналандағылар сен туралы не ойлады? Сенімен бірге болу өте жақсы екенін, басқалар сияқты тым шетке шығып кетпегенінді айта ма? Бірақ, бұл сенің өмір сүргенінің кемшіліктері ғой. Құдайдың мейірімі сенің өмірінді жанап өтеді екен деп есептемей-ақ қой. Себебі Иса: „Егер адамдардың бәрі сендер туралы жақсылық айтатын болса, қасірет деп түсін. Егер сендерді дүниеде жек көрсе, Мені сендерден де бұрын жек көргендерін біліндер. Оқушысы ұстаздан биік емес“, – деген. Ал Жақып бұған қосымша ретінде: „Жарық дуниемен бейбіт қатынаста болу – Құдаймен жауласу деген сөз! Сонымен, жарық дуниемен достасқысы келген адам Құдайдың жау-

ына айналады“, – дейді. Жоқ, жарық дүние біздің басқаша екенімізді білуге тиісті. Сенің ішкі мағнаңнан, өміріңнен соны ол көре алды ма?

О, тек жалған адамгершілікке барып, қоршауындағылардың алдында басынды иіп жүрме. Осылай етіп, Тәңірге рақымын жаудыруға көмектестім деп ойлама. Жо-жоқ, ымырашылдық жолы үнемі дұрыс жол болып табыла бермейді. Тек өз жолыңмен жүр де, Тәңірге деген сеніміңді қате бағытқа түсіп, жоғалтып алма.

Күнәға өте-мөте қатаң қарағандықтан Жұсіп кейде ағаларының дұрыс жасамайтынын әкесіне айтатын. Бұлай ететін себебі, ағаларының өмірі мен жүріс-тұрысы, әкесі Жұсіп пен ол қызмет ететін Тәңірдің ісіне масқаралық пен кесір әкелетін. Ағаларының осы сынды қылықтарын әкесіне хабарлағанда, әрине, жақсы болуларын қалады. Ойында оларды жамандап әшкерелеу, сөйтіп өзін биік етіп көрсеткісі келмеді; әкесінің атын, Тәңірін қарғыс пен масқарадан сақтап қалғысы келді. Әрине, бұл қылығы оған қарсы ағаларының өшпендейтілігін туғызды. Олар оны іштері жібімestей жек көріп кетті. Өз араларынан сыйып тастады. Ешқайсысы оған жылы сөз айттып көрген жоқ. Бейшара Жұсіп!

Өзара өшпендейтіліктің одан сайын өсе түсіне себеп болған, әкенің Жұсіпті басқа балаларынан жақсы көрүі еді. Мұны түсінуге де болады. Жұсіп сүйікті жары Рахильдің баласы, қартайғанда көрген ұлы. Ағаларына қарағанда ол Құдайға қатыстының бәріне сезімталдықпен қарайтын болып өсті. Сондықтан да Жақып оны өзіне өте жақын ұстады. Бірақ оны басқа балаларынан бөліп алуы дұрыс емес еді.

Ата-ана махаббатын балаларының арасында бөліп-жаратын болса, бірін екіншісінен артық сүйсе, – бұл, әрине, жақсылыққа жатпайды. Сүйіспеншіліктен кенде қалғандары қатты өкпелейді фой. „Әрине, ол ойына не келсе соны жасайды! Ал біздің олай етуге хақымыз жоқ!“ – дейді ондайлар реніштерін жасырмай. Ата-ана балаларын бір-бірі-

нен артық санаған жерде бақыт болмақ емес. Негіздің негізінде бұл қайғы мен қасіретке әкеліп соғады.

Ысқақтың Аппасқа, ал Ревекканың Жақыпқа көніл бөлгендері көптеген жамандықтарға әкеліп соқтырған жоқ па! Ақыры мұның бәрі мұң мен ренішке айналды. Эке мен ананың өз сүйіктілері болған жерде ұя жай бұзылып, үйшіндегі махаббат құриды. Сөйтіп, бір жағынан қызғаныш пен өкпе, өшпендейлік пен ыза туып, екінші жағынан өркөкіректік пен өзін жоғары ұстая бой көрсетеді.

Жақып өзінің жас шағынан-ақ ата-ананың мұндай қарым-қатынасқа баруы қандай қайғыға әкеліп соғатының білсе де, әкесі Ысқақ жіберген қатені өзі де жіберді. Ол Жұсіпті ағаларынан дара тұтты. Оған арнайы түрлі-түсті киім де кигізді. Бұл аяққа дейін түсетін ұзын, етегі түрлі-түсті матамен безендірілген киім еді. Оны тек өз нанын еңбекпен таппайтын адам фана киетін. Ал еңбекпен айналысатын адам жұмыс кезінде, кедергі болмас үшін ыңғайлыш, ықшам, қысқа киіммен жүретін. Сонымен, Жақыптың өз баласына тігіп берген түрлү-түсті киімі: саған жұмыс істемеуге болады, сен үшін еңбек қажет те емес дегенді білдіретін.

Егер әкесінің Жұсіпке деген махаббаты басқа бала-ларының ашуын келтірсе, оның түрлі-түсті киімі одан бетер ыза тудырды. Жүректеріндегі қызғаныш асқан өшпен-ділікке апарып соқтырды. Енді олардың ойлайтындары тек жолдарында тұрған Жұсіпті қалай фана құрту еді.

О. Тәңір, бар өміріміз бен бүкіл жүргімізді Өзіне арнау-ра рұқсат ет, өйткені болашақта дауылға тап келсек, оны қарсы алуға дайын тұрайық. Өлімді қақ жарып өту керек болса, онда өлімнен – өмірге, айқыш ағаштан – мұратқа тоқтаусыз, еркін өтетін болайық.

ҰЛ

Жаратылыштың басталуы 37,5 – 11

Жақып Вефилдің маңына шатырын тіккеннен кейін, баласы Жүсіпке бұл араның оның өмірінде үлкен маңыз атқарғанын айтып берді. Туған ағасы Аппастан қалай қашқаны жөнінде әңгімеледі. Жаңғыздан жаңғыз қашқынға айналған ол жұлдызды аспан астында, жастық орнына тас жастанып жата кетті. Дұға оқып, ойға шомған бойы көзі ілініп кетті де тамаша түс көрді. Көбіне түс деген тез ұмытылады. Бірақ мына түс жадында мықтап сақталды. Оның көргені жерден аспанға дейін созылған саты. Тәңірдің періштелері сол арқылы бірсесе жоғары көтеріліп, бірсесе төмен түсіп жатты. Сатының жоғарғы басында бейшара қашқынға баталы сөзін жолдап Тәңір тұр екен.

Бұл әңгіме Жүсіпке қатты әсер етті. Баяғыда әкесі жатып, түс көрген жерге қасиет аралас қорқынышпен қаралды. Әрине, оның көкірегін мазалаған ой: о, егер маған да сондай түс көрінсе фой!

Сөйтіп, келесі күні ашық аспан астына төсек салып жатты ма ол? Меніңше, ол солай істеді. Қайта-қайта дұға оқып, үйқыға кетерінде түсінде әкесіне келгендей Тәңірдің оған да келуін сұрады.

Құдай оның қалауын орындағы. Сол түні Жүсіп ғажайып түс көрді. Ағаларымен бірге ен далада астықты бау-бау етіп, байлап жүр екен. Міне, ол байлаған бау тік тұра қалды да, ағаларының баулары оған қарай бастарын иді.

Түсінде Жақып сияқты баталы, аян сөзді естігені жөн еді. Бірақ Тәңір болашақтың суретін Жүсіпке үнсіз, ешбір сөз айтпастан көрсетті.

Ақыры Жүсіп патшалық дәрежеге ие болып, оның алдында ағалары құлдық етіп, бастарын иген сол уақыт та жетті емес пе?

Ол тағы да бір түс көрген еді. Күн мен Ай, және он бір жұлдыз оған тәжім еткен сияқты болды. Бұл да Құдайдың

болашақ туралы аян беруі: ол Мысырға басшы, бүкіл әлемді Құткарушы болуға тиісті.

„Тұс – сенің арманың“, – дейді адамдар. Көп жағдайда, әрине, бұл рас та. Тұстердің басым көпшілігі күндізгі ойың-ның жалғасы. Алайда кейбір тұстің орны бөлек. Құдай көбінese кісімен тұс арқылы сөйлеседі. Бұл жөнінде Эйүптің кітабында жазылған (Эйүп 33,14-18).

Киелі кітапта да Құдайдың еркімен көрінетін аян-тұс жөнінде көп айтылады. Жұсіптің өмірінде тұстің алатын орны қандай болды? Ол әуелі нан пісіруші мен шарап құюшының, соナン соң перғауынның тұсін жоруына тұра келді. Сол жорыған тұстері мен Құдайдың қорғау қамқоршылығы оны Мысыр тағына жетуінің себебі болды.

Наушаруанның тұсі де зор мағнаны меңзеп жатқан жоқ па? Ол әр – түрлі темір бөлшектерінен құралған жансыз тұлғаны көрді. Құдай оның көз алдына бүкіл дүние жүзі тарихының кестесін паш етті.

Құдай тұс арқылы Шығыс бақсыларына Иродқа қайтып бармандар, өздерің туған жерлеріңе басқа жолмен жетіндер деп бұйырды.

Иродтың құфын-сүргінінен сәби баланы аман сақтап қалу ниетімен Тәңір балташы Жұсіпке тұсінде Мысырға Мариям мен жас нәресте Исаны бірге алып кет деп аян берді.

Понтий Пилаттың әйелі күйеуінің қандай қастандық дайындал жатқанын тұсінде көріп, білді.

Троадада, тұнгі үйқыда жатқан Пауылға македоняндық көрініп: „Тез бізге келіп, көмек көрсет!“ – деп өтінеді.

Сөйтіп, өзіне қажет кезекті тапсырма беріп, өзінің әмірін айтып болашақты болжату үшін, Тәңірдің тұске жиі жүгінетінін көреміз. Сол себепті тұске мән берген жөн. Ол арқылы Құдай жиі-жиі „менің тілегіме көңіл бөлгейсің“ деп ескертіп отырады фой. Мен тұстің көмегімен мінаждат еттім деу қате. Тек Тәңірдің ойын сезіп, болар оқиғадан аян аласың. Өмірдегі барша үмітінді тек қана тұске аударып тастау барып тұрған есуастық болар еді. Тұс ескерту, алдын ала

Құдайдың жебеп-желеуімен ой салу. Тұс тек өзімізге бағышталған Тәнірдің сенімін орындаап, ол белгілеп берген жолмен жүрге тиістіміз.

Әрине, түсте көрінген елеске сақтықпен қараған жөн, аян еместі аян деп қате қабылдамауымыз керек. Құдайға шын берілген адамның дәрежесіне жетсек, бар болмысымызбен сана-сезімізді оған ұсынсақ, сонда ғана онымен тығыз қарым-қатыныста болып, бұл байланысымыз тұс арқылы бой көрсететіні даусыз. Жалған көріністерден айырып, түсімізде де Тәнірмен бір болғанымызға қуанамыз.

Сондықтан да Құдай өз Сөзі, өз Рухы, түн қаранғылығында келетін түсі арқылы сөйлесе алатын адамдардың қатарында болайық. Қандай да болмасын жағдайда Тәнірдің еркіне бағынып, оның әмірін орындаібық, сөйтіп түнде көретін түсімізде де онымен жүріп жатқан қатынасымызды үзбейік.

ӘКЕ ТАПСЫРМАСЫ

Жаратылыстың басталуы 37,12 – 14

Егер Жақып көп жылдар бойы ұлын көрмейтінін білген болса, онда оған бұл тапсырманы бермес еді.

Жақып оны білмеді де, Жүсіпке: „Бар, мен сені соларға жіберіп отырмын!“ – деп тапсырмасын айтты. Жүсіп қолмақол: „Иә, мен дайынмын!“ – деп келісе кетті.

Бұл тапсырма Жүсіп үшін жеңіл емес еді. Ағаларының өзіне қандай өшпенділікпен қарайтынын ол жақсы білетін. Әкесінің шатырынан тыс жерде олармен кезіге қалса, оқиғаның немен тынарын іштей сезінетін. Ызалы, балағатқа толы сөздердің неше түрлісін естуі хақ.

Ауыр сөздерді тындауға шыдамы жетпесе де, жұмған аузын ашпауға тырысады. Әкесі тапсырма беріп: „Бар, мен сені соларға жіберіп отырмын!“ – дегенде ол сол сәт оның айтқанын орындауға дайын екенін білдірді.

Ал сен ше?

О, біз көбіне Құдай әлде қандай тапсырма беретін болса әуелі ой таразысына салып өлшейміз: ауыр ма, әлде жеңіл ме деп? Оның жеңіл немесе ауыр екенінде не тұр? Мәселе ауыр-жеңіл болсын, біз Тәңірдің тапсырмасын орындауға тиістіміз.

Дінді уағыздау сапарында жүрген менен: „Үйден, ұя жайдан осыншама алыста болу сізге ауыр тимей ме?“ – деп жіңі сұрайды. Эрине, әйелім мен балаларымның қасында куана-қуана болар едім. Менің жан ұям Құдайдың батасы тиген бақытты ұя жай. Бірақ Тәңірдің сүйікті құллы үшін мынау ауыр, ал мынау жеңіл дейтін ештеңе жоқ, ол қажет екен – бағынуға тиістіміз. Тәңір дінді уағыздау сапарын менің еншіме бергеніне сенімім мол. Сондықтан да керек уақытында жолға шығып, өзіме қымбатты жандарды қорғауды Жаратқан Иеме тапсырам.

Мен Тәңірге қызмет ету үшін жоғары білім алған жас қызыбен таныспын. Жоғары білімін енді ғана аяқтап, Құдайға қызмет етем деп отырғанында, шешесінің қатты ауырып қалғаны жөнінде хабар алды. Енді үйіне қайтып, анасының қасында болуға тұра келді. Сырқаттың жанында отырып жазған бір хатында: „О, маған тым ауыр тиіп жұр!“ – деді.

Көрі анасын қарау туған қызы үшін ауыр міндет пе? Ауру шешесін бағып- қафуға зор қуанышпен кірісіп, оның махаббатына естіп жауап бере алғанына шын жүректен Құдайға рақметін айтуы керек еді ғой.

Егер қызына туған анасын мәпелеу ауырға соққан болса, онда ол дін білімін әлі толық аяқтамаған екен деп ойладым. Себебі Тәңірдің сөзіне құлақ асып, өзін бағыштаған жерге үнсіз баруға ол әлі үйренген жоқ. Оның біліміндегі жетіспейтін кемшілік осы еді. Оның осы жетіспеушілігін Тәңір толықтырығысы келді.

Мүмкін сен де өзіңе ауыр ма әлде жеңіл ме деген сұрап қоятын шығарсың. Тәңір берген тапсырманың салмағы қандай екен деп өлшейсің бе?

Иса жөнінде ойға салшы! Өз әкесінен ол қандай тапсырма алды?

„Әке, бұл мен үшін тым ауыр!“ – деді ме Иса. Жо-жоқ!

Әкесі берген тапсырманың қандай екенін ол білді. Сапарының соңында оны айқыш ағаш күтіп тұрғанын да сезді. Соған қарамастан қобалжыған жоқ. Қолма-қол дайын болды. Жыр шумақтарындағы сөздер оған сай келеді: „Жаратқан ием, сенің еркінді орындағым келеді“, – делінген. Өзі туралы айтатыны: „Менің көрегім – Жіберушінің ісін орындау“.

Ал біз ше? Тәңірдің әмірін орындауға шешім қабылдағанға дейін ұзак ойланамыз фой. Сонымыз үшін ұялмаймыз ба? Жарайды деп келісімге келгенше жүргегіміздегі ішкі қарсылықты жоюға тиістіміз. Мүмкін – мен мұны сенен ақырынған сыйырлап сұраймын, – мүмкін, өте ауыр болып көрінгендіктен тапсырмалардың кей бірі орындалмай қалған шығар?

Шіркеу қызметіндегі диаконисса әйелдер тұратын үйден бірде мен жазылған үш қана сөздерді көрдім. Олар маған қатты ұнады. Ол сөздер енді менің үйімнің қабырғасына көшірілген. Мүмкін сен де үйіңден бұл сөздер үшін орын табарсың? Олар: „Бөле жарма! Шын ризашылықпен! Дереу!“ Әкеміздің тапсырмалары осылай орындалуға тиіsti. Бөлек-бөлегімен емес, толығымен! Және шын ризашылығыңмен орындауың керек. Құдайдың тапсырма бергенінің өзі біз үшін абырой емес пе? Оның айтқанын шын ризашылықпен атқарайық. Ол бізден ешқандай болмас істі қажет етпейді. Біздің әліміз келетіннен артық жүк артпайды. Тілейтіні – тапсырманың дереу орындалуы. Өзімізге ыңғайлы кезде, қол тигенде емес, дереу, сол сәтте.

Егер өз әкеңе қуаныш әкелгің келсе, онда осы үш сөз, сен берік тұтқан негізге айналсын. Өмірің баталы, дұғалы болсын десен, әр кезде осы үш сөзге орай қимыл-әрекет қыл. Бөле жармай! Шын ризашылықпен! Дереу! Онда сөзсіз өкінбейсің.

Баталы өмірдің сыры біздің толық бағынып, қаясыз берілгенімізде жатыр.

О, Тәнірдің балаларының бәрі туған әкесіне қуаныш әкелуге дайын екенін қолма-қол білдіре алса, шіркін! Сен солай еткің келе ме? Иә? Онда: Бөле жармай! Шын ризашылықпен! Дереу! деген сөздерді өміріңе ұран етіп, жазып қой.

„МЕН БАУЫРЛАРЫМДЫ ІЗДЕП ЖҮРМІН“

Жаратылыстың басталуы 37, 15 – 17

Жүсіп Сихемге келгенде бауырлары онда жоқ еді. Сол сэтте не жөнінде ойлады ол? Расына келсек: „Мен өзіме жүктелген тапсырманы орындаым. Экем Сихемге жіберген. Айтқанын істедім. Енді еш қобалжусыз кері қайтуыма болада“, – деп ойлауы мүмкін.

Тәнірдің балаларының көбісі осылай деген де болар? Ұнамайтын тапсырмаға кез болғанда сен де сейткен шығарсың?

Міне, саған біреуге бару тапсырылды. Айталақ сәлем жеткізуің керек. Тапсырма берген адамның сенен өте-мөтे қажет еткені: барған үйінің кісісімен ішкі дүниесінің тазалығы жөнінде сөйлесу. Оның сәлемі жаңағы пақырмен жақындасуыңа себеп болмақ. Алайда өзіңе аян жағдайларға байланысты бүл тапсырма саған жағып тұрған жоқ. Ақыры, бардың делік. Бірақ керек адамың үйде болмай шықты. Жүргегің орнына түсіп, сен кері қайттың. Әлгі үйге қайтадан тағы баруың керек пе? Жоқ, оған сенің көңілің қарсы. Үй иесінің болмағанына қуанасың.

Сенің өмірінде осындай сәт болған шығар? Ал мен оған кезігіп те үлгердім.

Жүсіп солай істеді ме? Жоқ! Сихемге барасың деп әкесі айтты екен, олай болса ол сонда барып, туған ағаларымен кезігуі керек екенін білді. Сондықтан да Сихемге барғаны-

мен тапсырма орындалған жоқ. Ол одан әрі жөнеліп, ағаларын іздең табуға тиісті.

Бауырлары оны достық көрсетіп, жақсы қабыл алмайтыны белгілі. Соған қарамастан арттарынан Дофанды „Мен бауырларымды іздең жүрмін!“

Осылай Исаны да Әкесі бауырларын іздең табуға жіберді. Ол да аналардың ойдағыдай қарсы алмайтынын білген. Иса сонда да бәрі бір күнә жолында жүрген бауырларын іздең шықты. Адасқан қойды Мейірімді бақташы қаншама уақыт іздеуге тиісті? Издеп тапқанға дейін.

Бауырларын іздең табу үшін Құтқарушы өзіне-өзі аз еңбек жүктеген жоқ. Оларды асқан ұқыптылықпен іздең бақты. Міне, ол Елеон тауының төбесіне шығып, күн нұрына шомған сәулетті Иерусалимге қарап отыр. „Иерусалим, Иерусалим, мен сенің балаларыңды талай рет, бала-пандарын қанаттының астына жинаған құс сияқты жинасам ба деп едім, бірақ келіспедің фой!“ – деді көзінен жасы сорғалап.

Ол барша өмірін тек бауырларын іздеуге жұмсады. Сол себептен бүкіл елді ерсілі-қарсылы шарлап шықты. Сол себептен де оларды табу үшін Иерихонға, одан Капернауымға, сонан соң Сихорға барды. Ici өзгерусіз сол бойы қалды. Айқыш ағашқа шегеленгенде де бауырларын іздеді. „Тәнірім, кешіре гөр, олардың өздері не істеп, не қойғанын білмейді“, – деді ол бауырларын ойлап жатып. Қасындағы екінші айқыш ағашқа керілген қарақшыға: „Бұғін-ақ менімен бірге пейіште боласың!“ – дегенінде де бауырларын іздеумен болды.

Өзінің шәкірттерін де діндар бауырларын іздең тауып әкелуге жіберді. „Әкем мені тапсырмамен қалай аттандырған болса, мен де сендерді солай аттандырып отырмын. Сөйтіп Иерусалимде, бүкіл Иудеяда, Самария мен жер шетінде де менің куәгерлерім боласындар“.

Бізге де ағаларымыз берін інілерімізді іздеу жүктелген. Бұл тапсырманың саған да қатысты екенін білесің бе? Иса-

ның шәкірттерінің біріне жатасың ба? Жататын болсан, тапсырма саған да бағышталған. Онда сен тек өзің үшін, жеке басыңың рақаты үшін өмір сүрмеуің керек. Онда сен сенімінді төрт қабырғаның ішіне қамап қоя алмайсың, міндетің – діндар аға-інілерінді іздеу. Құдайдан осы сынды тапсырма алған бір адам жөнінде естігенім бар. Оған өзіндегі дінге берілген аға-інілерін іздел-табу жүктелді. Солдат қатарында әскери қызмет атқарып жүрген ол бір қалаға келісімен, әлгі туысқандарын іздел шығады. Оларды Тәңір сөзін уағыздайтын үйірмеде кезіктіріп, әр жеті сайын өтетін діншілдер жиынына қатысады болды.

Артынан жау қолына түскенде де: аға-інінді іздел тап, – деген сөз оның ішкі дүниесін мазалады. Рухани гимді ысқырып, лагерді аралап келе жатқан ол діндар бауырларына кезіккенде қалай қуанды десенізші. Тұтқындағы айлары бос өткен жок, олар Тәңір сөзінен нәр алып, қуаттанды. Елші Пауылдың жазғанын оқығанымызда да оның миссионерлік сапар шегіп жүріп, діндар бауырларына тап болғанда шексіз толқып, тебіренгенін көреміз.

Сен тапсырманы орындауға кірістің бе? Неліктен кіріспедің? Қорықтың ба? Мені мазақтап, күлкі етеді фой деп ойлаған шығарсың. Эрине солай! Бірақ Жұсіпті құлдыққа сатты емес пе? ! Исаны айқыш ағашқа шегеледі. Ал олар болса бауырларын іздел, таппақ болды фой.

Өзімшілдіктен айыққандардың бәріне бауырларын іздел-табу жүктелген. Үй ішінде, ұя жай мүшелерінің арасында әлі де рухани тазаланудан өтпеген адам бар ма? Көршің, немесе қызыметтесіңдің бірі әлі де адасып жүрген болар? Сен оларды іздел-табуға тиістісің.

Бірақ олар мені күлкіге айналдырады фой!

Солай-ақ делік. Онда тұрған не бар? О, егер сен өз өмірінде адасуға душар болған бір пақырды кезіктірсең, онда оның нағыз фанибеттік дер едім. Дүниедегі ең қажет, ең асыл нәрсे – адам жанын табу. Бір фана жанның өзі Тәңір алдында бар әлемнен де қымбат. „Барша әлемге ие болып,

жанына закым түсіргеннен адамға келер пайда қандай?!" – деген сөздер осы ойды айқындалап-ақ жатыр.

Мейлі жиырма адам мазақ етсін сені, жүзі қиалышыл, есуас деп атасын, тек бір ғана пақырдың жанын аман сақтап қалсаң етті. Бұдан артық сый-құрметтің керегі не?

О, Тәңір балаларының бәрі өз тілектерін түсініп, нендей жауапкершілікке баратындарына ой салса. Бірақ „Мен өз бауырларымды іздел жүрмін!“ – дегенді түсінсе Құдай балаларының алдына қойған мақсатының дұрыс түсіне білгені. Осы мақсатты олар жете білгенде Тәңір іci сөзсіз алға жылжыр еді. Алайда естен шығарғанымыз да көп. Алға жылжығанда тек өз жанымызды құйттеп, тек өз рақатымызды көксейміз бе? Тәңір одан сақтасын бізді. Жоқ, біз оның қолына өз өмірімізді табыс етеміз де, сақтадай сай дайындықпен: „Мен бауырларымды іздел жүрмін!“ дегенді айтамыз. Сонда ғана адаспай, өкінішке бой ұсынып, сәтсіздік пен құлкі – мазақтан қорықпайтын боламыз. Сөйтіп, „Мен бауырларымды іздел жүрмін!“ дегеніміз біздің ұранымызға айналсын.

ҚАУЫПТЫ ЕГІС

Жаратылыстың басталуы 37, 18 – 20

Көне заманда ағайынды екеу ен далада бір-біріне кез болады. Айналада тірі жан жоқ. Дала көк аспанның астында көсіліп жатыр. Кенет төбе шашынды тік тұрғызатын оқиға болды. Оны көрген күн көзі де бұлтқа көлегейленіп, жасырынуға дайын еді. Қабыл ағасы Әбілге тап беріп, оны шімірікпестен өлтіріп жіберді. Бұл туысқандар арасындағы болған бірінші кісі өлімі болды.

Осына қаралы істің болуы неден? Құдай Әбілдің құрбандығын қабыл алыш, Қабылдың құрбандығын алмады. Қабыл соған қатты ызаланды.

Әлемдегі тұңғыш кісі өлімі дінге сенім білдіруден жаса-

лынды. Әбілдің бұдан бұрын Қабылға қайфы-қасірет әкел-мегені анық. Ағасының достық ниеті, оның момын жүзі Қабылдың мазасын кетіріп, ызасын тудырды. Осы үнемі көзіне түрпі болып басылатын.

Кезінде ескертпе де алды. „Кіре беріс табалдырығында күнә бар, ол сені өзіне тартып тұр“ – деп айтқан еді оған Құдай.

Бірақ Қабыл ескертпеге құлақ аспады. Қызғаныш пен жауыздықтың шеңгелін жүргегінен жұлып тастай алмады. Шеңгел өсе-өсе келіп, нағыз өшпендейлікке айналды. Соナン соң далада еш сөзсіз, үн-тұнсіз өшпендейліктен кісі өлімі болды.

О, егер Қабыл Құдайға келіп: „Жаратқан ием, күншілдік менің жүргегімді титықтап бітті. Мені өз-өзімнен сақтай гөр!“ – десе. Құдай оған көмектесер еді, бірақ Қабыл кел-меди. Қызғаныш жүргегінің түпкірінде қалды да, Қабыл сөйтіп кісі өлтіргіш қанышерге айналды.

Жұсіп Доғанға келгенде Қабыл Әбілді өлтіргендегідей күн ашық, шуақты еді. Жасыл алқапты қоршап жатқан жартастар беткейінде күн көзінің нұры шағылыштын. Жұсіптің ағалары өзара әңгімелесіп отырды. Кенет олар жақындаған келе жатқан жасөспірім жігітті көрді. Жігіттің аяғын жеңіл басқаны, оның үстіндегі ак матадан тігілген, етегі түрлі-түсті болып бітетін ұзын киімі оларға таныс еді. Бұл Жұсіп болатын.

Қолма-қол жүректеріндегі өшпендейлік қозып шыға келді. Өте сәтті жағдай. Маңдарында ешкім жоқ. „Ә“ дегенше ыңғайсыз айыптаушыны жоқ қылыш, көздеріне қадалған шөгірді жұлып тастауға орайы келді. Оны өлтіргісі келді. Көп ұзамай қалай құтылудың да шешімін тапты. Жұсіпті терең орға тастап, аштан өлтіргенді жөн көрді. Олар бұл арадан кеткеннен кейін оның айғай салғанын, көмекке шақырып жалынғанын ешкім де естімейтін болады. Ол жападан-жалғыз әлі құрып тынышталады.

Керемет құрылған жоспар! Осыншама өшпендейлік олар-

дың жүргегінде бірден туа қалған жоқ. Ол кеуделерін жарып шыққанға дейін біршама уақыт өтті. Бірақ інісіне деген жек көрушілік баяғыда-ақ көкіректерін тұрткілей бастаған. Сонда да бұл улы өсімдікті жүректеріне бойлатпай дер кезінде үзіп тастауға болушы еді. Олай жасалынбады. Өсімдік қатайып, бой көтерді. Олар оған деген өшпендиілікті қайрай түсті.

О, Иуда егер әкесіне келіп, ашықтан-ашық: „Әке, Жүсіпті жақтағаныңды көтере алмаймын! Әке, сенің оған түрлі-түсті киім тігіп бергенінді де жақтырмаймын. Сол киімді үстінен көргенімде жұлып тастауға дайынмын!“ – деп расын айтса фой. Ағынан жарылып, Иуда жүргегіндегі запыраннан жеңілдесе фой. Бірақ ондай бірде-бір сөз айтылған жоқ. Өкпе, жақтырмаушылық аңы ыза мен өшпендиілікке алмасты да, туысқанын өлімге киюға дейін апарды.

Тағы да сондағыдай талтұс еді. Тағы да күн көзі тау мен қыраттарға шуағын төгіп түрді. Тағы да ағалары інісін құрбан етуге дайын. Олар оны айқыш ағашқа шегелеп тастады. Мазақ етіп, балағат сөздер айтып қарап түрді. Уақыт жылжымай бір сәт тоқтап қалғандай. Бұл қандай сүмдүк сағат еді! Тапа талтұсте күн тұтылды. Мына масқараға ол қарай алмады. Қала мен жер үстін қараңғылық басты. Айқыш ағашты қорсетпей қойған қараңғылық ішінен: „Жаратқан ием! Жаратқан ием! Сен мені неге қалдырың?“ – деген айғай естілді. Осылай керендік пен соқырлыққа көкіректерін ашқан ағайындары бауырын құрбандыққа шалды.

Жүсіпті өлтіру жоспары „ә“ дегеннен пайда болған жоқ. Оның да өз тарихы бар. Әуел баста ағалары інісінің өздеріне „ұқсас емес“ екенін, оның өмір сүрісі басқалардың өмір суруін айыптайтынын айтып дауласты. Ал Оның махаббаты олардың жүргегіне жол ізделе бақты, ішкі таза болмысымен ұмсынды. Улы ағаш тамырын тереңге жайып өсе берді. Израиль осылай өзінің Құтқарушысын заңды өлімге қиды. Адамзат өзінің Құтқарушысы мен Қорғаушысын айқыш ағашқа шегеледі.

Қымбатты оқушым, осынау тарих сені ештеңеге үйрет-

пей ме? Міне, кішкене ғана дән аспанда ауамен қалықтап жүр. Жер үстінен өзіне қажет топырақты тапқанда тоқтап, тамырын жаяды. Ол өсе-өсе ағашқа айналады. Күнәдан сақ бол! Қандай да күнә болмасын жүргегіңе қабыл алма. Күнәнің кішкене ғана дәнін оған түсірдің екен, ол қолмақол тамырын жаяды да, ақыры ол сені құртып тынады. Өйткені дән өседі, күнә дамып қанатын кең жаяды.

Откен жолыңа қара! Сенің жүргегіңен не орын алған? Жай ғана бейімділік пе, әлде барып тұрган нағыз тән құмарлығы ма? О, олай болса Мәсіхтің Қанымен жуын. Бойындағы кеселден тазалан! Оны істеу оңай. Ол өз қолында.

Өз баспанаң астында мінажат етіп, ащы тамырымен жүргегінді тескен күнәнді жеңе алмасан, онда сеніміңе ие болған діндар ағаның біріне барып, бәрін жасырмай айт та тәубеге кел. Күнәңнан арылтатын күш – сенің тәубеге келуінде. Егер адам шын ниетімен тәубеге келсе, онда күнәнің ұлы тілін құртады. Құдай мен адам алдында көкірегінді айқара аш, жүргегіндегі күнәға жол берме! Сонда сенің күнәң өзінді бақытсыздыққа әкеліп өлтірмесін.

Күнәмен ойнаушы болма. Жағдайым онша жаман емес дей көрме. Мүмкін жаман емес шығар, бірақ көп ұзамай құрт өзгеруі сөзсіз. Оның құрт төмендегені – күнә қатайып, өсе бастағадығында. Оған себепші тағы да өзің.

Доғандарғы бір сағат бүкіл өміріңе пәле болып жабысуы ықтимал. Ондаған жылдар бойы ауыр азаптың астында болуың мүмкін. Сондықтан да күнәңа ерік берме, билік тізгінің мықтап өз қолыңа ал.

ТҮНЖЫРАУ САФАТЫ

Жаратылыстың басталуы 37, 21 – 25

Ағалары Жүсіптің көзін құртпақ болғанда Рувим олардың шешімімен келіспей қойды. Оның аяқ астынан Жүсіпті жақтай қалғаны несі?

Бұдан аз фана бұрын ол әкесі алдында күнәға батқан еді. Әкесінің қарамағындағы тұтқын әйелдердің бірі Валламен көңілдес болып жүргенде көзге түсіп қалды. Әке мен бала арасындағы бітпес жарықшақ содан пайда болып еді. Рувимнің жасаған қылышын Жақып енді қайтып есінен шығара алмады. Өзінің өлер алдында Рувимге арнаған қоштасу сөзінде ол осы ауыр күнәні еске алды. Сонымен, әке мен бала арасында өмірі жөнделмейтін келіспеушілік орнап қалды.

Рувим мұны асқан сезгіштікпен қабылдады. Сана-сезімін билеп, бүкіл ішкі дүниесінің астан-kestенін шығарған құштарлықтың әкеге қайғы мен сор болғанын білді. Сол себептен әкесіне бәрінен де қатты тиетін соққыға жол бермеуге тырысты. Бірақ ағаларының бұл шешіміне қарсы келуге, оларға турадан-тура: „Алдын-ала дайындал қойған жоспарларыңа кіріспендер! Әкемізге қасірет бұлтын төндірмелік!“ – деп айтуға батылды жетпеді. Олар, әрине, келеке қылыш, оған: „Осыны айтып отырған сенсің бе? Қара, бізді үйреткің келеді, ә? Қой! Әкемізге сор болып тигенің аз ба?!“ – дер еді.

Күнәсі оның аузын құлыш болып бекітті. Күнә батылдықтан айырды. Сондықтан да мақсатына айламен жетіп, Жұсіпті өлімнен аман сақтап қалуға тырысты. Жұсіпті өлтірмендер, одан да оны шөл даладағы орға тастап кетіндер деп ұсыныс жасады. Өзімен-өзі оңаша қалғанда ойлағаны: олар кеткеннен кейін қайтып келіп, Жұсіпті жасырын ордан алыш шығу. Мүмкін сонда фана әкесі бұрынғы кінәсін кешер, өйткені сүйікті баласын қатерден сақтап, аман-есен жеткізіп бердіғой.

Ағалары оның ұсынасын қабыл алды. Рувим тез-тез басып, кетіп қалды. Ағаларының Жұсіпті қоршауға алғанын көргісі келмеді.

Бұл көрініс жазбада тез баяндалады. Бірақ оқиғаның қалай дамығаны бізге түсінікті. Көп жыл өткеннен кейін Иуданың аузынан одан әрі не болғанын естіміз. Алғашында Жұсіпті қоршап алған олар, сен бізге тыңдау үшін

келдің деп кінә тақты. Әкеміз мені әдейі азық-түлік апарып, олардың хал-жайын біл деп жіберді дегеніне де құлақ аспады. „Сен біздердің не істеп жатқанымызды тіміскілеп білу үшін, үстімізден әкемізге жамандап арыз айту үшін келдің!“ – деп мазақтады. Жұсіп ақталған сайын ағалары ызага булыға түсті. Жандары жек көретін үстіндегі түрлі-түсті киімін күшпен шешіп алды. Көз жасы сорғалаған Жұсіп олардан кешірім сұрап жалбарынды. Кешіру қайда. Ағаларының жүргегін жібітуден жердегі қара тасты жібіту оңай еді. Оның жылағанына, кәрі әкені еске алып, аяушылық етулерін сұрағанына олар ешбір назар да аударған жоқ. Шап беріп ұстай алды. Міне, ерлік деп осыны айт! Сом тұлғалы тоғыз ерекк қарусыз жасөспірім жігітті көтеріп алып, терең орға тастап жіберді.

Жасарларын жасаған соң ордың жағасына отыра қалысып, Жұсіптің алып келген тамағын жеуге кірісті. Ордан естілген ауырсынған ыңқылға, жалынышқа толы қорқынышты айфайға қарамстан, олар рақаттанып тамақтана берді.

Күнә жайланаған, қараңғы қапастың құшағында қалған жүрек қаталдық пен топастыққа оңай иіледі.

Тұған інінің жалынышты бақырғанын естігенде қатал қалып сақтап, міз бақпауға бола ма?

Голгофтағы айқыш ағаштың түбінде шімірікпестен бейжай күй кеше аласың ба? Исаңың жауларының сондағы мысқылға толы күлкілері мен қайта-қайта айфайлаған балағат сөздері неге ғана өшіп қалмады? Бұған неліктен жол берілді?

Бұгінде Иса Мәсіх шегеленген айқыш ағаштың жанынан көпшіліктің жәй ғана ешбір тебіреніссіз өтетінін қалай түсінуге болады? Қалай ғана айқыш ағашқа керілгенге сырт қарауға дәтің барады?

Бірақ біз сөйтеміз. Басқаны айтпағанда, менің өзім солай жасадым. Бұгін неліктен ғұлай істегінімді білмеймін, бірақ болар іс болды. Менің жүргегім біз үшін қанға боялып, айқыш ағашқа шегеленген Оған мұздай салқын қандылық

көрсетті. Сенің өмірінде де осындай сәт болған жоқ па? Керілген тұлғаға немқұрайды түрмен қарадың ба? Қай кезде Оны қөргің, Оны естігің, Оған аяушылық қөрсеткің келмеді?

Алайда, міне, Иса сенімен мен сияқты адамдарға бәрі бір елжіреп, мейірімін төгіп тұр. Бұл тағзым етуге тұрарлық, махаббаттан тұратын ғажайып кішіпейілділік емес пе? Егер Ол елжіреп бізге мейірімін қөрсетсе, онда біз де бұрынғы өзіміз сияқты өмір кешкендерге сүйіспеншілікпен қарауға тиістіміз. Олар Исаны әлі жөнді білмейді. Оның шексіз-шетсіз махаббатын түсіне бермейді. Бейшара адамдар, оларға не істеп не қойғандары да түсініксіз.

Есте қаларлық қөрініс! Ағалары дәл жанында тамақ жеп отыр. Ордан қатты ыңқыл естілгенде олар оны қарқ-қарқ күліп қарсы алуда. Соңынан осы сафатты ағалары оның болмағаны жақсы еді дегендей ауыр курсініп естеріне алады. Доғандары осы шуақты талтұс олардың бүкіл өміріне өзінің қаранғы қөленкесін түсірді. Бұл аталмыш сағат бүкіл болашақтарына әсерін тигізді.

Осы сынды қарандылық сафатына кешірім беретін Құдайға рақметімізді жаудырайық. Өйткені, ол бұл ауыртпалықтан да бізді босата алады. Жүсіп болса ағаларының сол қасіретті сафатта жасағандарын кешірді. Иса сонда Жүсіптің алдында масқара болғаны ма? Ешқашанда! Оның аты даңққа ие бола берсін!

Оған өшпейтін мейірімділігі үшін рақметімізді айтайық.

САТЫЛДЫ

Жаратылыстың басталуы 37, 25 – 30

Жүсіптің ағалары түскі тамақтарын ішіп отырғанда Шығыстан шыққан керуен Доғандар келіп тоқтады. Керуеннің жүріп өткен жолы Палестинаның басты магистральдарының бірі болатын. Ол Галаад пен Иорданның арғы

бетіндегі басқа аймақтарды теңіз жағалауымен байланыстыратын. Одан әрі бұл жол Филистим жерін басып өтіп, Ніл өзенінің атырауына жететін.

Керуен жақындағанда Жұсіптің ағаларына кенеттен бір ой келді. Мұндаидар керуенниң Мысырда өлгендерді бальзамдауға қолданылатын Шығыстың сирек дәрі-дәрмектерін ғана әкелмейтінін білетін. Сауда базарларында әсіресе жоғары бағаланатын құлдарды да сатуға әкелетін.

Керуенде туындаған ойды бірінші болып Иуда айтты. „Інімізді өлтіріп, қанға қолымызды малғаннан не пайда? Одан да Израилдіктерге алып барып құлдыққа саталық, мойнымызда оның құны болмасын!“ – деді ол.

Бұл ұсыныс жаппай келісім тапты. Жұсіпті шығарып алу үшін олар орға беттеді. Жұсіп қуанып кетті. Жалма-жан рақметін де айтты. Ағалары оны әдейі қорқытқан екен, енді босатып үйге қоя береді деп ойлады.

Бейшара Жұсіп! Керуен болса жақындал қалды. Ағаларының қандай қадам жасағалы тұрғанын сезгендеңі Жұсіптің зәресінің кеткенін көрсөндер. Ол тағы да көз жасын бұршақтатып жалыныш айтты, қателік істемеулерін өтінді, алайда аналар оған құлақ аспады. Есептеулі минут ішінде екі жақ келісімге де келді. Қылмыстары үшін ағалары тиісті ақшаларын алды да, құлдықтың ұзын шынжырына байланған Жұсіп әрі, алысқа сапар шекті.

Сатылып кетті!

Алғашында ол ес-түсінен айрылған менреу хал кешті. Ойға сиарлық оқиға ма? Бүгін ғана таңертең ол басы еркін адамның бақытты ұлы еді, ал қазір құл болып шыға келді. Зұлымдыққа толы жаман тұс көріп жатқан жоқ па? Бұл расында да нағыз өмірдің өзі ме?

Алға, тек алға қарай аяғынды бас! Алыста, көкжиекпен бірігіп жіңішке сыйыққа айналып қалып бара жатқан Ливан жаққа бұрылса болды, оны алға қарай қатты жұдырық итеріп жібереді.

Осылай ата-мекен, туған үй, бақыт шуағына оранған

жастық шафы артта қалды. Ағалары оны құлдыққа сатып жіберді.

Қандай жағдайда қалғанын білгенде ол не істеді? Жана-ры енді Ливанның шұрайлы аймағын көре алмаса, ол оны көмек келетін жаққа, тауларға аударды. Дұға айтып, Құдай-ына жалбарынды.

Жас кезінен бастап Тәңірмен етene жақын байланыста болу қандай жақсы еді! Құдайы мен Тәңірі дәл қазір сүйе-ніш таппағанда не болар еді?

Қайырлы шуақ күндері Тәңірсіз өмір сұруге болады, Оның керегі жоқ деп ойлайсың. Жаманшылық пен қын-шылыққа тап болсаң Құдайға сүйенгенің жақсы екенін, Оны іздемей-ақ бірден әңгімелесіп қуат алатыныңды білесің.

Тәңірдің балалары мұны жақсы түсінеді. Егер осы дүниен-нің адамдары қауқарынан айрылып, қасірет пен қайғыда батылдығын жоғалтса, мұнысынан қалай құтылуды білмей қобалжыса, Тәңір балалары олардың көңілдерін демеп, көмекке келетін Құдайдың бар екенін біледі. Сонда фана әлгі адамдар Құдайдың құдайшылығын сезеді.

Қорғаушысын таппай ауыртпалығы мол өмір жолына түскен бақытсыз пақырлар қазір менің жанымды ауыртады. О, олардың жағдайы шынында да қорқынышты-ақ!

Ал Онымен байланысын үзбекен адам қараңғы апанның ішімен келе жатқанда да: „Өлім көленкелері толы терең аңғармен жүретін болсам да жауыздықтан қорықпаймын, себебі Сен менімен біргесің: қобалжуымды басатын, жаны-ма тыныштық беретін Сенің күшің, Сенің аса таяғың!“ – дейді.

Сөйтіп Жұсіп алға басты. Аяғы ауырып, тізесі қалтыра-ды. Бірақ жүрегі Тәңіріне деген рақатқа толы. Бақытты Жұсіп!

Біраздан кейін Рувим орға қайтып келді. Болған сауда туралы ол ештеңе білмеді. Орға келсе, онда ешкім жоқ екен. Үстіндегі киімін паршалап айырып: „Бала жоқ, қайда кетті?“ – деді. Рувим бас бастандығы бар адам. Үйленген,

бала сүйген. Денсаулығы да жақсы. Бірақ Құдайдан оған сүйеніш жоқ еді.

Жұсіп болса құл. Тізесі оның дірілдеді. Аяғы ашып ауырды. Ағалары оны құлдыққа сатып жіберді. Бірақ қолдаушысы, сүйеусіші тірі Құдай. Қазір де ол жаңғыз емес. Қараусыз қалмаған. Расында да бақытты еді Жұсіп.

АУЫР КҮНДЕР

Жаратылыстың басталуы 37, 31 – 35

Жұсіптің ұзақ уақыт келмегені әкесінің мазасын алды. Оның жорамалдауы бойынша, ол үйге баяғыда-ақ оралуға тиісті еді. Бірденеге кезігіп қалған жоқ па? Жұсіпті күтекүте қатты толқып, не істерін білмеді.

Кенет алыстан бір адам көрінді. Бұл соның өзі, бұл Жұсіп! Әкесінің ойлағаны осы. Жо-жок, белгісіз адам жақын келді де, үй шаруасындағы қызметшілердің бірі болып шықты. Сонымен Жұсіп жөнінде бірінші хабарды әкелген кім? Жақып болса кездескеннің бәрінен айғай салып: „Жұсіп қайда? Ол жөнінде не білесін?“ – деп сұрап отырды.

Үй шаруасындағы қызметшісі жақындаپ қалды. Сұрағына жауап жоқ. Жақыптың дәл қасына келді де, қан-қан болған киімді ұсынды. „Ұлдарың саған мені жіберді, мына киімді олар тауып алыпты, мүмкін бұл Жұсіптікі шығар?“ – деді.

Жақып киімге қарасымен-ақ түсінді: иә, сонікі! Ашына, өкісінің баса алмай: „Жыртқыш аң жеп қойған екен оны! Иә, иә, жыртқышқа жем болды Жұсіп!“ – деп зарлады қарт.

Бір сәт көз алдына Жұсіптің қоштасқаны, оның оған қолын бұлғап кетіп бара жатқаны елестеді.

Ол жастық шағындағы өзіне қатысты бір көріністі ойына түсірді ме? Бірде ағасының киімін киіп, әкесін қалай алдағаны оның есіне түсті ме? Иә, сонда ол Аппастың киімін жамылып, қарт әкесін қатты алдады. Бүгін Жақыпты

ұлдары Жұсіптің киімі арқылы алдаған болады. Иә, бәрі әулие Құдайдың қолында. Өзінің ертеде әкесін Аппастың киімімен алдағанын, ал қазір ұлдарынан дәл солай алданғанын Жақып сол сәт ойлады ма, мен оны білмеймін. Бірақ Құдайдың ол жағдайды ұмытпағанына сенімім мол.

Ана бір, немесе мына бір оқиғаның біздің өмірімізде неліктен болатынын көбінесі түсінбейміз. Мүмкін бұл мінажат етпестен бұрын өзіміз жіберген күненің ауыртпалығы шығар. „Күнә шақпақ тас, қайтып келіп лақтырган адамына тиеді“, – деген екен біреу. Иә, өмірде бәрі сол адамның айтқанындай болады.

Жақыптың әкесін алдағанына көп жыл өтті емес пе?! Бұл жөнінде ол ойлаған да жоқ. Ал қазір ойлады.

Құдай – әулие Құдай! Ол Жақыпты тапты. Ол Жақыптың ұлдарын да табады. Көп жыл өтсе де табады!

Әңгімемізді жалғап, Жақыптың балаларына келетін болсақ, олар жасаған күәларын түсінбеген сияқты. Басында ұзақ уақыт үйге келмей жоғалып кетті. Әкесімен кездесіп, оның Жұсіпті жоқтап жылағанын естүге арлары бармады. Бірақ қайткен күнде де үйге оралулары қажет болды. Сонда да ұзағырақ тыста болғылары келді.

Бірінші кездесу!

Әкесінің жүзін көргенде олар қатты күйзелді емес пе? Аяғына жығылып: „Әке, осыншама қайғы-қасірет әкелгеніміз үшін кешір! Жұсіп өлген жоқ. Біз оны құлдыққа сатып жібердік. Оны тауып алып, саған алып келу үшін бүкіл Мысырды тінтіп шығамыз!“ – деді ме?

Жоқ, олар оны айтпады. Қайта „жұбатқансыды“. Неткен екі жүзділік! Өтірік пен алдау. Бірақ жұбатқандары жұбаныш болып тимеді.

Ал Жұсіп болса бұл кезде құл сататын базардан бірақ шыққан еді. Оны мал сияқты бағанға әкеліп байлап қойды. Саудагерлердің бірі келіп, бірі кетіп жатты. Мал сияқты сатылу мәңгілік рухы бар адам үшін нағыз барып тұрған табалау емес пе. Алайда Жұсіпке соншама аяушылықпен

қарау жөнсіз еді. Жүсіп Құдайға ұмсынды, Құдай онымен бірге болды.

Керісінше, өкініш тудыратындардың қатарына Жүсіптің ағалары жататын. Өмір бойы осындай ауыр күнә жүгімен өмір сұру қандай қорқынышты! Сұмдық қой! Үнемі үйге келген сайын қайғырған, еңсесі түсіп таяғына сүйенген әкесін көргенде, олар: бұл біздің күнәмізден болды“, – дейтін.

„Жер астындағы түнекке кеткен ұлымға опына мен де жетемін“, – деп айтқанын естігенде әлде неден жүректері сыйздайтын.

Иуда, сен айт! Иуда, өз күнәнді ақтарып тәубеге кел! Зіл батпанның астында өмір кешкеннен, кінәнді мойындағаның жеңіл. Жо-жоқ, оның аузынан бірде бір сөз шықпады.

Осылай айлар, ондаған жылдар өтті. Кінәларының ауыр жүгінің астында олар жиырма екі жыл бойы жүрді. Неткен бақытсыз өмір!

Досым, сен ішкі жан-дүниенмен әлде-бір кінәнің ауыр салмағын сезбейсің бе? Өткенде оқиға көкірегінде өз әсерін қалдырған жоқ па? Үнсіз қалма! Тәубеге кел! Үнсіз қалдың екен, онда өзінді бақытсыз қылғаның.

Бұрынғы өткен оқиға енді бар өмірің зиянын тигізеді.

Ағынан жарылғаның опындырса да, істеген ісіне жаза тартсаң да, өмір бойы арыңың кірінен арыла алмай маза-сызданып жүргеніңнен – осы жақсы.

Күнәсін ашқысы келмей ондаған жылдар бойы үнсіз жүрген бейшара пақырларды мен талай кездестірдім. Онысы қандай кедейшілік өмір! Ескі кірден арылмайынша тыныштық та, қуаныш та жоқ. Сондықтан тәубеге кел! Сырттай бәрі жақсы көрінгенімен, Құдаймен бейбіт келісімің жоқ болса, – пайдасы шамалы. Өзгелердің алдында аман-есен жүргеніңмен, сен жаны кедейлікке душар болған, тыныштықтан айрылған бақытсыз адамсың!

Иә, сондайсың сен! Сондықтан сенен сұрапым Жүсіптің ағалары жасағанды істеме. Өз-өзінді алдайсың. Күнәң ал-

кызыл түсті қып-қызыл болса да, Ол оны қардан да аппақ етеді. Қиналдың, езілдің екен шыныңды айт, мінажат ет, ағынан жарыл!

Егер бақытты кім: Мысырдың құл сататын базарындағы Жұсіп пе, әлде үйде қалған ағалары ма деп салыстыратын болсақ, дұрыс жауапты оқай табамыз. Бейшара болған ағалары. Күнә олардың өмірлерін бақытсыздыққа әкеліп тіреді.

Ал Жұсіп ше? Көрген қыншылықтарына қарамастан ол бақытты адам!

БІЗ ҚАЛАЙ БАҚЫТТЫ БОЛАМЫЗ

Жаратылыстың басталуы 39, 1 – 2

Сонымен біз құл болып жүрген Жұсіпті Потифардың үйінде кездестіреміз. Мұндағы тұрмысының бұрынғы бостандағы мол өмірінен қандай айырмашылығы бар? Бай кісінің баласы атанип, таза ауада, күн шуағының астында өссе, қазір құлдықтың ең ауыр жұмысын атқаруы керек. Бұл жан қобалжуын туғызбай ма? Бүгінгіні өткенмен салыстыруға бола ма?

Жазбада: Потифар Жұсіпті сатып алғанда, Жұсіп қатты күйзелді; шыдай алмаған Жұсіп өзіне-өзі қол көтерді десе, мен таңданбас едім. Өйткені адамдардың басым көпшілігі солай істейді: қатты кейіп-қайғыру, жақын адамның өлімі, немесе барлық мұліктен айрылу – міне, осындай себептерден олар у шишасына, сондай-ақ басқа әдіске де жүгінеді.

Бірақ Жұсіптің жағдайы өзгеше. Ол жан қобалжуына барған жоқ. Сонда қалай? „Тәнір Жұсіппен бірге болды; сондықтан оның жұмысы берекелі болды“.

Тамаша айтылған сөздер. Жұсіп те тамаша жігіт.

Мұндай жағдайда бақытты болу – бұл көп нәрсені мен-зейді. Жұсіптен шынында да қалай бақытты болуды үйренауге болады.

Ал Жұсіп Потифардың үйінде құл болып жүріп, қалай бақыт таба алды?

Бір қарағанда Жұсіптің бақыты сыртқы қолайлы қарым-қатыныстан емес. Бірақ жас жігітке қатысты қайғылы жәй жөнінде әңгіме қозғайтын болсақ, сол қайғылы жәй Жұсіптің басынан табылар еді.

Ол бөгде елге тап болып, жергілікті тілді әзеп менгеребастады. Маңындағылар пүтқа табынып, тірі Құдай – Иегов жөнінде ештеңе білмейтін. Ешкім оған көніл бөліп, ешкім оның қайғысына ортақтаспады. Салқын, бөтен ортада ол жаңғызы еді. Әлде бір нәрсені өзгертуге де үміт болмады. Өзі ете қатты сүйген туған жерін енді қайтып көрмеді де. Өзі куаныш пен жарық сәулесі болған әкесін де енді қайтып көрмеді. О жақтан еш хабар-ошар жоқ. Баласына деген қасірет әкесінің жүргегін мерт етпеді ме екен? Ешқашан көрмейді оны! Ешқашан!

Жұсіптің бақыты сырттағы жағдайларға байланысты болса, ол расында да, мына кешкен күйіне орай барып тұрған бақытсыздың өзі ғой.

Көбіміз бақытты сырттан тыс жағдайдан күтеміз! Егер мына қызмет орнына ие болсам, егер анау қызға үйленсем, егер жаңа пәтер алсам бақытты болар едім деп ойлаймын. Барып тұрған қателік! Біздің бақыттыңыз қолымыз жеткен қызметке, немесе алған пәтерімізге байланысты емес. Бақыт деген сүйікті әйеліңе, немесе жақсы күйеуіңе қатысты екен, онда ол тым алдамшы, өткінші болғаны. Қатерлі өлім келіп, сүйікті әйелін күйеуі мен балалары арасынан алып кетсе, бақыт сақталып қала ма? Әлде бақытсыздықтың ағысымен зымырап кете барамыз ба?

Бақыттыңыз сырттағы жағдайдың қолында болса, біз нағыз бейшара адамдарға айналамыз. Осы түсінік жойылмайынша шын мәнісінде бақытсыз өмір кешеміз.

Бірақ Жұсіп бақытты еді; оның бақыты сырттағы жағдайларға бағынбайтын. Сонда оның маңызы неде? Жазбаның айтудынша: „Тәнір Жұсіппен бірге болды, сондықтан

оның жұмысы да берекелі болды“, – деп уағыздайды. Оның бақыты Тәнірмен рухани байланысында еді. Мұны ол сезе-тін, мұны ол білетін: мен – Онықімін, Ол – менікі, бізді ешкім де айыра алмайды!

Иә, бұл бақыт! Ол жоғалған мұліктей, өлген адамдай құрымайды. Құдаймен іштей сөйлесе алу бақыты – ол ұзақ-қа мекенін тапқан бақыт. Оған: „Бақыт шыны секілді, тез сынады!“ – деген мақалдың қатысы жоқ. Біз айтып отырған бақыт қандай да болмасын сынаққа шыдай алады. Сыртқы жағдайлар қайғы болып көрінгенде, бұл айқын бақыт еkenі білінеді. Ол тез кететін жылтырауық емес, жо-жоқ, ол өлім дауылына шыдап, біздің ержүрек батылдығымызды төсек тартып ауырып жатқанда да, мола алдында да, табыт түбінде де сақтай алады. Біз Асафпен бірге: „Аспандағы сен кімсің маған? Сенімен бірге бола отырып, мен жерде еште-не де дәме етпеймін. Тәнім мен жүрегім қиналады: Құдай тәнімнің нәрі, жүргімнің тұғыры“, – деп айта аламыз. Бірде қатты бомбылаудан кейін жер астындағы бомбапанадан шыққан менің танысым пәтерінің күлталқан болғанын көрді. Бәрі қираған, тек жалғыз күй сандығы фана қалды. Бір топ кіслердің көмегімен ол күй сандығын көшеге шығарды. Сонымен музыкалық аспап жан-жағында қираған заттардың ортасында тұр. Ол отыра кетті де перне-кла-виштерді басып, ән сала жөнелді: мен неге қайфырайын, Мәсіх менімен бірге емес пе, Оны менен ешкім де күшпен ала алмайды фой. Тәнір ұлы сенім арқылы сыйфа берген аспанды жоқ етуге кімнің күші жетеді? Осындағы сынаққа салатын мәңгілік бақыттың бар еkenі үшін Құдайға рақмет! Бақыт шуақты күндер үшін фана емес, ауыр сағаттар үшін де, өмір мен өлім үшін де, мезгіл мен мәңгілік үшін де қажет.

Мұндай бақыт саған таныс па? Оған иесің бе? Жүсіптің алдында ұялмайтын бол! Жүсіптен гөрі, біз Құдайды жақсы білгеніміз бе?

Біз оны Иса Мәсіх бейнесіндегі Әке ретінде білеміз. „Мен

сендермен, күндердің бәрінде, заманың ақырына дейін біргемін“, – деген серті есімізде. Ол бізге жан дүниемізге жол тапқан Қасиетті Рухын сый қылып табыс етеді. Ол біздің жүрегімізде орныққан, сондықтан біздер Жаңа өсиеттің балалары басымызды төмен салып, жағдайымызға наразылық білдіруге тиістіміз бе? Олай болса Жұсіптің алдында ұтты болар едік.

Жо-жоқ, Жұсіпке назарынды сал да, одан қалай бақытты болуды үйрен. Өз Құдайыңмен өте жақын, ұзақ рухани байланыс жаса, сонда барып мәңгілік бақытқа жетесің.

Жұсіпке қарағанда саған қаншама жеңіл! Жұсіптің қолында Киелі кітап болған жоқ. Жұсіп Тәңір балаларымен рухани қатынаста бола алмады. Құдайға құлшылық етіп, дұға оқудан басқа ештеңеге бара алмай, әкесі айтқан әңгімелермен фана қоректенетін. Ал сенің көмекшің Киелі кітап! Көне Өсиет пен Жаңа Өсиет кітаптары. Сен Тәңір балаларымен діни кездесулерде бірге болып, діни кітаптар мен журналдар оқып, рухани өсесің.

Мейірбандық рухында өсіп-дамуыңа қажет құралдар сен үшін өте жеткілікті! Жұсіпке қарағанда бақытты болу саған қаншама жеңіл!

Бірақ бақыттысың ба сен?

Егер бақытсыз болсан, ол өтіп жатқан жағдайларға байланысты емес. Құдай алдында дұрыс өмір сүрмеуіңе, одан молынан рақымшылдыққа үйренбеуіңе байланысты. Тәңіріңе бұрынғыдан бетер беріле біл, Оған жүрегінді айқара ашып, бар өмірінді арна, сонда фана бақытты болудың не еkenін... басқаларды да қалай бақытты ету керектігін түсінесің! Жаратылыстың басталуы 39,3-6.

Жұсіп бақытты болудың жолын көрсетті. Сонымен бірге біз енді өзгелерді де бақытты ету өнеріне үйрете аламыз. „Сонда қожайыны Тәңір онымен бірге еkenін, оның әр-бір жасаған ісіне өз шапағатын тигізетінін көрді. Сөйтіп, үй шаруасымен, басқа да үй қызметіне байланысты жұмыстарды басқаратын етіп қойды“, – делінген Жазбада одан әрі.

Не істемесін, неде болмасын Потифар дегеніне жетіп отырды. Бірақ мұның бәрі Жүсіптің арқасында блды. Сондықтан да, басқаларды қалай бақытты етуді біз Жүсіптен үйрене аламыз.

Жүсіп тек өткенді ойлап, өткенде бұдан жақсы болғанын есінен шығармайтындардың қатарына жатпайтын. Мұнында пайда бар ма? Бұл біреуге артықшылық әкеle ме? Жоқ, ешкімге! Осылай тек өткендердегіге өкініп қазіргі болмысты қорлайды.

Көптеген жесір әйелдер бұдан бұрын басқаша болған еді деп қайғырады да, балаларын қараусыз, ана жылуынан тыс қалдырады.

Жүсіп күнделікті өмір ағысымен тұрып жатты. Кешеғана бәрі өзгеше еді деп күрсінген жоқ. Қазір мен Потифар үйінде құлдықтамын. Менің басты мақсатым – қожайыныма сеніммен қызмет ету, – деген еді ол өзіне-өзі.

Маңызы аз шаруа қызметінде болса да, жүктелген парызды ақтау үшін, жұмысын бар көңілімен адал ниетімен атқарды.

Көп ұзамай қожайыны оның жұмысқа өте ұқыпты екенин байқады. Бұрын-соңды мұндай құл онда болып көрмеген еді. Жүсіп нені қолына алмасын бәрі түзеліп, жанданып шыға келетін. Себебі күшті ол сарқылмайтын құдіретті қайнардан алып жатты. Жүсіптің Потифардың үйіне бата мен бақыт арқылы келгені сөзсіз. Құдай Жүсіптің дінге деген қызметін қабыл алды. Жүсіпке өзі тұрған басспана астынан орын бергені үшін Потифарға рақымын жаудырды.

Солай болуға тиісті де: Тәнірмен шын қарым-қатынастасы адам маңындағыларға білсе де, білмесе де, керек қылмаса да – шапағатын әкеледі, пайдасын тигізеді.

Спердженге үй қызметіндегі бір қыз келіп, Құдайға тәубе еткенін айтты. „Қарындасым, мұны қалайша дәлелдей аласың?“ – деп сұрады ол. „Тәнірге мінажат етіп, мойын ұсынғаннан бері сырт көзден тыс қалғанда да, шын көңілмен беріліп еңбектенем“, – деп жауап қатты анау. Расында да,

көп ұзамай үй иелері қыздың мінез-құлқынан көп өзгерістер байқады: ол жұмысты олар барда да, жоқта да ұқыптылықпен беріліп атқарды.

Тәңірмен қарым-қатынасың жөнді болса осыған жетесің, күнделікті өмірде-үйде, от басында, жұмыс бабында өзінді көрсете аласың. Жұртшылық ондай адам туралы: айтқанын орындауды, бұған сенуге болады дейді.

Досым саған сеніммен қарайтында үйде, немесе жұмыста жасаған әрекетің жұртқа әсер ете ме? Күнделікті тіршілігің сенің шын Мәсіх жолын қуушы екеніңе дәлел бола ма? Тәңір өзінің бізге арнаған тау уағызында маңыңа сәуле шаш, үйдегілеріңе жарық беретін болсын деді. Үйіміз – біздің Мәсіх жолын қуушылар дініне берілгенімізді көрсететін ең басты орын. Бұл ісіміз ақталмаса, онда біз шындыққа жетпегеніміз.

Сенің үй-ішіндегі жағдай қандай? Кісілердің көбі үйде өзін еркін, қалай болса солай ұстая керек деп ойлайды. Оларша: жұмыста жинақы болып, жақсы әсер қалдыրған жөн. Үйде олай етудің қажеті шамалы. Үйде бәрі де орынды. Қатаңдық көрсетіп, дөрекі сөйлеуіңе де болады. Сөйтіп, менмендік, көкірек керушілік осыдан барып дамиды.

Жақын адамдарынды өстіп бақытты ете алмайсың.

Мұндаидай өміріне сонда не жетіспейді? Тәңірінді жанында бар екенін сенбегендіктен. Адам шын мәнісінде Тәңірмен тығыз қарым-қатынаста болмайды. Егер сен осы байланыста болсан, онда сенің әйелің сені мақтаған болар еді, сонда сен басқаларды бақытты ету өнерін менгерер едің.

Қадірменді туысқан, сен діни жиында балын тамызып сөйлеуің мүмкін, бірақ әйеліңің көңіл-күйі жабыңқы болса, ол өз өмірінде жарық сәулені аз көретін болса, онда сенің Мәсіх жолын қуушылығың рак ауруына шалдықсан. Басқаларды бақытты ете алады деп әйелің айтқанда фана барып мен сені Мәсіх жолын қуушы деп құрметтеймін.

Үй қызметіндегі әйел, саған да маңызды мәселе жүктелген. Мүмкін: қарапайым қыздың қолынан не келеді, дінге

мінажат етсем де батам біреуге дари қоярма екен деп ойлайтын шығарсың. Солай ма! Қайта көп нәрсе саған қатысты. Қайта сен атқаратын қызметіңің маңызы жоғарырақ. Мүмкін сені қоршаған кісілер Құдайға қатысты негізін жоғалтпайтын мәңгілік туралы ойланбайтын болар. Олар күнделікті тіршіліктен көтерілмей өмір сұруде делік. Бірақ Құдай сені құдіретті махаббатына сәйкес, қымбатты діндар қарындасым, нағыз Мәсіх жолын қуушылар діні жөнінде сабақ беру үшін, сенімі қатпаған өзінді әдейі осы үгіе орналастырған шығар. Бойындағы бар ақтықпен Құдайға қызмет еткен Жұсіп сияқты еңбек ете аласың ба, міне, мәселе осында. Маңындағылар саған сырттай көз қырын салып жүр. Сенің мінажатханаға Құдайға дүға қылуға барып жүргеніңді біледі. Бақылайтыны: сенің өмірің Тәңірге сенгіштігіңен ауытқымай ма? Егер әрекетің Жұсіптің әрекетіндей болса, Тәңірмен қарым-қатынастан рақымшылдық күшін алсаң, онда оларға тигізер әсерің зор. Діндар қыздардың көпшілігі Жаратқан иеміздің батасын төңірек-тегілеріне жеткізіп жүр.

Тәңір баласының Құдаймен осындағы бірлікте тұратыны, оның іс-әрекетінен, сөзі мен жасаған қадамынан өзгелердің өздерінде жоқ күш-қуатты көретіні қандай ғажап! Міне, соナン соң барып: мұндай күшке қалай мен де ие болсам екен деген сұрақ туса одан бетер тамаша ғой. Иә, менің де қалай бақытты болуым керек? Қайтып момындыққа, шыдамшылдыққа жетсем екен?

Бақытқа аппаратын жол күнделікті өмірінде, үйінде, жұмыс бабында Тәңірмен іштей рухани қарым-қатынаста болуды, Құдай есімін жүрегіңен тастамауды талап етеді. Мұның әсері зор, мұның әсері Жұсіп өмір сүрген кезде қандай болса, бұғін де сондай.

Менің қалайтыным, сенің де, Тәңірдің басқа балалары да Құдаймен қарым-қатынастың құдіреті жөнінде ұмытпайтын болсын!

Иса үшін, ішкі дүниелері әлі айыға қоймағандар үшін

сенен өтініп сұрайтыным – күнделікті тіршілікте дінге деген сенімінді көрсете біл де, Жұсіптің өмірі сияқты өз өмірің-мен басқаларды бақытты ету өнерінің рақатты бейнесін ашып бер!

САҚТАУШЫ ІЗГІ НИЕТ

Жаратылыстың басталуы 39,6-10

Жұсіптің жағдайы Потифардың үйінде жыл сайын жақ-сара түсті. Оған қожайының көз қарасы дұрыс болды. Жұсіп шаруа жұмысының сатысымен жоғарылай берді: сарайдың бас қызметшісі, менгерушісіне дейін көтерілді. Потифар оған еш қалтқысыз сенді. Сөйтіп, Жұсіптің өмірі көңілдегідей, қаяусыз жылжып жатты. Тек аздап мазасын ала бастаған кенеттен көкжиекте пайда болған кішкене ала бұлт еді. Бақытына көленкесін тигізетіндей. Потифардың әйелі оған қыылыш қарайтын болды.

Күні бойы қолы бос, өзін қоярға жер таппады. Үйдегі жұмыстардың берін құлдар атқарды. Эйелдің ермегі тек бұйрық беру. Ал уақыты болса жеткілікті. Не істерінді білмегеннен жаман нәрсе жоқ. Еріккендік – бар пәленің бастамасы деп дұрыс айтылған. Мысалға, басшылық етумен шұғылданған Дәуіт қызметіне толық берілгендердің Құдай-дың қалаулысы болды. Қолы босап, үйінде еркін дем алғанда, сүріну жолына құлдырауы басталды.

Потифардың әйелі сұлу жас жігітке ғашық болды. Жұсіппен жиі-жій әңгімелесетін еді. Жұсіп өзінің туған жері туралы айта отырып, мүмкін тыңдаушысы қызыға құлақ қойды деп есептеген болар, Тәнірдің өткендері керемет істері жөнінде де баяндаپ берді. Анау көз алмастан тыңдады. Көңілін баураған оның айтқан әңгімісе емес, Жұсіптің тебірене толқыған нұрлы жүзі еді.

Бірде, кенеттен-кенет әйел ғашық екенін айтып, таң қалдырды. Жұсіп шошып кетті. Бұлай болады деп ол тіпті

ойлаған да емес. Егер оның өзіне деген махаббатын мойын-даса Потифардың алдында күнәға бататынын ескертті. Ол Потифардың әйелі, сондықтан күйеуінің арына кір келтір-меуге тиісті. Жұсіп болса Потифардың құлы, қожайынның сенімін ақтауға міндettі, сенімін ақтамаса батпаққа белше-сінен батқаны. Сондай-ақ Потифардың алдында фана емес, Құдай алдында да ол үлкен күнә. Соңғысы бәрінен де ауыр: „Қалайша осыншама қасқунемдікке барып, Құдайдың кө-зінше күнәкар боламын?“

Жұсіптің бала кезінде-ақ: күнә жасағанша өлгенім артық деген шешімге келгені қандай жақсы еді. Осы қағиданы берік тұтпағанда Жұсіптің дәл қазір нендей пәлеге тап келе-тінін білу қыын еді. Ардан аттап, құрып кететіні сөзсіз.

Потифардың әйелі түрлі құлықтарға барып бақты. Күнде Жұсіптің жолын кес-кестеп, мазасын алды.

Жұсіп, әрине, Құдайға жалбарынап мінажат етті. Одан шын қөнілімен көмек сұрап: „Тәңірім, қолдай гөр мені! Егер Сен қанатыңың астына алмасаң, менің опат болғаным!“ – деді.

Жұсіп әлі жас еді. Тұла бойында ыстық қан буырқанып жатты. Ал Потифардың әйелі түрлі сиқырлықпен оның есін кетіріп, баурап алуға тырысты. Сондықтан да Жұсіптің бар қолынан келгені Тәңіріне дұға ету. Өз қағидасы мен өз күші әлсіз болып көрінді. Иә, қандай да қафіда болмасын құштарлықтың отында жіңішке жіптей тез лап ете түсетінін ол жақсы білетін.

Мақсаттарына жеткенде не болатынын білгісі келіп, арбалғаннан кейін артына қарағызы келгендер де аз емес еді. Себебі өз әлдеріне сенді де – масқаралыққа ұшырады.

Егер сен бұған дейін арбау-алдаумен өз күш-қуатыңмен, куреспек болсан, айтарым: өйтүші болма! Сен олай алға қойған мақсатыңа жете алмайсың. Өз күшімізben біз еште-не де істей алмаймыз, тек өзімізді құрбан етеміз. Алдап-арбауды құр жәй ізгілік ниетпен қуа алмайсың. Оның қуаты зор. Ол сондай күшті князь! „Ұлы күш пен шексіз жауыз-

дық“ – міне, оның ең қауыпты құралдарының бірі. Бұл шындық. Жай ғана ізгілік ниетті тұтынып қараңғылық иесімен күресте біз жеңіске жете аламыз ба? Ешқашанда жете алмаймыз!

Онымен өз күшіміз арқылы құреспейтіндігіміз үшін Құдайға рақмет! Өйткені өкінішке орай жеңіліс табар едік. „Мейірімді көмектің ізгілігіне жету үшін ізгілік берушінің тағына еркіндікпен барған жөн“, – делінген еврейлерге арналған үндеу-хатта (Евр. 4,16).

Іә, „мейірімді көмектің ізгілік берушісі“ бар. Бірақ қай кездегі көмекті уақытында болды дейміз? Күнәға батқаннан кейін де, әлде одан бұрын ба?

Күнә жасағаннан кейін де ізгі ниет бар, ол кешіру ізгілігі. Күнә жасамас бұрын, алдап-арбау кезіндегі көмекті біз дер кезінде болған көмек дейміз; ол ізгі ниетті сақтайды.

Неліктен адамдардың басым көпшілігі осы сақтаушы ізгі ниетті естеріне тұтпайды? Тәнір балаларының арасында кісілік қасиетін жоғалтқандар неліктен көп? Өйткені олар әлі де бойларындағы өз әлдеріне сенеді. Дер кезіндегі көмекті сұрап, мінажат етуші ғана сақтаушы ізгі ниетпен санасады; Тәнірдің мейірімі рухтандырмаса, ол бұл жіңішке жолға қадам да баспайды. Бүкіл ішкі дүниесі күйреуге ұшырап, мен түк те емеспін, түк те қолымнан келмейді, бұл өмірде қалдырған да ештеңем жоқ деп айта алатындей ақиқатқа жеткен адам, сақтаушы ізгі ниетке бой тұмардай сүйенеді.

Осы сынды ақиқатқа жеттің бе сен? Тәнір Жақыптағы сол түнгі Жақыптың жамбасын күйреткендей, сенің де өзіндік күшіңе сенуінді күйретті ме? Өзіңнің жарамсыздығынды, әлсіздігінді толық түсіне алдың ба?

Онда ізгілікті дұрыс пайдалана біл. Онда Петір айтқанда: үмітінді ізгілікке тапсыр. Бұған дейін өзіңе, өзің ұстанған қафидага сеніп келдің. Изгілік қана бұл кемшілігінді толықтыра алады. Мейірімділік пен жақсылыққа аппаратындар Тәнірдің ізгі ниеті мен Мәсіхтің төгілген қаны ғана.

Тек іштей күйреуге жетіп, өзіне сенуден қалған адам фана ізгілікке мойын ұсынады. Ол әр-бір күнін: „О, Тәңірім, міне алдау-арбауға, мақсат-тілекке толы тағы бір жаңа күн туды. Мен оны қалай өткіземін? Тәңірім, өзімді жауыздықтан құтқарушы сенің ізгі ниетіңе тапсырамын!“ – деп бастайды.

Кімде-кім әр-бір күнін осылай бастаса, ертеңгі мінажат ету дұғасына: „Менің қолымнан ештеңе келмейді, бірақ, Тәңірім өзіңе фана сенемін!“ – деп кіріссе сол дер кезінде келетін көмектің ізгілігіне ие болады. Қай істі болмасын, қай жерде болмасын Тәңірінен қолдау табады. Ол Тәңірмен дұға арқылы байланыстыратын қарым-қатынасты жоғалт-пайды.

Осы жағдайды Жұсіп те өз басынан кешті. Өзін Тәңірінің ізгі ниетіне табыс етті, ал Тәңірдің ізгі ниеті оны аман сақтап, қыын және ауыр кезеңден жеңіспен алып шықты. Тәңірдің ізгі ниеті бізді де сақтағысы келеді. Біз тек соған келісуге тиістіміз. Изгілікке үмітімізді артқанымыз жөн. Сен сөйтесің бе? Солай етсөң, онда Тәңіріңің даңқын арттырып, ғажайып ізгілігіне бөлениесін.

ИСА – ЖЕҢІМПАЗ

Жаратылыштың басталуы 39,10

Күнде қайталана бергендіктен әйелдің арбауы оған қатер туғыза бастады. Алғашқы арбауына ол тойтарыс берді. Бірақ күнде осылай бола берсе Жұсіп Даилианың тілегіне көнген Самсондай шаршауы да мүмкін!

О, жау түрлі аярлығымен де алады. Мындаған жылдар бойы, адамзат жер үстінде пайда болғаннан бері, ол тек адам баласын зерттеумен болды. Әр қайсымызды қалай усына түсіріп, кісліктен шығару жолын жақсы біледі.

Біреудің әлсіздігі – ол оңай жатқан ақшаны ала алмаса көнлі көншімеуінде. Екінші біреуге бұның қажеті шамалы, бұрылмастан-ақ өте береді. Ол ақшаны пайдама асырсам

етті деп те ойламайды. Ал алдынғысының сезінетіні – белгісіз күштің магнитше оны ақшаға қарай еріксіз тарта тузы.

Осы сынды әлсіздікті Иудадан көреміз. Иуданы қателіктен сақтандыру үшін Иса талай рет саусағын да көтерді. Бірақ Иуда оның ескертуін қабыл алмады. Ақыры жауының торына тусты.

Үшінші біреудің әлсіздігі Потифардың әйелі Жұсіпті қызықтырып жүрген салаға қатысы бар. Көбіне бұл сала бәрінен де қауыпты! Жау тән құштарлығы арқылы көбімізді кісіліктен шығарады. Аталмыш күнә адамдар арасында өте-мөте көп таралған.

Сондықтан да сақ болып, жау кіреді-ау деген осал қақпаңа мықты күзетшіні қоя біл. Көзіңмен неше түрлі қиял тудыратын кітап беттерін шарладың делік. Немесе құмарлығынды оятатын суреттерге қарап қалдың. Сол себепті де жанарынды да күзете билетін мықты күзетші керек. Көңілінді не оқып отырғаныңа бөл. Әдеби кітаптарға сақтықпен қара. Алдаушы әдибиетке құныққан талайлар арына кір келтіріп, өмірін жоққа шығарып баяғыда-ақ құрдымға кеткен.

Жаудың аңдитын екінші қақпасы – құлағың. Екі ұшты мағнасы бар әңгіме, күлкілі оқиға естідің делік. Тыңдағаның ұзаққа дейін санаңда сакталып қалады. Сақ бол! Жау бай-қаусызда ішкі дүниене өтіп кетпес үшін құлағыңа күзет қой.

Қауыптың қай жерден күтіп тұрғанын білдің екен, онда жолында тұрмай тез кетіп қал. Оған қарсы жүрген адам пәллеге ұшырайды. Егер өзің барып жүрген үйым ұнамаса, онда айттылатын сөздер жаныңа жақпаса, көп аялдама, қарым-қатынасынды үз.

Жау қалғымайды. Ол үнемі күзетте. Демалыс дегенді ол білмейді. Әсіресе, ең қыны – сенің жеңіске жеткен сәтің. Жеңіс қуанышына бөленіп, босаңси қалғаныңда, ол жасырын тосқауылдан сені атқылай бастайды. Ол қайтадан шабуылға шығады. Ешқашан ұмытпа осыны!

Илияс Кармильде даңқты жеңіске жетті емес пе?! Жаңғыз өзі пүтқа табынушыларға қарсы тұра білді. Құдай оның дүғасын қабыл алды. Иезавель менен сақтан деп хабарлағанында, ол шыбын жаңын сақтап, қашып кетті фой. Егер Құдай оны Ахава мен Ваалдың діни қызметшілерінен аман сақтап қалған болса, онда Иезавельдің қаһарынан сақтай алмағаны ма? Мәселе басқада, Кармильдегі жеңістен кейін Илияс босандыққа берілді, оның осы сәтін пайдаланған жау шабуылға шықты.

Потифардың әйелі күнде бір айланы ойлап табатын болды. Нағыз қауып енді басталды. Бүгін шыдап бақтым, енді қорқатын ештеңе жоқ деп ойлау оп-оңай. Бірақ кезекті арбаудың, қызықтырудың кілті осы арадан өрбиді.

Күзетте тұр! Сақтық көрсетіп, мінажат ет! Назарыңды Isaфа бұр. Соның алдында ағынан жарыл. Оны да арбаған. Оны да біз сияқты алдаудың торына түсірмек болған. Бірақ Ол бәріне қарсы тұра білді. Женді. Енді арбалғандарға көмек көрсете алады.

Сен өз әлсіздігінді білесің. Біледі деп мен өз түсінігім бойынша айтып отырмын. Сен әзәзілдің де күші қандай екенін білуге тиістісің. Оның күшінде шек жоқ. Сен әлсізсің, ал оның әлі басым, бірақ Isaфа сенетін болсан қорықпа. Өзіңнің әлсіздігінді түсінген болсан, жаудың қауыпты екенін анық сезінсең, бәрі бір қорқып қайфырма, өзінді сақтайдын, саған жеңіс беретін Тәңірге сен.

Жүсіп солай істеді. Өзінің қауқарсыздығымен арбаушы әйелдің айласын көре отырып, Тәңірге жалында. Тәңірі оны жеңіске жеткізді.

Сен де сөйт. Өзіңе, өз күшіңе, одан қалды өз әлсіздігіңе мойын ұсынба. Жаудың, оның күшінен қорықпа. Құдайды есепке ал! Тәңірге бар болмысынмен беріл, сонда барып Isa жәй емес, жеңімпаз екенін білесің!

ҚИЫН-ҚЫСТАУ КҮН

Жаратылыстың басталуы 39,11-20

Осынау қыын-қыстау күндер мен қыын апталар барысында Жүсіп тұңғыш рет өзінің құл екенін ауырсына сезінді. Еркі басында болса баяғыда-ақ осы үйден кетіп қалар еді. Бірақ аяқ-қолы бұл үйге жіпсіз байлаулы болды. Потифардың әйелі шақыра қалса баруы керек еді. Келіншек осы үйдің қожасы фой. Иә, қандай ауыр жағдай.

Жүсіп бұл пәлекет тезірек аяқталса екен, осы аяқ астынан тап болған сынақтан кіршіксіз өткіз деп Тәніріне жалбарында. Құдай тілегін қабыл алды. Арбаудың да шегі жетті. Сонда ол қалай болды?

Бірде үй шаруасындағы қызметшілердің бәрі сыртқа жұмысқа кетті. Потифардың әйелі мұны алдын ала жасады ма, әлде кенет тап болған жағдайды пайдаланғысы келді ме? Әйтеуір, үйде ол жаңғыз қалды. Тыстан Жүсіп кірді. Өте қажет іске байланысты кіргені анық. Әйтпесе үйге аяқ баспас еді. Сайқал келіншек осыны пайдаланып, соңғы шабуылға шықты. Қалай болғанда да өз мақсатына жетпек болды. Жігіт таза қалса, онда өзі арсыз болып көрінеді фой. Осы ой есін кетірді де, әйел қайтсе де оны женуім керек деп шешті.

Сұлу келіншек айла-тәсілді қолдануға келгенде алдына жан салдырмайды. Егер менің махаббаттыымды қабыл алма-сан, өзімді-өзім елтірем деп соқты. Мойнынан құшырлана құшақтап алып, жібермей қойды. Құлағына неше түрлі жалында сөздерді сыйырлады. Жүсіпті бұл толқусыз қалдырымады. Сонымен, араба отынан ол сенімін таза ұстап алып шыға ма, әлде тамұқтың жалынына шарпылып, күйіп кете ме?

Жүсіп бекерден-бекер сақтаушы ізгі ниетке жиі-жиі мінажат еткен жоқ. Ізгілік ақыры оны сақтап қалды. Құдай жұмақтан қуылғандарды, адам баласын құртқан дүние жүзілік топан суды, Содом мен Гоморраның қирауын оның

есіне салды. Міне, сонда барып, күнә жасағаннан өлген артық деген балалық кездегі шешімі қайта жаңғырды.

Сайқал келіншектің құшағынан жұлқына босанды. Эйел оны ұстап қалмақшы болғанда, сырт киімін әйелдің қолында қалдырып, қашып шыққанды жөн көрді.

Құфынға ұшыраған аңдай жүгіріп өз бөлмесіне кірді. Жүргегі дүрс-дүрс соқты. Эйтеуір, аман-есен құтылып кетті. „О, Тәңірім, рақмет саған! – деп жалбарынды ол. – Мені құтқарғаның үшін рақмет. Бірақ бәрінің де шегі болу керек. Оқиғаны енді қайталанбайтындей ет, Тәңірім. Жолата көрме мені бұл пәлеле!”

Көп ұзамай үйге Потифар келді. Жұсіп әдетінше оған қызмет етуге дайын болды. Куанышында шек жоқ, қожасының алдында таза болып, оның жүзіне тұра қарай алатыны үшін Құдайға рақметін жаудырды.

Содан Потифар әйеліне көтерілді. Жұсіп болса өз бөлмесінде қалды. Дәл қазір не болатынын сезді ме ол? Фашық отын лаулата алған Потифардың әйелі, шексіз ызасын да көрсете алатынын білді ме екен?

Бір кезде қонақ бөлмеге Жұсіп шақырылды. Потифар қатып қалғандай тік тұр, Жұсіп бұрын-сонды оның мұндан түрін көрген емес. Маңдайының күре тамырлары білеуленіп кетіпти. Көзінен от ұшқыннады.

„Жұсіп, мен сенен бұл қылышты құтпеген едім. Момақан түрің – өтірік пен алдаудың белгісі екен, арсыздықты жасыру тәсілі“.

Жұсіп не деп жауап берді?

Ештеңе демеді.

Неге?

Қалай деп жауап бермек? Егер өзін қорғаса, қожайының әйелін кінәлі етеді, сөйтіп, көп жақсылық жасаған адамның отбасын бұзады. Өз арын осында тәсілмен сақтап қалуға тиісті ме? Жоқ! Потифардың жанына жара салмау үшін үндемей өтірік тағылған кінәні қабылдаған жөн.

Ол үндемеді. Міне, осы арада үнсіз, ешбір дыбыссыз қой

сияқты құрбандыққа шалынған Құдіреттінің бейнесі елестеді.

Бірақ Жүсіптің үнсіздігі кінәні мойындауы емес пе? Әйелдің қолында қалған киімі соның айғағы фой.

Егер құл қожайынның ызасын тудырса, қамшының астына алынатын. Жүсіпке дүре соғылуы ғажап емес. Бұл туралы Жазбада ештеңде де айтылмаған, себебі окушы оны былай да түсінеді.

Жазалаушылар Жүсіпті жалаңаштап, есінен таңғанша соққылады.

Мұны көрген Потифардың әйелінің қуанышын айтып жеткізу мүмкін емес.

Сонан соң Жүсіпті зынданға апарып жапты.

Құдай бұған қарсылық білдірген жоқ па? Жоқ, білдірмеді. Сонда ол бәрі бір әділетті Құдай болып қала бермек пе? Иә, қала береді. Біз оны әр кездерде түсіне бермейміз. Кейде: Тәңірім, мұны не үшін жасадың, не үшін деп сұрақта қоямыз. Бірақ уақыты келгенде Құдайдың бұны біздің игілігіміз үшін істегенін түсінеміз.

Зынданда жатқан Жүсіп есін жиғаннан кейін не қылды? Оның жүргегінен тап-таза, мөп-мөлдір дүғаның туындағанына сенімім мол. Бұдан бұрын Тәңірінен осынау құбызық пәледен құтқар деп тіледі фой. Құдай онысын орындағы. Қасқой жылан зынданға еріп бара алмады. Енді жер астындағы қапас кедергі оған. Сондықтан өзін осылай құтқарған Құдайға рақметін айтты.

Бұл естен кетпес оқиғаға орай айтарым: бұл ауыр сын сағатында Жүсіптің қашып шыққаны жақсы болды. Құресте көбіне дер кезінде құтылып кету пайдалы. Жасөспірім шағында тән құштарлығынан қашуың керек деп Пауылдың айтатыны сондықтан.

Жас жігіттер мен жас қыздар бүгін де үлкен қалаларда алдау-арбаудан құтыла алмайды деген пікір жиі айтылып жүр. Бірақ құтылуға болады, ондай жерге жоламауың керек. Тән құштарлығы, тағы да басқа жамандыққа толы

орындарға баратын адам бойындағы кеселден айыға алмайды. Ол пәледен қашпайды да. Қайта қатер мен күнөні шарқ ұрып іздейді.

Өзіндеңі кір-кесепатты женғің келе ма? Онда дүр сілкін де күнәқарлықтың жолынан тез қаш. Алдау-арбаумен куреспей бұрылып кет!

Егер сенің жолдастарың „пәк жанды Жұсіпті“ мазактап күлетін болса, жалынып сұрайтыным – қаш, сонда фана өзінді, өзіңдің ішкі бар болмасынды аман сақтайсың!

ӨМІР СҮРУ ДЕГЕНІМІЗ – МАДАҚТАУ

Жаратылыстың басталуы 39,21-22

Занданда жатыр!

Тұрме дегеніміз бүгінде көңілдің хошын тудыратын орын емес. Бірақ қапасқа қарағанда нағыз сәулетті сарай дерсің. Ерте заманғы қапас көбінесе жер астында орналасқан, іші тастай қараңғы, жарық та, ауа да жок.

Неліктен Жұсіп зындан-қапасқа тасталынды? Өйткені Тәңіріне әбден берілген еді. Өйткені негізгі өмірлік қафида-сы: күнә жасағаннан өлген артық деген ұраннан тұратын. Тәңірдің әділдігіне, оның бұл дүниеде бар екеніне сенбеушілік қателігіне баруға Жұсіп аз-ақ қалды. Егер Құдай бар болса, онда неліктен ол Жұсіпке осыншама қасастық жасады?

Жұсіп солай айтты ма? Құдайға сенбеушілік білдірді ме? Өкпеледі ме? Жоқ, басы артық бірде-бір сөзді аузынан шығармады. Оны қалай растауға болады? Жазбадағы: „Тәңір Жұсіппен бірге еді“ деген сөздермен. Егер ол өкпелеп ашу шақырса, Тәңір оның қасында болмас еді фой. Өйткі мүмкін де емес. Тәңір бірге болды, ал ол да Тәңірдің жанында болды.

Жұсіп болған жағдайды қарсылық білдірмей қабыл алды. Жасаған дұғасы босқа кетпеді, Потифар үйіндегі алдау-арбаудан құтылуудың шешуші түйіні болған осы өзі жатқан

қапас еді. Мұнда ол сайқал әйелдің күнделікті қылымсұынан арылып, тыныштық тапты. Оған келер енді қауыпқатер жок. Сол үшін де Құдайға шын жүргегімен рақметін білдірді.

Әмір сұру – Құдаймен келісімде болу, Оның басшылыған қабылдау – бұл Жүсіптің өмірінен тәлім қылыш алатын өте маңызды сабак. Тұрмеге қамалған бір адам менің есімде, оны жақсы білемін. Басында ол қамауға алынғанына келіспеді, өйткені жолдастары туған жерінде бостандықта жүр еді. Алғашқыда ашу шақырды. Көп ұзамай өмір сұрудің – Құдайдың басшылығымен келісімде болу екенін білді. Енді айфай-шының қойып, болған іске мойын ұсынды. Күнделікті өмірі қайтадан өз магнасын тапты. Құдай егер оны осында әкелген болса, онда бәрі қажеттіліктен туғаны да деп ойлады ол. Тұрмеде өткен уақыты өмір мектебінің маңызды кластарының біріне айналды. Құдай оқытқан айығы сабағынан өткеннен кейін ол тұрмені тастап, бостандыққа шықты.

Жүсіп Құдайдың не ойлағанын білген жоқ. Мысырдың билеушісі ретінде таққа көтерілетінін де білмеді. Құдай осыны іске асыру үшін оны тәрбиелеп, дайындауға тиісті еді.

Дәреженің ерекше биік орнына ие болғысы келген адам жоғарғы мектептен тәлім алуға тиісті. Ерекше қасиет бергісі келген кісісіне Құдай осы жоғарғы мектептен сабак алуына көмектеседі. Бірақ Тәңірге қатысты бұл мектеп тұңғылыққа терең бойлатады. Құдай бізді көтермес бұрын, әуелі жермен жексен етіп алады.

Жүсіп жоғарғы мектепті қапаста қабылдады.

Тәңір патшалығының заңы: әуелі төмен құлдырайсың, содан кейін фана жоғары көтерілесің. Айқыш ағаштан тәжге жетесің. Түннен күнге шығасың.

Бізді Құтқарушы да бұны басынан кешті. Құдай оның азабымен біздің құтқаруымызды жетілдірді. Құдай оны биікке көтеріп, ғажайып атақ бергенге дейін, Иса жек көрінушіліктің қайғы-қасіретінен өтті. Таққа апаратын оның да жолы айқыш ағаш арқылы созылып жатыр.

Біздің де жолымыз өзгеше емес. Біз де тәж бен билік үшін жаралғанбыз. „Өле-өлгенің дейін сеніп өткін, сонда барып өмірдің биік тәжіне ие боласың“, – деп жазылған. „Мен сияқты жеңіп Әкеммен қатар таққа көтерілгенімдей, жеңгендерді (күнәні) Өзімнің жаныма таққа отырғызымын“, – деген жазу тағы да бар. Біз де өз сапарымызды айқыш ағаш арқылы жүріп өтеміз. Біз де арнаулы биік орнымызға отыру үшін Тәңірдің тұңғирыққа апаратын мектебінен сабақ алуға тиістіміз. Өйтпейінше болмайды.

Құдай алдымызға қойған мақсатты көріп, өмір тағына көтерілетінімізді білгенде, біздің өміріміздегі барлық ауыртпалық пен қасіретке жоғарыдан жарық сәуле төгіледі. Көбінесе біз қараңғы, қыын жолмен жүрудің не керегі барын білмедік қой. Кейде тіпті Құдайдың Өзін де түсінбейміз.

Тек жанаарымыз мақсатты көргенде ғана Тәңір жүргізген сапардың мәнісіне қанығамыз. Сонда барып түсінетініміз: таққа шығару үшін, ол тұңғирық мектебі арқылы сабақ берген екен.

Осы ақиқатқа жеткенде ғана қайғыдан арылып, тәнімізге батқан ауыртпалықты сезінбейміз. Қынышылықтың зіл батпан жүгінен опынып, күрсінбейміз, Тәңірдің махаббатын қабыл алып, Оның бізді айықтыруда табалау мектебінде шыңдағанын түсінеміз. Табалау мектебінің соңында бізді тақтың күтіп тұрғанын білеміз.

Сөйтіп, өмірдің қыын-қыстауына көзбен қарауды үйренеміз. Қазіргі қайғы-қасіреттің шеңберінде тоқтап қалмаймыз, артымыздан да, алдымыздан да көретініміз – бізді сақтап қалу мақсатымен өз жоспарын орындал жүрген құдіретті Тәңірдің тұлғасы.

Адам осылай ренжүін қойып, Құдаймен келісімге баруға үйренеді. Өмір сүрудің – мадақтау екенін біледі.

Қымбатты оқушым, сен осы сабақты оқып, білдің бе? Егер оқып-білсен, онда қуаныш пен бақытқа жетесің. Жүргегің Құдай арқылы бейбіт тыныштық табады. Енді Тәңір көрсеткен жолға наразылығынды білдірмейсің, енді адам-

дар тұрғысынан келген қиянат пен жамандыққа өкпеле-мейсің; күрсіну мен ренжуді былай қалдырып, Құдаймен бірге рақатқа бөлөнесің. Жаратқан ием қате жасамайды. Егер сені бұлынғыр жолмен алып жүретін болса, жайдан-жай кінәсіз азапқа тап еткізсе, онда сені ол биіктету үшін табалау мектебінен өткізбек болғаны.

Биік дәрежеге жетуді армандастының рас қой? Әрине, рас! Ендеше Тәнір ұсынған жолды жылы шыраймен қабыл ал.

Бұл қапас жол сені құтқарылуыңа апаратынына кәміл сен. Бұл қайфы қасіретті Құдай сені тәрбиелеуде қолданады!

Ойлаши, тек айтарлыққа тұратын, саған сыпайылық көрсететін адамдармен қарым-қатынаста болсаң, сенен бір нәрсе шығар ма еді? Шыдамдылық пен мейірбандылыққа, момындық пен жылы шырайлылыққа ие болар ма едің? Жауынды сүйіп, әділетсіздікке шыдауға үйренер ме едің сонда?

Сондықтан, Тәнір сені табалау мектебіне қабылдаса, онда сені дұрыс жолмен жүргізгені, өйткені Оның саған деген ниеті дұрыс.

Осыны түсінген адамның көзі ашық. „Менімен ештеңде де болмайды, Жаратқан ием бәрін алдын-ала белгілеп қойған. Оның маған берері игілік қана“, – дейтіндер енді Құдайға алғыс айтуды үйренеді. Сөйтіп, өмір сұру – мадақтау деген шындыққа кезігеді.

Бұл ақиқатты Тәнірдің барлық балалары білсе фой. Олар алдағы мақсаттарын көріп, Құдайдың бергеніне разылық етсе фой. Құдайдан, немесе адамдардан келетін қарангыры, пен қыыншылықтарғы қарамастан, сонда барып нағыз шындық өз бойын көрсетеді. Ол өмір сұру – мадақтау екенін растайтын шындық.

ӨМІР СЫРУ ДЕГЕНИМІЗ – СҮЮ

Жаратылыстың басталуы 39,23

Біздің өміріміздің екі жағы бар. Құдайға қатысты қарым-қатынас пен адамға қатысты қарам-қатынас. Өмір сүруіміз Құдайдың даңқын көтеріп, Оның еркімен келісімде жүріп жатса – онда Құдаймен байланысымыздың дұрыс болғаны. Ал адаммен байланыстың дұрыстығы – өмір кешуіміз махабbat пен сүйіспеншіліктен тұрғандаға болмақ.

Жүсіпте де солай болған. Оның өмірі өн бойына мадақтау және сүйіспеншілікпен өтті.

Егер кімде-кімнің адамдардың бұзылғандығына наразылық білдіруіне себептері болса, олар Жүсіпте де болды. Нені көріп, нені басынан кешпеді ол! Оны туған ағалары қалай масқаралады? Потифардың әйелі күйеуінің алдында оны қалай әшкереледі! Ал Потифар болса істің ақ-қарасын анықтап жатпай, қалайша оны қапасқа жабындар деп үкім қылды.

Расында да егер ол жүргегін қайғы запыранына толтырып, өзінің бастан кешкен қыншылықтарының бәріне өкпе-назын айтып, қарғыс жолдайтын болса, оны әбден түсінуге болар еді. Бірақ ол өйтпеді. Әділетсіздік жөнінде ештеңе айтпады.

Ашына сөйлеу ызақорлық, өшпенділік тудырады. Оның уы бара-бара бүкіл дененде жайлап алады. Өзінің ішкі қиналышың туралы аз айтқан жақсы. Бәрінен де тіпті қозғамай, үнсіз қалдырғаның орынды!

Жүсіп солай істеді. Өткенде есіне алмады. Бүгінгі күнмен, бүгінгі күн мәселелерімен өмір сүрді. „Қазір қапаста екенмін, ендеше бейшара тұтқындардың жағдайын жеңілдетуге тырысайын, себебі маған қарағанда олардың хәлі қиыннырақ қой. Менің көмекшім, қолдаушым тірі Құдай, ал бұл пақырлар пұтқа, Озирис пен Изідаға табынады, бірақ жансыз пірлерінен келер сүйеніш жоқ. Сондықтан олардың тұрмыстары да аярлықтай“, – деп қайраған еді ол өзін-өзі.

Сонымен, қамаудағылардың тұрмысын женілдету ниетімен оларға әр-түрлі қызмет көрсете бастады.

Жұсіп сынды адамдар қайда да болмасын қажет, ондайларды жақсы көріп, тез қабыл алады. Тек өзі туралы айтатын, тек өзіне ғана жұрт назарын аударса еken деп тілейтін кісілерді маңындағылар онша жақтыра қоймайды. Сүйетіндері, қарсы алатындары достыққа бейім, іскер жандар.

Мына қапастың ішіндегілер де солай еді. Жұсіп келген бетте-ақ қапастың ішінен қараңғылық пен қасірет кейін серпілгендей болды. Достық ниетпен, көңілшектік көрсетіп: „қалай, жақсы ұйықтадыңдар ма?“ деп сұрағанда тор тере-зеден жарық күн сәулесі төгілгендей әсер қалдырды. Жұсіп бірден бәрін өзіне баурап алды.

Осы сияқты әсер тудыратын діни қызметші әйелдер жөнінде естігенім бар. Аурухана бөлмесіне кіре келген олар өздерімен бірге күн нұрын ала келгендей болатын. Бұл ғажап қасиет. О, діни қызметші әйелдердің бәрі жарық сәуле шашса ғой! Бұл тек қана олардың ғана емес, Тәңірдің барлық балаларына қатысты міндет. Біз жарық беруге тиістіміз: сен өз бұрышыңа, мен өз бұрышымға.

Қапас меңгерушісі көп ұзамай Жұсіптен дарып жатқан көмекті сезіне бастады. Барлық жұмысты енді Жұсіпке тапсыратын болды. Сөйте-сөйте сенімге ие болған ол осы зындан-қапасты қарап, бақылайтын дәрежеге жетті.

Айтшы, сенің өмірің де сүйіспеншілікке айналды ма? Иә, біздің бәріміз өзімізді сүюді қалаймыз. Тек сүюді ғана ма? Сүйіспеншілікті қабылдау – иә! Ал сүйпеншілікпен жауап қайтаруды ше?

Тек сүюді ғана қалайтын болсак, онда біз бақытты, шуағы мол өмірге жете алмаймыз. Аранымыз ашылып, тоғымдықты ұмытамыз. Сол себепті бізді жөнді білмейді, түсінбейді деп қит етсе өкпе айтамыз.

Қандай да болмасын жұмыс тапсырылса Жұсіп: „Бұл маған лайықты іс емес, орындаіммын!“ – деп қасарысқан жоқ. Бәрін істеді. Қаяусыз қуанышпен атқарды.

Дүниедегі ең бақытсыз адамның аты „Басқа біреу“ деген-ді оқығаным бар. Ол солай. Егер әлде кім жүктелген жұмысты орындағысы келмесе: „Мұны одан да басқа біреуге беріндер“, – деп айтатыны сөзсіз. Еріншектігі ұстағанда да: „Жарайды, басқа біреу-ак істесін!“ -дейді ол тағы да. Жұмысқа қоңілі дуаламаса, қолма-қол „басқа біреуге“ итере салады.

Осылайша Жұсіп те сол „басқа біреуге“ айналды. Ол өзгеге ұнамайтын жұмыстың бәрін істей беретін.

Сенің де „басқа біреу“ болғың келмей ме, қадірлі оқырман? Онда тамаша болар еді. О, сенің де өмірің сүйіспен-шілікке айналса ғой. Сонда өміріңе қаншама бата дарып, құлпыра түсер еді!

Сенің өмірің басқаларға орай сүйіспеншілік туғыза ала ма? Сен сүю дегеннің не екенін білесің бе? Сүю – біреудің орнында бола білу деген сөз. Сен әрқашан сөйтесің бе? Әлде бәріне тек өз тұрғындан қарап келдің бе? Олай болса сүйе білмегенің.

Мысалға, келесі бір оқиғаны алалық. Ері жұмыстан үйіне келеді. Кеңседе көп нәрседен қоңілі қалып, ренжіген. Үндемейді. Жанында тыншу жоқ. Бағанағы реніш әлі ұмытылар емес. Әрине ондай болмау керек, бірақ болады. Қоңіл күйінің нашарлығына орай амандасуы да жарқындық пейіл танытпайды. Жұзі де соның айғағы.

Әйелі одан көзін алмайды. Анау оған назарын бөлер емес. Ләм деп сөз де айтқан жоқ.

Келіншегі күйеуін сүйетін болса, өзін жұбайының орнына қоюға тырысады. „Күйеуім бүгін көңілсіз екен, жылырай таныттып бойын сергітейін“, – дейді ол өзіне. Егер өмірі сүйіспеншіліктен тұратын болса ғана осылай ойлауы хақ.

Мүмкін: бері кел, мына араға отыр, су-су болған аяқ, киімінді шешейін, – дер. Әдетте олай жасамайтын, бірақ тап бүгін сөйтүге тиісті. Ері үшін ерекше қылышқа бармақшы.

Әйелі солай етсе ері қайтпек? „Үйге жеткенім қандай жақсы болды. Кеңседе жиі көңілім қалатын болып жүр,

үйге келсем жеңілдеп қаламын“, – дейді. Қолма-қол тұла бойы сергіп, ол енді рақатқа бөленеді.

Өмір сұрудің сүйіспеншілік екенін әйелі әлі түсінбеген жағдайда не болмақ?

Бәрі өзгеше дамиды. Ері әйелімен салқын ғана амандасады, анау оның сазарған жүзін көріп, сүйіспеншілік көрсетудің орнына сезімталдықты күйеуінен күтеді. „Бұған не болған? Мен күні бойы үй шаруасымен жағаласып, бала-ларын бағамын, ал бұның үйге келгендең түрі мынау. Жоқ, жетті енді!“ – деп ойлайды ол, сөйтіп ері сияқты қабағынан қар жаудырады. Амандыққа салқын ғана басын изейді.

Күйеуі таңдана жалт қарайды. Соңан соң: „Кеңседе қын еді, үйде жеңіл болар деп едім, мұнда да жетісіп тұрғаны шымалы“, – деген ойда қалады. Бас киімін киіп, ресторанға аттанады. Осыдан барып дурдараздық туады.

Бұл сурет сенің өміріңнің көшірмесі емес пе? Өкінішке орай, дәл солай.

Осы келтірген оқығаларымыз не себептен туған? Себебі өмір сұрудің сую екенін біз әлі түсінген жоқпыз. Ал сую – басқаның орнында бола білу.

Сен бұған дейін осылай етпесең, дәл қазір-ақ бұл қағиданы бастағың келмей ме? Басқаның орнында бол да өмірге соның көзімен қара: соңда ғана сүйе батайсың.

О, егер бәріміз өз өмірімізде, үй-ішінде, жұмыста өмір сұрудің – сую екенін дәлелдей алсақ қой, шіркін!

ТӘҢІР МЕКТЕБІНІҢ СОҢҒЫ КЛАССЫ

Жаратылыстың басталуы 40,6-14,23

Жүсіптің қапаста жатқанына көп болды. Бірде патшаны уландырмақ болды деп, сарайдан екі адамды әкелді: нан пісіруші мен шарап құюшы.

Бір күні таңтертең Жүсіп олардың қастарына келді. Екеуі де үнсіз қайғырып отыр екен. Неліктен көңілсіз бола қал-

ғандарын сұрады. Сөйтсе екеуі де осы түні түс көріпті. Дәл қазір түстерін неге жоруларын білмей ойланып отыр екен.

Жұсіптің тілегі бойынша олар көрген түстерін айтып берді. Шарап құюшының көргені үш бұтақтан тұратын жүзім сабағы. Жұзімін теріп алып, шырын жасап, тостағанға құйып перғауынға ұсыныпты.

„О-о, – деп дауысын көтерді сонда Жұсіп, – бұл түсті жору онша қиын емес. Жұзімнің үш бұтағы – үш күн. Үш күннен соң патша алдында атқаратын қызметіңе қайта барасың!“

Кезекті күткен нан пісіруші де өз түсін айтты. Түрлі-түсті піскен наны бар үш себетті төбесіне қойып, перғауынға әкеle жатыр екем. Кенет құстар ұшып келіп, себеттегі наңды шоқи бастады.

„О-о, – деп дауыстап жіберді Жұсіп, -құстарды көргенің маған ұнамайды. Иә, ұнамайды. Менің қорқатыным – көрген құстарың сенің тәнінді шоқиды, себебі үш күннен кейін дарға асыласың!“

Осылай түсті жорып отырған сәтінде оған кенеттен бір ой келді. Үш күннен соң шарап құюшы қапастан шығатын болса, онда ол перғауынға Жұсіп туралы жақсы сөз айтуы мүмкін фой. Сол себепті: „Сыртқа шыққаннан кейін мені ұмытып кетпе, мен үшін перғауыннан көмек сұра, мына қапастан құтқарсын“, – деп өтінді.

Шарап құюшы, әрине, Жұсіпті арқасынан қағып: „Қам жеме, орындеймын!“ – деп уәдесін берді.

Жұсіп болса оған жығыла сенді.

Үш күн өткеннен соң бәрі Жұсіптің айтқанындай болды. Шарап құюшы өз қызметіне алынып, нан пісіруші дарға асылды. Енді көп күтудің керегі жоқ, жуыр арада Жұсіп бостандық алады!

Қапастың іші нұрлы сәулеге бөленгендей. Үміттің қуанышқа толы шапағы Жұсіптің жататын қараңғы орнын жарық қылып жіберді. „Енді біраздан соң мені босатады. Шарап құюшы уәдесін берді фой“, – деп ойлады ол.

Есіктің кілті сылдырлаған кезде: „Міне, мені босатуға келіп қалды. Қазір, қазір сыртқа шығамын!“ – деп елестетті Жұсіп.

Жо-жоқ, бостандық келмеді. Екі күн, үш күн өтті. Жұсіп таң қалды. Бірақ бәріне де себеп тапты. „Әрине, жұмысы көбейіп кеткен. Қызметінде ұзақ болмады фой. Ол әлі-ақ мені есіне алады. Өйткені уәдесін берген“, – деп жұбатты өзін-өзі.

Сегіз күн, он төрт күн өтті, бірақ ешқандай өзгеріс болған жоқ. „Ауырып қалған фой. Фажап емес, қапастың сасық ауасы ауыртпай қойсын ба. Сырқатынан айыққан соң қолма-қол патшаға мен туралы айтады. Берген уәдесін орындауға тиісті!“ – деп ойлады тағы да Жұсіп.

Үш апта, төрт апта, алты апта да зырлап өтті. Ауыр шындыққа қарсы келе алмаған Жұсіп: „Ол мені ұмытқан екен!“ – деді.

Қапастың ішін қараңғылық басты. Жұсіп қатты қалжырап, шаршағанын сезді. Жұмысты жансыз адамдай атқарды. Сенуден қалды. Үміттен бас тарту қандай қызын еді.

Бұл оған ұсынылған ауыртпалығы үлкен сабак еді. Кімде-кім кісіге сенімін артса, жаңғыз қалатыны даусыз. Бірақ Жұсіп Мысырдың тағына шығуға тиісті еді; болашақта ұлы халықтың қамын ойлауға міндettі. Сондықтан да осы сабақты оқып-білуі керек болды. Бұл сабақты отпейінше ол жеңіске жете алмайтын еді.

Жаны тыныштық тапқанға дейін қаншама уақыт өтті? Ұзақ екі жыл. Бұл оған жүктелген Тәңір мектебінің соңғы класы еді. Бар қыншылықты осылай қинала отырып, үйренуі керек болды.

Ол үйренді де. Құдайға: „Тәңірім, егер сен бар өмірімнің қапаста өтуін қаласаң, мен дайынмын!“ – деп айту дәре жесіне жетті. Осыны айта алғанда, ол бұл сабақты толық меңгерді. Жұсіп осы сөздерді айтқан түні перғауынның ғажайып түстерін көруі, сол түстерді Жұсіптің жорып, соның арқасында қапастан шығып таққа көтерілгеніне менің сенімім мол.

Ұзақ екі ауыр жыл. Бірақ ол өзіне берілген сабакты мен-герді. Ал біз ше? Сабағымызды менгеру үшін қаншама уақыт жұмсаймыз: „Тәнірім, айтқаның болсын!“ Сонымен қаншама уақыт? Шын мәнісіне келсек, менгере алдық па? Біздің жүрегіміз Құдайдың жүрегімен бірдей соға ма? Сондықтан дәл қазір: „Тәнірім, менімен не қылсаң да ерік өзінде!“ – деп ауызben ғана емес, жүрекпен де айтталық.

Менің қорқатыным, осы жолдарды оқып отырғандардың арасында өзіне қойылған сабакты оқымағандардың бар екені. Ал Жүсіптің бізді ұялтуға құқысы бар ма? Құдайдың қателік жібермейтінін, оның еркінің ізгілік пен шындыққа толы екенін біз акыры түсіне аламыз ба?

Осы сабакты менгергеннен кейін Жүсіппен не болды? Құдай оған кәмелетке жеттің деген куәлік беріп, қапастағы табалаушылық мектебінен босатты. Сөйтіп ол Мысырдың басшысына дейін көтерілді.

Шарап құюшы ұмытпағанда Жүсіппен не болар еді деп ойланып көрдің бе сен? Менің ойымша, шарап құюшы өзінің танысы бас аспапшыға барып: „сенде сүйкімді жас жігітке орын табылmas па екен? Мен онымен қапаста танысқан едім, енді оған жұмыс ізделеп жүрмін“, – деп айтуы ықтимал.

„Иә, – деп жауап береді фой сонда бас аспазшы, – бізге ас үйге ыдыс-аяқ жуатын кісі керек. Танысынды алып кел!“

Сөйтіп, Жүсіп ас үйге жұмысшы болып орналасар еді.

Шарап құюшының басқа біреумен, патша сарайындағы кеңсе басшысымен сөйлесуі мүмкін. Ананың: „Сенуге тұрарлық жігіт болса, бізде хат тасушы болып істесін!“ – деп айтуы мүмкін.

Олай болса, Жүсіп жеңіл-желлі шабарман болып шыға келеді фой.

Маңындағы адамдар оның болашағын өз қолдарына алса, Жүсіптің өмірі осылайша дамитын еді. Бірақ Тәнір оның өмірін өз қолына алғандықтан, ол Мысырдың басшысы болды. „Адамға үмітін артқан адамды қарғыс атады,

оның жүргігі Тәңірінен алшақтай бермек“, – деп Киеіл Жазуда дұрыс айтылған. Сондай-ақ онда: „Тәңіріне сенген, Тәңірдің рақымына кенелген адам игілікті“, – делінген (Ерем. 17, 5-7).

Киеіл кітап шындықты айтады. „Тәңіріне сенетін адамның игілікті“ екені бүгінде солай.

Сен сол адамға жатасың ба? Тәңірім, Жаратқан иемнің мектебінен Жұсіп менгерген сабақты бізге де менгеруге көмектесе гөр! Біз де бар болмысымызбен: „Сенің еркің болсын!“ – деп Құдай алдында айта алатын дәрежеге жетейік.

ӨЗІМЕ ЕШТЕҢДЕ ДЕ

Жаратылыстың басталуы 41,14-16

Жұсіп: „Тәңірім, сенің еркің болсын!“ – деп айту дәрејесіне жеткен түні, қапаста өмір бойы қалуға дайын екенін білдіргенде, перғауын екі рет ғажайып түс көрді. Бейне Ніл өзенінен жеті семіз сиыр шығып, жайылым жаққа беттегендей; олардың соңынан іле жеті арық сиыр пайда болып, семіздерін жалмап қояды. Осыны көрген перғауын оянып кетті.

Қайта ұйықтағанда екінші түсті көреді. Бидайдың бір сабағына жеті толық бас масақ шығыпты. Олардың қастарынан жеті бас арық масақ көтеріліп, әлгі дәндері толы масақтарды жұтып қояды.

Ертеңіне перғауын әмір етіп, көрген түстерін жорыту үшін көріп келдер мен балгерлерді жинап алды. Бірақ олардың ешқайсысы да жарытып ештеңде айта алмады. Сонда барып кенеттен шарап құюшы қапаста отырғанда, түсін жорып берген Жұсіпті есіне түсірді. Ол туралы патшаға айтып, ал анау болса Жұсіпті жедел алып келіндер деп бүйріқ берді.

Қандай хабар! Жұсіп патшаның алдына баруға тиісті.

Иә, бірақ мына түрімен патшаға қалай барады? Әуелі

шашын жөнге келтіруі керек. Үстіндегі киімі де кір, жыртық. Жаңадан киіндірген де абзал. Апыл-ғұптың дайындық үстінде патшаға неге қажет болып қалғанын ойлауға мүмкіншілігі болмады.

Міне, енді ол қабылдау бөлмесінде тұр. Патша достық пейіл білдіріп, жақын тарта сөйлемді: „Мен тұс көріп едім, бірақ оны жорып берер адам жоқ. Ал сен туралы түсті жақсы жориды деп естідім“.

Жұсіп қысқаша, бой ұсына айтты: „Бойыма біткен қасиет менікі емес; перғауынның ізгілігіне орай жауапты Құдай-дың өзі береді“.

Оның айтқан „қасиет менікі емес“ деген сөздері Киелі кітапта екі рет кездеседі. Оны бірінші рет Кедорлаомердің ізінде тұсіп құғындаудан кейін қайтып келген Үбраайымның аузынан естіміз. Содомның патшасы оған қарсы шығып: „қолға түскен адамдарды маған бер де, шаруашылық жағын өзіңде ал!“ – деді. Үбраайым „билиядай“ деп жауап қатты. Бұл „өзіме ештеңенің керегі жоқ“ дегені.

Сөйтіп, жаңағы уағызымен Үбраайымның: мен бұл жорыққа олжа тауып, баю үшін барған жоқтын. Лотты тұтқыннан босату үшін аттандым. Артынан сен Үбраайымды байытқан менімін деп айтпауың үшін, маған олжадан ештеңенің де керегі жоқ, – деп айтқысы келгені.

Жұсіпке байланысты оқиғада да бұл сөзді осылай түсінген жөн.

„Сен туралы түсті жақсы жориды деп естідім“, – деді перғауын Жұсіпке құрметпен. „Олай деп айта алмаймын, өзіме ештеңенің керегі жоқ“ деген келіспеушілік білдіреді Жұсіп. Мұндай қасиетті атақты қабылдай алмаймын. Түсті жору Құдайдың ісі. Сен мені тұс жори алады деп ойласаң, онда маған үлкен ізет көрсеткенің.

Өзіме ештеңенің керегі жоқ!

Егер шарап құюшыдан басталатын қапаста өткен уақытын Жұсіп үшін Тәңір мектебінің соңғы класы болып есептелсе, патшамен бетпе-бет жүздесуі, кәмелетке толу күәлігіне тап-

сырған емтиханы еді. Жұсіп мектепте неге үйренгенін көрсетуі керек болды. Ол бір ғана сөзбен жауап береді – „билидай“ – өзіме ештеңенің керегі жоқ!

Неткен маңызды, салмақты сөз!

Жұсіптің Мысырдың басшысы болып неше жыл тұрғанын есептегендерің бар ма? Перғауынның алдына шақырылғанда отыздың маңайында еді, қайтыс болғанда жұз он жасқа келді. Сонымен, сексен жылға жуық Мысырда басшылық етті. Ұзак уақыт! Осы аталмыш уақыттың ішінде қасиетті тарихты шежіре етіп жазатын адам Жұсіптің өмірінен бір де бір қатені, бірде бір ақауды тапқан жоқ. Неліктен олай? Ұзак, дұрыс басшылық етудің сырды „билидай“ – өзіме ештеңенің керегі жоқ деген сөзде жатыр.

Бір сәт елестетіп көріндерші: Мысырдың ұлықтары мен аксүйектері, атақты рулардың тұқымдары кенет шет жерлік, қапастан шыққан жас құлға, жаңа басшыға тап болды. Олардың әзер дегенде бағынғаны сөзсіз. Әрине, Жұсіпті орнынан құлатпақ та болды, құлаттар да еді, егер ол негізгі қағидасы етіп „өзіме ештеңенің де керегі жоқ“ деген түсінікті алмаған болса. Егер кейбір мансапқұмарлар сияқты: „Мен сендерден жоғарымын!“ – деп айтып жүрсе, онда наразылық өрбіп, шайқастарға апарған болар еді. Бірақ Жұсіптің тек мемлекетіне қызмет еткісі келді. Артынан, ашаршылық басталғанда, астық сатуды ол өз басшылығына алды. Патшаның оң қолы болса да бұл жұмысты өзіне лайықсыз деп санамады. Билік етуден гөрі қызмет етуді қалады.

Ал қызмет еткен адамға қарсы шықпайды. Билеушітестеушіге ғана қарсы көтеріледі.

Ұзак уақыт бойы Жұсіптің патша сарайының ұлықтарымен бейбіт өмір сүре алғаны – „билидай“ деген сөзді негізге алып, оны мықтап ұстанғаны.

Кең қоймалар тұрғызып, бүкіл Мысырды астықпен қамтамасыз еткенінде, оның қолынан үлкен ақша сомалары етіп жатты. Бұл ақшаның біразын Жұсіпке оп-оңай жым-

кырып қалуына болады фой. Ол басшы, оны ешкім де тексермес еді. Жүсіп бірақ жамандықтан аулақ, таза еді. Соңдықтан да біз үшін оның „Өзіме ештеңенің де керегі жоқ!“ деген қағидасы өте-мөте қымбат.

Сонымен, осы сөз расында да оның игілікті өмірінің кілті болып саналды. Ол осы дәрежеге жетіп, бар тұлғасымен дәл қазіргідей болып көрінбес еді егер де „билидай“ деген сөз оның бүкіл көңіл күйіне айналып, басшылық етпегенде.

Жүсіптің бұл көңіл күйі Исаның да көңіл күйіне парапар. Осы тұрғыда да Жүсіп Тәңірдің болашақ бейнесі болды. Піліптіктерге арналған хаттың екінші тарауына көңіл бөлелік. Иса ұрлық арқылы Құдаймен тең болмаймын деп, Өзін табалап, қарапайым құлдың бейнесіне көшіп, өле-өлгенге дейін бағынышты болуға мойын ұсынды. Бұл арадан да Исаның ұраны „Өзіме ештеңенің керегі жоқ“ екенін көреміз.

Қуанышты өмір сүрер еді, бірақ Өзі үшін масқараға сана-май айқыш ағашқа барды. Мадақтау әнін салған періштепермен, таң алдында жымындаған жұлдыздармен бірге болар еді, бірақ олардың бәрін тастап құрбанға шалынатын момақан Қозыға айналды. Өзіме ештеңенің керегі жоқ деген көңіл күйін осыдан-ақ көрмейміз бе.

Жазалау орны Голгофадағыдай Вифлеем үстінде де „Өзі-ме ештеңенің керегі жоқ!“ деген жазу бар.

Шөл далада арбаушы әзәзіл оған: „Мына тастар нанға айналсын деп айт!“ – дегенде, ондай іс Исаның қолынан келер ме еді? Әрине! Галилейдегі Каннда суды шарап еткениндей, Ол тасты да оп-оңай нанға айналдырар еді. Бірақ неге өйтпеді? Бірақ оны неге іstemеді? Себебі Өзі үшін Ол ешқашан ғажайып күшін қолданбайтын. Ешқашан!

Оның бар өмірі „билидайды“ – өзіме ештеңенің керегі жоқ, – дегенді уағыздаумен өтті.

Онда еске тұтатының: Сенушілер қауымының басшысы Исаның ой-тілегі қандай болса, Оның мүшесі болып саналатын біздің де ой-тілегіміз сондай болмақ.

Біздің әр қайсымыз Иса Мәсіх сияқты ойлай білуге тиістіміз.

Құдай осы ойлар бізді толықтырып, бізге басшылық еткенін қалайды.

Өзіңнен сұрап көрші: сенің өмірің „өзіме ештеңенің керегі жоқ“ деген түсінікке дайын ба?

Өзімшілдік, тойымсыздық мейірбандық сағатында да соңымыздан қалмайды, қасиетті дұфа орнына да кіріп кетуге тырысады. Көптеген Тәңір балаларының ішкі дүниесі „Тек мен фана!“ деп айғай салады. Оны: „Бәрі маған фана болса еken!“ деп те түсіндіруге болады. Олар барлық жерде қадірлі де, атақты болғысы келеді. Мәсіх жолын қуушылар қауымының бас дін қызметкерін сайлағанда, неге сонша алауыздық болады? Өйткені „Бәрі маған фана“ дейтін көптеген діни бауырлардың бар болуынан. Осы орынға, осы атаққа мен бірінші орындарын. Осы орынға ең лайықтысы менмін.

Олар діншілдердің жиналысына театр мен концерттерге келген сенбешілер сияқты келеді. Олар насиҳат алғысы келеді. Олар қызығушылық және діни эстетикалық құмарларын қандырғысы келеді.

Бірақ үнемі алғысы келетін, бәріне хақым бар дейтін адам ешқашанда жыламайды, ешқашанда көnlі көншімейді. Оған бәрі аз. Сүйіспеншілік те, күрмет-атақ та жеткіліксіз. Ілтипатты толық білдірмесең, әрине, күйіп-пысып ызаға бұлығады.

Өзімде бәрі болса еken деп жанталасатын бейшара бейбақтар бақыттан кенде қалып, еш уақытта разылық етпейді. Себебі олардың қажет еткенін, иемдегісі келгенін ешкім орындармайды да, бермейді. Мұндайлар туралы: тым асқақтап кеткен, тым көкірекшіл дейді.

Өзі үшін ештеңені қажет етпейтін адамды бәрі жақсы көреді. Оны қайда да болсын пайдалана аласың. Қызметте де, тұрмыстық жағдайда да, барлық жерде.

Өмірімізді жеңілдету, немесе ауырлату өзімізге байланысты. Маған бәрі болса еken деген ережені ұстансақ, біз оны

ауырлатамыз. Онда реніш пен наразылықтан арыла алмаймыз. „Билядай“ деген сөз көңіл-күйіміздің негізіне айналғанда біз оны жеңілдетеміз.

Баршадан құрмет пен ілтиппатты тілемеген адам, сол құрмет пен ілтиппат болмаған күнде де, ренжімейді. Ал бола қалса Құдайға мұндай қошаметі үшін рақметін айтады, үнемі қуанышта, разылықта болады.

Жұсіптің ұраны сенің де ұраның болғанына келісесің бе?

Құдай оны қалайды. Оның әр қайсымыздан күтетіні де сол.

О, егер де кіршіксіз сенімшілдік пен сүйіспеншіліктің рухы біздің де рухымыз болса! Қобалжымай, өзімізді қолға ұстап Пауыл айтқандай: „бізге Мәсіхтен рух тараған!“ – деп айта алсақ (1 Кор.2,16).

ТӘҢІРДІҢ АДАМЫ

Жаратылыстың басталуы 41,25-36

Перғауынның сөзіне Жұсіп: „Бойыма біткен қасиет менікі емес; перғауынның ізгілігіне орай жауапты Құдайдың өзі береді“, – деп кесіп айтқанда, ол патшаның сеніміне ие болды. Сонда ол көрген түстерін айтып берді.

Жұсіп бар ынтасымен тыннадады. Тек қана ынтасымен емес, Құдайға іштей патшаның түсін жоруға көмектесе гөр деп дұға оқыды.

Патша түсін айтып болғаннан соң Жұсіп: „Перғауынға Құдай не айтады, сол болады“, – деді.

Судан шыққан жеті семіз сиыр құнарлылықты бейнелейді. Бұл бейнені жиі көруге болады. Мысырдағы құнарлылық Ніл өзініне байланысты еді. Ол жағасынан шығып, айналасына жайылып кетсе, онда астық бітік шығатын. Мұндай жылдары мойнына дейін суда тұрған сиырларды жиі көруге болатын. Олар біраздан соң судан шығып, жайылымға беттейтін.

Бір сабактан көтерілген толық піскен жеті бидайдың басын мол астықтың болатынына жорамалдауы. Мысыр бидайында әдетте бір сабактан көп масақ шығатын. Оның осылай өсүіне топырақтың құнарлылығы қажет еді.

Жеті семіз сиыр мен бір сабактан тебіндеген бидайдың жеті масағы тоқшылық, молшылық жылын ескертсе, жеті арық сиыр мен бидайдың солған жеті масағы шығыстан соққан ыстық желдің аптабынан басталатын қуаңшылықты, аштықты бейнеледі.

Тұс жорамалы соншама анық, айқын болғандықтан патша оған бірден сенді. Иә, басқаша түсінудің қажеті де шамалы. Бұл көзбояушылық, өтірік емес. Бәрі сондай қарапайым да анық, нағыз шындықтың өзі.

Бұл қасиет Жұсіпке қайдан дарыған? Ол мұны қалай білді?

Соңынан патшаның өзі Жұсіпті бойына Тәнірдің Рухы дарыған адам деген. Олай болмағанда Жұсіп сарайфа шақырылған басқа да балгерлер, көріп келдер сияқты түсті жори алмас еді. Бірақ Құдай оны Рухына бөлеп, көрегендікке жеткізді. „Құдай не істегісі келгені туралы перғауынға аян беріп отыр. Түстің екі рет қайталануы шындықты дәлелдейді, Жаратқан иемнің көп ұзамай ойындағысын орындастыны хак.“

Одан әрі Жұсіпке сөзін жалғастырмаса да болар еді. Бірақ ол жалғай түсті. оқиғаның қалай дамитынына жалпылама түсінік берді де, болашақ апattan алдын-ала сақтанудың жолдарын айтты. Патша барлық жерлерде астық сақтайтын қоймалар салдыруға тиісті, ал халық болса оның әмірі бойынша бұл қоймаларға жиналған астықтың бестен бірін тапсыруы керек. Сонда ғана алда күтіп тұрған аштықтан қорғануға болады.

Бәрі түсінікті де, анық. Жұсіптің болжамдары мен тапсырмалары күмән туғызбайтыны ақиқат.

Патша тағы да қатты әсер алды. Иә, расында да солай жасағаны жөн. Бұл бірден-бір шындыққа апаратын жол!

Қасиетті Рухтың өмірдің түрлі жағдайларында да ақыл мен түсінікке жеткізетіні ғажап. Жұсіп мемлекет басшысына тән көзқарасқа қалай ие болған? Мемлекетті басқару өнерінен тәлім-тәрбие алған жоқ қой. Тұтқындағы құл ол қапастан жаңа фана шықты емес пе. Әрине, жоғары оқу орнына бармаса да, Тәңір мектебінде шындалған еді. Бойына Тәңір Рухы дарыған адам болатын. Ал Тәңір Рухы ақиқаттың пердесін ашып, Құдай сөзінің шындығын айта отырып, ішкі дуниендеңі қасиетті дұрыс пайдалана білуге үйретеді.

Скинияның (дүға оқитын орын) құрылышы аяқталғанда Құдай Мұсафа: „Көресің бе, мен Иудиннен тараған Уриев пен Оровтың баласы Веселийлі, тек соны тағайындан отырмын; мен оған Тәңір Рухын, ақыл мен түсінікті бердім, түрлі өнерге, алтын-күміс және мыспен жұмыс істеуді, тасты кесіп ағашты қашай білуге үйреттім“, – деді.

Веселийл Тәңір Рухына не үшін ие болды? Тасты өте шебер кесіп, жақсы балташы атанып, алтыннан сан-алуан өрнек жасау үшін.

Көшпілік Қасиетті Рух Құдай сөзін уағыздауға фана керек деп ойлады. Иә, қажет екені рас. Бірақ Тәңір ізгілігіне ақиқат тұрғысынан қарайтын бізге ол өз мамандығы-мызға қатысты жұмысты жақсы орындау үшін де керек. Жұмысты атқару барысында ептілік пен шеберлік аз, білімпаздық пен өнерпаздықтың да алатын орны үлкен. Сондықтан Қасиетті Рухсыз ештеңе де шықпайды.

Сен осыны білесің бе?

Өзінің шеберлігіне сеніп: „Туу, бұны тігу оп-оңай!“ – деген Құдайға сенуші тігінші болғанымен, керек кезінде кәдімгі шапанды да жөндеп тігіп бере алмайды. Ал егер „Құдайдың көмегімен“ десе, онда ойлағанына жетеді. Мениң бұған сенімін мол.

Іскерлік өміріңе байланысты оқиғаларда: „Бұл маған жақсы таныс, тез-ақ іліп алыш кетем!“ – деп мақтанушы болма. Талайлар өзіне-өзі тым сенгендіктен, дандайсығандықтан жеңіліс тапты.

„Менсіз ештең де істей алмайсындар!“ – деген Исаның сөзін тұра қабылдай біл. Бұл сөздің ақиқаттығына сен, оны сенің жұмысың мен сенің мақсатың дәлелдейді.

Жұмысты жаңғыз орындаушы болма. Саған өз көмегін, өз қамқорлығын ұсынған Тәңіріңе жалбарын. Оның ізгі ниетін пайдаланып қал!

Жүсіптен Тәңіріңе назар аударуды, оған қарай білуді үйренсең өмірің батаға ие болып, еңбегің жанады. Сонда барып сенің қадамың арқылы Пауылдың Тимотеге: „Тәңірдің адамы жан-жақты, қандай да болмасын жақсы істерге дайын!“ – деп жазғаны расталады.

Жүсіп тек қана бойына біткен дарынына орай емес, Қасиетті Рухқа берілу дәрежесіне де сәйкес сондай адам еді.

Егер де бәрі құр дарынға фана байланысты болса, онда ақырында сен: мен бұған дайын емеспін, мен мұны істей алмаймын, өйткені қабілетім жоқ, – дер едің. Бірақ бұл неғізінен Қасиетті Рухқа бағына білуіңе байланысты.

Маған жақсы таныс бір тігінші әйел бар болатын. Оның өз ісіне қатысты не сезімі, не қабілеті жоқ еді. Бірақ бойында Қасиетті Рух бар еді. Жұмысым жақсы жүрсе еken деп Тәңірге жалбарынатын. Ақыры ол табысқа жетіп, тігіншілік жұмысы ойдағыдай болып шықты.

Қымбатты оқушым, өз еңбегіңің барысында ізеттілікке иек арт. Сонда Құдайдың саған ақыл мен түсінікті, таным мен шеберлікті берері сөзсіз.

Құдай солай етеді. Оның осылай жасағысы келеді. Сен туралы ол: „Тәңірдің адамы жан-жақты, қандай да болмасын жақсы істерге дайын!“ – деп айтады.

ЖҮСІПТІҢ ЖОФАРЛАУЫ

Жаратылыстың басталуы 41,37-45

Патша аяқ астынан оны премьер-министр етіп сайлағанда Жүсіп не туралы ойлады еken?

Бұл қайталаңбайтын күн! Таңертең ерте оянғанында әлі қапаста жатқан еді; күнделікті әдетке айналған жұмысына кірісті, сонда кенет патшаға жетсін деген хабар келді; ал қазір перғауынның құрметінің арқасында бір бүтін ұлы халықтың, Мысырдың билеушісі болып шыға келді. Тәңірдің басшылығы арқасында тағдыры шыр айналып өзгере қалды.

Ашаршылық кезеңінен қалай өтудің жоспарын Жұсіп патшаның көз алдына жайып салғанда перғауын да, оның кеңесшілері де Жұсіптен басқа кісінің бұл жоспарды іске асыра алмайтынын бірден түсінді.

Патшаға Жұсіптің нұрлы тұлғасы, Тәңір Рухынан тараған ерекше қасиет қатты әсер етті. Сол әсердің бағыштауымен: „Сен жоғары дәрежеге ие боласың, сенің сезінді менің бүкіл халқым тыңдайды“, – деді.

Сөйтіп, Жұсіпке ең жоғары дәреже, бүгін де күшін жоймаған премьер-министрдің дәрежесі берілді. Соңан соң алған орнына байланысты арнаулы атақ белгілері тапсырылды. Патша саусағынан жүзігін алып, Жұсіпке ұсынды. Жұсіп осылайша ел басшылық билікке иеленді. Үкімге патша атынан қолын қойып, мөрін басуға құқысы болды. Айтқан тапсырмалары да патшаның тапсырмаларындей орындалуға тиісті еді.

„Естер“ кітабынан Артаксеркс патшаның жүзігін Аманға бергенін оқуға болады. Аман сонда еврейлерді қыру жөнінде үкім шығарды. Бұл үкімінің күшін жою патшаның да қолынан келмеді.

Бір, адамның қаңғыбас ұлы үйіне қайтып келгенде, әкесі оған өз жүзігін қолынан шешіп берді. Сөйтіп, ұлы әкесіне тиісті басшылыққа толық дерлік иә болды. Жұзікке берілген ерікке орай, әкесінің атынан қол да қоя алатын.

Сонымен, патшалық биліктің күөгері – жүзік Жұсіпке көшеді. Соңан соң оған зығырдан тігілген киім жапты. Мұндай киімді абыздар мен ақсүйектер киетін. Үстеріне негізінен жүннен жасалған мата емес, тек зығыр матасынан жасалған киім киетін.

Патша Жүсіптің мойнына оған деген ықыласының белгісі ретінде алтыннан жасалған шынжыр бауын ілді. Сол кездегі патшалар ғана ұсына алатын бұл ең жоғарғы белгі еді. Сонау бір қатерлі түнде әлде қандай сиқырлы қол қабырғаға „Мене, мене, текел, упарсин“ деген жазуды жазғанда Балтасар да алтын шынжырлы бауын Даниелге сыйфа тартқан.

Ал сонында Жүсіпті таныстыру үшін халық алдына алып шықты. Салтанатты шеру жасап, патшаның жеңіл арбасына отырып, қала ішімен жүріп өтті. „Бастарынды иіндер!“ деп айғайлады жол-жөнекей қызметшілері қаптаған жүртшылыққа. Бұл сөз мысырлықтар тілінде берілген, ал біз оны осылайша аудардық.

Бұл шындық па, әлде тұс пе? Бүгін таңертен тұтқындалған құл еді, ал қазір ел билеушісі, барша халық оған тізесін бүгіп, бастарын июде.

Осынау биікке Жүсіптің бұдан бұрын жетпегені қандай жақсы. Тәнір мектебін ол толық менгеріп, „Өзіме ештеңеңің керегі жоқ!“ деген қағиданы оқып-білді. Өйтпегендеге аяқ астынан келген даңқ пен атактан басы айналар еді.

Перғауынның өзі: „Мен перғауынын, ал сенің рұқса-тыңсыз бүкіл Мысыр жерінде ешкім не қолын, не аяғын қозғай алмайды!“ – деген еді. Оны жаңғыз сен ғана әмірші, билеуші және басқарушысын, барлық билікті мен сенің ғана қолыңа табыс еттім деп түсінуге болады.

Нағыз таңқаларлық нәрсе: патша Жүсіпті енді Цафнаф панеах деп атады. Ал Лютер оны „жасарын кенесші“ деді. Бұл атты басқалар „әлемді сақтаушы“ мағнасында аударды. Бірақ ең дұрыс аударма бойынша „Тірілердің тамағы“, немесе „Өмір наны“ („Өмір астығы“) деу керек.

Бұл есім лайықты қойылған емес пе? Жүсіптің дана басшылығы „тірілерге тамақ“ болды емес пе? Жүсіпсіз Ханаан сияқты Мысыр да аштық ауыртпалығын басынан кешірер еді. Сондықтан оның „әлемді сақтаушы“, „өмірдің наны“ екені рас.

Жүсіптің Иса бейнесін ғажайып қайталайтыны туралы

қайтадан айтуым керек пе? Жұсіпті қапастан шығарып алыш, таққа көтергендей Құдай Өз Ұлын да өлілер арасынан тірілтіп алыш, аспанда Өзінің оң жағына отырғызды. Бүкіл Мысыр халқының билеушісі, әміршісі болған Жұсіптей Иса да: „Аспан мен жер үстінде де маған биліктің барлық түрі берілген“, – деді. Өзі басқарып отырған елдің „жоғары үағызына“ айналған Жұсіптей Иса да біздің тәнімізben, сана-мызбен бір болған мәңгілік Сөзге ие болды. Ең ақыры Жұсіпті нанфа баласа Исаңың одан да артық нан болғаны емес пе? Ол – нағыз ақиқат, аспаннан түскен нанымыз.

Сен Оны құрметтедің бе? Сенің жүргегің, сенің өмірің Оның қолына табыс етілді ме?

Жұсіптің бүкіл Мысырдың басшысы болғаны мұнда үш рет айтылған, Иса да соны қалайды, Ол да барша сенің жүргегіңдің әміршісі болғысы келеді. Оның қанатының астына бәрін тапсырып үлгердің бе? Бойында Оның қалауынан тыс қалған сала жоқ па? Өкінішке орай, Тәнір балаларының көпшілігі әлі Оған толық бағына қойған жоқ. Ішкі дүниелерінде жасырып қалғандары көп.

Жұсіптің алдында: „Бастарыңды иіндер!“ деп жар салынған.

Иса патшаңды құрметтеп, Оған өзіңдің жүргегінді түгел бағындырығың келе ме? Сенен жалынып сұраймын, солай ете гөр! Жұсіптің басшылығы арқасында Мысырға қандай жақсы болса, Исаңың билігін қабылдаған саған да сондай жақсы болады; жо-жоқ, бір емес – мың есе дер едім.

Бірақ Оған өзіңдің жүргегінді түгел бер! Сонда барып оны әлемді Құткарушы, өмірдің наны деп түсінесін.

ЖҰСІПТІҢ ЭЙЕЛІ

Жаратылыштың басталуы 41,45

Жұсіпке бір құрметтен бір құрмет көрсетіліп жатты. Оған баспана етіліп тамаша сарай берілді. Қонақ қабылдай-

тын сәулетті бөлмелер, хош иісті қарағай мен пальмалар өскен бауы бар аулаларға алмасатын. Бөлмелер асқан байлықпен жабдықталды. Қайда барсаң да, түрлі кесінді оюлармен, алтынмен безендірілген, ағашпен қапталған керемет сұлулықты көресің. Мәрмәр мен қоладан жасалған биік ыдыстардан хош иіс аңқиды. Еденде шығыстық түрлі түсті кілемдері мен дала тағыларының терілері жатыр. Жұсіп осы таң қалдыратын сұлулықтың иесі еді. Бұрын өзі құл болған, оның енді көз қызығының әр-бір қимылын қалт жібермей күтіп тұрган көп құлды бар.

Бәрі салтанатты, бәрі әдемі, тек толық бақыт үшін бірғана нәрсе жетіспейтін. Осынау кең сарайдың ішінде Жұсіп өзін жаңғыз сезінді. Сөйлесетін, көnlіп бірге көтерісетін адамды іздеді.

Өзінің қазіргі дәрежесіне сай келетін әйелді ол қайдан іздеп таппақ? Бұл уақытқа дейін құл, тұтқын болып келді.

Көп ұзамай патша оның жүргегінің қалауын да орындады. Әйелдікке оған Илиополь абызы Потифердің қызы Асенефанды берді. Илиополь көне қалалардың бірі, гректердің айтуынша, мұнда елдегі абыздардың ерекше пұрсатты жағдайға ие болғандары тұратын. Ал Потифер бас абыз болып саналатын. Сонымен, Асенефандың ең пұрсатты жағдайға ие болған отбасынан шыққанын көреміз.

Жұсіп құл болып жүрген кезіндегі қожайынының аты Потифар фой, ал қыздың әкесінің де солай атануы тегіннен тегін бе? Жоқ, әрине. Жұсіп Потифардың әйелінің сиқырлы қылымсуын жеңіп шыққанын еске алған патша оған Потифердің игі қылышты қызын әйелдікке берді.

Жұсіптің сол жолы алдау-арбауға берілмегені қандай жақсы болған. Өйтпегенде, күнәға батқан ол әйелінің жүзіне тұра қарай алмас еді.

Құдай бәрін орынды орнына қоя білді. Шеберлікпен орындаш шықты.

Бірақ Асенефа пұтқа табынатын емес пе екен? Оның есімі Нефа құдайының қызы деген мағнаны бермей ме?

Иә, Асенефа пүтқа табынатын. Міне, бұл жағдайда да Жүсіп Тәңір бейнесінің ғажайып көшірмесі емес пе?

Дінді уағыздайтын алғашқы дұғадан біз: „...бұл әлемнен сенің маған бергендерің“ деген сөзді жиі кездестіреміз. Құтқарушы Экесімен әңгімелескен салтанатты сафатта Тәңірдің шәкірттері осылай: „...Сенің маған бергендерің“ деп аталды.

„Аян“ кітабында да Экесінің баласына бергендерінің аттары айтылған. Онда оларды „Оның қалындығы“ дедінген.

Таңқаларлық ой! Даңқының шырқау шыңындағы Ұлы күш пен қуаттың тағында отырып, Қалындығын сағынады. Қалындығы – оған сенімін дін арқылы көрсеткен Шіркеу.

Шіркеу – Оның қалындығы! Оған оны Құдай силаған.

Сондықтан да Құдай Ұлына қалындықты дайын ету үшін Елиезерді – Қасиетті Рухты жібереді.

Сенің жүргегінді, сенің махаббатынды қабыл алып, Тәңір Ұлына „иә“ деп келісімінді бергенінді есту ниетімен, Ол саған келіп, есігінді қаққан жоқ па? Сен оның тілегін орындадың ба?

Бүкіл жүректердің бәрі Оған ұмтылуда деп ойлауға бола ма? Адамдардың бәрі өздерінің Мәсіхтің Шіркеуіне қатысты болуын абырай деп санай ма?

Дегенмен, жоқ! Бір қасық жасымық көжесі мен тән құмарлыққа бола бұл абырайдан бас тартатындар көп қой. Олар үшін Асенефандың ізеттілігі мен игі қылышынан гөрі Потифардың әйелінің сыйлқымдығы артық.

Бірақ адамдар Исаңың өздерін қалай жақсы көретінін білсе!

Исаға ғана бағынышты болу, Соны тыңдау, Сонымен акылдасу барып тұрған рақат емес пе?! Бұл қалындықтың бақыты; Онсыз – жүргегінің шын қалаулысының ештеңе істемеу оған расында да қуаныш әкеледі.

Қымбатты достым, сен Тәңірмен осындағы қарым-қатынастасың ба? Өз жүргегің мен өз махаббатынды Оған беріп үлгердің бе?

Онда құмарлығың мен құштарлығынды сырып таста да,

Тәніріңе жалбарын. „Тәнірім, менің осылай еткеніме келісесің бе?“ – де. Тәнірдің көңлін қалдыратындағы ештеңе жасамайтының рас қой?

Егер сен Оның көзінен көз алмайтын болсан, Оның еркіне бой ұрсаң, онда анықтықтан анықтыққа жетіп, Жаратқан иемнің бейнесіне көшіп, ақыры үйлесу тойында: „Аллилуия! Құрбандыққа шалынатынның үйленетін кезі келді, Оның қалындығы осы сәтке өзін дайындалған қойды!“ – деп аспанға естіртеп айғай сала аласың.

О, қалындығы өзін дайын еткенін Тәнір ұзақ күтті фой. Ал анау болса жер үстінің күнделікті күйбенін қажып, дайындалуды ұмытып үйқап кетті.

Қымбатты достым, құрбандыққа шалынатынның үйленетін кезі туғанда оған сенің қатысқың келе ме? Сол тойда болсам дейсің бе? Бізді бар болмысымен суюшімен бірге болып, Онымен үйлесім табу үшін өзінді дайын ет!

Қасиетті Рух арқылы Құдай біздің махаббатымызды өзінің ұлына иемденеді, үш бірліктегі ол әр қайсымыздың ішкі дүниемізді меңгерсем дейді. Неткен ізгілік! Неткен қайырымдылық!

Әкесі сені Өз Ұлына беретін мезгіл жетті ме? Оның шақыруын қабыл алып, келісімінді бердің бе?

Құрбандыққа шалынатынның некесіне дайынсың ба? Дайын екенінді білесің бе?

ДҮРІС СЫЙ

Жаратылыстың басталуы 41,45-57

Бірде бізді Құтқарушы азда шыншыл адам – көpte де шыншыл болады деп айтқан еді. Бұл ақиқаттың Жүсіптің тарихымен де дәлелденетінін байқаймыз. Ол кішкене, болымсыз істе де берілгендей көрсетті. Потифардың үйіндеңі жұмысын да беріле атқарды фой. Жүктелген аз ғана қызметтің өзін сеніммен, шешіле орындағы. Әрбір жасаған

жұмысын тек Потифардың жанары емес, Тәңір де бақылап отырғанын білді. Сондықтан да құлға қатысты ең қолайсыз тапсырманы да үлкен ынтамен орындаады.

Осы ынтаны Жұсіп қапаста да берік ұстанды. Қандай да болмасын лайықсыз жұмысты, тіпті өте жаманын да, асқан ұқыптылықпен атқарды.

Потифардың үйі мен қапаста сенім беріктілігін көрсеткеннен кейін Құдай оны бір патшалықты билеуші етіп қойды. Бұл шын беріле білгені үшін ұсынылған сый еді.

Аз фана төңіректік адам қоршауында да іскерлік пен ынталықты көрсеткен ол, қазір бүкіл ұлан-файыр елдің тұрмыстық халі жүктелгенде де іске шын сенімділікпен берілгенде паш етті. Ел билігін „жасыл мауытпен“ көмкерілген стол басында отырып жүргізген жоқ. Барша Мысыр жерін аралап шықты. Бәрін де өзі көріп, білгісі келді. Қол астындағы қызметшілерінің жеткізген хабарларының төңірегімен шектелмеді. Елдің төрт бұрышы бірдей көзінің алдында тұрғанын қалады.

Барлық елді мекендерде жүргізетін шараларды өзі белгілеп отырды. Қалаға жақын орналасқан егістіктің көлеміне қарай, астық қоймаларын үлкен, не кіші етіп салғызды. Астық сататын базарлардың менгерушілерін іздеп-тауып, осының қолынан іс келеді-ау дегендерін фана ірікте алды.

Бар өмірі енді кілең бітпейтін жұмыс болып кетті. Истің сәтті-сәтсіз болуы берілген тапсырмының дұрыс орындаудына байланысты екенін білді. Бүкіл елдің тағдырын ойдағыдай тұрғызылған астық қоймалары шешетін болды. Мүмкін ол көптеген еріншектерді жұмысқа салғанда көп қиыншылықтарды жеңуіне тұра келген шығар. Мүмкін сол кезде де құрылыштардың не мақсатпен жүргізіліп жатқанын түсінбей сенімсіздік білдіргендер де кездескен болар. Сол себепті барлық жерде Жұсіптің өзі қатысып, тапсырмасының қалай орындалғанын көруге тиісті болды.

Астық мол шықсан жылдары қоймаларға елдің тұс-тұсынан келіп жатқан астықты жинау керек болды. Жұсіп

астық қабылдаудың ойдағыдай екенін білу үшін бір жерде болысымен, екінші жерге аттанатын. Дамылдау, тыныштық деген болмады. Басқалар еңбек еткенде, ол дем алмады. Иә, шын мәнісінде Жұсіп „мемлекеттегі бірінші қызметші“ еді.

Біз Жұсіптен тағы да әлде неге үйрене алмаймыз ба? Үлкен дарындардың қолынан көп нәрсенің келе бермейтінін білеміз фой. Өмірде мықтап ұстанған дәрежеміз де бәрін шеше қоймайды. Бәрі шын берілгендердің туындаиды. „Үй тұрғызыушылардан қалайтынымыз, олардың әр қайсысы шын берілген болсын“ (1 Кор. 4,2).

Даниелдің көзін жоюға ұмтылған жаулары да ол жөнінде: „Мейлінше берілген!“ – деп куәлендіретін (Дан.6,4).

Мұса туралы да: „Оның үйіндегі ең берілген жан Мұса!“ – деп айтатын (Евр.3,5).

Ысмайл жөнінде Тәңірдің сенімді пайғамбары делінген. Бүкіл Израилді мойыннатқан ол (1 Пат. 3,20).

„Мениң назарым жердегі сенушілерде“ (Жырл.100,6) .

Өз ісіне шын берілгендерге өмір тәжі дайын. Олар Жұсіп сияқты патша болмак; бірі бес қалаға билік жүргізсе, екіншісі он қалаға билік жүргізеді.

Қымбатты достым, сенен сұрайын дегенім: беріле сенесің бе? Берілгендердің дәлелін достарың мен қастарыңнан, Құдайдың өзінен байқаисың ба?

Ондай дәлелге ие болғаның жөн.

Ұлы құрметке жетесің бе, әлде белгісіз болып қаласың ба, бәрі бір. Тек өзіңе Құдай жүктелген ауқымның көлемінде, Ол саған табыс еткен істе берілгендей көрсетсөң болғаны.

Шын берілдің бе? Азда да, көpte де шын берілдің бе? Тәңірдің баласы тұрғысында жер үстіндегі күнделікті міндетіңе беріле кірісесің бе?

Жұсіпке қара да берілгендейтің қандай сый-құрметке ие болатынын көр. Егер ынталы болсаң, Құдайға берілгендейтің сақтасаң сені де тәж күтіп тұр.

Жұсіпке берілгендейтің үшін тағы бір сый бар еді. Поти-

фардың әйелі өзін күнәға батырмақ болғанда, ол қожайынына берілгендіктің сенімін көрсегетті, сол үшін бақытты бас-панафа, отбасылық сәтті тұрмысқа ие болды.

Ашаршылық кезеңі басталмастан бұрын әйелінен екі ұл туды. Тұнғышын Манассия – „Ұмыту әкелуші“ деп атады. Себебі: „Бұқіл бақытсыздық пен ата-анам өсірген үйді Құдай есімнен шығарып, ұмыттырды“, – деп жиі айтатын. Иә, әйелін құшып, тұңғышын сүйіп қуанышқа бөлөнген ол туған-туысын ұмытқан еді, бірақ өткен жылдардың қыншылығы мен ауыртпалығы есінен шықпады.

Ол өз бақытсыздығын ұмытты. Алайда сонымен бірге әкемнің үйін де ұмыттым дейді фой. Сонда әке сүйіспен-шілігін үнемі есіне тұтпағаны ма? Өз ағаларынан әкем тірі ме деп сұрамаған ба? Әлде әкесі Мысырға келгеннен кейін ғана көңілі қөншіді ме екен?

Бұл арада ол әкесінің үйіне қатыстының бәрін ұмыттым демейді. Жылдар өткеннен соң бөтен жерден баспана таптыртқан сондағы өзіне жасалған қасіреті мол қияннатты есімнен шығардым деуден де аулақ. Ұзак, көзін алмай қарады емес пе ол алысқа, әкесінің шатырын мұңая ойына алып. Қазір сапарға шыға қалса үйіне, отбасының құшағына асыгады. Қазір туған әйелінің жанында, кішкене ұлының бесігінің қасында.

Жүсіптің отбасында дүниеге екінші ұл да келді. Атын Ефрем – „Жемісті“ деп қойды. „Осы жат аймақта қасірет шегіп жүрген мені Құдай жемісті етті“, – деген еді Жүсіп.

Бөтен, шет жер бірте-бірте оны сүйсіндіре тұсті, өйткені Мысыр әйелі мен балаларының туған отаны фой.

Бақытты еді Жүсіп! Тәңір силаған ізгілікке толы баспана мынау. Өз үйін анадайдан көріп, аяғын тез-тез басып алға ұмтылатын адам – бақытты. Бақытты үйді жырлатушы қандай асыл сөздермен суреттейді: „Тәңірден қорқып, Оның жолымен жүргендердің әрқайсысы бақытты! Өз қолынмен жасаған еңбегіңнің жемісін жейсің; бақытты және шапағаттысың; әйелің үйде жемісті жүзім бұтағындей; ұлдарың

дастарханыңың айналасындағы Зәйтүн ағашының бұтақтарындай. Тәңірден қорыққан адам осылай иглікке, рақатқа жетеді!“ (Жырл. 127,1-4).

Отбасының шын бақытқа жетуі де сенушіліктің игілігі. О, егер, Тәңірдің барлық балалары олардан Құдайдың тек сенушілікті күтетінін білсе фой. Біз бұл арада ері мен әйелі арасындағы сенушілікті, жұмыстағы алған міндетің мен уәдеңді орындаудағы ынтаzarлықты, Құдайға берілуді, Тәңіріңің артынан шын сенімшілікпен еруді айтамыз.

Зор сүйіспеншілікпен, асқан маңғаздықпен бүгін саған ескертетінім: Құдай сенушілікті күтеді! Құдай ынтамен берілгенге батасын жолдайды.

ЖҮСІПТЕ АСТЫҚ БАР

Жаратылыштың басталуы 41, 55-57

Егін бітік шыққан жеті жыл да өтіп кетті. Мысыр халқы осы қайырымды жылдары үнемдікті ұмытып, астықты болашаққа аз сақтады. Адамдар молшылыққа қуанып, ертеңін ойламай өмір сүрді. Жүсіптің қор жинап ұлгіргені қандай жақсы болды. Өйтпеген болса халқы қыын жағдайға ұшырап еді. Адамдар аштықтан қырылышп қалатыны сөзсіз. Бірақ Жүсіп қоймаларды астыққа толтырып қойды; қыыншылық енді қауышты емес.

Мысырлықтардың сақтап ұлгерген болмас қорлары тез арада желініп, таусылды. Аштық адамдарды қыса түсті. Сонда барып халық Жүсіптің бүйрығы бойынша өткен жылдары астығының бестен бірін беріп тұрғанын есіне алды. Сондықтан олар перғауынға келіп, көмек сұрап жалынды.

Перғауын бірақ барлық басшылықты Жүсіптің қолына берді. Жүсіпсіз ештеңе де шешілмейтін болды. Сол себепті перғауын оларға: „Жүсіпке жетіңдер, ол не айтса соны істендер!“ – деді.

Сөйтіп Жұсіп перғауын мен халықты бір-бірімен келісті-рушіге айналды. Құдайдың жүрегіне апаратын жол Құтқаруши арқылы өтетіндей, қарапайым халық перғауынмен Жұсіп арқылы байланысты болды. „Мен байланыстыруши жолмын, мен шындықтын және өмірмін; Мен арқылы болмаса, Әкемізге ешкім келе алмайды“ – деді Иса.

Бірақ Мәсіх жолын қуушылардың көбі мұны білмейді, бұл туралы ойламайды да. Олардың ойынша Исаны айналып өтуге болады. Олар Құдай туралы, Аспан Әкесі жөнінде әңгімелейді, бірақ Исаны қайда қоярын білмейді. Олардың түсінктері бойынша Құтқаруши мен Сақтаушының қажеті шамалы.

Қандай алданушылық бұл! Егер біз Құдай алдында ізгілікті, тазалықты, ақиқат жолына берілгендейті көрсете алатын болсақ, Ол өз Ұлын өлімге қимас еді рой. Бұл қасіретке толы, ауыр құрбандықты жасамас еді.

Әкеміздің жүрегіне Иса арқылы ғана жетеміз, одан басқа жол жоқ. Тек Иса Мәсіхтің көмегімен ғана Құдайды Әкеміз деп қабылдаймыз. „Мен – байланыстыруши жолмын!“ – дейді Иса. Иә, Мен – сен жүре алатын жалғыз ғана жолмын. „Мен – кіретін есікпін!“ – дейді сонан соң. Сондықтан да кімде-кім осы аталыш жолмен жүрмесе, көрсетілген есіктен кірмесе, ондай адамның алдында Құдайдың әкелік жүргегі мәңгілік жабық.

Құдай мен Аспан Әкесі жөніндегі болар-болмас түсінігі мізben біз ештеңеге жете алмаймыз. Құтқарушыны есепке алмай, Келістірушіні айналып өтетіндер өздерін ізгілікten жүрдай етеді.

„Жұсіпке барындар!“ – деп перғауын мысырлықтарды жібергеніндей Келістірушіні айналып өткісі келген адамдарды Құдай: Исаға жетіндер деп жөнге салып отырады.

Мысырлықтар перғауынды тыңдал, Жұсіпке барды. Жұсіп қоймаларды ашып, оларға тілеген астықтарын сата бастады.

Сөйтіп, үрей тудырған қорқыныштары басылды. Ашық-

пайтындары сөзсіз. Жұсіптің жинаған үлкен қоймаларына қарап, жүрт: „Жұсіpte нанға жетерлік астық бар!“ – деді.

Іә, Жұсіп мол қор жинады. Оның молдығы сонша – жеті жылға созылған ашаршылықта да Мысыр халқына жететін болды; артығын көрші елдер алды. Бірақ қанша көп болса да шегі бар ғой. Ашаршылық біткенде Жұсіптің қоймалары да бос қалды.

Бірақ ешқашан таусылмайтын қоймалардың бар екенін ұмытпаңдар. Бұл аспандағы Жұсіптің қоймасы. Исаңың қарамағындағы ол қоймадан көптеген кісілер қажетін алып та үлгерді, соған қарамастан әлі де: Исаңың беретін наны жетерлік деп мақтана айта аламыз. Игілігім мен берерімді пайдалан деп шақырады ол бізді, алайда оның шақыруын бәріміз бірдей қабыл ала бермейміз. Рас, бәріміз емес!

Неліктен Тәңір балаларының басым көвшілігінің өмірі өте кедей? Неге оның жеңілісі көп? Себебі олар Иса игілігін толық емес, аз пайдаланады. Исаңың оларды нанмен көрек-тендіретіні туралы аз ойлады!

Қымбатты оқушым, Исаңың бізге беретін наны бар екенін сен де ойлашы! Онда бізге қажетті нәрсенің бәрі бар. Егер жау қоршауында қалған саған батылдық керек болса, оны Исадан табасың. Егер маңындағылардың сұқпа сөздеріне жауап бермеу үшін момындықты іздесең, оны да Исадан кездестіресің. Қайфы-қасіретінді де басу Исаңың қолында. Махабbat, қуат, ақша, тағы да басқа қалағаның бар болса Исадан сұра, Исада бәрі бар!

Сенің тәнің мен сенің ішкі дүниене қажеттіңдің бәрін Жаратқан иеңнен табасың. Біз өмір жолымен кедейліктің жүгін арқалап журмеуіміз керек. Неден де болмасын жетіс-пеушілікті сезінбейік. Бізді қолдаушы Тәңіріміз өте бай. Исада нанның қоры мол екеніне барынша сенгеніміз жөн.

Таңың атқанынан кештің батқанына дейін оның байлық қорына келіп, аларынды алып, қажетіңе пайдалануыңа болады! Исада бәрі де бар!

Сенбеушілік пен өкініштік білдірме. Өкпе айтып, бекер-

ден бекер жылама. Жетіспестік пен ашаршылыққа мойын ұсынба. Исада бәрі бар!

КІНӘ АУЫРТПАЛЫҒЫ

Жаратылыстың басталуы 42,1; 45,3; 50, 15-17

Жүсіптің бауырларының өмір сүру халы өте нашар еді. Біз бұны жазбаға назар бөліп, оқып шыққанда түсінеміз. Олардың өмірі неге сонша жаман еді? Себебі кінә ауыртпалығы үстерінен басып, шашитын.

Жүсіпті Дофандада құлдыққа сатқандары туралы ағалары өзара әнгімелемейтін. Оны әнгімелеп қайтеді? Болған оқиға жөнінде күні-түні ойлайтын. Қартайған әкесінің қасіреттен бүгілген тұлғасын, шашына ақ кіріп, ерсілі-қарсылы әжім сыйықтарымен шимайлланған жүзін көргенде: бұған біз кінеліміз деп қиналатын.

Дофандада сол бір қаралы сағатты ұмыту үшін олар не қаласаң да берер еді, бірақ құрғыр сол сәт ұмытылмай-ақ қойды.

Жылдар өтті. 22 жыл. Алайда Дофандада от болып басылған зілзал сағат қайта-қайта ойларында тіріліп, кешеғана болғандай әсер қалдыратын. Қаншама уақыт өтсе де, ескі оқиғаның жарасы жазылған жоқ.

Күнәмен жаншылған өмір барып тұрған бақытсыздыққа ие болады еken ғой.

Мысырда болған ашаршылық Ханаанға да әсерін тигізді. Ол күн сайын күшіне еніп, қыса түсті. Жиналған қор да азая берді. Жақыптың балалары „Мысырдағы басшы қамқорлық жасап, астық сатқызатын көрінеді“ дегенді баяғыда-ақ естіген. Бірақ бұл туралы олардың әнгіме қозғалылары келмеді. Мысыр! Онда Жүсіптің болуы әбден мүмкін. Оны құлдыққа сатқан олар. Кенеттен-кенет кездесіп қалулары ғажап емес. Жо-жоқ, өткен күнәнің тұра көзіне қарағанша, аштыққа беріліп өлгендері артық.

Мысыр туралы олар айтпаса да, бірде әңгімені Жақыптың өзі бастады. Бірде ол ұлдарына Мысырдан астық сатып алуға болатынын айты. Байқағаны – „Мысыр“ деген сөзді естісімен балаларының бір-біріне қарағаны. Соған көnlін белгендегі қарт: „Неге елең ете қалдындар?“ – деп сұрады балаларынан. Аналар жауап қатпады. „Мысыр“ деген сөздің жүректерінде қайғылы әсер тудыратынын, „Мысыр“ деген сөздің өткендерінде ауыр күнәнің айғасы екенін айта салуға батылдары жетпеді.

Бейшара жандар!

Бірдене айтса етті. Экесінің аяғына жығылып, бәрін актарса ғой. Бірақ олар үндемеді. Мойындарындағы ауыр жүкті қайта арқалады.

Содан кейін белгіленген уақыт та жетті, олар Мысыр басшысы Жұсіптің алдынан шықты. Жұсіп оларды таныды. Өзін қалай қинағандарын есіне түсірді. Ағалары Дофана жақындаған оны көргенде бір-біріне: міне, көріпkel келе жатыр десті; бәрін тіміскілеп біліп, үстімізден әкемізге өтірікті судай тамызасың деп пәле жапты.

Ал қазір ше? Қазір басшылық Жұсіптің қолында; сендерді әдейі жансыздар ретінде жіберген, Мысыр жерінің байлығын көзден тыс жүріп білмексіндер деп жалаға қалдырып отыр. Ағалары болса ешқандай кінәларінің жоқтығын, мұнда астық сатып алуға келгендерін айтып ақталуда. Жұсіп өз сөзінен қайтпай: тыңшысындар деді.

Енді олар өз пікірлерін бір-біріне ашық айта бастады. Қасындағылары тілдерін түсінбейді деп ойлады. Әке үйінде „ләм“ деп ауыздарын ашпайтыны – әңгімелерін біреу естуі мүмкін деп қорықты. Мына мысырлықтар жерінде мазаларын алатын өткендерінде оқиғаны жаңғыртып, кішкене жеңілдік таппак.

„Біз оның жанының қиналғанын көрдік қой, босатындар деп жалбарынды, тындарынадық. Енді, міне, сонымыз үшін пәлеге тап болдық“, – деді олар бір-біріне.

Ал Рувим ағаларына жауап ретінде: „Әкемнің сүйіктісіне

қарсы тұрып күнәға батпаңдар дегенім қайда? Сендер құлак аспадыңдар, мойнымыздығы оның қаны енді бізді жазаға тартып отыр“, – деді.

Олардың өмірінің сәнін кетірген кінә ауыртпалығы міне, естіп алдарын кес-кестеді. Осы араға келгенде олардың жүргегіне, олардың өміріне терең бойлауымызға болады.

Бейшара жандар!

Мысырға екінші рет келгендерінде Жүсіптің құшағын ашып, өзінің кім екенін таныстырған сәтіне кезікті. „Мен Жүсіппін, әкем әлі тірі ме?“ – деді ол толқып.

Кіші інісін көріп, оның тірі қалғанына қуанудың орнына олар қорқып қалды. Неге қорықты? Кінәнің жандарына батқан ауыртпалығынан болды.

Жүсіп? Бұғін бір елдің басшысы? О, онда ол оларды сөзсіз жауапқа тартады. Енді құнәлары үшін жазаланбақ. Енді Жүсіп Дофандары сол бір қайғылы сағат үшін кегін алады.

Ағалары Жүсіптің көзінен үшқындаған сүйіспеншілікті, өздеріне қарай айқара ашылған құшақты көрmedі. Себебі қатты қорқып кетті, жүректерінде жасаған кінәлерінің ауыртпалығы зіл болып жатты.

Бейшара жандар!

Жүсіп сендерді кештім, бәрін де ұмыттым десе де ағалары оған сенген жоқ. Рас, сыпайылық үшін сенген кейіп танытты, бірақ іштеріндегі қобалжулары басылған жоқ. Кінәлерінің ауыртпалығын өмір жолымен одан әрі арқалай берді.

Оны Жақып қайтыс болғаннан кейін де көреміз. Қорқыныштарының басылмағанын олардың: „Егер Жүсіп қастандық ойлап, өткен оқиға үшін өшін алғысы келсе, қайтеміз?“ – деген сөздері де растайды. Сондықтан да Жүсіпке арнағы жіберген кісі арқылы: „Жүсіпке айтыңдар: оған жамандық істеген ағаларының күнәсін кешіре көрсін. Экесін қолдаушы Құдайдың құлдарының да күнәсі кешірілетін болсын деді сенің әкең қайтыс болар алдында“, – деп хабарлады.

Жұсіп осы өзіне жолданған хабар-сөздерді естігенде өксіп жылады.

Оның жылағаны несі?

Ағаларын баяғыда-ақ кешірмеп пе еді? Оларға кешірдім деп айтқаны қайда. Бірақ аналар сенбеді ғой. Оның жанына қасіретін тигізген осы жағдай еді.

Қасіретті қозғаған тағы бір нәрсе бар. Ағаларының сөзінен түсінгені – олар өмір бойы жасаған кінәлерінің ауыртпалығының астында болыпты. Бар тағдырларын бақытсыз бейшара өмірлеріне бағыштапты.

Жұсіп көз жасын төкті. Егер ағаларының оларды кешіргеніне сенбегені Жұсіпке қайғы әкелсе, онда Құтқарушының адам баласының оның кешірімін қабылдамауы екі есе қайғы түсіреді ғой. Тәңір бізді қуанышта, еркіндікте көргісі келеді, бірақ күнә жүгін жылдар бойы шалдығып-шаршап арқалап келе жатқан кісілер баршылық. Құтқарушыға олардың зор қасірет тигізетіні сөзсіз.

Қадірменді оқушым, кінә жүгі өткенде өміріңе әлі де салмағын тигізіп жатқан жоқ па? Сенің өмірінде де адам мен Құдай алдында күнәфа батырған Дофандағыдай қайылысафат болды ма?

Кінәнді жасырмай-ақ қой. Оны қорғап қалуға тырыспа. Егер сөйтсең – нағыз бақытсыз болғаның. Дұға оқып, кінәнді жасырмай ақтар. Не жасағанынды айт. Истерінің бәрін Құдай мен адамдардың алдында жөнге келтір. Иса саған қарсы құшағын ашып отыр. Иса сенің бойындағы жүкті женілдетсем дейді. Осы мазасыз тіршілік кешкен қалпында оның алдына барғың келмей ме? Жүгінді одан әрі арқалай бермексің бе? Бұл жүрісің қанша уақытқа созылмақ? Өле-өлгенше дейін бе? Соңда ғана ағынан жарылмақсың ба? Түсіндім, түсіндім. О, бейшара пақыр неме, жанынды жеген, ойынды мазалаған, ешкімге ашылмаған күнәнді тек бүкіл өмірінді құртып барып мойындақсың.

Бірде орман ішінен оққа үшқан жас жігіт табылды. Әлгінің өліміне қатысы бар деп бір жасөспірімді жазғырды.

Ол ұзак тергеуде болып, артынан босатылды. Жылдар өтті. Сол аймақта тұратын белгілі бай адам ауырып, өлім халіне жетті. Сонда фана жаңағы бай өзінің жас жігітті өлтіргенін айтты.

Қандай бейшаралық хал кешті десеңізші ол осынау көп жылдар бойы. Жалған бостандықта болып, қорқыныштың құлы болып ары алдында дедектеді емес пе. Қылмысы қайта-қайта есіне түсіп, тыныштықпен өткізген бірде-бір күні болмады фой.

Төсекте жатып өлер сағатынды күткенге дейін күнәнді жасыра бермексің бе? Ал егер ондай кез тумаса ше? Көпшіліктегі ол жоқ қой! Мысалға, көбі соғыста қаза табады. Сен де мәңгілік келмеске сапар шегесің, сонда күнәң сол бойы жасырын қалғаны ма? Құдай алдына тазаланбай қалай фана баrasың?

Қазір игілік әлі мәнін жоғалтқан жоқ. Қазір Иса сені өзіне шақырып отыр. Оның игілікке толы бұл шақыруын ескерусіз қалдырма.

Өткенде болған барлық қыншылықтан соң, жасаған кінәндің ауыртпалығынан кейін сенің бейшара жүрегің тыныштыққа бөленеді. Бұл рақат орнататын тыныштық. Оны сенің қабыл алғың келе ме?

Бұл рақат тыныштығын менсінбей күнә ауыртпалығын одан әрі арқалай беретіндегі ақыллыңнан адаспаған шығарсың?

ТӘНІРДІҢ ТӘРБИЕЛІК ЖОЛЫ

Жаратылыстың басталуы 42, 5-11, 14-17

Тәнірдің тәрбиелік жолы сан-қылышымен ғажап! Оны мына тәмендегі оқиғадан-ақ байқаймыз.

Жүсіптің ағаларының жүрегін езген күнә қанша ауыр болса да, Құдай оны ескерусіз қалдырамады. Бұл істі де жөнге келтіргісі келді. Адамдардың бәріне көмек көрсетуге

дайын. Оларды күнәсін мойында туға, шын жүректен тәубеге келуге, мойын ұсына шаппағатты қабыл алғыздыруға, – осы бір қатып қалған жүректерге Құдай қалай жол табады?

Құдайдың адамдарға жіберген бірінші ауыртпалығы – аштық. Ол әр үйдің есігін келіп қақты. Сонда барып Жұсіптің ағалары Мысырға сапар шекпек болды. Егер де күнделікті тіршілігі ойдағыдай жылжып жатса, олар ешқашан Мысырға баруды ойларына алмас еді. Онда Жұсіптің болуы мүмкін. Ойда жоқта кездесіп қалса, жүзіне тұра қарауға қалай фана дәттері жетеді. Сапарға шығудан бас тарту ыңғайсызыдау. Бәрі ойдағыдай өтсе екен, тек Жұсіпті көрмese фой.

Бірақ Құдайдың қалағаны нақ осы еді. Олар Жұсіппен кездесуге тиісті еді. Сондықтан да Құдай ашаршылық жіберіп, Жұсіптің балаларын Мысырға баруға мәжбүр етті.

Мұндай оқиға бүгін де жи болып тұра ма? Иә, Тәнір қатығез жандарды тәубеге келтіру үшін осы сияқты табиғи апаптарды жи қолданады. Құдай бұл секілді қасіретке кенеттен-кенет тірелмегендеге мен Исаны іздең таппас едім дейтіндер көп. Қасірет мінажат етіп, дұға оқуға үйретті. Қыыншылықтан қиналыс тапқан ол Тәнірінің құшағына кірді.

Ханаандағы аштық Жақыптың балаларын Мысырға жіберіп, оларды Жұсіппен беттестіру үшін Тәнірдің ойлап тапқан себебі еді.

Сапарға шыққан Жақыптың балаларын қандай ой мазалады? Олар кезінде Жұсіптің жүріп өткен жолымен келе жатты. Бірақ сапар шегулері інісі кешкен жағдайға мұлдем ұқсамады. Дем алғылары келсе, тоқтап дем алатын. Ал құлдардың ұзын тізбегіндегі Жұсіпті „аяғыңды алға бас“ деп үнемі асықтырып отырды. Тек алға фана. Аяғыңың ауырып, дізенің дірілдегіне қарамастан тек алға жылжуың керек!

Осы қаралы керуеннің бейнесі көз алдарына елестеп, жандарына тыныштық бермеді. Өткенде еске алу көкіректеріне қайфы болып жабысты.

Ақыры Мысырға да жетті. Өздері сияқты алыс сапарға аттанған жолаушылармен бірге астық сататын жерге де келді. Онда астық сатудың барысын жоғары дәрежелі билеушінің өзі бақылап отыр екен.

О-о, бұны қалай түсінуге болады? Ол Жақыптың бала-ларына түсін суытып қарайды. Сендер жасырын келген тыңшыларсындар дейді. Біз қарапайым жолаушылармыз, ойымызда еш жаманшылық жоқ дегендеріне де құлақ аспады. Ақырында айтқанынан қайтпай, қапасқа апартқызып каматты.

Неге Жұсіп осылай жасады? Ол ағаларын бір көргеннен-ақ таныған еді. Сатып алушылардың арасынан оларға көзі түскенде, жүргегі қеудесіне симай үлпілдеп кетті. Басқалардай олар да оған тағзым етіп, жерге дейін иілді.

Жұсіп сонда ыза мен жек көрушілік тудырған, жас шағында көрген түсін есіне түсірді. Түсінде ағаларының байлаған масақ бұмалары оның масағына қарай иіліп тұрғанын көрген еді. Құдай берген сәуегейлік түсін қалай ғажап құдіретімен орынданап отыр. Бәрі дәл түсіндегідей!

Енді не істеуі керек? Қолма-қол өзінің кім екенін ағаларына білдірсе ме екен? Оларға: сендердің маған қарсы істеген күнеларынды баяғыдай-ақ кештім деп айтса қайтеді?

Жоқ, алда әлі де уақыт бар. Олардың жүректерінде өзгегіс бар ма, әлде ағалары баяғы қалпында жүріп жатыр ма – соны білгісі келді.

Бұл кездесу сафаты оның есіне қайғылы қоштасу сафатын түсірді. Ағалары сонда өзін қалай қинаған болса, қазір оларды ол солай қинаап отыр. Кінәсіз айыпталғаның қандай ауыр екенін, айтқан сөзіце сенбеушіліктен қыын қасіреттің болмайтынын олардың сезінуі қажет. Адалдығын, ойының тазалығын, оларға жаманшылық тілемейтінін ағаларына талай айтты емес пе? Бірақ бәрі бекер болды. Енді өздері сол жағдайға тап келді.

Міне, олар қапасқа қамалды. Бұрын Жұсіп отырған қапас. Көп жылдарын ол осы зынданда өткізді. Олар да оның

күйін бастарынан кешулері керек. Кінәсіз жазаға тартылу-
дың нағыз барып тұрған сорақылық екенін білсін.

Сүйіспеншілік пе бұл? Иә, сүйіспеншілік. Ол – сезімнің
күйіп-жануынан туындаған әулилігімен, құдайылығымен
құнды сүйіспеншілік. Біз қолма-қол адам жанын қайғы мен
қасіреттен қорғап қалуға асығамыз. Көбіне тезірек кешірім-
ділік көрсетуге талпынып, есіміз шығады. Ал Құдай болса
бұл жолда асығыстықты қабыл алмайды. Әуелі Ол адам
жанын құнәні сезіне білуге, қандай жағдайға тап болғанын
түсінуге үртеді, соナン кейін ғана: бекем бол, құнәң
кешірілді деп шындыққа жеткізеді!

Жұсіп те солай етті. Ол кешірім жасауға асықпады.
Оларды қапасқа отырғызы да ойға қалдырып, бұрынғы
жасағандары үшін өз-өздерін кінәлітті. Ағалары істеген
құнәларының салмағын мейлінше түсінулері керек. Қын-
шылықты өздері бастарынан кешпей Жұсіптің қандай
жағдайда болғанын қайдан білсін.

Сонымен, олар қапаста дедік. Мұнда ұзақ отыра ма? Оны
білмейді әзірше. Халық әміршісінің сұсту түріне қарағанда,
онып тұрған ештеңе жоқ сияқты.

Қапаста олар үш-ақ күн болды. Сол үш күн ішінде Құдай
олармен өз әңгімесін тоқтатқан жоқ. Дәл қазір ешқандай
жаманшылыққа бармағандарын білетін олар ескі күнәлары
үшін жауап берулері керек екенін үқты.

Бұл күндер жандарын езгілеген сүркія күнәның зілзал
тұлғасын көз алдарына елестетті. Бұлай ету оларға өте-мөтे
қажет болды. Өйткені кімде-кім күнәсының кесепаттығын
түсінсе, ол кешірім сәтіне жақындай түседі.

Сырт көзге осының бәрі қаталдық болып көрінгенімен
Жұсіп ағаларын қапасқа отырғызып, жан қиналысына ду-
шар еткенде ешбір қателік жасаған жоқ. Құдай да жібімес
жүректерді қайғы мен қасіреттен, неше түрлі ауыртпалық-
тан өткізетін болса, қателік етпейді. Тілейтіні – адамның
күнә жасадым деп мойындауы.

Сен осыны басыңдан кештің бе?

Сені тыныштыққа бөлеп, сырқат төсегіне жатқызғанда Құдайдың оны неге істейтінін білесің бе? Оның сенімен әңгімелескісі келеді. Откен өмірінді қайтадан бірге аралап шықпақ. Соңан соң сенен: енді түсіндің бе? – деп сұрамақ.

О-о, ол сенің өміріндегі ең ауыр сағат; жүрегіңе биіктен жарық сәуле келіп түскенде сен үрейге қалып: осыншама жамандықтың болғанын мен білмеп едім дейсің. Бірақ бұл игіліктің де сафаты. Еш мүмкіншілік қалмай, енді не істерімізді білмегендеге, кінә мен тұрпайылыққа толы жүрегімізді қоярға жер таппағанда бізге қарсы рақат пен мейірімнің құшағы ашылады. Соңда барып Жүсіп өзінің кім екенін білдіреді. Соңда Иса өміріндегі жіберген кінәнді кешіреді.

ТАҢҚАЛАРЛЫҚ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ

Жаратылыстың басталуы 42,24

Мына бір дүғада жолдарында таңқаларлық қарама-қайшылық жатыр. Сен білесің бе оны? Қарама-қайшылық Жүсіптің қолы мен жүрегіне байланысты. Жүрегі көзіне жас алдырып, ағалары дегенде үлкен сүйіспеншілікпен соқса, қолы олардың біреуін шап беріп ұстатьп, байлатқызып таstadtы.

Осылан көңіл бөлелік.

Мысырдың билеушісі Жақыптың балаларына өте қаталдық жасады. Оларға тыңшысындар деп жала жапты. Қапасқа отырғызды. Кіші інілерінді осында алып келмейінше сендердің адалдықтарыңа сенбеймін. Соңдықтан аманат ретінде біреуін алып қалмақ. Ол Симеон. Оны байлаудан босатпай, қапаста қалдырды.

Ағалары бәрін көріп, бәрін естіді. Өздеріне деген қатаңдықты бастарынан кешті, ызғармен айттылған сөздер көкіректерін түйреді.

Бірақ олар бір нәрсені байқамады: ол Жүсіптің көз жасы еді. Егер онысын байқаған болса аң-таң қалып: мына қатал,

өркөкірек мырзаны осынша толқытқан не деп сұрап еді. Сөйтіп, соңынан шешілген Жүсіпке байланысты жұмбақтың сырын теп-тез білер еді. Бірақ қажетті уақыт әлі тумады.

Мұндай қарама-қайшылық ғажап емес пе?

Жүсіптің қолы ағаларына ауыр соққы болып тисе, жүргегі оларды көргенде сүйіспенішлік отын лаулатты. Жүргегі: бәрі ұмытылды, бәрі кешірілді деп айтпақшы болды. Алайда жүректің сырын оңай ашып бермес үшін, қолы қатаң да қатты қимылдады.

Сен де осы сыйнды тәжірибеден құралақан емес шығарсың? Әрине құралақан емессің! Құдай сенің жақсы көретін адамыңды қалап алыш, сенің көз алдында аурумен тырп еткізбей байлап таstadtы. Құдайдың құдіретті қолына қайғыра қарап: сен неге осылай істедің деп сұрайсың. Құдайдың сені неге олай қинағанын түсінбедің.

Немесе Құдай сенің өміріңе қолын батыра, тереңірек тигізді делік. Жалғыз қымбатты ұлың соғыста қазаға ұшырауы мүмкін. Ол сенің қуанышың, тынысың еді. Енді үйің де, жүргегің де қаңырап бос қалды. Қайғырып, қатты күрсініп сұрайтының: неге, неге бұлай?

Әлде саған әдейі айтылған жаланы, куғын-сұргінді ба-сындан өткізу керек шығар. Сен туралы неше түрлі жаман өсектер айтылды, ал сен болсаң мүлде жазықсызың. Мені өстіп жәбірлеуге Құдай қалай ғана жол берді деген сауалды да қойған боларсың. Ол қайта сені қорғаштауы керек қой.

Құрметті оқырман манадан бері айтқандарымның бәрі Тәңірдің қолынан келген істер. Олар тандандырады, жаныңа жара салып, қайғыртады. Бірақ мұқият қарасаң Оның көзі жасқа толы екенін, саған тиген әр соққыны Өзі де сезініп жатқанын, бұлай ету Оны да қатты қинайтынын көресің. О, Оның жүргегі сен деп соғады, тек саған ғана сағынышқа толы. Сол себепті де Тәңірдің қолы жаңағының бәріне қатысты болып отыр. Осы сияқты әрекеттері арқылы Құдай сенің назарыңды өзіне аударғысы келеді. Бақыттан

жүрдай еткенде оның құрдымға кетіп, жоғалмайтынын ескертеді. Жүргегінді қаңыратып бос тастаса – оны қуанышпен, Қасиетті Рухымен, Өзі тудырған рақат әлемімен толтырығысы келгені. Жүсіптің ағаларындаі сен де Исаға қарсы арқалап жүрген кінәнді түсінуге тиістісің.

Құдайға қарсы қадам жасап, Оған қарсы келіп күнәға батқанынды білуің қажет. Сен Құтқарушың туралы ойламастан өмір сүрдің. Оның айтқан тілегін тыңдамадың, өситетін орындарындаң. Петір сияқты адамдар алдында сан рет Одан безініп шыға келдің! Иуда сияқты сан рет Оны жауға ұстап та бердің! Ол сенің осыны түсінүнді қалайды, кінәнді мойында дейді.

Саған осының бәрін ұғынудың керегі не?

Әйткені Ол сені кешірмекші. Әйткені Ол сені қуанышпен рақатқа бөленген Тәңір баласына айналдырмақшы.

Егер Оның қолы тәніңе қатты тисе – жүрегі махабbat нұрын төгеді. Сұрапым: күттіре көрме Оны. Кінәнді айтып, жүрегінді табыс ет. Алдына бар! Өкініш пен опыну жүрегінді езгілейтін болсын. Сонда барып Оның қолы сүйіспен-шілікке айналып, сені мейірбандықпен кеудесіне қысады. Сонда көзге оғаш болып көрінген қарама-қайшылықтар жоғалып, Құдайдың жүрегі мен қолы бір-бірімен тамаша үйлесімдік табады.

Сонда ғана өмірдің алдымыздан кесе-көлденең тартатынының бәрі: біз атқаруға тиісті ауыртпалық, бастан кешетін қайғы-қасіретіміз Құдайдың жүрегі мен қолының екі ортасында қарама-қайшылық туғызбайды. Ондай қарама-қайшылық ешқашан болмайды! Егер Құдай кенет саған қыын сын сафатын жібере қалса, Оның биіктегі қолына, аспанға қара. Оның жүрегіне, көзіне қара! Сол сэтте Ол сені сүйетінін, сені өте жақсы көретінін байқайсың. Ол не істесе де, түсін-түсінбе мейлің, тыныштық пен махабbat үшін жасайды. Жанарынды жасқа бұлап тұрып, немесе жаралы жүрегінді қанға бояп: „Тәңірім, еркің болсын!“ – дейсің сонда.

Оның сүйіспеншілігіне батып, толық сеніміне жетуді үйренесің. Өйткені Құдай ешқашан қателескен емес! Сонда сен Эйүппен бірге: „Тәнір өзі берді, Тәнір өзі алды; Тәнірдің игілігі мен даңқы арта берсін! Аллилуия!“ – дейсің.

СЫЙФА ТАРТУ!

Жаратылыстың басталуы 42, 25-28

Жүсіптің ағалары күміс ақшаларын қаптарының ішінен тауып алды. Бірақ мұның мағнасын түсінбеді.

Ал бізге оқиғаның барысы түсінікті, біз үшін оның үлкен сабак болары анық. Ағаларының күміс тенгелерін Жүсіптің алғысы келмеді. Астық пен малдың жемін тегін берді. Төлем ақыны алмады.

Төлем ақыны Жүсіп алмаған болса, онда Исаға ақының ешқандай түрі керек емес қой. Ол сатпайды, силайды керісінше!

Сен осыны білесің бе?

Көптеген адам білмейді осыны. Өздерін Мәсіх жолын қуушылармыз деп есептейтіндердің басым көвшілігі Тәнір игілікті сатады деп ойлады. Жүсіптің ағалары сияқты игілік үшін ақы төленбейді десен, шошына қарайды.

Сонда немен төлеуге болады? Шіркеуге баруыңмен бе, әлде мінажат етіп үйде дұға оқуың керек пе, немесе міндетінді адап ақтап, жұртқа үлгі боларлық өмір сүруің жөн бе? Ал егерде адам осы айтқанның бәрін орындаса, онда оның Тәнір игілігіне ие болуына құқысы бар ма? Себебі дінге қатысты міндетін дұрыс атқарды фой.

Ендеше, осылай ойласақ, Исаны тым аз білгеніміз!

Бұл Мәсіх жолын қуушылар өмірінің сырттай түр-сипаты, ол шешуші, Киелі кітаптағыдай айтылған өмір емес. Осылай сырттай өмір сүретін Мәсіх жолын қуушыларды „Төлемін бер!“ деген бір ғана сөзбен сипаттауға болады.

„Менің негізгі парызым – шіркеуге бару, Тәнірге арнал-

ған кештерге қатысу, діндарлармен әңгіме өткізу, өнегелі өмір кешу. Егер сөйтіп төлемін берсем, Құдай маған да береді. Ол маған батасын дарытып, бойымды женілдетіп тұра жолмен алып жүреді“ – деп ойлайды ондайлар.

Шынында да осылай ойлаймыз фой? Эрине, бұл ойды жақтаушылармен сен жиі кездесіп жүрсің. Ондайлар баршылық. Мүмкін сен де солардың қатарында шығарсың?

Қайырымдылыққа жету үшін төлемін беремін деген ойдың кімге тән екенін айтуыма болады. Ол тек пүтқа табынушыларға фана тән десем, қорықтай-ақ қой.

Пүтқа табынушылар құдайына арнап құрбандық шалады. Көздеген мақсатына орай: мына құрбандықты саған ұмсынып отырмын, айтқан дұғамды естіп, менің тілегімді орындайды деп сенемін“, – дейді олар. Мақсаты орындалмаса жансыз құдайларын күл-парша етіп отқа лақтырады.

Бұл пүтқа табынушының әрекеті. Ал Мәсіх жолын қуушылар ше? Эрине, арманын ашықтан-ашық айтпаса да, ойлайтыны солар сияқты. Ол өзінің „діндарлық міндеттін“ атқарып, Құдайдан қолдап-қорғауды күтеді. Басыңа қасірет түскенде ренішін жасырмай: „Менің басыма бұл пәлені неге үйіп-төктің? Жүктелген міндеттің бәрін өз еркіммен орындағаным қайда?“ – дейді.

Бірақ пүтқа табынушы мен Мәсіх жолын қуушылар арасында үлкен айырмашылық қайда? Пүтқа табынушы мағнаның неде екенін біле бермейді, ал „Мәсіх жолын қуушы“ оны жақсы түсінуге тиісті. Мәсіх жолын қуушының негізгі міндетті төлемін беруде емес, Тәңір ұсынған жомарттықтан ала білуінде екенін түсіні керек.

Егер жалған Мәсіх жолын қуушының негізгі мәні: „Төлемін бер!“ деген сөзден тұрса, нағыз, шыншыл Мәсіх жолын қуушының негізгі мәні: „Қабыл ал!“ деген сөзді қамтиды.

Мәселенің негізі қабыл алуға байланысты. „Өйткені Құдай дүниені сүйгендігі сонша, Ол Өзінің жалғыз туған ұлын берді“. Алайда бергенінен не пайда, егер оны қарсы алатын адамдар табылmasa? Нағыз Мәсіх жолын қуушылар-

дың өмірі біз Исаны қабылдасақ қана басталады. Сондықтан да Жохан: „Оны қабылдағандарға, Құдай балалары деп аталуларына билік берді“, – деп жазады.

Құдай тек өз Ұлын беріп қана қойған жоқ. Ол арқылы және Онымен бірге Ол бізге бәрін ұсынды. „Өзінің жалғызы Ұлын аямай, бәріміз үшін қиған Құдай, қалайша бізге Онымен бірге бәрін бермейді?“

О, Құдайдың берерінде есеп те, шек те жоқ. Тек алуға біз дайын болсақ екен.

Осыдан оңай нәрсе бола ма? Сәби бала да ала алады. Құдайға бәрінен де оңайы бізге келіп: „Қабыл ал!“ – деуі.

Онда қабыл ал! Шарасыз қимыл жасап, әуреге түсініді қой. Тәнірдің игілігіне ие болу үшін сенің істегенің көп делік, бірақ жұмылы алақанынды ашып, бергенді ал.

Оның игілігі тегіннен-тегін беріледі; Құдай оны сатпайды, сыйға тартады!

Неліктен бергенді жай ғана қабыл алуға сену адамдарға қыынға соғады? Ұмысынған сыйға қол созуды қорлау деп санайтыны несі? Сатып алғысы, құнын төлегілері келеді. Менменсіген рухы осыны қалайды. Қиналмай ала салуға не кедергі? Жүректен туындаған өркөкіректік! Ол барлық жағдайда да өзіне ғана міндettі болуды көксейді. Бірақ жай алу? Бұл біздің намысымызызға тиеді.

Алайда басқаша болуы мүмкін емес. Нағыз Мәсіх жолын қуушы болудың мағнасы „Қабыл ал!“ деген сөз. Ендеше игілікті сый деп алғысы келмейтіндер, оны ала алмайды да.

Қадірменді окушым, Құдайға бұдан былай өз төлем ақынмен бара көрме! Сен Оған бірдене бере аламын деп ойлама. Ұлы патшаға сен не бере аласың? Адамзаттың бейшара баласы бойынан бұл ойды аластай біл.

Ал! Құдайдың ұсынғанын, Оның шексіз жомарттығынан қабыл ал! Саған бәрінен де не қажет болса, соны береді; аздал емес, толығымен!

Жүсіп ағаларының күміс ақшасын қайтарып қана қой-

ған жоқ, сондай-ақ жолдық қаражаттарын да өтеді. Оларға Жүсіптің жасаған сый-құрметі осы еді.

Жүсіптің адамдық бұл тұлғасы Исадан асып түскені ме? Жоқ, ешқашанда асып түспейді! Оған қай кезде, қай сағатта болмасын келіп, ұсынғанын қабыл алуыңа болады. Жоханмен бірге: „Оның шексіз жомарттығынан игілікке – ұласқан игілікті алдық!“ – деп айтасың!

Исафа барап болсаң ақшанды үйінде қалдыр. Патша сені сый-құрметке бөлейді. Тәнің мен рухың нені қаласа, соны Құдайдың ізгілік сыйы деп тегіннен-тегін қабыл аласың!

ВЕНИАМИН

Жаратылыстың басталуы 42, 36-68; 43,11;

Мысырға сапар шеккен Жақыптың балалары туған жерінде мұң мен қайғы ала оралды. Симеонды аманат етіп тастап кетулеріне тұра келді. Бұл Симеонның отбасы мен Жақып үшін ауыр соққы болды.

Сонымен бірге Жақыптың балалары Симеонның тек Мысырға Вениамин барғанда ғана бостандық алатынын да айтты.

Вениамин әкесінің ең сүйікті ұлы, кенжесі! Жоқ, ондай тілек бола қоймас! Жақып Мысыр билеушісінің бұл ұсынысына мұлдем қарсы болды. Жо-жоқ, Вениаминді ол жібермейді. Рувим айтарын айта берсін, кенжесі әке жүрегінің ең қалаулысы, оны ұзақ сапарға қалай қимақ.

Вениамин Жақыптың тынысы іспетті. Онымен қалай ажырассын, керек болса, Вениамин емес басқа біреуі барсын.

Осы сынды оқиға бүгін де жиі қайталанады фой. Тәнір саусағымен әлде бір адамды, немесе әлде бір істі көрсетеді де: „мынаны Маған бересің!“ дейді. Ал сен: жоқ, бере алмаймын дейсің. Олай жасауың мүмкін емес, Себебі жүрегің олармен етene жақын болып кеткен.

Жалына берсін, таусыла сұрасын – бәрі бір ештеңе шық-

пайды. Болмайды, оған бармаймын деп адам өз дегенінде қалады.

Өмірінде осындай жағдайға кезіктің бе? Сенің өз Вениаминиң бар болған шығар? Мүмкін көзінің қарашығындаі сақтайтын тағы да бір Вениаминің бар шығар?

Айтшы, „біздің“ Вениаминіміз қандай?

Жақыптың Вениамині Тәңірдің сыйы еді. Оны Құдайдың өзі берді. Ондай жағдайлар бүгін де болып тұрады. „Сенің“ Вениаминің дегенімде күнәнды емес, Құдайдың саған ұсынған жақсылығын айтамын. Бірақ Тәңірден алған ол сыйың жүргегінді жаулап алған, сондықтан Құдайды кері сырып, Құдай туралы саған тым аз ойлатады.

Жақыпқа байланысты жағдайдағыдай бір адамның екінші адамға „Вениамин“ болып келуі жиі кездеседі.

Дассау бейітінде әкесінің қайтыс болған жиырма жасар қызына қойған тамаша ескерткіші тұр. „Сүм соққыдан есенгіреген әке-шешең сенің бар ізгілігінді еске алып, үнемі көздерінен жасын төгеді де мына тыныштық орнын саған арнайды. О, жүректі езген неткен қасірет еді бұл!“ – деп жазылған онда.

Әке-шешеге кім еді бұл қыз? Олардың „Вениамин“ болды. Қызын жерлеген әке-шеше қайғыдан арыла алмады. Өмірлері құнын жоғалтты. Бейшара ата-ана!

Бейітті аралап, ондағы ескерткіштердегі жазуларды оқысақ, көп адамның жүрегінің ана дүниеге кеткендермен етене жақын болып қалғанын байқаймыз. Өмірден де тәңірекке көз салғанда осыны көреміз.

Көптеген өлімдердің Құдайға тиісті орынды адам иемденгенімен байланысты екенінде менің күмәнім жоқ. Эйеліне дүниенің тірегі болған, сүйікті ерінен айырмайынша, Құдай ол әйелге жақындаі алмайды. Эрине бұл жерде әке-шешесі пірге айналдыրған қыздың өлімі туралы айта кету керек. Әкесі қызының рақымшылығына табынатынын айтты. Сондықтан Құдайға ата-анасынан ол пірді алудан басқа амал қалмады.

Анықташы, сенде осы сынды Вениамин бар ма? Қасында жүргегіңмен етene жақындасып кеткен адамың жүрген шығар? Мүмкін ол сүйікті әйелің, немесе балаң болар?

„Әйелі бардың – әйелі жоқтай!“ – деген Пауылдың сөзін еске алайық. Онда: „Баласы бардың – баласы жоқтай!“ – деп те айтуымызға болады. Исаңың не дегенін білесің бе? Кімде-кім әкесі мен шешесін, немесе ұлы мен қызын менен артық жақсы көрсе, ол назарымнан тыс қалады, шәкіртім бола алмайды, – деді Иса.

Әлде сенің „Вениаминің“ басқа нәрсе ме? Мүмкін ол күнделікті ісің, дүние – мұлкің шығар? Көп адам әуелі өз ісіне беріледі де, артынан ісі оларды толық меншіктеп алады. Иінің қожасы болудың орнына, оның құлыша айналады.

Сақтан, жұмысың сені жұтып қоймасын. Жүргегің тым ақшаға сіңісіп кетпесін. Жұмысыңдан келер игілікті Құдайдың қолы ұсынғандай қабыл ал, бірақ күнделікті өткінші қызыққа еріп, жүргегіңмен тым беріле көрме.

Адамның бас тарта алмайтының бәрі – „Вениамин“. Ол Құдайды екінші орынға ысырып қояды. Құдайдың тілейтіні біздің жүргегімізді толық менгеру, немесе одан мұлдем бас тарту. Өз даңқын Ол тірі құдайлармен бөлісе алмайды. Тәнір қызғаншақ. Сондықтан жүргегінді оған толығымен бер? Өзіндегі Вениаминді табыс ет, – Оған керегі сол.

Егер бермесен, Құдай оны өз еркімен алады.

Қайдагы бір адамды Құдай орнына санасан Киелі Құдайды қорлау емес пе? Ал адамдардың арасында шектен шыққандар көп: олар жүргегімен итке, мысыққа, тоты құсқа берілгендер. Бұл нағыз масқаралық! Осы сынды тірлігінмен сен Құдайдың арына кір келтіретінінді ойфа салышы.

Бірақ адамға өзіндегі Вениаминнен бас тарту өте қыын. Жақып бұған жету үшін ұзақ жол жүрді. Ашаршылық келіп есігін қақпайынша ол Вениаминді сапарға шығаруға келісімін бермеді.

Бірақ бұл да оның еркіне қарама-қайшы болды. Оның басқа амалы қалмады. Егер оны жібермесе, ол бүкіл үй-

ішімен аштан қырылар еді. Сөйтіп, ақырында ол оны жіберуге мәжбүр болды.

Бұл шешім неге әкеліп соқты? Вениаминді сапарға шығарысымен ол қайтадан Вениаминнің өзі мен Симеонфа, сондай-ақ ойламаған жерден Жүсіпке де ие болды. Вениаминді жібермегенде ол ешқашан ыстық құшағымен Жүсіпті аймаламас еді.

Достым менің, сен өз Вениаминінді беретін болсаң, Тәңір саған оны жаңғырған, таза махаббатыңмен сүйсін деп қайтарады. Сонда Иса да алдыңдан шығады.

Вениаминінді көзіңдің қараашығындағы сақтап, тәңірегіңнен шығармайды екенсің, онда Исаға жетуің де қиын!

Жақып егер мұны білсе, көп ойланып, көп толғанбас еді. Қолма-қол оны жіберер еді.

Егер сен өз Вениаминнінді берсең, Исаның саған ашылағының білесің, сонда да, сен оны бергің келмейді.

Ақылыңды жоғалтпа! Құдайдан бата алуға өзіңе-өзің кедергі жасайсың. Вениаминінді ұстап отыrsaң, Тәңір рақымының даруынан құр қаласың. Сондықтан бірден шешімге кел. Құрбандыққа бар да, Құдайға Вениаминінді ұсын.

ӨЗІҢ FAHA ЕМЕС

Жаратылыстың басталуы 43, 1-3

Жақып балаларының Мысырдан әкелген астығы да таусылды. Аштық болса үдей түсті. Жақып балаларына Мысырға тағы барудың қажеттілігін айтты. Бірақ олар Мысыр билеушісінің қатаң тілегін орындаулары керек болды. Ол қайткен күнде де келесі жолы тыңшылар ретінде жазаланыларың келмесе, өздеріңмен бірге кіші інілерінді ертіп келіндер деп бұйырды.

Сүйікті ұлын жіберуге кәрі Жақыптың көпке дейін дәті жетпеді. Жүсіптен айырдындар, енді Вениаминді де алып кетпексіндер деп балаларына өкпесін айтты.

Иуда турасын айтты. Вениаминсіз Мысырға баруға жол жоқ деді. Егер Вениаминді әкелмесендер, менің жүзімді көрмейсіңдер деп қала билеушісі өте қатаң ескертті емес пе?!

Жақып ақыры ұзақ қобалжудан кейін күрсініп, Вениаминді жіберуге келісімін берді.

Жүсіптің бұл оқиғасында Тәңірге байланысты оқиғаға тән ғажайып ұқсастық бар. Тек бір ғана сөз. Жүсіптің аузынан шыққан ол бір сөздің мағнасы терең еді. Ал Құтқаруыш айтқанда бұл сөз өзінің толық тереңдігіне жетеді. „Діндар аға-інілерінді бірге алып келмесендер, сендер Менің жүзімді көре алмайсындар!“ – дейді Иса өз қалаулыларына әмірі мен тілегін білдіріп.

Бұл нені білдіреді?

Тәңір тек біздің рақатқа батуымызды емес, аға-інілеріміздің де рақатқа батуын қалайды. Біз оған баруға міндеттіміз, бірақ өзіміз ғана емес.

Шынымен ол осыны қалай ма? Иә! Бұл жөнінде таланттар туралы нақыл әңгімесінде айтады. Егер талантты толық қайтаратын болсақ, ол разы бола ма? Жоқ! Разы болмайды!

„Мен аға-інілеріме құзетшімін бе?“ – деп сұрашы Қабыл сияқты. „Менің жүзімді көрмейсің, егер аға-інілерің бірге болмаса“, – деп Тәңір саған жауап катады сонда.

Біз өзіміз келмеуіміз керек, хақымыз жоқ; біз адамдарды бірге апаруға тиістіміз.

Осы қасиетті міндетті орындау үшін, қымбатты оқушым, сен не істедің? Адамдарды Мәсіхке апару жолында нені атқардың? Мінажат етіп, дұға оқыдың ба?

Сен мүмкін маған таңдана қарайтын шығарсың? Құтқарушыға адамдарды мен апаруға тиістімін бе? Ал сонда дінді уағыздаушылар не үшін қажет?

Иә, бұл уағыздаушылардың жұмысы. Бірақ уағыздаушыға қызметі жемісті болып, өзі арқылы Құдайға адамдарды жеткізу үшін Тәңірдің куәлігі қажет-ақ.

Алайда бұл салада тек уағыздаушылар ғана емес, Жарат-

қан иемнің барлық балалары, аға-інілерімен қажымай еңбек етуге тиісті.

Осынау міндет қорқыныш тудырмай ма? Иә, ол айтартықтай женіл емес қой. Егер сен Құтқарушыны жақтап, оны барлық жерде насихаттай бастасаң өмірің шетсіз-шек-сіз қынышылыққа айналады. Таныстарың мен қызметтес достарың сені күлкі етеді; басшың сенің үндемеуінді талап етіп, орындығында сыртқа қояды.

Тәңірдің еркін орындауда осының бәрі саған кедергі бола ма? Иса қайғы-қасіретінің жемісі көбейе түссе екен деп армандастынын есіне алып көрші. Күнәсін түсінген бір адам табыла қалса, аспандағы періштелердің қуанатынын ойлаша. Осының бәрін түсініп көңіліңе тұтсан, Құтқарушынды қуанта алсаң, бейшара адамға тән қорқыныш сені ұстап тұра ала ма?

Ұстап тұра алмайды. Жауларың мейлі ашуулана берсің, бірақ бәрі бір сенің қобалжауыңа себеп жоқ.

Тәңірдің ісі өз ісіңде айналғанда, Ол сені қорғап, бәрін сенің игілігің үшін жасайды.

Адасқан жанды Исаға алып келсең саған алғысын жаудырады, бұл жер үстіндегі құдіретті қуаныштың нағыз өзі. Осы үшін тәуекелге барып, жек көрініштілік туғызып, жала сөздерді де естуге болады.

Мүмкін сен қабілетім жоқ, дарынды емеспін дерсің. Олардың қажеті де шамалы. Иса жөнінде әңгіме айтып, адамдарды діндарлар жиынына ертіп бару, ерекше дарындылықты керек етпейді. Сен бақытты екенсің, қуанышың да мол. Осы туралы достарың мен туыстарыңа балын тамызып, айтып бере аласың фой. Исамен қарым-қатынаста тыныштық пен бақытқа жетсөң, Онымен бірге өзінді жақсы сезінсөң, Ол жөнінде әңгімелуеуіңе болады емес пе. Эбден болады.

Мениң қай сенімді ұстанып, қай дінді жақтайдынымда адамдардың қатысы жоқ, ерік өзімде, Құдай алдында фана жауаптымын дейді көбіне діндарлар. Ондай мінажат ету,

сырт көзден тыс, тыныштықта, оңаша бөлмеде басталады. Бірақ сенім тыныштықта, ешкім көрмейтіндей болмауы керек. Тәңірді халық алдында уағыздап, Құдай үйіне сен аға-інілерінді, апа-қарындастарынды, достарың мен таныстарынды ертіп келуің керек.

Тәңір сенің өзіне бағыштаған сөзін батасыз қалдырмайды. Бұл Құтқарушының қатысты ісі; Оның қол астына адасқан жандарды апарғың келсе, онда Құдайға беріле қызмет еткенің. Онда оның рақымы мен батасында шек болмайды.

Ендеше іске кіріс! Адасқан жандарды күнәға батыру үшін шайтан дамыл көрмей еңбек етуде, мындаған адамдар соның жетегінде жүр. Сол себепті Исаның шәкірттері адасқан пақырларды Тәңірге апаруда өздерінің қасиетті міндеттерін ойланып орындағандары жөн.

Аға-інілер мен апа-қарындастар, өздерің фана келсендер менің жузімді көрмейсіңдер! – деген Құдайдың сөзін естерінде тұтындар! Жок, жалғыз өзің фана емес!

ЖҰСІПТІҢ ҮЙ МЕНГЕРУШІСІ

Жаратылыстың басталуы 43, 15 – 17

Ақыры Мысыр қаласына сапар шегудің кедергісі де жойылды: ұзақ қобалжудан кейін Жақып Вениаминді Мысырға жіберуге келісімін берді.

Сөйтіп, Жұсіптің ағалары жолға шықты. Бұл жолы Мысыр билеушісі оларды қалай қарсы алар екен? Симеонды босатудың келісімі орындалды: Вениамин қастарында. Бірақ қаптарынан шыққан күміс ақша оларға тыныштық бермеді. Тек жауапқа тартылmasa болғандары. Барысымен табылған күміс ақша жөнінде хабарлауды жөн деп тапты.

Олар Мысырға де жетті. Өткенде Жұсіптің астық сатуды бақылап отырған жеріне барды. Ағаларының иіліп сөлем бергеніне Жұсіп ләм деп жауап қатпады. Жанары Вениаминге қадалды. Соナン соң өзі тұратын үйінің менгерушісіне

бірденені айтты. Анау жөнді естімегендей мырзасына таңдана қарады да, құп болады дегендей басын иіп, тез басып кетіп қалды.

Үй менгерушісін таң қалдыратындаі нендей бұйрық беріліп еді? Жүсіп бұл жолаушылардың еврейлер екенін, өзінің олармен бірге тұскі тамақ ішетінін, сондықтан салтанаатты түрде дастархан жайылсын дегенді бұйырған еді.

Қалайша таңданбассың бұған? Олар тұскі тамақты Жүсіппен, Мысырдың билеушісімен бірге ішпек. Нағыз зор құрмет қой! Елдегі ақ, сүйектер, егер оларды осылай тұскі тамақта Жүсіппен бірге ішуге шақырса, өздеріне оны бақыт деп санар еді. Ол патшаның орынбасары, елдегі билік түгелдей дерлік қолына берілген. Ал мыналар болса үстерін ұзак сапардың шаңы мен кірі басқан еврейлер, мал өсірушілер. Соншама құрметтің оларға неге қажеті бар? Жүсіптің жіби қалғаны несі?

Соңғы жолы, олар осында болғанда Жүсіп сендер тыңшысындар деп кінәлап, қаталдық көрсетті емес пе? Қапасқа жаптырды, біреуі әлі күнге дейін байлауда.

Ал қазір оларға салтанатты дастархан жайылмақ. Тұскі қонақ асы беріледі. Мұны қалай тұсінерсің?

Тұсінер едік, егер менгерушісі: „Жоғары мәртебелі мырза, сіз өткенде бұларды жансыздарсындар деп айыпта, қапасқа тастаттыңыз, ал бүгін не себепті түстікке шақырып отырысыз?“ – деп сұраған болса. Ал үй менгерушісі керісінше Жүсіптің көңіл-күйінің осылай кенет өзгере қалуын анықтауға талпының жасаса, біз оқиғаның өзгеше сырын ұққан болар едік. Алайда анау ештең де сұраған жоқ. Жұмулы аузын ашпады. Мырзасын тұсінбеді. Неге осылай бұйырғаны да оған тұсініксіз. Бірақ мырзасына сенеді. Бұйрықты тұсінсін-тұсінбесін, әйтеуір ол жөнінде басқа артық сұрақ қоймады: жығыла бағынды. Айтылды ма, орындауы керек.

Үй менгерушісінен көп нәрсені бізге де үйренуімізге болады. Өз мырзасына беріле сену-нағыз тамаша қасиет қой. Тұсінбесе де билеушісінің айтқанының бәрі ізгі ниетті

көздейтінін біледі. Жұсіп осылай істеді екен, ендеше алдын-ала көксеген мақсаты бар. Сол себепті ол мырзасына сенеді, еш сұрақсыз бағынады.

Біз де Тәнірге осы сынды сеніммен қарауымыз керек емес пе? Әлде нені түсінбесек те, бәрі бір Құдайды қолдауға тиісті емеспіз бе? Иса бізді бірде-бір рет өкініште қалдырып көрді ме? Ол біздің алдымызда қате жібермейтінін дәлелдегені қайда?

Әрине, оны біз үнемі түсіне бермейміз. Егер өз тәнірегінен әріні көрмейтін адамдар Тәнірді түсінген болса ғажап қой. Оның жүретін жолы біздікінен өзгеше, ойы біздің ойымыздан жоғары жатыр. Біз құдіретті Құдайды түсіндік деп тек армандағы аламыз.

Жо-жоқ, бізге оны үнемі түсіну қыын. Бірақ Тәнірге бағынуға әрқашан тиістіміз. Оны Жұсіп үйінің менгерушісінен үйренгеніміз жөн.

Сен бізді Құдайға бағынуға шақыратын нақыл әңгімені естіген боларсың. Баяғыда дүниеден безген бір тақуа өмір сурді. Ол Тәнірге ұстанған жолмен келіспеді, себебі оны іздей-іздей таба алмай шаршаған екен. Кенет ғажайып түс көрді. Әлде бір адам қасына келіп: менімен бірге жүр, Тәнір ұстанған жолдың негізі неде екенін түсіндірейін деді. Сөйтіп олар сапарға аттанады. Кешкісін бір үйге қонақтарынан қанаңты екенін айтты. Көптен бері көршісімен араз екен. Қаншама татуласқысы келгенімен, әрекетінен ештеңе шықпады. Кенет бүгін өштескен адамы райынан қайтып, достық белгісі ретінде оған үлкен алтын тостаған силады.

Келесі күні олар қайтадан сапарға шықты. Қасындағы жолдасы қонақжай үй иесінің алтын тостағанын көрсеткенде, тақуа аң-таң қалды. Біреудің ыдысын ұрлап алу барып түрған аярлық қой. Бірақ сапарлас жолдасы оған: „Үндеме, бұл Тәнірдің жүктеген жолы!“ – деді.

Олар тағы да ұзақ күн жүрді. Кешке жақын бір шаруа-ның үйіне тоқтады. Үй иесі өте кедей тұрады екен. Кедейлі-

гіне қарамастан ол жолаушыларды асқан жылы шыраймен қарсы алды.

Ертеңіне әлде неге аялдап қалған тақуаның сапарлас жолдасы келген жаққа қарап, өздері қонған кедейдің үйінің өртенніп жатқанын көреді. Сонда көңіліне күдік орнады. Көп ұзамай күдігі расталды. Сапарлас жолдасы өрттің себебін сұрағанда, кедейдің үйіне от қойғанын жасырмай айтып салды.

Әбден түнілген тақуа „Жоғал!“ деп оны құмақ болғанда, анау тағы да: „Үндеме, бұл Тәңір меңзеген жол!“ – деді.

Олар сапарларын үнсіз әрі жалғастырды. Шынымен Тәңір көрсеткен жол осы болғаны ма? Жо- жок, мүмкін емес! Құдай бұлай істеуге рұқсат етпейді!

Кешкісін тағы бір үйге келеді. Үй иесінің түрі сенім туғыза қоймады. Қайта сақтықпен қарауды керек ететін. Тек аяғының астында қаннен-қаперсіз ойнап отырған кішкене ұлына назары түскенде фана жүзі жылып сала берді. Сөйтіп, бұл адамның жүргегінде әлі де аз да болса жақсылыққа орын бар еді.

Таңтерең сапарлас жолдасы үй иесінен жол көрсетіп жіберуге оның кішкене баласын сұрады. Анау басында келісімін бергісі келмей, ақыры рұқсат етті.

Біраз жүргеннен кейін олар жартастан тәмен атқылап жатқан су құламасына келіп тоқтады. Одан өту үшін жінішке тақтайдан көпір тартылған. Тақуа бірінші болып өтті. Сонан соң ол артына қарады. Нені көрді? Жолдасы баланы шап беріп ұстап алыш, оны тақуаның көзінше сұфа атып жіберді. Сарқыраманың гүрілінен баланың айфайы естілмеді.

Ызаға булыққан тақуа: „Енді сенімен бірге бір де қадам алға баспаймын. Сен нағыз лағнұттың өзісің!“ – деп айқайладап жіберді. Сапарлас жолдасы тағы да: „Үндеме, бұл Тәңір көрсеткен жол!“ – деп жауап қатты. Осы сәт аспаннан түскен құйылма сәуле сапарлас жолдасының жүзіне нұр болып төгілді.

„Алғашында қонақжай үй иесінің алтыннан соғылған

тостағанын неге алғанымды білгің келді емес пе? Айтайын. Өштескен көршісі екеуінің татулыққа барғаны өтірік болатын. Тостағанды әдейі улап берген, – деді сапарласы сөзін одан әрі жалғастырып. – Одан сусын ішсе болды, сеспей қатады. Кедейдің лашығын не үшін өртегенімді де түсінбедің. Жаман лашықтың астында қазына жатыр. Уй иесі енді оны тауып алады. Үшінші адамға келетін болсақ, ол баланың обалына қалып, кезінде одан өзі сияқты кісі өлтіргішті тәрбиелер еді. Мен баланы содан сақтадым. Бұл адамның бойында тек жалғыз ғана сезім – баласына деген сүйіспеншілік қалған еді. Жоғалған ұлының қайғысы әкесіне игілік болып тиеді. Сонымен, осы аталған барлық оқиғаларда Құдай жақсылық етуді ойлаған, ал сен оның ешқайсысын түсінген жоқсың“.

Осыны айтып, ғажайып сапарласы Тәңір жіберген перште сияқты аспанға қалықтап файып болды. Тақуа оянып кетті. Бұл түсі ойланбастан Құдайға сенуді үретті.

Сенің де үйренгің келмей ме? Жұсіп үйінің менгерушісін есіңе алышы. Жұсіп оған: „Мына адамдарды қапасқа таста!“, „Тұскі тамаққа шақыр!“, немесе: „Күміс ақшаларын қайтартып бер“, „Менің алдыма қайтадан алыш кел“ десе, ол билеушінің әр сөзіне бағынып, сеніммен орындар еді.

Сеніп, бағына білген үй менгерушісінің де Жұсіптің қандай мақсат көздегенін анықтайтын өз сафаты келді. Енді билеушісі берген, сырттай қарама-қайшы көрінген бұйрықтардың маңызына түсінді. Сонда Жұсіптің ұлы жоспарын жүзеге асыруға көмектесетін күн де туды. Жұсіпке сеніп, бағынғаны үшін соңында қатты қуанды.

Ал сен ше? Кезінде сен де Тәңір өзінің ұлы жоспарын орындау үшін, саналы түрде әр неге барғанын өз көзінмен көріп, анығына жететін боласың. Эрине, оны әзірше түсінбеуің де мүмкін. Жұсіп үйінің менгерушісі сияқты бол! Тіпті Тәңірдің не қалағанын білмеген сәтінде де сөйт. Оны тында, оған сен!

ҚАЖЕТСІЗ ҚОРҚЫНЫШ

Жаратылыштың басталуы 43, 18 – 19, 23 – 30

Жақыптың балалары өздерін Жүсіптің үйіне ертіп келгенін көргенде қатты қорықты. Алғашқы келген сапарымызда астыққа берген күміс ақшаларымызды қайтып алғанымыз үшін жаупқа тартылатын болдық деп ойлаған еді олар. Бұл істе өздерін кінәлі есептемесе де, ел басшысы олардың берген сеніміне құлақ аспайтынын, өте қатал мырза екенін алдын-ала естіп те үлгерген. Бұдан әрі жағдайдың немен бітерін кім білсін.

Сол себепті олар Жүсіп үйінің меңгерушісіне қаптың ішінде күміс ақшаның қайдан пайда бола қалғанын білмейтіндерін айтты. Қазір ақшаны өткен жолғы астықтың құнын өтеу үшін ала келгендерін де ескертті.

Бірақ үй менгерушісі қажет ақшаны баяғыдай-ақ толығымен бердіндер деп түсіндірді. Сонда іле бөлмеге Симеонды кіргізді. Күтпеген ғажап кездесу. Бойларындағы қорқыныш әп-сәтте су сепкендей жоғалды. Ал Мысыр билеушісінің өздерін түскі тамақта шақырғанын естігендеғана көңілдеріндегі қобалжудан мұлдем арылды.

Үй менгерушісі Жақыптың балаларына силы қонақтарға тән құрмет көрсетті. Аяқтарын шаюға су әкеліп берді, есектеріне жем салды – қысқасы оларды ойлад көрмеген асқан сыпайылықпен қабылдады.

Бұдан бұрынғы қаталдық пен қазіргі көрсетілген жақсылықты бір-бірімен пара-пар қалай қоярсың. Жүсіптің алдын-ала салқындық пен қатандық, жақсылық пен мейірімділік көрсетіп, олардың жүрегін дайындықтан өткізіп жатқанын білмеді.

Жүсіптің көңілін аударып алу үшін ала келген силарын шығарды. Олары: зәмзәм мен бал, хош иісті қара май, піste мен бадам жаңғақтары. Әсіреле аштық кезінде бұл аталған нәрселерді іздеп-табу оңайға түспейтін.

Түске тамақ ішетін мезгіл жетіп, үйге Жүсіп келді. Әдет

бойынша құрмет жасап, билеушінің алдында етпеттерінен жата кетті. Жүсіптің есіне қайтадан жас шағында көрген, енді шындыққа айналған түсі оралды.

Ағаларының жасаған құрметіне орай достық ниетін білдіре сәлемдесті. Іле шыдай алмай: „Өздерің айтқан қарт әкелерің әлі тірі ме? Ден-саулығы қалай?“ – деп сұрады.

„Сізге құлдық етуші әкеміз аман, дені сау, тіршілік етіп жатыр“, – деп жауап қатты ағалары. Жауап оған көп жағдайды аңғартқандай болды. Қолма-қол көз алдына әке бейнесі пайда болды. Жастық шағы тағы да есіне түсті.

Бірақ Жүсіп таңертең көрген Вениаминмен сәлемдесу үшін бойын билеген сезімін тежеді. Өзі сияқты Рахильден туған інісін көргенде оның жүрегі қалай- қалай қатты тулады десенізші! „Сендердің ең кіші інілерің осы ма?“ – деп сұрағанда танымайтын, бөтен адам сияқты көрінгісі келді. Жауап күтпестен сөзін әрі жалғап: „Балам, саған Тәнірдің нұры жаусын!“ – деді.

Кенет бойын билеген сезімді одан әрі ұстап тұра алмайтынын сын білді. Вениаминді жалма-жан құшағына алып: „Інішегім менің, інішегім Вениамин!“ – деп қуана айғай салуына болар еді. Алайда қажет мезгіл әлі тумады.

Ағаларын жалғыз қалдырып, асығыс түпкі бөлмеге өтіп кетті. Жүргегінің толқуын зорға басып, көзінен жасын сорғалатты.

Ағалары Жүсіптен шынында да текке қорықты емес пе?

Жүсіптің бойында оларға қатысты тек сүйіспеншілік қана болатын. Мейлі қатал қарсы алсын, немесе мейірімін тәксін – бәрі бір мұның барлығы сүйіспеншіліктен, тек қана сүйіспеншіліктен тұған еді. Оның туысқандарына қатысты әрекеті олардың ішкі дүниесін тазалау ниетімен жасалынды.

Егер ағаларының Жүсіптен бойларын аулақ салуларына еш себептері болмаса, онда біз де Исадан қорықпауға тиістіміз. Бірақ оған сақтана қарайтындар әлі көп қой. Оларды Құдаймен кездесуге шақырсаң, келіспейді. Сонда Исадан қорыққаны ма? Бұлары барып тұрған есуастық дер едім.

Күнделікті өміріміз ойдағыдай өтіп жатқан жоқ; бұрын да қателіктер болған, меншіктеніп жүргеніміз өзімізге тиісті ақша емес; жасаған ісімізге жарық сәуленің түспегенін хош көреміз, сондықтанда жауапқа тартылуымыз айдан анық деп ойлайды олар.

Тәңірден сақтанады екен, ендеше оны тым аз білгені. Ол бізге наразылық білдіріп, өкпелеуден аулақ. Тек мойнымыздығы күнә жүгінен босатқысы келеді. „Бәрі ұмыт болды, бәрін кештім!“ – деп айтпақшы бізге.

Ағаларына қонақ асын дайындал қойған Жұсіптей Иса да өзіне келетіндерге рухани тамақты дайындал отыр. Оның дастархынан біз де игіліктің дәмін тата аламыз. Ол хош иіске орап, мейіріміне шомылдырады. Исаның дастарханының басында болып, онымен сұхбаттасу қандай рақат.

Тәңірегіміздегілер айтарын айта берсін. Исамен сұхбаттасу бақытсыздық, қайғылы іс деулері де мүмкін фой? Олай айтатындары Исаны білмейді, оған жақын баруға жүрексінеді. Міне, адамдардың көбісі осы сынды қате пікірде. Ол қатігез Мырза, қатал әмірші, Өз халқына қуаныш бермейді – дейді. Бұл қандай есуастық!

Дүниеде Исадан асқан мырза жоқ. Онымен сұхбаттасу қуанышының өзі неге тұрады. Сонда өмірдің шын мәнісінде тамаша екенін сезініесін. Исаға келіп, игілігі мол дастарханының басына отырғанды тұңғыш рет өмірдегі шын қуаныш бойымызды кернейді.

Қымбатты оқырман, Исаға сеніп, оған бар! Ол сені сүйіспеншілікпен қарсы алады, сонда ғана сен: Бұл қажеті жоқ қорқыныш екен дейсін.

ЖАҚСЫ ҰЛ

Жаратылыстың басталуы 43, 27

Ағаларын көргенде Жұсіптің жүрегін толғаған бұл бірінші ой еді. Бұлардың ұзақ уақыт келмегені несі? Әлде қарт әке жазым болды ма еken? Ойын аяғына дейін айтуға дәті жетпеді. „Әкемді көрмейтін шығармын, қайтыс болып жерленген ғой“, – деген ой жүрегін сыйымдаپ, алқымына тықты.

Сондықтан да өзара сәлемнен кейін: „Өздерің айтқан қарт әкелерің аман ба? Денсаулығы қалай?“ – деп сұрады ол ағаларынан.

Иә, оның жүрегі әкесіне етene жақын болып кеткен еді. Әкесін соңғы рет көргеннен бері қаншама жылдар зырлап өтті. Сонда да сол соңғы сәт өшпей жадында мәнгі сақталып келеді.

Бұл таңмен ерте еді. Әкесі оны ағаларыңа барып кел деп жолға шығарды. Ол шатырдың алдында тұрып, оның артынан қолын бұлғады. Біраз жүргеннен кейін Жұсіп артына қарап еді, әкесі әлі қолын бұлғап тұр екен.

Содан бері неше жыл өтті? Талай оқиғаларда болды. Жұсіп атаққа жетіп, ұлы халықтың билеушісі атанды, бірақ туған әкесін – қарт бақташыны ұмыта алмады. Оны бар жүргімен аңсан сағынды.

Жұсіптің бейнесіне тән бір ерекшелікті айтпасақ, оның бейнесі толық болып шықпас еді. Ерекшелігі – оның жақсы ұл болып саналғанында жатыр. Өміріндегі ғажайып бақыттың бәрі осы жақсы ұл деген түсінікпен байланысты. „Әкең мен анаңды сыйла, сонда ғана ұзақ өмір сүресің“, – деген еді Тәңір. Жақсы ұл атағына ие болсаң ғана нағыз бақытты, баталы өмір кешесің. Құдай: „Өз әкең мен анаңды сыйлай біл!“ – деп айтты емес пе. Иә, баталы, бақытты өміріміз жақсы ұл мен жақсы қыз боламыз ба, болмаймыз ба, – ол осы өсиеттің орындалу-орындалмауына қатысты.

Достым, қария әкең тірі ме деп сенен сұрауға бола ма?

Егер тірі болса Құдайға осы үшін рақметінді айтып жүрсің бе? Әкеңе көрілік мендеген шағында қамқорлық, сүйіспен-шілік көрсеттің бе? Жақсы баласы деуге тұрасың ба?

Онымен соңғы рет қашан хабарластың!؟ Білмейсің бе? Ұялсаңшы! Хат жазбағаныңа көп болды ғой! Онда отыр да, қарт әкеңе сәлемінді бүгін жолда. Бұдан былай жиі жазатын бол.

Есінде болсын, оның қабіріне гүл шенберін апарып қоюың аз. Оныңнан келер пайда шамалы. Өлмей тірі тұрғаныңда өз сүйіспеншілігіңің, сеніміңің, иғілігіңің гүлін ұсын. Сол оған пайдалы. Бұл тек қана оны емес, Құдайды да қуантады. Құдай сенің жақсы, не жаман бала екенінді бақылап отыр. Сенің бақытың мен тыныштығың осыған байланысты. Білесің бе мұны? Бұл тұрғысында ойланып көрдің бе?

Мүмкін әкең жоқ шығар, онда шешең тірі ме? Сені жарық дүниеге әкеліп, алғашқы қадам жасауыңа көмектескен шешең. Сенің төсегінді күзетіп, үйқы көрмей ауырғаныңда бағып-қаққан шешең. Тірі ме ол? Тірі? Сен сүйесің бе оны? Сыйлайсың ба? Ол қызыншылықты көп көрген, сен үшін қайғырып мазасы кеткен, сенің саулығыңды тілеп мінажат етіп, дұға қылған анаң ғой.

Туған анаңды ұмытушы болма! Өйтпесең, жақсы қызы атануың мүмкін емес. Құдай да батасын бермейді.

Сенуге қызын болса да айтайын: қолдары бірденеге жете қалса, өз әке-шешесінен ұялатын балалар бар. Қартайған ата-аналары олардың тұрмыс-салтына сай келмейтін сияқты. Қариялар үшін бұдан асқан қорлық жоқ. Өздері бәрін құрбан етіп, білім берген жалғыз ұлының олармен бірге болуды ұят санайтынын көргенде қандай әсерде қалғанын білсеңіз. Жандары ашып, жүректері сыздайды.

Тек қана ата-ана емес, Құдай да осы сынды ауырсынады. Ол аспаннан оларға құйылған нұрын тоқтатып, батасын дарытпайды.

Жаман ұл! Жаман қызы!

Әкені қартайғанда да сүюді Жүсіптен үйренейік. Өйткені

ол, жасы жеткен бақташыны ұялмай патша алдына алып барды. Преғауын орынбасарының қарапайым әкесін көргенде реніш тудырған жоқ, қайта Жұсіптің оны ұялмай ертіп келгенін жоғары бағалады. Бұдан перғауының көнілі Жұсіпке бұрынғыдан бетер жақындаған түскенін байқаймыз. Ол ақылшы билеушінің жақсы ұл екеніне де қанық болды.

Мен жазған осы жолдарды оқып отырған жас жігіттер мен қыздар, әлі де ата-анаңың қолында тұрып жатқан болсаңдар, оларға тек қуаныш әкелуге тырысындар! Айтқанын тыңдалап, қалтқысыз орындаңдар. Сендерден сұрайтыным осы.

Осы арада да Жұсіп Иса Тәңірдің бейнесінің ғажап көшірмесі секілді. Оның әке-шешесін тыңдалап өскен жастық шағы туралы толғайтын сөздері әсерлі емес пе. Айқыш ағаш түбінде тұрган анасы жөнінде де Ол жанашырлықпен ойлады. Оған қамқоршы болуды, қартайғанда жәрдем етуді Жоханға жүктеді. Айқыш ағашқа керіліп шегеленсе де, жақсы ұлға тән қасиетін жоғалтпады.

Ал сен ше? Жалынамын, бұл сұрағыма жеңіл-желпі қараушы болма. Сенің болашағың үшін оның тигізетін себебі көп. Сен Жақсы ұлсың ба? Сен жақсы қызың ба?

Егер ата-анаңды жылатсан, қайғыға душар болатының сөзсіз. Егер әкен: „Сен мені тірідей көрге көмерсің!“ – десе, ол саған барып тұрган қасірет.

Бала үшін игілік дер едім, егер ол туралы менің бір кітаптан оқығаным айтылатын болса. Онда жасы толысқан баласынан айрылған ата-ана қабыр тасына: „Бұл оның бізге әкелген тұңғыш қайғысы,“ – деп жазыпты.

Қазір жақсы ұл мен жақсы қызы жарық дүниеге аз келіп жатқандай әсер аласың. Балаға тән үлкенді тыңдау, сүйіспеншілік те мәнін жоғалтқандай. Мүмкін адамдар арасында солай да шығар. Ал Құдайдікі өзгеше. Ол көзін алмай бақылап отыр, Құдай осыны талап етеді, есіңнен шығарма мұны.

Егер Құдай сен туралы: бұл жақсы ұл! – деп айтатын болса, онда бұл саған нағыз игілік.

ТИІСТІ ОРЫН

Жаратылыштың басталуы 43, 31-34

Жұсіптің ағаларына берген бұл қонақ асы өте ғажайып болды!

Оның несі ғажайып?

Дастархан басындағылардың тоя жегені ме? Бір-бірімен бір стөлде тамақтанбайтын мысырлықтар басқа жақтан келгендермен дастархандас бола бермейтін. Тек дәрежесі қатар адамдар ғана бірігіп, бас қосып ас ішे алатын. Жүсіп ел билеушісі деген атағына сай мысырлықтармен бір дастарханның басында отырмайтын. Олар үшін жеке дастархан жайылатын.

Жо-жоқ, Жүсіпке жеке, мысырлықтарға жеке, сонан соң өздеріне де жеке стөлдердің дайын болғанына Жақыптың балалары қайран қалған жоқ.

Басқаша қабылдайды деп те ойламады.

Ғажайыбы өздерін дастархан басына отырғызу тәртібі еді. Оларды жасына сәйкес жайастырды. Әуелі Рувим, оның қасына Симеон, одан кейін Левий мен Иуда отырды. Тегіннен тегін бе бұл? Керемет! Ағайынды-інілер аң-таң қалды. Дастарханның келесі жағында Дан, Неффалим, одан әрі Гад пен Асир. Осының бәрі ойланбай істелінсе, онда еріксіз таңдайыңды қағасың. Сонан соң Иссахар, Завулон мен ең шетте Вениамин отырды. Ғажап, ойға симайтын керемет! Бәрі жасына сәйкес бірінен соң бірі тізіле қалыпты. Бұны қалай түсінуге болады?

Жақыптың балалары неліктен бұлай екенін білмеді. Ал бізге бәрі де анық. Жүсіп оларды бірден таныды. Әр қайсының атын, жасын, туған күні мен мінез-құлқын жақсы білетін. Ал олар болса Жүсіп жөнінде білмеді.

Жүсіп өз ағаларын қалай білсе, Тәңір де бізді солай біледі. Біздің кім екеніміз, қайда тұратынымыз оған аян. Ол атымызды да біледі. Оған біздің шыққан тегіміз, байланысымыз, күнделікті өміріміз бен алға қойған мақсатымызға

дейін белгілі. Бізді жақсы түсініп, ішкі дуниеміздің қатпар-қатпарын жатқа біледі.

Сен білесің бе мұны? Осы жөнінде ойладың ба?

Жоханның жеті шіркеуге арналған Аянының кіріспе сөзінен кейін: „Білемін!“ – делінген; – „Сенің ісінді, еңбегің мен шыдамдылығаңды білемін“. – „Сенің ісінді, қайғы-қасіретінді, кедейшілік өмір кешкенінді білемін“. – „Сенің ісінді, сондай-ақ шайтанның тағының жанында тұратыныңды да білемін“. – „Сенің ісінді, махаббатың мен атқарған қызметінді, дінге сенімділігің мен шыдамдылығыңды білемін“. Аянның қалған жолдары да одан әрі осылай кете береді.

Сонымен, Тәнір сенің барлық істеген істерінді біледі. Қайда тұратының, қандай жағдайда екенің, бүкіл өмірің – бәрісін бәрі оның алақанында.

Немене бойың қалтырай ма? Әлде сен қуанасың ба осыған?

Өмірің Құдай алдында дұрыс болмайынша, Тәңірмен сен келісім таппайынша сана-сезімің қорқыныштың құлына айналмақ. Адам әлде нені жасыруға мәжбүр болғанынша, ол Құдайдың бәрін білетініне қуана алмайды. Қазіргі кезде Тәңір болмысын жоққа шығарушылар неліктен көп? Басты себеп – жасырын сырларынан қорқады. Олардың өмірі Тәңір сөзі мен оның тілегіне сай келмейді. Құдай қаламайтын істерді істейді. Сондықтан да олар Құдайды жоққа шығарып, Оны өлі деп санайды. Сөйтіп, мазасы кеткен арына тыныштық іздейді. Олар үшін Құдайдың жоқ болғаны дұрыс. Бірақ олардың ары Тәңірдің тірі екенін айттып, естерін шығарады.

Киелі кітаптың неліктен қарсыластары көп? Дін уағызынан фалым әлде бір қателік таба қалса, соншама неге қуанамыз? Киелі кітапты осыншама жек көретіндері қалай? Өйткені ол бізге тек шындықты айтады. Құдайдың бізді жақсы білетінін, кешіп жатқан өмірімізben келіспейтінін растайды.

Егер Құдайдан бір нәрсені жасыру керек болса, адамға Құдайдың оның бәрін көріп білетіні сондай сүмдық. Ол қанаты болса таңнан тұрып, теңіздерден әрмен жер шетіне ұшып кетуге дайын, тек тыныш өмір сүріп, Тәнірдің көзіне түспесе екен.

Бекер әурешлік, Құдайдан қашып құтыла алмайсың.

Ал егер сенің өзінді, жағдайынды жақсы білетін Тәнірге жүргегің мен өмірінді толық ұсынсаң, оның тілегі мен даңқына сай қызмет етсең, онда сана-сезімің рақатқа бөленіп, сен тыныштық табасың.

Қыын оқиғаға тап болып, жала тағынып, жаман сөздер естіп: „Тәнір, сен бәрін де білесің фой!“ – деп айта алатының қандай жақсы.

Иә, ол біз тап болған оқиғалардың барлығына қанық. Біздің қоршауымызды, қыыншылығымызды, күтіп тұрған қауып-қатерді – бәрін, бәрін біледі ол.

Керемет емес пе бүл?

Оған біздің туған күніміз, атымыз, үйіміздің адресі де аян. Жолдастарымыздың қандай адам екені де Оған белгілі. Балаларыңың санын, мінезіңнің ерекше жақтарын – бәрін, бәрін біледі.

Сенің мұны білгенің өте жақсы.

Жападан-жалғыз қалған сені маңындағылар түсінбеуі мүмкін. Ал Құдай сенің жағдайынды біледі. Сені, сенің жаңғыздығынды түсінеді.

Сен өзінді Тәнірге қызмет етуге колайлымын деп санайсың, бірақ ешкім көңіл бөліп, сені шақырмады делік. Енде-шеш өзімді-өзім ұсынғаным жөн деген ойға келесің. Сонда саған көңіл аударар. Егер сен адамдар алдында бағынышты екенсің, онда олар сені ұмытып кететінін есіңнен шығырма. Ал Тәнір ешкімді де ұмытпайды. Ол сенің мекенжайыңың адресін біледі. Қажет кезінде өзіне шақырады. Тек шыдамдықпен күте біл. Ол біледі сені.

Құдайдың мені, менің жағдайымды білетінін сезіну өте қымбат маған. Ол маған келіп түсіп жатқан хаттар туралы

да хабарлар. Олардың мазмұнын Ол мен оқымастан бұрын білген. Ол оларды ең басында, жаңа фана жазылған сәттерінде оқып шықты.

Иә, Ол бізді жақсы біледі. Бізді қай орынға отырғызу да Оның қолында, Рувимнің, немесе Вениаминнің не істей алатынын да біледі. Менің де, сенің де не істей алатынымызды біледі. Ол қателеспейді. Жо-жоқ! Сен сөзсіз өзіңе тиісті орында аларсың. Мүмкін жоғарырақ көтерілуіме болар еді деп ойлайтын шығарсың. Жоқ, жоқ. Ол орныңды белгілеп қойды, саған тиісті орынды. Өз дастарханының басынан орын бөлгендеге ол ешуақытта қателеспейді.

Өзімізге өзіміз орын іздесек, сол жаман. Бірақ дүниеде солай болады-да. Есіміз кетіп, әбігерленеміз. Орын үшін құлшына күреске түсеміз. Тәңір билігін жүргізген патшалықта бәрі басқаша. Онда орныңды Құдайдың өзі көрсетеді. Әр кімге мүмкіншілігіне сай орын ұсынып, тапсырма береді.

Өзің отырған орын Тәңір ұсынған орын екенін білгенің қандай жақсы. Қыыншылықты женүде одан күш пен қуат аласың. Адам өзі ізdep тапқан орнында ауыртпалыққа тап келетін болса, онда ол өзін-өзі кіналап, өкпелейді. „Шіркін, бұған жоламасам етті!“ – дейді өз-өзіне.

Ал Құдай берген орында нық тұрған біз оның ауыртпалықты женүге көмектесетініне сенеміз. Кедергіден сені жығылтпай өткізу Тәңірдің ісі.

Достым, сен отырған орын шынымен сенің қабілетінде сай келе ме?

„БЕС ЕСЕ АРТЫҚ“ Жаратылыстың басталуы 43, 34

Жүсіп әр ағасына өз орнын көрсетті. Рувим дастарханың бір шетінде отырса, Вениамин екінші шетінде отырды.

Басқаларға қарағанда Вениаминнің еншісі неліктен бес есе артық болды? Бұл нені мензейді?

Жұсіптің мұндай қадам жасауының себебі бар еді. Экесі Жақыптың жасы кіші өзін басқа ұлдарынан ерекше санағанын, түрлі-түсті киім тігіп беріп жақсы көретінін білдіргенін есіне алды.

Ал ағалары болса қызғаншақтық көрсетті емес пе. Олар оны өте жек көріп кетті. Осы себепті Жұсіпті құлдыққа сатып жіберген еді.

Вениаминге ерекше құрмет қылғанда Жұсіп осыны ойлаған. Егер қонақтың дәрежесін өсіргісі келсе, осылай тамақты көбірек беретін. Ағалары кіші інісіне қызғанышпен қарай ма, қарамай ма соны білгісі келді. Аналардың бет пішініндегі өзгерісті, не айтып, не қойғандарын ілтипатпен бақылады.

Бұрынғы қызғаныштарынан арылған сияқты. Вениаминің ерекше құрметке ие болғанына шын жүректерімен куанып отырды.

Олар көңілдене ішіп-жеп, куаныштарын жасырмады. Тым шектен тыс тойып жеді деп айтудан аулақпыз, тағам да, ішімдік те мол болды, сол себепті де ешқайсысы аш қалған жоқ. Қажетінше тойды.

Жұсіптің ағаларын сынақтан өткізуіне орай, Вениаминге тамақ бес есе артығымен тиді. Бірақ аналар оған іштарлық білдірmedі. Ондай күнәкарлыққа барған жоқ.

Ал сен ше? Әлі де қызғаныштың құрсауында жүрсің бе?

Қызғаныш – жиіркеніш туғызатын және жиі кездесетін күнә. Халқымызды жегідей жеп жатқан да сол қызғаныш!

Тәнір билік жүргізген патшалықта, оның балаларының арасында қызғанышқа орын берілмеуге тиісті! Бұл пәлекеті мол күнәнің беті бізден аулақ болсын!

Алайда осы аталмыш күнәнің Тәнір балаларының арасынан кездесетіні өкінішті-ақ. Оның түр-сипатынан жаңың түршігеді. Құдайдың игілік ретінде адамға дарытқан батастын қызғанғаның қайда қоярсың.

Осылай екені рас қой?

Батақор адамды көрсе іштері күйеді. Сырттай куаныш-

тымыз деп жай айта салулары мүмкін. Ал жүректері басқаша соғады. Құдай сол жүректеріндегіні көреді.

Тәнірге қызмет етушілердің арасындағы қызғаныш ең қауыпты болып саналады! Бұл туралы айту да керек, қайрыру да керек! Міне, діндар жас жігіт Құдай көрсеткен жерге еңбектену үшін келді делік. Жасы үлкен ағаларына қарағанда Тәнір оған иғілігін молырақ берді. Көптен бері қызмет етіп жүргендермен салыстырғанда оған бес есе артық қамқорлық етті. Өйткені оның еңбегінің адамдардың айыруына әсерін тигізері хақ.

Алайда діндарлар арасындағы жағдай шиеленісе түседі. Жасы үлкен діндар ағайындар қызғаныштың жетегіне еріп, жас жігіттің еңбегін жоққа шығаруға тырысады. Ол от болып жанса, аналар жігіттің ақиқаттан туындаған ісіне су құйып, бықсытады. Бұлары жөн бе? Ауыр жүрекпен айтартым: иә, өмірде бәрі болады, бәрі кездеседі.

Ағайын, Тәнірдің батасына көбірек ие болған кісіге қызғанышпен қарап көрдің бе? Сұрайтыным, ендігәрі олай етпе! Өз данқынды арттырлышқтай орасан қабілет сенде жоқ қой. Тәнірдің атағын шағаруға құштар емессің бе? Иә, тек қана Тәнірдің атағын ба? Сондықтан, саған қарағанда басқа біреу иғілікті көбірек алғын болса, қызғанба. Егер басқа біреу адасқан жандарды Тәнірге көбірек әкелсе, іштарлық жасама. Қызғанышсыз шын көніліңмен қуануың керек.

Ал мына діндар ағаң сенен гөрі дарындылау. Рас, дарыны басым жатыр. Жазба кітабын өте терең талдай алады. Ал сенің қолыңдан ол келмейді. Эңгімені тек күнделікті өмірге бағыштап жүргізе білесің. Биікке самғаған қанатты ойфа жету, болашақты алыстан болжай білу сенің үш үйқтасаң да түсіне кірмейді. Хош делік. Тәнір сонда өзінің қызметшілерінен нені талап етеді? Ұлы сый-құрметті ме? Асқан даналықты ма? Жоқ, оған сене берілгендік қажет. Бәрі дарынға емес, сене берілуге байланысты. Құдайдың саған силаған бір ғана қабілетімен-ақ беріле біл. Тек еңбек ет, қолыңдан келгеніңше жұмыс жаса.

Біреуге қызығушы болма! Үлкен ағаңның дарыны бар екен, қуан! Қызметінді қабыл алған Тәңірге рақметінді айт. Ол бәрін де істей алады. Соны біл де, қуан.

Сен Петір Пауылға қызғанды деп ойлайсың ба? Алғашында Петір шіркеудің негізгі тірегі болды, сонан кейін Пауыл бата алып, миссионер атанды. Сонда Петір оған осы дәрежені қызғанғаны ма? Жоқ, қайта Тәңірдің қабілеті мол ғалым адамды өз қызметіне алғанына қуанды.

Қадірменді ағайын, егер Вениамин сенен бес есе артық алатын болса, іштарлық жасама, қуан. Саған, сенің қызметіңде тиісті игілік әлі де баршылық. Жүсіптің дастарханынан сен де тамақтана аласың. Онда бәрі бар.

Құрметті Вениамин, әңгімемді аяқтамас бұрын саған да бірер сөз айтпақпын. Сен өз ағаларыңнан бес есе көп алдың. Осыны „дұрыс“ деп есептейсің бе? Әлде бұл кенеттен келген итілікті сол қалпында қабылдай бермексің бе? Вениамин, сен бұндай құрмет үшін қандай еңбек сіңірдің? Ештең де сіңірген жоқсың. Жүсіптің мейірімінің арқасында тамақты бес есе артық іштің. Сондықтан да, Вениамин, басқалардан артықпын, жоғарымын деп мақтанба. Жоқ, сен олардан артық емессің. Өркөкіректікten сақтан!

Көкірегінді керіп менменсісөң Тәңір сені пайдасына жарата алмайды. Сол себепті де, құрметті Вениамин, сенен сұрайтыным – момын, кішік бол. Құдай сонда әрі қарай батасын беріп, қамқоршылық етеді.

Бірақ ешқашан ұмытушы болма: кім көп алса, одан Тәңірдің сұрайтыны да көп. Вениамин, ағаларыңнан гөрі сенің жауапкершілігің басым. Білесің бе оны? Ендеше ойлаңып көр.

Сонымен, Вениамин, саған айтарымды біраз айтқан сияқтымын. Енді Тәңірге барып қызмет етедік. Егер сен маған, ағаларыңа қарағанда бес есе артық еңбек қылсан, онда, Вениамин, Құдай саған батасын берсін!

ҮРЕЙЛІ ЖАҢАЛЫҚ

Жаратылыштың басталуы 44, 1–2, 4, 6 – 7, 12

Көнілдері орныққан Исаңың балалары қаланы қалдырып, жолға шықты. Бәрі ойлағандарынан гөрі сәтті аяқталды. Билемші қайырымдылық танытып, өз дастарханынан тамақ ішкізді. Экесі асыға күткен Симеон қастарында. Қаптары астыққа толы, енді олар туған жерлеріне асығып келеді. Қорқынышының бекер екенін, бәрінің ойдағыдай біткенін көргенде қарт Жақыптың қуанатыны сөзсіз.

Сонымен, алған әсерлерін айттып, жамырай сөйлесіп олар жолға шықты. Кенет арттарынан қатты айғай-шу естілді. Олар не болғанын білмей жалт қарасты. Жұсіп үйінің менгерушісі бір топ адамды бастап, асығыс келе жатыр екен. Ол не айтпақ? Жақыптың балалары көліктерін тежеп, тоқтай қалды.

„Жақсылыққа жамандықпен жауап қатқандарың қалай? – деп сұрады олардан Жұсіп үйінің менгерушісі. – Жұсіптің тостағаның ұрлағандарың қарабеттілік қой!“

„Мәртебелі мырза, неге олай дейсіз? Жоқ, ондай іске біздің баруымыз мүмкін емес! Қап ішінен табылған күміс ақшаны біз өзіңе Ханаан жерінен қайтадан әкелген жоқпыз ба?! Билемшінің үйінен ыдыс ұрлауға қалайша дәтіміз барсын?“ – деп шыр ете түсті олар пәктіктерін жасырмай. Таза екендеріне сенгендері соншама: „Құлышың болуға келісейік, егер кімде-кімнен тостаған табылса, оған өлім жазасы кесілсін“, – деп түйген еді сөздерін сонан соң.

Бірақ үй менгерушісі тостағанның табылатынын билетін, өйткені оны өзі Вениаминнің қабына тығып қойған! Сондықтан аналардың қатаң сөзін жұмысартып: „Жақсы, айтқандарың болсын, тостағанды алған адам менің құлым, қалғандарында кінә жоқ, боссындар!“ – деді.

Сөйтіп ол қолма-қол қаптарды ақтарып, тінте бастады. Алайда тостаған табылмады. Жақыптың балалары үй мен-

герушісіне масаттана қарады. „Біз айттық емес пе, тазамыз деп. Ұры емеспіз!“ – деді.

Міне, өзіне тиісті қаптың түйіншегін шешкен Вениамин екі беті қып-қызыл болып, үреймен кейін шегінді. Қабының ішінде жалт-жұлт етіп тостаған жатыр.

Сөйтіп үміттерін қайғының қара көлеңкесі жабады. „Иә, тостаған Вениаминнің қабынан табылды“.

Олар үстеріндегі киімдерін жыртып, есектеріне отырып қайтадан қалаға келді.

Ағаларына осыншама үрей әкелгенде Жұсіп нендей мақсатты ойлады? Олардың ұрлыққа ешқандай қатысы жоқ еді ғой! Бұл ғажайып оқиға нені меңзейді?

Жақып балаларының тазамыз, ұстанғанымыз дұрыс жол дегенін байқадың ба? Кеуделерін соғып: „Біз ешқашан ештеңе де ұрлаған жоқпыз!“ – деп айтқандарын естіген боларсың.

Бұлары рас па? Шынымен өмір бойы ештеңе ұрламады ма? Әкесінің қартайғанда аялап жүрген жарық сәулесі бар еді, соны ұрлады. Жұсіптен оның бақытты балалық шағын ұрлады. Иә, тостағанды ұрламағандары рас. Бірақ одан қымбат нәрсені ұрлады. Әкеден баласын айырды; інілерін қуанышты жастық шақтан ада етті. Айтыңдаршы, осының бәрі жәй нәрсе ме?

Олар тазалықтарын бетке тұтты, бірақ ұры еді, ұяттан айрылған ұрылар.

Жұсіп ағаларына осыны түсіндірмек болды. Әдейі сынақтан өткізді. Көздеген мақсатына жетті де. Бауырлары Жұсіптің алдына қайтып келгенде, Иуда туысқандарының атынан: „Құдай саған бағынышты құлдардың өтірігін тапты,“ – деді. Олар бұл аталмыш күнәні жасамаса да, өткенде бұдан да ауырырақ күнәға барған еді. Сонымен, адалдықтары жалған болып шықты. Адалмыз деп өздерін қорғап қалулары мүмкін емес. Олардың өтірігін Құдай тапты.

Бұл үрейге толы жаңалық. Бірақ тым қажет. Жұсіп ағаларының алдында өзінің кім екенін ашқысы келді. Ба-

уырлары жасаған қылмысын көздерімен көріп, үрейлі жаңалықтың пердесін өздері ашпайынша, өзін-өзі ашуға еркі жоқ. Достым, сен де Жұсіптің тостағанын өз қабынан тауып, қорқынышты жаңалықтың күәгері болдың ба? Тостағаның сонда жатуы әбден ықтимал. Тек адалдығыңа сене біл. Еш жаманшылыққа қатысым жоқ, жұрттың құрметіне бөленген адаммын деп айта ал. Парасаттылығынды, ешкімді алдамағанынды, еш нәрсе ұрламағанынды уағызда, бірақ мен бәрі бір Жұсіптің тостағаны сенің қабында деп ойлаймын.

Тінту жүргізейік пе?

Иса сен үшін қанын төкті. Оған қымбатқа түстің. Құныңын қымбат екенін Пауыл да ескертті. „Әкеден балаға қалған болмашы өмірде жылуы жоқ алтын мен күмісті былай қойып, сендер үшін Мәсіхтің баға жетпейтін шынайы, таза қанымен өтелдіңдер“, – деп жазады елші Петір. Иса сені өз меншігіне сатып алды. Ал сен Онымен не істедің? Исаңың меншігіндегіні ұрладың емес пе? Өзінді осы өмірге арнап, күнәға қызмет еттің фой? Иә, сейттің. Бірақ Исаңың қолындағы еркінді қайда қоясың?! Исаңың төккен қаны ше? Сондықтан сен Оның меншігіндегіні ұрладың!

Ол олма! Оның саған берген қуат-қүшін күнәкерлікке, тән құмарлығыңа жұмсадың. Игіліктің Ол ұсынған қасиетті мезгілінен аяқ астынан айрылып қалдың. Исаңың меншігін осылай талан-тараж еттің фой.

Есеп-қисабының жауабын беріп отырған, өз қарауыңдағы ақшаны өзіңің қажетіңе қолдандың! Әлі де: „Мен өмір бойы адал болып келгенмін!“ – деп айта аласың ба? Мүмкін сені ешкім сөкпес те. Бірақ шыншыл, әулие Құдай сөксө ше?

Иә, ашқаным қорқынышты жаңалық: адалдығым нөл екен, Тәнірдің құнын қанымен өтеген меншігіне қол салдым. Өзім үшін өмір кешіп, Құдайдың еркімен емес, құмарлықтың еркімен жүрдім.

Құдай күнәмді тапты. Тостаған Вениаминнің қабында екен. Жаңалық үрей туғызса да, бар жүргіммен мен саған сол жағдайды қалаймын. Егер сен осы жаңалыққа жетіп, күнәкар екенінді түсінсең, онда аспандыры Жұсіптің бет-пердесін ашасың. Оның да күткені сол!

О, осы қорқынышты жаңалыққа қолың жетсе ғой.

Жақыптың балалары тағы да Жұсіптің алдында етпеп-теп жата кетті.

Жұсіптің тостағаны Вениаминнің қабынан табылып, өздері қорқынышты жаңалықтың куәгері болғаннан кейін, олар үй менгерушісімен бірге кері қайтты. Жұсіп бауырларын үйінде күтіп отыр екен.

Ұзақ күтті. Ашудан гөрі қайғыға толы ренішпен қарсы алды. „Мен сияқты адам оны тез түсінетінін білмедіңдер ме?“ – деді.

Ағалары ақталуға да тырысқан жоқ. Сенімдері, адалмыз деп көкіректерін соққандары быт-шыт болды. Кінәлерін мойындарды. „Құдай құлдарыңың өтірігін тапты“.

„Міне, мырза, біз саған құл болуға дайынбыз; тостағаныңды иемденген де арамызда тұр“, – десті олар мойын ұсынып.

Жұсіп ағаларының ұсынысын қабылдаған жоқ. Құл болып қалуға тек тостағанды алғаның қақы бар. Ал ол – Вениамин!

Жақыптың балалары енді не істемек? Кіші інісін тастап, Жұсіп айтқандай, үнсіз әке алдына қайтып бара ма? Сөйтіп, бостандық үшін Вениаминді құрбан ете ме?

Бұдан бұрын ертеде қаталдыққа барып, інісінің ақыл-кеңесінен, өмірлеріне түрпі болған оның болмысынан құтылу үшін Жұсіпті құрбандыққа шалғандары қайда? Бүгін де солай істей ме? Әлде Жұсіптің соңғы сынағына қарсы тұрып, шыдамдық қыла ма?

Вениаминді тастап кете берулеріңе болады деген ұсындысты естісімен, алға Иуда шықты. Билемешіден сөйлеуге рұқсат сұрады.

Иуда тамаша сөйледі. Оның айтқанын толық бермеске хақым жок.

„Тақсыр, сіз құлдарыңыздан: әке, немесе тағы аға-ініле-рің бар ма деп сұрап едіңіз. Біз қарт әкеміз бен кіші ініміз бар. Ініміз қарияның сүйеніші, сүйіктісі, анадан жалғыз, ағасы қайтыс болған дедік“.

Әкенің Жұсіпті сүйеттің ертеде оларға ауыр соққы болып тисе, дәл қазір қария жүргегінің Вениаминмен етene жақын екені қызығаныш тудармады.

„Сіз құлдарыңызға: оны осында ертіп келіп, маған көрсетіңдер дедіңіз. Ол қария әкесін тастап кете алмайды, тастап кететін болса анау құсадан өлеңді деп жауап қаттық біз. Кіші інілерінді ертіп келмесендер жүзімді көрмендер деп болмай қойдыңыз сіз“, – деп жалғастырды Иуда сөзін одан әрі.

Иуданың айтқанының бәрін Жұсіп жатқа білетін. Иә, солай еді деп келісе кетуіне болады, бірақ әкесінің не дегені оған белгісіз ғой. Сондықтан Иуданы бар ынтасымен тыңдай тусты.

Иуда сөйлей берді. „Әкеміз Мысырға қайта барып, астық әкелумізді қалады. Бізге баруға болмайтынын, кіші ініміз бірге болмаса билеушінің жүзіне көрінуге хақымыз жоғын ескерттік. Сонда сенің құлың әкеміз: әйелімнен қос нәресте сүйгенімді білесіңдер; біреуі үйден кеткеннен із-түзсіз жоғалды, аң-құсқа жем болған сияқты, күні бүгінге дейін хабар- ошары жок; егер мынаны алып кетсендер менің ак кірген басымды молаға көмгендерің деді“.

Иуданың сөзі Жұсіпті қатты тебірентті. Көңіл толқуын білдірмес үшін ол әзер дегенде өзін ұстап қалды.

Иуда әлі сөйлеп тұр. „Енді әкемізben жаны бір кішкене інімізді тастап үйге қайтып барсақ, онда қария сүйіктісінің жоқ екенін көріп, жан тәсілімін бермей ме; сейтіп, сенің құлдарыңың ақ шашты әкесін қайғыра отырып табытқа салары хақ.“

Сонан соң: „Әсіресе, сенің бағынышты құлың мен жауап-

тымын. Кішкенесін қайтарып алып бармасам әке алдында өле-өлгенше күнәкар боламын“, – деді ол сөзінің ақырын тым әсірелеп.

Кезінде олардың бойында Жұсіпке деген сүйіспеншілік тым аз болды. Аштықтан өлтіру үшін шімірікпестен оны орға тастанды. Құлдыққа сатып, одан түскен ақшаны асығаптыға санаады.

Қазір бәрі өзгеше. Вениаминге бостандық әперу үшін Иуда Мысырда құл болып қалуға дайын.

Басында әкеге деген ұлдық махаббаттан жұрдай еді. Жұсіптің қан-қан болған қиімін жіберіп, әкесінің жанына ауыр жара салды. Қазір бәрі басқаша! Қазір олардың көңілін әке бейнесі жаулап алған. Қандай да болмасын қымбат баға төлеуге дайын, тек әкеге ауыртпалық тимесе екен. Әке қайғысын көріп, бұдан былай шыдап отыра алмады.

Тамаша шешім! Құл болып-ақ қалайын, тек Вениаминді босат. Өз бостандығынан, отбасынан, отанынан, өмірдегі бақытынан бас тартуға дайын. Әйтеуір әке қиналмаса, Вениамин босатылса болды.

Иуда енді тіпті басқа адам, ал баяғыда: „Жүріндер, оны Израилдіктерге сатайық!“ – дегені қайда.

Құдай оны соңғы жылдары бүкіл халықтарды бағындыратын Достастырушының алдына бірінші етіп апару үшін, тәрбиелік мектебінің ауыр сынағына салды. Достастырушы жөнінде Жақып та өзінің бата-өсінетінде көрегендікпен айтты. Ол да болашақта бүкіл әлемді күнә құлдығынан сақтап, сол үшін жанын қифан өз немересінің жолымен жүргуге дайын болды.

Сен дайынсың ба соған? Иса айтқандай біз жердің тұзы мен дүниенің жарығы болсақ, онда бұл мәселені жанымызды аямай қызмет еткенде, өмірімізді құрбандыққа әкелгенде ғана орындаі аламыз.

Бұл сынақтан өтуге бізге Құдайдың өзі көмектессін! Өмір – өмір үшін!

МАСАЙРАУ САФАТЫ

Жаратылыстың басталуы 45, 1–3

Жұсіптің алдында тамаша сөз сөйлеп, кіші ұлын жанындағай жақсы көретін қарт әкесі туралы әңгімелегендеге Иуда билеушінің толқу-сезімін әзер ұстап тұрғанын білген жоқ. Вениамин үшін құрбандыққа мені қабыл ал деп жалынғанында Жұсіп одан әрі шыдай алмады. Мына қатыгез, сұсты адамды жұмсарттым, сөзім жүйесін тапты деп Иуда ойлауы мүмкін, бірақ игілікпен сусындаған Жұсіптің жүргінің қалай қиналғанынан бейхабар еді.

Ақыры сезімін тоқтатуға әлі жетпеді. Жалма-жан маңындағылар мен мысырлықтарға бөлмені босатындар деп бүйірдь. Бәрі, аудармашы да тысқа кетті. Мырзасын еврейлермен жалғыз қалдырыған мысырлықтар сақтық жасап, тым алысқа бармады. Көмек қажет болса бара қою үшін жақын маңда болғандарын дұрыс көрді.

Бәрі шыққан соң бөлменің есігі де жабылды. Жұсіп бауырларымен жалғыз қалды. Бойындағы тебіреніс-толқу шегіне жеткен еді. Тұысқандары мен сырттағы мысырлықтарды таң-тамаша қалдырып, Жұсіп өкіріп жылап жіберді. Мұнысы не? Қуаныш па? Қайғы ма? Қуаныш та, қайғы да емес. Бұл аспанға атылған толқын іспетті жүрегінің шері еді.

Осынау сәтті ол ұзақ күтті. Бұл сағаттан қорықты да. Ағайындары сынаққа шыдай ала ма? Әлде өзін сатқандай Вениаминді де сатып жібере ме?

Міне, күткен сәті де жетті, ағалары сынақтан абыраймен өтті. Сондықтан да шиыршықтай тартылған сезімі кілт босап, жас болып төгілді.

Ағалары таң-тамаша. Мұнысы қалай? Көп ұзамай көз жасының мәнін де ұқты. Өзіне-өзі келген Жұсіп оларға ана тілінде: „Мен – Жұсіппін!“ – деді.

Төбелерінен жәй түскендей. Сонда Мысыр билеушісі, тағдырларының шешімін қолына алған мына адам өздері

баяғыда құлдыққа сатқан Жұсіп болғаны ма? Бұл үрей тудыратын жаңалық еді. Жұсіп енді өшін алады. Егер Мысыр билеушісі Жұсіп екен, онда оларды өлім күтіп тұр, өлтірмеген күнде өмір-баки құлдықта шірітері сөзсіз.

Қорқыныш билеген олар кейін шегінді.

Жұсіптің бауырларының алдында ашылу көрінісі өмірде жиі болады. Жұсіп әрқашан күнәнің ауыртпалырын арқалаған бауырларының алдынан шығып: „Мен Жұсіппін“ – дейді. Сонда жаңағы қорқыныш тұла бойларын билейді.

Сенің де өмірінде аспанның Жұсібіне ашылған күндерің болды ма? Құтқарушы адамдар алдында бар тұлғасымен ашылғысы келеді. Ұзақ уақыт өзін-өзі тежеу қыын ғой. Олай ететіні: бізді сынақтан өткізіп, таза ету. Оны сүйіспеншілікпен жасайды. Исаңың сені қалай сағынатының білсең! Сені бақыт пен рақатқа бөлеу үшін арындағы ауыр жүкті сыйырып тастасам дейді. Егер күнәкардың Құдаймен тату-тәтті тұрғысы келсе, онда Құтқарушы да жаңағы күнәкарды кешіргісі келеді.

Құтқарушының махаббаты шексіз-шетсіз екен, алайда адасқан жандардың Ол: „Мен – Исаңын!“ – дегенде шошына қалатыны неси? Себебі: олар Құдайды жақсы білмейді. Дофандары болған оқиға үшін қазір өшін алады деп ойлаған Жұсіптің бауырларындай көптеген адамдар да Иса кінәларының тізімін көрсетіп, арларының таза еместігін бетке басып, жауапқа тартады деп есептейді.

Кімде кім осылай ойласа, оның Исаңы білмеген! Ол кінәламайды, жазғырмайды. Көңіліңді басып, сүйіспеншілік көрсетеді, кешірімділік пен рақымшылық жасап біздің өзіне келуімізді күтеді.

Кезбе баланың үйіне қайтқанын есіде алшы. Экесі оны кінәлады ма? Жауапқа шақырды ма? Өйтсе бейшара пақыр жермен жексен болар еді. Жоқ, экесі киімі тозып жыртық шүберекке айналған қайыршы ұлын кеудесіне қысып, бетінен сүйді. Ол құлдыққа жалданамын дегенде, экесі қолымен оның аузын басты.

Өзінің оралуы осыншама салтанатты тойға айналады деп ұлы ешқашан ойламаған еді. Бұзау сойылып, жүртқа табак тартылды. Оқиғаның осылай аяқталары оның ойына кіріп те шықпады!

Құтқарушы осы оқиғаны неге есімізге салып отыр? Әрбір күнәкарды Құдай да осылай күтеді деп айту үшін. Өлгендердің қайтып тірілгеніне Тәнір осылай қуанады.

Жұсіптің ағайындары, Жұсіптің сорғалаған көз жасы сендерге ештеңе айтпай ма? Қорқынышқа себеп жоқ демей ме? Жұсіптің көз жасы оның жүргегінің сүйспеншіліктен езіліп жатқанын көрсетпей ме?

Аспан қалаулысы Жұсіптен, құдіретті Құтқарушыдан қорқатын сендер Оның мейірім мен махабbatқа толы жүзіне қарандаршы – үрей тудырлышқтай қорқыныш жоқ қой. Құтқарушы сүйеді сендерді. Сүйетіні соншалық, сендер үшін қанын төгіп, жанын қиды. Енді қорқушы болмаңдар! Сеніндер оған! Өмірлерін мен жүректерінді Исаның қолына табыс етіңдер!

ДҰРЫС КӨЗҚАРАС

Жаратылыстың басталуы 45, 4 – 8

Мысыр билеушісі өздерінің ана тілінде сөйлеп: „Мен – Жұсіппін!“ – дегенде Жақыптың балалары қорыққандарынан кейін шегінді. Көрсеткен қайғы-қасіретіміз үшін бізден өшін алады деген ой келді. Жұсіп болса құшағын жайып: „Бері, бері келіңдер!“ – деді. Көзінен ұшқындаған сүйіспеншілік отын көріп, туғандары ақырын оның жанына келді.

Жұсіп олардың жүргегінегінің оқып тұрды. Доғандары оқиғаны естеріне алғанын, күнәнің үрейлі, кесепат тұлғасын мейлінше анық көргендерін білді. Сол себепті олардың істегені Тәнірдің бағыштауымен болғанын айтты. Аштықта ағаларына көмек көрсету үшін Құдай өзін осында Мысырға жіберді деп түсіндірді.

„Мені құлдыққа сатқандарың үшін енді қайғырып, өкінбендер; себебі Құдай сендерді сақтап қалуды маған бұйырды“, – деді агаларына.

Сонан соң тағы да: „Сендер жер басып жүргуге тиісті болғандықтан Құдай мені осында аттандырды“, – деді.

„Сонымен, мені мұнда жіберген сендер емес, Құдай!“ – деді ол үшінші рет ағайындарына.

Тағдырдың қылыштықты саласынан өткен Жұсіп өзін құдіретті күштің бағыштап отырғанын, Құдайдың елді, туған туысқанын аман сақтап қалу үшін өзін әдейі Мысырға әкелгенін түсінді. Жұсіптің ағалары Тәнірдің еркін орындауға тек құрал болды. Бірақ кінәлары одан азаймады. Ондаған жылдар бойы аз жапа шеккен жоқ. Олар жасаған жауыздықты Құдай игілікке айналдырды.

Жұсіп осыған терең бойлай білді. Осынау ойға дәл қазір емес, бұдан көп ертеректе жетті. Өзіне қайғы-қасірет әкелген ағаларының артында Құдайдың тұрғанын анықтады. Тәнір өзінің ұлы жоспарын Жұсіп арқылы жүзеге асырды. Осыны түсінгенде барып, ағаларына ашу шақырып өкпелей алмады; ел мен отбасына игілік әкелуде Тәнір оларды құрал ретінде пайдаланды. Егер туған жерінде қалған болса, әрине, Потифардың үйіндегі қыншылық пен қапастағы ауыртпалықты басынан кешіп, Мысыр билеушісіне дейін көтерілмейтін еді, сонда бүкіл мысырлықтар ғана емес, өзі туып-өсken отбасы да ашаршылық кезінде опат болары сөзсіз.

Сөйтіп, жауыздық жасаған ағаларының артында өзіне бата беріп, игілік силап, тәрбиелеген Құдайдың тұрғанын көрді. Иә, Жұсіп сияқты осы сынды жақалықты ашқанда ғана жүрегіміз қуанышқа ие болып, бостандық алады. Өмірдегі барлық жағдайда да адамдармен емес, Құдаймен ғана қарым-қатынаста екенімізді сезінген сәтте жүрегіміз тыныштық табады.

Адамдар сенің көіңілінді қалдырғанда талай ренжідің емес пе. Олар ауыртпалық келтірсе, ызаландың. Бәрін құрсіне қабылдадың. Қаралы ойға жол бердің. Бүкіл өмірінді

аяусыз езгіледің. Соның салдарынан қашшама күндер мен тұндерді үйқысыз, қасірет құшағында өткіздің. Бұған қас жауың кінәлі деп ойлайсын ба? Жоқ, бар ауыртпалықты өз қолыңмен жасадың.

Жүсіп сияқты қарай алсаң, жауыңның артында тұрган Тәңірді көресің. Ол сені тәрбиелеп, игілікке жеткізу үшін жауынды құрал ретінде қолданып отыр.

Егер көзқарасымыз дұрыс болса, жауларымыз барып тұрган нағыз жарылқаушыларымыздың өзі. Оларсыз күнімізді қалай көрер едік? Олар бізді тәрбиелейді, ауыртпалыққа қыңқ етпеуге баулиды, шыдамдылыққа, әділетсіздікке мойын ұсынбауға үйретеді. Мұның өзі ұлағаттылық емес пе? Жауларымыз болмаса қалай өмір сүрер едік? Құрбандыққа дайын болу дәрежесіне ешқашан да көтеріле алмас едік!

О, егер сен Жүсіптің көзқарасына жетсең фой! Саған қайғы, әділетсіздік әкелетін адамдардың артындағы Тәңірді көрсөн; әлгі адамдарды ол мықтап ұстап, өз жоспары мен мақсатын орындауға қолданады.

Жүсіпті ағалары құлдыққа сатқанның өзінде халықтарды құтқару үшін, оны Мысырға жіберген Құдайдың барын ұмытпа.

Адамдар саған әділетсіздік көрсетіп, бастығың дұрыс қарамаса, қарамағындағы қызыметкелер ызынды келтірсе – кейіме. Олардың артында Тәңір тұр. Соны есіне ұста. Адамдардан гөрі Құдаймен қарым-қатнаста бол!

Осылай қарап, осы сынды түсінікке жетсең ғана күйіп-пышып, өкпелеуден бойынды аулақ саласың; бәрін Тәңірдің қолынан қабыл алышп, берген игілігіне рақметінді айтуды үйренесін.

Адамдарға назар аударып, қарсы жасаған қимыл-әрекеттеріне көніл бөлме. Онда шындықтан тыс, қате көзқарасқа тап боласың. Жүргегінді ауыртып, өміріңе көлеңке түсіресің. Адамдарға емес, олардан жоғары тұрган Исаға қара. Сонда ғана көзқарасың дұрыстық табады.

Міне, осыған үйренгенде ғана тыныштық алышп, бақытқа

кенелеміз. Сондықтан осы жолдарды оқығандардың бәріне айтарым: қай кезде де болмасын Тәңір біздің назарымызды ауыр жағдайларға бөлмей өзіне қаратсын; себебі сайып келгенде, бәрі Кұдайдың қолынан өтіп, сол арқылы игілікке жетеміз фой. Міне, дұрыс көзқарас деген осы.

ЖҰСІПТІҢ ЕЛШІЛІГІ

Жаратылыштың басталуы 45, 9 – 11, 13

Доғандарғы оқиғадан кейін ағаларының арына зіл батпан болып түскен күнәнің жүгін жеңілдеткен Жұсіп, енді бүкіл ойын әкесіне бағыштады. Балалары оны үлкен мазасыз жағдайда қалдырды. Сол себепті оған Жұсіптің тірі екенін, Мысырдың билеушісі болғанын тез хабарлаған жөн.

Жұсіп осы шешімге тоқталып ағаларына: „Жылдам әке ме жетіндер!“ – деді. Олар Жұсіптің тірі екенін айтып, қарияны Мысырға қонақ болып кетуге шақырулары керек. Аштық аяқталғанға дейін әкесін ол бағып-қағады. Өзінен алышқа жібермейді. Ұлының даңқын көрген қария сөзсіз куанышқа бөленеді.

Қартайған Жақып үшін бұл теңдесі жоқ бақытты хабар! Жұсіптің туған ағайындарын асықтыруы да орынды. Жақыптың қайғысын қуанышқа айналдыру үшін олардың тезірек барғандары дұрыс.

Жұсіптің қарт әкесіне қуанышты хабар жібергеніндей Иса да жапа шегіп, қыншылық кешкендерге: ешқайсың өмірлерінді мұң мен қайғы құрсауында аяқтамайсындар деп хабарлайды. Ешкім күнә жүгін өзімен бірге алып кетпек емес.

„Кұдай мені бүкіл Мысырдың билеушісі етіп көтерді“, – деді Жұсіп. Солай Иса да бүкіл әлемнің билеушісі. Оған аспан мен жер үстінде бүкіл билікті жүргізу жүктелді.

„Аялдама, маған тез жет!“ Исадан тыс өткен әр күнің құрдымғы кеткенмен бірдей. Адам өз қамының уайымына

беріліп, бұрыштан-бұрышқа сенделіп жүреді. „Мен сендерді сергітуге дайынмын! Жандарыңа рақат, тыныштық әкелмекпін!“ – дейді сонда Тәнір.

Ендеше Исаға бармай неғып тұрысын? Есінді жый! Күнә жүгінен арылып, бостандықты сезініп өмір жолымен еркін өтер едің, бірақ өз бақытсыздығың мен ауыртпалығыңды тастамай шыр айналып жүрсің. Есуастығыңды тоқтат. Өзіне шықырған Жұсіпке бар. Аялдама!

„Гесем жерінде тұратын боласың: менің қасымда – сен, сенің балаларың да.“

Тамаша ұсыныс. Жақып елдегі ең құнарлы аймақтың бірін иемденбек. Және де ол жер Жұсіптен оншама алыс емес. Қарт әке үшін бұл ең жоғарғы қуаныш. Жұсіптен алыс емес, оған жақын жерде!

Ал Иса ше? Ол да бізге құнарлы аймағын – Гесемді ұсынады. Исаның жанында болу – төлемі жоқ, фанибет қой. Дүниеде одан артық орын бар ма?

Сонымен, Исаның дәл жанында жақсы орын – Гесем бар дедік, ал Оған барудан аулақсың. Бәрін тастап, әлгі орынды неге алмайсың? Достым, мен сені түсінуден қалдым. Бұл жәй айттыла салған ұсыныс емес. Бұл істеген ісі шындықпен сай келмейтін адамның сөзіне де жатпайды. Жо-жоқ, Иса айтты еken, орындаиды, Оған көзіміз де жетті. Басымыздан да кештік. Шынында да өмір сүруге қолайлы „Исаның жанында“ орын бар. Егер Исаға барсаң бәріне түгел қанық боласың.

Исаның қасындағы Гесем жерінде кемтарлық пен мұқтаждықтан арыласың. „Өзінді, бүкіл үйінді, басқа жандарды кедейлікке душар етпес үшін асыраймын, өйкені аштық әлі де бес жылға созылады“.

Қамтамасыз етілді! Ауыртпалық пен қыншылыққа қарамастан бойларындағы игілікті сақтап қала алады. Аштық болса да Жұсіп қамқоршылық жасап, көмек көрсетеді.

Расынды да, Тәнірден қорқатындар еш нәрседен мұқтаждық көрмейді.

„Тәңір менің Бақташым!“ – деген адам: „Мен ешқашан кемтарлықта өмір кешпеймін!“ – деп те зор сеніммен айта алады. Мейірімді Бақташы қолындағы малына қамқорлықпен қарайды. Туған-туысқандарының отбасы мұқтаждық көрмесін деп Жүсіп алдын-ала қамданды. Тәңір бізге өмір мен молшылық силайды! Құдайды мадақтандар – Аллилуия!

„Менің Мысырда ие болған даңқымды әкеме айтып барындар!“

Жүсіптің тірі екенін естіп, оның Мысыр билеушісі дәре-жесіне жеткенін білгенде, қарт Жақыптың қуанышқа бөлөнері сөзсіз.

Жақыпқа тиісті хабарды Исамен байланыстырып көре-йікші. Иса өлген жоқ, Иса тірі! Ол бар дүниенің Қожасы! Осы Құдіретті, мәңгілік тірі Құтқарушы бізді өзіне шақырады! Бізді қанаған қайғы мен қасіретті, қатер мен қауыпты, опыну мен мазасыздықты жойсам дейді! Ол бізге жанынан орын ұсынып, үнемі қарым-қатынаста болғысы келеді. Жақсы өмірге, молшылық пен ауқаттылыққа жеткіземін деп уәдесін береді.

Мұны естіген адамдар Исаға қарай толассыз ағылуы керек қой. Жапа шеккен, тәні жараланған пақырлардың Исамен кездесу үшін Гесемге жөнкілуі әбден мүмкін емес пе? Өкінішке орай олай емес! Иә, олай емес!

Әр жексенбі сайын, әр кеш сайын, бір жеті бойы дінді уағыздау орындарында Исаңың аты қайта-қайта айтылып жатады; үлкен құрметтілікпен, сүйіспеншілікпен айтылады, бірақ елең етіп құлақ асатындар аз.

Қалай, Исаға сен келдің бе? Әлде ол жөнінде айтылған қасиетті сөздердің бәрі саған әсер етпей, жайымен қалды ма?

Егер сыртта қалатын болсаң, онда өз бақытыңа кесекөлденең тұрғаның. Игілік пен рақаттан дәм татпағаның. Исаңы уағыздайтын сөздердің бүгін сенің құлағыңа жетіп, жүргегіңе қонғанын қалар едім. Сонда Құдайдан аулақ

жатқан қыырдан шығып, Исаның көз алдында Гесем жеріне жетер едің.

Бұл айтқанымды жүргегімен қабылда да менгілік қуаныш пен бақытқа асығатын бол!

АСЫҒЫНДАР!

Жаратылыстың басталуы 45, 9 және 13

„Тез барындар!“ – деді Жұсіп ағаларына. Жақыпты мазасыздықтан, екі ұштылықтан арылту үшін асығулары керек. Асықпаса, кешігіп қалулары мүмкін. Жақып кәрі шал ғой. Әр өткен уақыт ауадай қымбат.

Оз Жұсіпінің даңқы жөнінде қуанышты хабар алмай дүниеден талай қарт Жақыптар өтті. Осыдан бірнеше жыл бұрын миссионерлердің бір салтанатты тойында мен өте қызық оқиға естіп едім. Ағылшынның бір министрі тұні бойы ұйықтай алмады. Қанша тырысса да кірпігі ілінбеді. Ақыры төсегінен тұрып, жұмыс кабинетіне барды. Жарық ай биіктен сәулесін төгіп тұр. Кенет жазу стөлінің үстінде жатқан маңызды хатты көрді. Өлім жазасына кесілген алты адамды кешіру жөніндегі патшаның жолдаған жарлығы. Жарлықты ол кеңес мүшелеріне табыс етуге міндетті еді. Сонда есіне бұл жарлықтың әлі орындалмағаны түседі, себебі орындалу жөнінде әлі еш хабар алмаған еді. Асықканы жөн. Жаза таңғы алтыда орындалмақ еді.

Министр жалма-жан кеңесшісіне телефон соқты да, одан жазаны кешіру жөніндегі жарлықты жібердің бе деп сұрады. Иә, хатшысына табыс етіпті. Бірақ кешірімнің жазалау орнына жеткендігі туралы анықтама әлі жоқ. „Қап! Маған кешірімді алдық деген жауап келмегенін білемін“, – деді кеңесшісі өкініш білдіріп.

Министр мен оның кеңесшісі хатшының үйіне барып, істің мән-жайын анықтады. Анау: „Ой, ұмытып кетіппін!“ – деп санын соқты.

Шабарман шақырылды. Оны жақсы аттың біріне отырғызып, кешірім хатты қолына ұстасып шүфыл жолға аттандырыды. Сағат түнге екі еді.

Таң атып, өлім жазасына кесілгендер жазалау орнына шығарылды.

Міне, балта да жарқ етіп, алтауының алдынғысының басы жерге домалып түсті.

Балта қайтадан жалтылдады. Тағы да. Бір ғана кісі қалды. Оны жазалау орнына апара бергенде астындағы аты ақ, көбікке малынған шабарман көрінді. Ол қағазды жоғары көтеріп: „Кешірім жарлығы! Кешірім жарлығы!“ – деп айғайлап келеді.

Соңғысы осылай құтқарылды. Бірақ бесеуі қаза тапты.

Құдай ісі кешіккенді қаламайды.

Тәнірдің бізге силаған кешірім хабары қолымызда делік, бірақ оны уақытша сырыйп қойдық. Ал бұл кезде кісілердің өліп, қаза тауып жатуы ғажап емес.

Миссионерге бағышталған кәрі қытайлықтың жалынышты даусы жанынды тебірентеді. „Сен бұдан ертерек неге келмедің? Бұл жөнінде менің әкем неге ғана ести алмады?!“ – деді ол.

Иә, неге?

Өткенге опынудың, өзгертуге болмайтынға қайырудың керегі жоқ. Бірақ қазір сен игілігінді нендей қажетіңе жаратып жатырсың? Пәлеге душар болған пақырларды кешіру жөніндегі хабарды қандай кәдеге асырмақсын? Жаңағы министр сияқты: „Менің кеңесшім бәрін де жөндейді“, – деп ойлайсың ба? Ал кеңесші болса: „Хатшым орындаиды,“ – деп сенді. Бірақ ешқайсысы істің қамын аяғына дейін ойластырған жоқ. Жауапкершілікті өзіңнен сырыйп тастама; ол үшін дінді үағыздаушылар мен дінге үйретушілер бар деме. Егер олар да іс жүргізетін хатшы сияқты кешірім қағазын жазу стөлінің сүрмасына тастай салса, не болмақ? Иса саған жан дүниесін ашса, сен Оны күнөмізді кешіп, сырқаттан айықтыратын, өмірімізді көр қапасынан сақтап,

рақатқа бөлөйтін мейірімді Құтқарушы деп түсінсең, осы өзің ашқан ақиқатты қасында қайғы мен қасіреттен, күнә мен мұқтаждықтан кіслер өліп жатқанда, жеті қат жер астына тығып, құлыптап қоя алмайсың.

„Асығындар!“ – дейді Жұсіп.

„Асығындар!“ – дейді Иса әлемдегі барша адамға. Онсыз да көп уақыт жоғалды, босқа кетті. Қалған уақытты адамдарға игілік, жақсы хабар әкелу, Иса Құтқарушы, өмір мен рақаттың Өзі екенін хабарлау үшін пайдаланайық.

Асығындар! Жақып қартайды. Мүмкін санаулы фана күндері қалған шығар. Ол өліп, сен оған ештеңе айта алмай қалсаң не болмақ? Игілікті хабарды біле тұрып, оны әрмен тиісті жеріне жібермедің деп Құдай сені жауапқа шақырмай ма?

Игілікті хабарды біле тұрып, оны жасырып қалу қайырымдылық емес. Бәрі еститіндей етіп жариала! Орныңнан тұр! Асық! Хабарды жеткізген адамың құлқі етсе, ренжіме. Қызметің көптің ішіндегі біріне тисе, жұздің біріне қуаныш пен бата силасаң – соның өзі сен атқарған еңбектің Құрметі емес пе?! Оған қарағанда, құлқі мен жала не тәйірі.

Сондықтан да осы жолдарға көз қызығын салған оқушым, аспан сүйіктісі Жұсіптің аға-қарындастары, игілік тарататын хабарды күттіртіп қалдырмай үйде, кеңседе, туғантуыстарың мен көршілеріңе жеткізіндер. Өмір сұру, рақат кешу соған байланысты.

Сондықтан асығындар!

АУДАРМАШЫНЫҢ КӨМЕГІНСІЗ-АҚ

Жаратылыстың басталуы 45, 12

„Бөлмеден бәрі шықсын!“ – деп бұйырғанға дейін Жұсіп ағаларымен аудармашы арқылы сөйлескен еді. Енді аудармашыны да сыртқа шығарды. Ағаларына өзінің кім екенін естірткенде қастарында бөтен ешкім болмауға тиісті.

Кенет Жақыптың балалары оның өздерінің ана тілінде сөйлем тұрғанын естіді. Осыншама зор биліктің иесі інілері Жүсіп болып шыққанына қайран қалысты. Бірақ сенулері керек, өйткені бәрін аудармашының көмегінсіз өзі түсіндіріп жатыр.

Бізді Құтқарушы да сөйтеді. Әуелі ол аудармашы арқылы сөйлеседі. Көмекке ана, не мына кісіні алыш, төтенше жағдайда қолданылатын ең дұрыс шешімге меңзейді. Өз ойын дұға оку, мінажат ету барасында жеткізеді. Немесе күйеуін тәрбиелеу үшін, оның таза өмір кешкен әйелін пайдаланады. Кейде мысал қылыш, өнеге етіп діндар жолдастының, бастығының, бағынышты қызметкерінің жасаған әрекетін көрсетеді. Әрбір дін уағыздаушы Исаңың аудармашысы, сол арқылы ол адасқан жандармен қарым-қатынас жасайды. Исаға аудармашы болу фанибетті іс.

Бірақ Исаңың аудармашыны қажет етпейтін өз сағаты бар. Жүсіп ағаларының алдында өзінің кім екенін ашқандай, ол да бет пердесін сырып тастанап, күнәкар пақырмен өз тілінде сөйлеседі.

Иса сенімен аудармашысыз сөйлесе алатын дәрежеге жеттің бе? Ол сенімен бірге ме, ешкім ешуақытта қарым-қатынастарыңды ажыратса алмайтындағы етіп нығайттың ба?

Сенің Мәсіх жолын қуушылар өмірінде әлі де аудармашы қажет болса, мейлі оны кітап, адам, тағы басқа делік – сен сол қажеттілік төңірегімен шектеліп қалма! Одан да жоғары нәрсе бар! Ұақыты туғанда, Иса аудармашыны былай қойып, өзінің кім екенін айтып, бізден сөйлеседі.

Қателікке берілме, барыңмен базар болма, өйткені байланыстыруши адамсыз Исаға әлі тура шыға алмайсың ғой. Дұға кітабын өзінмен бірге мәңгілікке алыш кете алмайсың. Бағып-қағып, ақыл беруші діндар ағаң да сені бақытты ете алмайды. Керегі Исамен күнделікті тығыз байланыста болу. Сенде ол бар ма?

Тәнір игілігін бізден аямайды. Тек осы жолдарды оқып отырғандар да, басқа біреу арқылы Исамен сөйлесетіндер де

болашақта онымен жақындастықта аудармашысыз-ақ әңгі-
мелесуге үйренсе екен!

КЕШІРІМДІЛІГІ МОЛ МАХАББАТ

Жаратылыстың басталуы 45, 14 – 15

Фажап көрініс! Перғауын бүкіл билікті қолына берген
елдегі ең құдіретті адам кенет еврейлік малшыларды мой-
нынан құшып, оларды сүйе бастады.

Ағайындары осылай болады деп ойламады. Тіпті күтпе-
ген. Жарайды, Вениаминді сүйгені дұрыс-ақ. Ол өзі сияқты
Рахильден туған. Оның Жүсіпке қатысты оқиғаға орай ары
да таза. Жүсіпті Мысырға құлдыққа сатқанда Вениамин әлі
бала болатын. Оны олар түсінетін. Бірақ күнәға белшесінен
батқан, аяушылықты білмеген өздерін келіп Жүсіптің сүюі
оларға түсініксіз болды. Алайда Жүсіп солай етті. Туғандарын
бір-бірлеп сүйіп шықты.

Сол жолы Жүсіпті құлдыққа сатайық деп ұсыныс жаса-
ған Иуданы да сүйді. Иә, Иуданы! Жүсіп көз жасын сорға-
латып оның мойнынан құшқанда, жүргегіндегі сүйіспенші-
лікті жасырмай кешірімділік білдіріп бетінен сүйгенде ол
қалай дүр сілкінді десенізші!

Жүсіп оларды шетінен сүйіп шықты. Откендей еске сал-
ған өкпе сөз жоқ, жүргегі ағаларына деген кешірім мен
махаббатқа толы.

Иә, бұл біздің атақты Құтқарушымызға пара-пар келетін
фажап бейне.

Көбіне адамдар Иса жөнінде қате пікірде болатыны хақ.
Олардың ойынша: егер Исаға көмек сұрай келгенде, одан ол
кінәларын бетіне басып, ұзақ діни уағыз айтады. Откендей
қателіктерінің тізімін көрсетеді де: сен сөйттің, сен бүйттің
деп көздерін шұқиды. Жауапқа тартады. Көбісі осылай ой-
лайды. Бірақ бұл барып тұрған қате фой.

Иса Жүсіптің алдында ұятқа қалады деп ойлайсың ба?

Жок, ешқашан! Жүсіп егер кешірім сөзінен басқа ағала-рына ештеңе айтпаған болса, онда Иса да солай етеді.

Сенің кім болғаның, немен айналысқаның оған керек емес. Кешірімділігі мол махаббатпен аймалап, сүйеді. Ол даусыз шындық.

Мұмкін сен Иуда болған шығарсың. Бірақ сені де кешірімділікпен сую құтіп тұр. Тәнір Иса Мәсіх, жаман сөз тарағып, адамдарды құфын-сұргінге ұшыратқан Тарстан келген Савлды да қарсы алғып, құшақтап сүйді емес пе? Ол жасаған қүнәсін де кешті фой?!

Сенің жүрегінде не барын, өткендегі өмірің қандай екенин мен білмеймін. Білетінім – Құтқарушыда ғана, егер оған баратын болсан, саған деген кешірімділік махаббаты онда дайын тұр.

Құтқарушының қаңғыбас ұл жөнінде айтқан оқиғасы бәріміздің есімізде. Туған ұсына оралу бала үшін нағыз қасірет еді. Әкесіне осыншама масқаралық пен қайғы болған ол үй-ішінің қалай қарсы алатынын білмеді. Жүрегі сыйздады. Оны көргенде бәрі саусақтарын шошайтып, әкесін айыптастыны хак. „Көрдіңдер ме, анау қаңғыбас ұлдың әкесі! Оның да жетісіп тұрғаны шамалы: шіріген алма, ағашынан алыс түспейді, деген рас екен!“ – деп дабырласады олар.

Әкесі егер оны ауладан қуып шықса, „жоғал, менде ұл жоқ!“ – десе, онда ол өзін-өзі кінәлап, әкесінің айтқаның жасар еді.

Сонымен, қаңғыбас ұл әкесінің үйіне жақындағы делік. Үйге жетер-жетпестегі бір топ ағаш оның көзіне шоқтай басылды. Әне, мұржадан тұтін де көтеріліп жатыр. Бірақ жүрегі сыйздал, қобалжиды. Бәрі баяғыдай, тек өзгерген өзі ғана.

Міне, оны қарсы алуға қария шықты. Мына кісі шынымен оның әкесі ме? Белінің ійлгені несі?! Бұрын шашында ақ жоқ еді фой. Алайда бұл әкесі екені анық. Міне қарт жүгіріп келеді, ол жақындаған сайын, оның ойы айқындала түсті де: „Міне менің әкем“ – деді.

Қаңғыбас ұлдың жүрегі аласұрып, қатты-қатты соғып кетті. „Әке, мен аспандағы Құдай мен сенің алдыңда күнәркемын!“ – деп дірілдеді кезерген еріндері. Әкесі оның аузын басты.

Оқиға осылай аяқталады деп ұлы ойламаған еді. Үй қызыметіндегі жұмысшылар тұратын бөлмеге кіргізсе де рақмет дер еді. Ал әкесі баласынан түнілмей, оны құрметпен қарсы алып отыр. Аман-есен оралғаны үшін салтанатты той да жасады. Фажап, күтпеген жәйіт.

Иса бұл оқиғаны айтқанда өзінің бізді осылай қабыл алатынын ескертіп отыр. Оның өлі тірілерге деген сүйіспен шілігі, міне, осындей. Адасқан жандар тазаланып, өмірге қайта оралғанда ол жаңағыдай ұлы той жасайтыны сөзсіз.

Сені осы сияқты сүйіспеншілік күтіп тұрғанда Құдайға неге тезірек жетпейсің?

Жүсіп бауырларын бірінен соң бірін сүйіп болғанда олар әңгімелерін бастады. Жазбада солай делінген. Не туралы әңгімелесті? О жағы белгісіз. Бірақ бізге оны болжауға болады. Жүсіп туысқандарының ұяттық жасағанын махаббатымен дәлелдей алды. Аналар ол туралы тебірене отырып айтты да. Жүсіптің айтқаны: мен сендерді баяғыда-ақ кепіргенмін!

Бұл туысқандар арасындағы ғажайып сафат. Сенің өмірінде осындей сафат болып көрді ме? Исаға жет! Ол сені күтіп отыр. Ұлы махаббатын жасыра алмай, күнәнді кешіріп, бетіңнен сүйіп, қарсы алмақ.

ЖҮСІП ҮШІН

Жаратылыстың басталуы 45, 16 – 20

Жүсіптің ағалары келді деген хабар, – күтпеген қызықты хабар болды. Жүсіп бірден перғауынға хабарлады, ол бұл жөнінде естіп те үлгерген екен.

Егер бұлар Жүсіптің ағалары болмағанда, еврей бақта-

шылары туралы ештеңе де айтылмас еді. Олар жөнінде ешкім қам жемейтін еді. Патшаға да оны жеткізбес еді. Бірақ Жұсіпке орай олардың келуі жүртшылықты дүрліктірді. Жұсіптің арқасында енді бәрі солар туралы айтатын болды.

Жұсіп, әрине, патшаға туысқандарының отбасын Гесем жеріне тұрақтатқысы келетінін айтты. Перғауын келісімін де берді. Жұсіптің ағаларына айтқан сөзін патшалық лауазымымен растады. „Мен сендерге Мысырдағы ең жақсы жерді беремін“, – деді ол. Соңан соң: „Ештеңеден тарылмандар, Мысырдағы ең шұрайлы жерді алыңдар!“ – деп бүйірді. Оларды тездетіп көшіріп алу қамымен бірнеше жеңіл арбаларын қосып берді. Арбаларға негізінен балашаға, әйелдер отырғызылды.

Жұсіптің отбасына перғауынның көңілінің соншама түсі қалай? Бәрі Жұсіп үшін, соған орай жасалған еді. Себебі көшіп-қонатын Жұсіптің туысқандары, ендеше оларға игілік ету керек.

Сөйтіп, Жұсіптің туған-туысқандары әп-сәтте өздеріне жүртшылықтың назарын аударды. Бәрі қолынан келген көмегін көрсетуге дайын болды. Патшаның рақымына орай осыншама құрметке ие болу Жұсіптің ағаларын қатты таңдандырды. Бірақ барлық жақсылық Жұсіп үшін болып жатты.

Соған орай патша оларға назарын аударды. Болашақта қиыншылық көрмеулері де Жұсіпке байланысты. Тек Жұсіп үшін, тек соның құрметіне!

Біз де осындей жағдайды кейде басымыздан өткіземіз. Табиғатымызда біз осы кімбіз? Кедей, бейшара жандармыз Құдайдың еркіне көнбей оған қарсы шығатын пақырлармыз. Бірақ біз кенет Исаға сеніп, онымен қарым-қатынас таптық делік. Сонда қолма-қол бәрі өзгеше болып шыға келеді.

Құдай әкелік сүйіспеншілікпен бізді өз қамқорлығына алады. Балаларын мәпелегендей Тәңір өзінен қорқатындар-

ды аялап, мәпелейді. Оның игілігі неліктен бізге тиіп отыр? Жүсіп үшін, Жүсіпке орай тимек!

Себебі біз оның ұлына сүйіспеншілік жасадық, сөйтіп аспан Экесінің батасы бізге дарыды. Өн бойымызда тек жақсылық бар деп айту қыын. Бірақ Тәнір бізді сүйеді, Иса үшін рақымын жаудырады.

Адамдар да бізге назырын аударады. Бұған дейін олар бізге көңілдерін бөлмеген еді. Дүние де біз үшін онша қам жемейді. Бір сэтте бәрі де өзгерді. Біз енді айналамыздағыларға қызық болып көрінеміз. Мындаған көз бізге таңырқай қарайды. Үлкейтіп көрсететін шыны арқылы бақылап жатқандай. Бақайшағымызға дейін көріп, біледі. Үйдегі өмірімізді, әйелі мен ерінің арасындағы қарым-қатынасты, басшы мен бағыныштының қызмет бабындағы байланысын зер сала зерттейді. Неге олай? Бізге неліктен қызығады? Иса үшін, соған орай!

Тәнірдің игілігі, даңқы мен рақаты, Құдай дарытқан бата мейірбандылығы – бәрі, бәрі бізге Исаға орай тиіп жатыр.

Адамдар мен бүкіл дүние болмысының назары да Иса үшін бізге бағышталады.

Ағалар мен қарындастар, Құтқарушы алдында қарыздар екендерінді білмейсіндер ме? Құдайдың рақымы Исаға орай дарығанын сезінесің бе? Сонымен бірге, Иса үшін де жауап-қа тартылатынынды есінен шағарма.

Күнделікті күйбеңмен айналысатындардың бәрі қателік істесе, оған оншама маңыз беріліп, көңіл аударылмайды. Ал егер Тәнірдің баласы күнә жасаса, ол ескерусіз қалмайды. Оның Исаға қатысты маңызы бар.

Жасы үлкен аға, апа! Тәнірге қарыздар екенімізді ұмыт-пальқ. Тек сырт көз біздің бойымыздан түрпі боларлық ештеңе көрмесе екен. Шіркін, Иса үшін біздің өміріміз айналамыздағы адамдарға жақсы өнеге болса ғой.

АУЫР ЖОЛ

Жаратылыстың басталуы 45, 21 – 24

Бұл қуанышты оралу еді. Жақыптың балалары берілген мол сиды артып, жолға шықты. Әр қайсысына бір киерлік салтанатты сырт киім берілді. Ал Вениамин ондай киімнің бес түрін алды. Жүсіп әкесіне де арнайы сый жіберді: бір керуен есектер мен қашарларға қап-қап жем, Мысырда бағаланатын түрлі бұйымдарды артып жіберді.

Қастарында әкесі айрылып қалам деп әзер жіберген Вениамин де болды. Симеон да солармен бірге. Өлді деген Жүсіп те тірі болып шықты. Ол күнәларын кешіп, аямастан мейірімділік пен сүйіспеншілік көрсетті. Осының бәрі қуаныш емей немене.

Алайда жүректері әлі де тыныштық таппаған еді. Бір ғана нәрсе қинады: әкесінің аяғына жығылып, ақталулары керек. Ұзақ жылдар бойы ұяттан безіп, одан жасырып келгендерін әңгімелеп бермек. Оны осынша уақыт бойы қандай азапқа салғандарын, қандай қасіретке жеккендерін айтуға тиісті еді. Сүйікті ұлын ойлап жиырма екі жыл бойы қайғы құшашында сенделді ғой ол. Осы мерзім ішінде біреуі де жабулы сыр жөнінде тіс жарған жоқ. Енді бәрін де естіртуі керек болды. Енді ұзақ мерзім үндеңей, жасырып келген қылмыстарын бұрынғыша ұн-тұнсіз қалдыра алмады.

Осы өздері жасаған ауыр қылмыстың жүгі енді жүректерінде зіл-батпан болып жатты....

Жүсіп қоштасар сэтте: „Жолда бір-біріңмен жүз шайысып жүрмендер!“ – дегенде осыны ойлаған еді. Бұл сөзді „жолда көңілдерінді қинамандар“ деп те түсінуге болады. Үйге бара жатып, жолда ұрыссып қалудан гөрі, әкемізге қалай көрінеміз деп көкіректі езгілеу қауыпы анағұрлым басымырақ еді.

„Жолда жүз шайысып жүрмендер!“, немесе „Жолда көңілдерінді қинамандар!“ – осы сынды сөздерді Иса бүгін де өз туысқандарына қатысты айттып отыр. Иса олармен

кездесті. Кім екенін айтып, күнәларын кешті. Олар енді адамдар алдында ақталулары керек. Алда көрі Жақып бар, соған жетіп, өтірік айттым деп мойын ұсынуға тиістісің. Откендеңі қателікті жөндеп, жауыздықтан арылғаның жөн. Өйтпейінше болмайды. Тазаланғаның өте қажет. Сондықтан да Иса: „Жолда көңілдерінді қинамандар!“ – деді. Бұрынғы күнәңдан арыл, сонда ғана жаңын қарап табады.

Күнәдан арылу мінажатының Тәңір балаларының берінің қолынан келмейтіні өкінішті-ақ. Құдайдың соны қалайтынын олар біледі. Онсыз толық көңіл тыныштығына жетпейтінін білсе де, әлде нені күтіп кешеуілдеумен жүреді. Бейне бір Құдаймен бірде келісіп, бірде келіспей таласуға болатындей. Тәңір егер бір рет өз саусағын сенің өмірден алған жараңа тигізсе, егер жіберген қателігінді жөнге келтір десе, онда Ол сен барлығын дұрыстамайынша саусағын жараңдан алмайды.

Мен мұны ауырлық туғызған өз тәжрибемнен білемін. Бұған Тәңір балаларының да тәжірибесі кепіл. Олар Құдайға қасірет жолынан босата гөр деп жалынады, бірақ сөйті тұра бақытты, бейбіт өмір сұрулеріне ескі істерімен кедергі жасайды. Құдай қалағанындей ескі істерің жөнге келмейінше Құдайға, оның баласы атанғаныңа қуана алмайсың.

Сені де Жүсіптің ағалары сияқты қобалжу-толқу жолы күтіп тұр ма? Өтірігінің бетін ашуға қажеттісің бе? Жауыздығынды жөндеуге міндеттісің бе? Әлде кімнен кешірім сұрауға тиістісің бе? Жалынамын, созба, іске кіріс. Тездетіп баста. Жол бойы өзінді өзің қинама. Тәңір сенімен сапарда бірге болады. Көмегін береді. Тәңірдің өсіетін ұстанып, откендеңінді дұрыстасаң күнделікті тіршілігің су ағысындей бір бағытта жөнделеді.

Есіме өзімді-өзім аялмай (көп уақыттан бері анығын айтқым келмей жасырып едім) ақталуыма арналған хат жазбақшы болған сағатым түседі. Әлі күнге дейін почта жәшігі ілінген үйдің бұрышы көз алдында. Сол жәшікке хатты апарып салдым. Хат жәшікке түскенде әлде не журе-

гімді босатқандай болды. Бұл баяғыда өткен оқиға еді, ақыры оны да дұрыстаған сияқтымын. Сол сәт рақат тыныштық жүргегіме орнап, көңілім орныққандай әсерде қалдым.

Тұысқандар, өмір өткелдерінді осы сынды жөндеуден өткізетін болсаңдар, қамықпаңдар. Қиналманадар! Бірақ келесі мезгілге қалдырмаңдар. Бір күнге де. Бір сағатқа да! Жедел іске кірісіндер. Қажетті хатты жазуға отырындар. Жасаған кінәларынды жасырмай хабарланадар. Санала-рынды сілкілеп: мен – күнәкармын! – деңдер. Сонда ауыр жүктен арыласындар. Бостандық пен қуанышқа жетіп, тек бір нәрсеге ғана опынасындар: неге осыншама уақыт ауыр жүкті арқалап жүрдім екен, – дейсіндер. Асығындар! Шашаң қимылданадар! Сапарларың қыын болса да тоқтаманадар, алға басындар!

ЖҮСІПТІҢ ЖЕҢІЛ АРБАЛАРЫ

Жаратылыстың басталуы 45, 25 – 28

Жақыпқа балалары өте жақсы хабарды алғып келген еді – „Жүсіп тірі, қазір бүкіл Мысыр жеріне билеушілік етуде!“

Жүсіп тірі ме? Қартайған Жақып сенбейтінін білдіріп, осы хабарды естігенде басын шайқады. Мүмкін емес. Сол жолы балалары оның қан-қан болған киімін алғып келді ғой. Жүсіп баяғыда-ақ өлген.

Тірі болса, онда Мысырға қалай барған? Мүмкін емес!

Жарайды, Мысырда делік, бірақ нетіп елдің билеушісі деген атаққа жетті? Жоқ, жоқ! Мені иландырмаңдар. Бұрын да сендер өтірікті шындықтай соғатын едіндер, енді сендерге сенбеймін.

Балалары каншама сендіргісі келіп, Жүсіп Мысырдың басшысы десе де қарт тындармай қойды. „Не айтсандар да айта беріндер, бірақ мен сендерге сенбеймін“, – деді.

Жақыпты нандыру үшін балалары не істесе екен? Қуанышты хабарды әке жүргегіне қалай сінірмек?

Сонда барып ұлдарының біріне жақсы ой келді. Ол шатырдың желбегейін көтеріп: „Әке, анаған қараңызшы!“ – деді.

Нені көрсетті ол? Анадай жерде әкесінің отбасын Мысырға апару үшін Жұсіп жіберген патшаның жеңіл арбалары тұрған еді. Бір қарағаннан-ақ жеңіл арбалар мен аттар патша қорасынан екендігі күмән тудырмайтын. Жақсы күтімнен шыққан аттардың үстіндегі саймандары да жарқ-жүрк етті. Мұндай байлықты паш ететін жеңіл арбаларды Жақып бұрын-сонды көрмеген еді.

Жеңіл арбаларды көрісімен қарт серпіліп қалды. „Жетті, ұлым Жұсіп тірі екен, өлмей тұрып жүздесіп қалайын“, – деп ол дауыстап жіберді. Бұған дейін балаларын жәй тыңдап, оларға сенбеген еді. Қуанышты хабарды шын көңілімен қабылдамаған, ғажап көрініске көзі түскенде сенім пайда болып, Жұсіп жөніндегі жақсы хабар кеудесіне қона қалды.

Осының өзі бізге ештеңе айтпай ма?

Мүмкін сенің үйінде қарт Жақып, жасы келген үлкен адам, шешең бар болар? Кәрі Жақыпқа бір жағынан оның Тәңірі және Құтқарушысы болғысы келген Иса туралы хабарды жеткізе алмай сен көп әурешілікке түстің делік. Кәрі Жақып болса тек басын шайқай береді. Сенің уағызың, насихатың іске асар емес. Ол сол баяғы сенбеушілік қалпында.

Қымбатты ағайын, кәрі Жақып әлде нені көруге тиісті. Бүкіл мағна-мән соған байланысты. Тыңдайтынын ол тыңдап болды. Тіпті артығымен тыңдады. Уағыз сөзіңің молдығы соншалық, ол енді өзін ауыр жүк басқандай сезінді. Қоңыраудың даңғырындағы сөздерінді оның енді тыңдағысы да келмейді. Бүйте берсең, мақсатыңа жетуің негайбыл. Кәрі Жақыпты өйтіп сендерге алмайсың. Жоқ, ол бірденені көруге тиісті. Сен оған Жұсіптің жеңіл арбаларын көрсетуің керек.

Сонда ол не? Мұны қалай түсінуге болады?

Жұсіп ағаларына өзінің жеңіл арбаларын берді емес пе?

Ал ағалары оларды әкесіне көрсетті. Біз де сол сияқты ақиқаттың не екенін білмейтін жандарға Исаның берген сыйын паши туыміз керек. Өте дұрыс, егер кәрі Жақып әлде не көретін болса, онда ол дүр сілкінеді де Тәніріне назарын аударуға құлшынады.

Ақиқат іздеушілерге біздің қандай жеңіл арбаларды көрсеткеніміз жөн екенін, сен білесің бе? Ол жөнінде Фалаттарға арналған үндеу-хаттан оқуға болады (5, 22). Адасқан жандарды Мәсіхке апаарда қолданылатын істер: „сүйіспеншілік, қуаныш, тыныштық, шыдамдылық, игілік, мейрімділік, сеніммен берілгендей, тән тазалығы.“

Сен өзіңнен Әулиелі Рухтың осы сияқты қасиеттерін таба аласың ба?

Егер бір бірімізге деген сүйіспеншілік болса, онда Мәсіхтің шәкірттері екеніміз белгілі. Сенің өміріңнен осы сүйіспеншілік байқала ма? Нагыз шын дін уағызыдаушы – ол айналасына сүйіспеншілікпен көз салатын адам. Тамаша сұлу сөздерді жөнкілтіп, қателіктерінді жасырмая керектігін балын тамыза дәріптеуіңе болады, бірақ сеніммен берілген махаббатың жоқ болса, онда уағызыңнан келер күш те, іс те шамалы.

Білімі аз қарт әкенді сүйе біл. Сұрағанын орында. Өзінді соған арна. Аз да болса үнемі назар бөліп, көніл аударып жүр. Балалық махаббатыңың өшпегенін дәлелде, сонда оның жүргі сенің жылылығыңнан еріп, жұмсарады.

Қымбатты қарындастым, мүмкін сенің ерің игілігі мол жаңалыққа сенбейтін шығар. Бірақ сен оған махаббатыңды ұсын. Сүйіспеншілікпен құшағыңды аш. Жұмыстан келгенінде нәзік сезіміңмен мейірімге ора. Махаббат бәрін де женеді.

Жел мен күн көзі туралы бір ескі ертегі есінде ме? Күн көзі мен жел сенен мен күштімін, жоқ мен күштімін деп бір-бірімен айтысады. Сапар шегіп келе жатқан жолаушыны көріп, өз әлдерін сол арқылы дәлелдемек болады. Әуелі қайсысы оның шапанын шешіп алады, соны көрмек

болды. Жел үрлөй жөнелді. Шапаның етек-жеңінен тартқылады. Бар күшін жинап үрлеген сайын жолаушы одан бетер қымтана тұсті. Ақыры жел әурелеуін қойды. Енді күн көзі өз күшін сынауға кірісті. Жылы сәулесін үсті-үстіне төккен-нен кейін, жолаушы ыстықтап кірерге жер таппады. Шапаның шешіп қолына алды. Күн көзі сөйтіп жеңіске жетті.

Махаббат сәулесін ұшқындағып, кәрі Жақыпты қарсы алуға барғың келмей ме? Сонда ғана оның жүргегін Тәңір үшін жаулап аласың.

Өзінің қуанышты екенінді, сол қуаныш жүргегіңе де құйылып жатқанын, Исаның меншігінде болғаныңа тым разы жүргенінді көрсете біл. Ренжіп, басыңды төмен салып отырсаң Тәңірдің соңынан ергенің кәрі Жақыпқа үйренерлік өнеге сияқты көрінбейді. „Сенің Қаныңмен тазарылғаным қандай бақыт, Тәңірім!“ – деді ақын. Басқаша болуы мүмкін емес.

Тәңір балалары – өте момын, бейбіт жандар. Олар бір-бірімен айтыспайды. Айтысқа да шақырмайды. Айтысу үшін екі адам қажет. Егер сенің пікір таласына барғың келмесе, онда қалай ұрысатыныңды білмеймін.

Шыдамдылық та Тәңір баласы болудың бір белгісі. Өз көз-қарасынан айни қоймаған кәрі Жақыпқа шыдап бақ. Шыда да, бұл істі Тәңірге жүкте. Сенен гөрі кәрі Жақыпты аман сақтау Құдайдың қолынан келеді.

Игілік Әулиелі Рухтың жемісі болып табылады. Игілігі жоқ Жаратқан ие балалары Тәңір ісіне сенімсіздік білдіреді. Көне аңыздарда Құтқарушыны „Игі ниетті“ деп те атайды. Иә, ол игіліктің қайнар көзі.

Сені игілікті деуге бола ма? Игілікті көзқарас, игілікті құлкі, игілікті сөз – осының бәрі жүрекке қалай ғана сыйып жатыр. Осы жөнінде ойландың ба?

Қайырымды болу да өте маңызды. Жеке бір адамға емес, әр адамға қайырымды бол. Бұл арада тек қана сені сүйетіндерді айтып отырған жоқпын, саған қатысы жоқ алыстағылар да жатады. Құдай қайырымшыл. Ол өз шуағын жақсы

мен жаманға да, әділетті қорғаушы мен жауыздықты жақтаушыға да бірдей құяды.

Момындық пен ұстамдылықтың да орны өзгеше. Қазіргі заманда бұл түсініктерді аз кездестіресін, табыла қалса құнының өте қымбат екенін түсінесің. Осыған орай ғажап қортынды жасауға болады. Әуелі күйеуін момындық көрсетіп, артық сөз айтпай, оның қиқарлығын үнсіз қабылдан қарсы алды делік. Қатты-қатты айтылған сөздерден гөрі мұнысы еріне зор әсерін тигізді. Долылық тек ыза мен өкініш тудырады, ал момақан үнсіздік күйеуіне оқтай тиіп, жіберген қателігін есіне салып, оның жаңын қүйдіре түседі.

Ағайын, бауыр, қарындағас, біз қасымыздағыларға Жұсіптің жеңіл арбасын көрсетуге тиістіміз. Бізге Тәңір игілікті неге бергенінің беті ашылсын.

Саған мәселенің осы жағы жетіспей ме? Жарық дүниеге әлі де көп қарыздар емессің бе?

Жағдайды қалай жөндеуге болады? Тек игілікті шешім қабылдағаныңдан ештеңе шықпайды. Ол шешімдермен алысқа бара алмайсың. Бұл қате жол.

Оданда Тәңірге жақын болайық: игіліктерді бойымызға дарытып, өмірімізде Әулиелі Рухтың жемісін жайқалту үшін Оған толығырақ берілейік.

Сонда ғана кәрі Жақыптың рухы көтеріліп: „Өлмей түрғанда оған (Жұсіпке) барып жүздесейін!“ – деді.

Иә, қасымыздағыларға Жұсіптің жеңіл арбаларын көрсетіміз үшін Тәңір саған да, маған да және барша Құдай балаларына өз игілігін сыйға ұсынсын!

КЕЗДЕСУ

Жаратылыстың басталуы 46, 26 – 30

Жұсіпті тірі, Мысырды билейді деген қуанышты хабарды естіген соң Жақып көп ұзамай Мысырға аттанды. Палестинаның шетіндегі Вирсавияда Құдайға арнап, рақметін

білдіріп тасаттық берді. Бұл жерге бұрын әкесі Ысқақ пен атасы Үбраайым аялдаған еді. Өз елінен қашып, қуғынға ұшыраған жас кезіндегідей, енді қазір кәрілік жеткенде Құдай оған түн қаранғысында елес болып көрінді. „Мысырға барудан қорықпа, сол жерде сенен ұлken ұлы халық тарайды. Мен де сенімен бірге Мысырға барамын, кері қайтарда алыш шығамын. Жүсіп соңғы сағатында сенің көзінді жабады“, – деді ол Жақыпқа өзінің демеп отыратынын айтып.

Тәнірдің осы сөздерінен қуат алған Жақып енді Мысырға аттанды.

Қалаға жақын қалғанда Жүсіпке өзінің келе жатқанын хабарлауға Иуданы жіберді.

Жүсіп бұл сәтті қалай күтті десенізші! Әкесін кіріп, оны құшырлана құшағына алғысы келді. Енді, міне, Иуда сол хабарды жеткізіп отыр. Жақып жолда, көп ұзамай Мысырда болады.

Женіл арбаларға ең жақсы аттарды жеккізіп, Жүсіп әкесін қарсы алуға аттанды.

Қандай тамаша кездесу! Неткен ғажап жүздесу!

Жақып сүйікті ұлын жоқтап ұзақ уақыт көзінен жасын сорғалатты емес пе?! Көп жыл қайғырды ғой. Ал қазір баласын құшақтап отыр. Жанары қымбаттысының жүзіне қадалып қалған.

Шалдың бетінен қуаныш пен толқу жасы сорғалап акты. Ұлы да патшалық сән-салтанатқа бөленсе де, жүзін жаспен жууда.

Қайталанбас сафат! Ұзақ мезгіл көрмеген ұлының келбетіне Жақып тойымсыздықпен қарай берді. Үстіндегі өте бай киімі де, биіктік дәрежесін көрсететін белгілері де еріксіз сүйсінерлікте еді.

Жүсіпке сонда Израиль: „Сенің жүзінді көрдім, енді өлуіме болады; өйткені сен тірі екенсің!“ – деді.

Сол шұғыласы мол таңтеренен кейін Жүсіп ағаларын іздең, әкесінің шатырынан шығысымен талай-талай оқиғалар бастан өтті емес пе. Тәнір иғілігі көтерген биіктікке

жету үшін Жұсіп өмірдің терең тұңғиықтарынан өтті, патшаның көңілін өзіне қарратты. Осынау жылдар ағысының барысында көп нәрсені басынан кешті. Мезгіл жүгі иығын тұқырытып, шашына ақ кіргізді.

Қазір соның бәрі ұмытылды. Әкесі баласын құшақтап, кездесулеріне қуанып отыр.

Бұл қайталанбас сафат! Таптырмайтын кездесу!

Өзіміздің Жұсіпіміз – Исаны көргенде, Ол бәрімізді жүргегіне тартқанда осы аталмыш сафатқа біз де асығамыз.

Жер үстінде жүріп, көптеген қыншылықтардан өтуің керек. Жолымыз үнемі табыттар мен молалардың тұсынан өтіп жатады. Қымбат, таптырмайтын адамдармен жиі-жиі қоштасуға тұра келеді. Оларды жоғалту өте ауыр. Келе жатқанымыз жанғыздықтың жолы.

Өмір сапарында аяғымыз ауырып, сыздайды. Денеміздің тәні күн сайын көнеріп, бітеді.

Бірақ бізді керемет сафат күтіп тұр ғой. Патшамызды барлық сұлұлық пішінінде көреміз. Құшағына алу ниетімен бүкіл даңқын паш етіп, Ол бізді қарсы алуға шықты. Сонда барып өмірдегі бар қасіреттің бәрі артта қалады. Өкпе мен реніш те өшеді. Жүргімізге бақыт пен қуаныш орнайды. Аспан Иерусалимінің інжүімен қапталған қақпасының алдында аяулы адамдарымыз бізді қарсы алғанда, өшпес сұлұлықтың не екенін білеміз. Олар Тәнірмен бір, Тәнірім деп өмір сүрген. Біз үшін дұға оқып, мінажат еткен шешемізді; арамыздан кеткен баламызды; жаны таза әйеліміз бен жаны таза ерімізді қайта көру неткен жақсылық.

Ұяттымыз бен мазағымызға ортақтасқан, бізді Тәнірдің балалары етіп, Тәнірдің мұрагерлеріне айналдыру үшін Өзін айқыш ағашқа шегелеуге қифан Оны көру қандай фанибет!

Бізді жанымен сүйіп, біздің күнәмізді Өзінің қасиетті Қанымен жуған Исамен кездесу тамашаның тамашасы ғой. Оның сол өзгерусіз болмысымен беттесу сафаты ең атақты сафаттың бірі болып саналмақ. Сол сафат біздің жолымызға қазірдің өзінде өз нұрын құйып тұр! Осынау

ұміттің сәулесі арқасында қараңғы аңғардың іші де жарық болып көрінеді.

Ағайын, егер бойындағы өжеттігің азайса; қарындас, егер ішкі дүниен шаршап-шалдықса аспан қалаулысы Жұсіппен кездесетін аяулы сафатты есіңе ал. Ол саған өжеттік береді, қажыған жүргегіңе қуат әкеледі, сөйтіп бүкіл болмысынды дүр сілкіндіреді.

Біздің Жұсіпіміз бізді күтіп тұр. Бізге деген оның сағынышы зор. Онымен кездесетін сафатты күтіп, біздің де сағынышқа берілгеніміз жөн емес пе?

Аяулы жүрек, сабыр етші! Күткен сағат та келер, Жұсіппен тебірене кездесерміз. Сондықтан қалғымай дайын отырайық. Шырақдарымыз сөнбей жаңып тұрсын. Оның киелі майы бізде таусылмасын; бізді онымен ештеңе де ажыратпайтын болсын!

ТЕК ҚАНА МАЛШЫЛАР!

Жаратылыстың басталуы 46, 31 – 39

Ағаларының Мысырға келуі Жұсіпке оншама ұнай қойған жоқ деп ойлауға болар еді. Олар тек қана малышылар ғой, ал өзі бір елдің билеушісі. Шынымен туысқандарының осындей жандар екеніне қайғырған жоқ па? Ешқандай! Ол туралы ойлап та көрмеді. Келгендер ағалары емес пе. Олар малышылар болса да, Жұсіп ұялмады. Экесіне сәлем бергеннен кейін ағаларымен әңгімеге көшті. „Мен барып перғауынды ескертейін; Ханаан жерінде тұратын ағаларым мен әкем келді, олар қой бағып өскен адамдар, қарапайым малышылар деп айтайын оған,“ – деді.

Ағайындарының келгенін, олардың малышылар екенін хабарламаса да болады ғой. Перғауынға айтпай-ақ, ол оларды Гесемде қоныстандыра алар еді. Бірақ асыл да шыншыл Жұсіпке бүл қорқақтық болып көрінді.

Ағаларының малышылар екенін патшаға айтудың қажеті

де болмаған шығар. Ол істі басқаша көрсете алар еді. Малға бай, малдарының санына жету қын, деп айтса да жеткілікті. Жо-жоқ, Жүсіп патша алдында шындықты жасырғысы келмеді. Сондықтан ағаларын малшылар деп таныстырды.

Иә, мысырлықтар малмен шұғылданатындарды менсін-бейтін. Жоғарыдан, мұрындарын шүйіріп қарайтын. Ал Жүсіп ағаларынан, олардың қарапайым іспен айналысатынына ұялмады. Патшаға ашықтан-ашық: бауырларым малшылар, – деді..

Біз осы жерде де Жүсіптен әлде неге үйрене аламыз ба? Эрине! Ағайындарымыздан ұялмауды үйренеміз. Тәңірдің игілігі сені Құдайдың баласы етсе, онда сен ұлы отбасының мүшесісің, онда сенің ағаларың мен қарындастарыңың санына жету қын. Олардың да мақсаты сенікіндей, олар да Тәңірді үағыздап, өзің сияқты оның соңынан еріп келеді.

Алғашында Исаңың шәкірттері балықшылар, қын-қыс-тау көрушілер, қолөнер шеберлері, кедейлер, қара жұмысшылар, ұсақ қызметтегі пақырлар болатын; фалымдар мен даналар Ол туралы ештеңе де білгісі келмейтін. Пауыл қорынтықтарға: „Тәңірге берілген ақылы аздар жәй адамдардан ақылдырақ, Тәңірге берілген қуаты шамалылар жәй адамдардан қуаттырақ. Ағайын- туысқандар, кім екендеріңе қараңыздаршы: араларында даналар аз, күштілер шамалы, игіліктілер санаулы фана; бірақ Құдай даналыларды табалау үшін ақылы аздауларды, күштілерді күлкіге ұшырату үшін әлсіздерді таңдал алды“, – дейді (1 Қор. 1, 25-28).

Бұрын қалай болса, бүгін де солай. Туысқандарымыздың арасында игіліктілер мен білімділер шамалы. Бірақ ондайлар кездеседі. Халқын әр- түрлі дәрежедегі адамдардан топтастырған Құдайға рақметімізді жаудыралық. Алайда сан жағынан „малшыларға“ қарағанда мейірімділіктің биігіне жеткендер аз дедік қой. Тәңір балаларының басым көпшілігі қарапайым, білімі жок адамдар.

Оларға сен қалай қарайсың? Туысқандарыңың малшылар екеніне көнілің хош дей ме? Олар үшін ұяласың ба?

Бұл дүние оларды жек көреді. Олар: „Тек қана малшылар фой!“ – дейді мысқылдан. Бұған шыдайсың ба?

Бірақ олардың туысқандық бірлестігінде аса бір маңыз бар. Бірлестіктің съезі 1951 жылы Берлин қаласында „Біз бәріміз ағайын-туысқандармыз“ деген ұранмен өтті. Бұл туысқандық бірлестігінде әр үлттың адамдары, әр түрлі дін тұтынушылар, әр жастағы кісілер бар. Бір ғана аспан Тәңірін уағыздайтындар бір-бірімен аға-інілік байланыста болуға тиісті. Сен осыған не дер едің? Осы туысқандық бірлестігіне қатысқың келе ме? Әлде: „Жо-жоқ, бұл тақуалық жолын ұстанғандарға менің қатысым жоқ!“ – деп айтасың ба?

Игліктілікке жету үшін тек үш нәрсенің қажет екенін білемін. Олар: Тәңір сөзі, дүға және қарым-қатынас. Біреуін де кейін сырып тастауға болмайды. Егер кімде-кім осы үш нәрсенің бірін естен шығарса, онда дін жолында қалыс қалып, ақсағаны. Ол тұра. Тәңір ондай баласына өз батасын дарытпайды. „Мениң халқыма қатыстының бәрі Мениң көз жанарымның қатысы“, – деп, Өзіне сенушілерді қорғайды.

Туысқандарға қатысты көзқарас ең маңызды болып табылады. Сондықтан да Жохан оны шын өмірдің бетке ұrap белгісі дейді. „Туысқан ағайындарымызды сүйе алған-дықтан өлімнен өмірге өткенімізді білеміз“, – дейді ол.

„Малшылар“ деген сөзден ұялып, туысқандық махабатқа жол берілмейтін жерде ізгі жазудағыға сәйкес құдайшылық өмір сүру жоқ. Сондықтан сұрайтыным: сен туысқан ағайындарыңды сүйесің бе? Әлде олардың дәрежесінің төмендігін, білімінің аздығын, кедей тұратынын көздеріне тұрткілейсің бе?

Айтарым: туысқан ағайындарың үшін ұялмауға үйрен де, Жұсіп сияқты үлкен сеніммен: менің Ағаларым – малшылар. Малшылар болсын-ақ, бірақ туған ағаларым фой, – деп айта біл.

Егер де ағайындарыңды сүймесен, Құдайды сүйем деп те айтпа. Тәңірге деген махаббатың тек ойында туған елес

қана. Өйткені: „Өз Ағасын көре тұрып сүймеген, көрмеген Құдайды қалай сүйе алсын!“ – деп жазылған.

Осы жолдарды оқушым, дәреженің биік, не төмен екеніне қарамай, бай немесе кедей, білімді немесе білімсіз болсаң да, басқалар сияқты: „Тек қана малшы екен фой!“ – деп табалаудан без. Шын қуанышпен рақметінді білдіре: „Бауырларым!“ – де.

ҚҰР СӨЗ БОЛМАСЫН!

Жаратылыстың басталуы 47, 1 – 6

Жұсіп әкесі, ағаларымен сәлемдескеннен кейін: „Перғауынға барып, ағаларымның келгенін айтайын,“ – деді. Бұл тараудың өзі былай басталады: „Жұсіп барды да перғауынға хабарлады: әкем мен ағаларым Ханаан жерінен келді,“ – деді. Перғауынға тек айтайын деп ойлап қойған жоқ, алған шешімін іске асырды, айтты да.

Алайда өмірде бәрі басқаша болады фой. Көп үйлердің қабырғаларынан: „Мен, менің үй-ішім Тәңірге қызмет етеді“ деген жазуды оқығаным бар. Тамаша шешім. Бірақ қабырғада осы сынды жазуы бар үйдің шынында да осы шешімін жүзеге асырып жатқанын байқамадым. Тәңірдің тілегінен тыс өзіндік жолмен жылжып жатқан өмір. Жердегі тірлікке сәйкес қарбалас, ал Құдай жөнінде ойлау жоқ. Қабырға жазылған сөз қаншама тамаша болғанымен, ол бар болғаны сөз фана фой. Шешімін таппай, іске айналмай қалған.

Осы сынды жағдай жиі кездеседі. Берілген ант, сөз орындалмайды. Келешекте ондай болмауы керек.

Сен де сөйтесің бе? Орындалмаған уәден болды ма? Құдай уәде беруінді қаламайды. Бердің екен, онда жүзеге асыр.

Құдайды түрлі сөзіңмен, сертіңмен тойындыру қолайлы-ак, бірақ Ол бізден істі күтеді емес пе. Оны тынdap, Онның еркін орындаудың орнына бағынамын, толық берілемін деп босқа уәде етесің. Ал сөз құр сөз болып қала береді.

Біз әулие Құдаймен мұндаі қарым-қатынаста болмауға тиістіміз. Оған ананы-мынаны жасаймын дедің бе, орында!

Бос сөздің керегі жоқ.

Жүсіп те, әрине, айтқанын орындауы керек еді. Патшаға бәрін хабарлағысы келді, хабарлады да. Жүсіп үшін әдеттегі жүзеге айналатын жағдай.

Сен берген сөзінді орындаісың ба? Құдайға, адамдарға қатысты сөздерінді? Уәденді орындау иғілік қой. Жүсіп бірден-бір соның дәлелі.

Перғауынға ағаларының келгендік айтқанда, патша оларды көргісі келетінін білдірді. Қабылдауға келісімін берді.

Патша осылай істейді деп Жүсіп ойламаған еді. Малшылар мысырлықтар үшін нағыз жеккөрінішті жандар фой. Бірақ патшаның ниеті Мысыр билеушісінің туысқандары қандай екенін көрмекші болды. Жүсіп сияқты адам шыққан отбасымен танысуға ғанибет қой.

Сөйтіп, ағаларын Мысыр патшасы қабылдады. Патша оларды достық ниетпен қарсы алды, азық-түлік, тамақтанулары қалай екенін сұрады. Аналар шынын: малшылар екенін, аштық Ханааннан Мысырға еріксіз келгендерін айтты. Сонда патша олардың тілегін үлкен мейіріммен орындағы да Жүсіпке: „Ағаларың мен әкендей ең шұрайлы жерге апаратып орнықты!“ – деді.

Тағы да бір нәрсені ескертті. „Араларында қолынан іс келетіні болса, ондайды менің малыма бақылаушы етіп қой!“ – деді. Бөтен жерден келгендеріне қарамай патшалық ізет білдірді. Олай құрметтегені – Жүсіптің ағалары болғандықтары.

Перғауынның көңілін одан бетер өзіне баурап алғысы келетін болса, онда Жүсіп бәрі бір осы жолды қолданар еді.

Ағаларының құрметтіне бұрынғыдан бетер ие болғысы келгенде де, Жүсіп бәрі бір осылай олардың малшылар екендігінен ұялмауға тиісті; өйткені айтқанын іске асырды, патша оларды қабылдап, айтқан әңгімелерін тыңдалап шықты.

Мысалға, Жұсіп ағаларына олар туралы патшаға хабарлайтынын айтты делік, бірақ онысын орындаады еken. Бұл қадамы нендей әсер туғызар еді? Олардың намысына бұл тимей ме? Бірақ, туысқандарды Жұсіптің уәдесінде тұратынына сенді.

Саған сенуге бола ма?

Елші Әулиелі Рухтың жемісі туралы айтқанда сенуді, уәдеге сеніммен қарауды, істейтін жұмысының берік орындалуын мензейді.

Егер сенің Мәсіх жолын қуушылар дініне берілгендігің сөзбен ғана шектелсе, онда одан келер пайда шамалы, қайта оның кедергісі көп. Адамдар арасындағы қайшылық осы: ізеттілік жөнінде айтылады да, іс жүзінде ол шешімін таппайды. Тәнірдің патшалығында сөзден гөрі іс басым.

Құдай сөзін жан-жақты талдап, жақсы уағыздайтын бір еркекті білуші едім. Бірде, жолығу үшін үйіне барып, кездесе алмадым. Тек қана әйелі отыр еken. Қинала жымыш ол маған: „Күйеуімнің үйде қалай-қалай сөйлейтінін білсеңіз рой!“ – деді. Сонда түсінгенім: сыртта ізгі жазуды майын тамыза айтқанда танысым құр бос сөзділікке ұрынады еken.

О, жауаптылықтан артық ештеңе жоқ!

Достым, сен кім болсаң да жалынып айтамын: құр бекерге сөйлеме! сөзіңің артында өмірден алған тәжірибең, ісің тұрсын. Айтқаныңды орында, уәденді жүзеге асыр. Сонда ғана қасындағыларға игілік әкелесің. Сонда ғана саған сенетін болады. Айтарым: тек қана құр сөз болмасын!

БАЛА МАХАББАТЫ

Жаратылыштың басталуы 47, 7

Жақып қарт шал еді. Даналылық пен оқымыстыры толы Мысыр туралы ештеңе білмеді. Жақып жазып, оқи ала ма? Ол жағы белгісіз. Және өзі ақсақ болатын, ол Иавоктағы ғажайып түннен кейін сылтитын болды (Жарат. баст. 32,22).

Жұсіп бірақ әкесі үшін ұялған жоқ. Оны көрсету ние-тімен перғауынның алдына алып келді.

Жұсіптің бұл әкесіне қатысты қымыл-әрекетінде үлкен құрмет пен сүйіспеншілік жатыр. Ол қарт әкесін өте қадір-лейтін. Мысыр билеушісі болса да, Жақып оның жан-тәні-мен сүйетін әкесі ғой.

Жұсіптің балалық махаббатына қарап бүгінгі жас жігіттер мен қыздар көп нәрсеге үйрене алар еді. Жас жігіт тұнғыш еңбек ақысын алса болды, қолма-қол: „Енді маған ешкім де бұйыра алмайды!“ – деп шыға келеді. Әкесі басын шайқап, ұлының бұнысы қате десе, анау: „Шалға не болып қалды?“ – деп таңданады. Ал егер анасы ақыл айтты екен, онда өзімен-өзі тұру үшін жеке басына пәтер іздейді.

Егер ата-анаға құрмет пен махабbat жоқ болса, бұл іске маңыз берे қараган жөн. Себебі Құдай біздің өміріміз бен жетістігімізді әкең мен шешінді сыйла деген ережеге байланысты етіп қойған.

Бұл ережені орында майды екенсің, онда өмірінде бақыт болмай, ісімнің бәрі онға баспады деп таңданба. Өзің кінәлісің.

Откінші дүнииеде қолы бірденеге жете қалса адамдардың көбі өздерінің қартайған әке-шешелерінен ұяла бастайды. Балаларын аяғына тұрғызу ата-анаға оңайға тиген жоқ. Олар енді, міне, қарттарға биқтен менменси қарайды. Маңындағылардан әке-шешеміз бізге лайықты емес деп ұялады. Ағылшын елінде болған бір белгілі дәрігер жөнінде естігенім бар. Оның әке-шешесі өте кедей болды. Баласы атақты адам, белгілі ғалым дәрежесіне жетті. Көптеген қызыметші ұстап, үлкен сөүлетті үйде тұрды. Шешесі жасы жетіп, қарапайым кемпірге айналды. Бірақ баласы одан қамқорлығын аямай, сүйіспеншілігін көрсетті. Алайда көпке дейін шешесіне бармай жүрді. Жұмыстан қолы тимейтіндігін айтып, хат жазып тұрды. Шешесі тұрып жатқан жерде кенет темір жолы салынбақ болды. Сол себепті мемлекет кемпірдің үйін сатып алып, бұзып тас-

тады. „Ұлымға жетейін, мені көріп ол қатты қуанар!“ – деді ол сонда.

Сөйтіп кемпір қалаға келді. Баласының үйінің қайда екенін сұрап-білді. Ұлымның осыншама кең сарайда тұрып жатқанына кемпір таңданды. Үйдің ішіне кірді. Есік қызметшісі дәрігер мырзаның қазір қабылдамайтынын айтты. Анау болмай, көруім керек деп отырып алды. Тек біреудің өзімен сөйлескісі келетіндігін айт деді.

Қызметшісі ауылдан келген қарт кемпірдің қайткен күнде де мырзамен сөйлесуім керек дегенін жеткізді. „Кірсін!“ – деді дәрігер.

Шешесін көргенде ол қатты қуанды. „Мені көргің келгенің қандай жақсы болған, мама!“ – деді ол аман-саулықтан соң.

„Иә, құлымның! – деп жауап қатты шешесі кішкентай кезіндегідей басынан сипап. – Сенде тұрақтап қалсам ба деймін. Енді қайда бармақпын?!“ Ұлымның жүзін бұлт көлеңкесі бүркегендей. Ол терезенің пердесін жапқысы келгендей, арқасын беріп, теріс бұрылды.

Біраздан соң ғана: „Бұл ойың жақсы екен, мама. Бірақ сен үлкен қалада тұрудың не екенін білмейсің фой: айғайшу, ауа да таза емес. Ал сен болсаң тыныштық пен таза ауаға үйренгенсің, саған мұнда қыын тилеме деп ойлаймын. Мама, менің саған айтарым: қала сыртынан кішкене үй алып берейін. Бір-бірімізге жақын қоныстанғандықтан мен саған жиі барып тұрамын“, – деген еді.

Шешесі енді қайтып өзі туралы әңгіме қозғамады. Анаған, мынаған тоқталып, ел жөнінде айтты. Ұлы қалай өмір сүріп жатқанын, қандай жетістіктерге ие болғанын баяндады. Біраздан соң дем алмақ болысты. Шешесі ұлы ұйықтайтын бөлмеге кіріп, тап бала кезіндегідей, оның үстін көрпемен қымтады. Мандағынан сүйіп: „Балам, саған Құдай жар болсын!“ – деді, батасын беріп. Сонан соң шығып кетті.

„О, қандай мейірбанды еді менің қарт анам! – деді ұлы

іштей, анасы шыққан соң. Ертең ертемен оған менімен бірге тұра бер, – деп айтайын!“. Сөйтті де, ұйықтап кетті.

Ертеңіне шешесі таңғы асқа келмеді. Қызметші оның күн көтерілмей тұрып, үйден шығып кеткенін айтты. Мырзага хат тастаған екен. Баласы хатты жұлып алғып, оқи жөнелді: „Мен бәрі басқаша шығар деп едім. Құлныым, саған ауыртпалық түсіргім келмейді. Егер қалады қалсам, онда сен жұрт алдында қарт анаңнан ұялатының сөзсіз. Сондықтан кетпек болдым. Сау-саламат бол!“

О, ұлы қазір кәрі шешесін өзінен бір қадам да жібермес еді. Өз сөзінен өзі ұялды. Бірақ анасы кетіп қалды. Енді ойладың, ойламадың – одан не қажет. Бірнеше жыл өткеннен кейін ғана ол шешесін іздеп тапты. Тапқанда, тек соңғы сағатында оның көзін жабуға үлгерде. Шешесімен бірге тұруға болатын жылдарды мәңгілікке жоғалтты.

Достым, ал сенің жағдайың қалай? Кәрі әкем мен кәрі шешем бар деп ұяласың ба? Оларға соңғы хат жазғаныңа, немесе оларда соңғы рет болғаныңа қаншама уақыт өтті? Әкең мен шешене өз үйінен қолайлы бұрыш таба аласың ба?

Ойланышы, өзінді неден қағып, неден айырдың? Ата-анаңа қатысты сүйіспеншілік пен мейірімділігің, бағып-қағу мен құрмет көрсету сенде жоқ екен, онда өмірдегі бақыттан, Тәнірдің игілігінен ада болғаның.

Санаулы уақыттан соң әке-шешең мәңгіге көздерін жұмады. Тым кеш опынып, өкінесің. Олардың қабіріне өлі гүл шенбериң апарып қойғанша, қазірден бастап қуанышқа бөлеп, үстерінен тірі гүл мен рақымынды жаудыр.

Жүсіп жөнінде, оның қарт әкесіне деген нәзік махаббаты туралы ойлан да, одан балалық сүйіспеншілікті үйрен.

ШЫН ҰЛЫЛЫҚ

Жаратылыштың басталуы 47, 7

Жүсіп әрине әкесіне өзін патша алдында қалай ұстау керек екенін айтты. Перғауынға тағым етіп, құрмет көрсетуді үйретті. Перғауын сол замандағы құдіретті патшалықтың билеушісі еді фой.

Ұстанған дәстүрді сақтау үшін Жақып ұлының айтқандарын тыңдал болды да, солай жасамақ болып шешті.

Баласының соңынан патша сарайына кіргенде Жақып ұстанбақ болған сарай дәстүрі аяқ астынан бұзылды да қалды. Перғауын орнынан тұрып, қарт көшпендіге қарсы өзі жүрді. Жақын келіп, басын иді. Жақып қолын жоғары көтеріп, батасын берді.

Бұл сарай ережелеріне қарама-қайшы еді. Патша алдында Жақып басын июге тиісті еді. Ал қазір патша тағым етті.

Осылай болуға не себеп?

Еврейлерге жолданған Үндеу-хатта (7,7): „Ешбір артық сөзсіз кішігে үлкені батасын береді“, – делінген.

Дау туғызбайтын қафида. Егер кімде-кім бата алуға еңкейсе, ол онысымен екіншіден жоғары тұрганын растайды.

Сонымен, Жақып Мысыр патшасынан биік тұр ма?

Әрине!

Шындыққа жүгінсек, патша орасан биліктің қожасы. Оған ұланғайыр ұлы мемлекет бағынатын. Алайда Жақып патшадан, оның билігінен құдіреттілеу еді. Себебі ол Тәңірдің адамы болатын. Әлі кеткен қарттығына қарамастан жүзінен қатысты рухани күштің лебі есетін. Оның қымылы, бет әлпеті сөзсіз перғауынға қатты әсер етті. Соңдықтан да ол басын ііп, әулие қарттың батасын алмақ болды.

Құдаймен осы сынды қатынастың ерекше бір ғажаптығы бар. Ол қасиет адамға шын ұлылық сыйлайды.

Адам мінезіне нағыз ұлылықты жердегі еш бір күш те, ғылым да, білім де, еш қабілет те бере алмайды, тек Құдаймен қарым-қатынас қана береді.

Израиль өзі жасаған алтын торпақты айналып, билеп жүрді. Кенет Мұса келді. Ол торпақты құл-талқан етіп бұзып, отқа салып балқытты, құлге айналдырып сумен араластырды, суды Израилдің балаларына ішуге берді. Бұл істе оған ешкім қарсы келмеді. Аналардың ашууланып, ыза көрсетуіне болады фой. Бірақ неге өйтпеді? Мұсаның жүзінен Құдайға жақындық сезілетін. Сол себепті Израиль бір адамның алдындаған база иіп, оның ұлылығына жүгінді.

Израиль жерін кім меншіктеу керек екенін (Иегов па, әлде Ваал ма) шешу үшін Кармиль төңірегіне бүкіл израилдік халық жиналды. Барлық сарайдағы салт-салтанатымен бірге Ахав патша да келді. Ваалдың төрт жұз елу дін уағыздыашылары да келді. Оларды қоршай пүтқа табынатаңдар тегіс жиналды.

Осы құмырсқадай қаптаған адам баласына қарсы бірғана жау-жүрек – Илияс пайғамбар қарсы тұрды. Ол аспанды қөлегейледі. Іідырағаны үшін өз халқына қайғы мен қасірет тіледі. Патша оны сұмдық жек көрді. Жек көрушілердің ішінді Ваалдың дін қызметкерлері де болды. Неліктен патша қасындағы күзетшілеріне ананы зынданға апарып тастандар демейді? Ол Илиястан сескенеді. Қанша күшті болғанымен Илиястың күші одан басымырақ, өйткені Илияс Тәнір жіберген адам. Сондықтан да: „Тәнір тірі, мен оның алдында тұрмын!“ – деп айта алды. Илияс оны тек қана айтып қоймады, адамдар бәрін соның бейнесінен, бүкіл болмысынан көрді.

Күш пен билеушілік жер үстіндегі адам баласының қолында болғанымен, нағыз құдіретті ұлылық Құдайды сүйетіндер, Құдаймен қарым-қатынастағылар жағында.

Шіркеу тарихын оқыған сайын біз осыған тап келеміз. Оқитынымыз: римнің патшалары Мәсіх жолын қуушыларды қуғындауға ұшыратуы, тірідей тағы аңдарға жемге беріп, немесе бағанға байлад өртеуді; азап шегуші пакырларды инквизицияның отқа өртеп, жазалау орнына әкеліп бастағын шабуы – осы оқиғаның бәрінде де нағыз ұлылық

Құдаймен байланыста болғандармен бірге жүреді. Олардың жазаны момындықпен қабылдауы сот үкімін шығаратындардың ызасын келтіретін. Тістерін шықырлата отырып, „діннен безгендердің“ әлде бір қасиеті барын мойындайтын. Өзіндегі бұл құдіретті Жақып сезбеді. Перғауын болса бірден байқады. Таудан түсіп келе жатқан Мұса жүзінің шұғылаға бөлөнгенін білмеді, ал Израиль көрді, әлгі жарық жарығымен көзді шағылыстыруды. Илияс бойындағы қуат-күштен бейхабар еді, ал Ахав одан сескеніп, дір-дір етті.

Достым, мен сенен бойында құдіретті күш бар ма деп сұрамаймын. Оным дұрыстық емес. Бұл сені еріксіз кеуде қафушылыққа шақырғаным болар еді.

Тек сенен сұрайтыным: маңындағыларды өзіңе қаратқын келсе, отбасындағы, кеңсендегі, жұмыс орнындағы адасқандарды баурап алмақ болсаң Құдайға жақын тұр да, Онымен үнемі қарым-қатынаста бол.

Онымен қандай мөлшерде қарым-қатынаста болсаң, сол мөлшерде адамдардың жүректеріне билік жүргізе аласың.

Адамдарға билігінді жүргізу үшін үлкен байлықты қажет деп тұтпа; кісілер жиі айтатындаі білім билік береді деп ойлама. Билікті Құдаймен қарым-қатынаста ғана аласың, Құдаймен бірге өмір сүрсөң ғана шын құдіреттілікке жетесің.

О, басқаларға қарағанда Құдай балаларының арасында әлсіздер мен қауқары жоқтар өте көп. Не жетіспейді оларға? Фылым мен ілім емес, Құдаймен қатынаста туатын күш жетіспейді.

О, егер осы жолдарға үціліп отырған адам өзін тексеріп, терең ойда қалып, Құдайға апаратын жолда неге жеттім деп сұрағанда – иә, жұмысымның жемісті болмағаны, жаула-рымның мені оңай қолға түсіргені – Құдаймен қарым-қатынастан алынатын күштің бойымда болмағанында еken деп түсінсе фой.

Егер біздің өмірде жүрген жолымыз кәрі Жақыптікі сияқты Құдаймен бірге жүру болса, онда бойымызда өзі-

мізге емес, басқаға көрінетін құдіреттің барына әбден сенуге тиістіміз.

МАҢЫЗДЫ СҰРАҚ

Жаратылыштың басталуы 47, 8

„Неше жас өмір сүрдің?“ – деп сұраған еді Мысыр патшасы ақ шашты қариядан. Мұндай сұраққа қарттың көрілікке бойын ұсынған тұлғасы себеп болды ма еken? Кім білсін.

Сен нешеге келдің? Осы сұрақты біз жиі қоямыз. Бірақ қаншама жыл өмір сүргеніміз онша маңызды емес. Маңыздырағы – сол жылдарды қалай өткіздік? Көбіне өмір сүргеніңің құны болмайды, өйткені Құдай үшін емес, тіршілік үшін өмір сүрдің.

Бір қарияны мен жақсы билетін едім. Одан жасыңыз нешеде деп сұрағанда, ол қайғылы пішінмен: „Мен бар болғаны үштемін!“ – дейтін. Алғашында шал жас балаға айналған еken деп ойлайтынсың. Алайда олай емес. Себебі берген жауабына қосымша ретінде: „Дұрыс жолға түскеніме тек үш-ақ жыл болды, бұрынғы ұзақ өмірімді толығымен жоғалттым“, – дейтін күрсініп.

Шал расын айтты. Құдай үшін сүрмеген өмірдің құны түкке тұрмайды. Даңқ пен құрмет жылдар өте келер де, бірақ одан не пайда егер көз жұматын мезгілің таянып қалса.

Құдай алдында Онымен бірге өмір сүруді бастадың ба? Әлде әлі кіріскең жоқсың ба? Онда қарт Жақыптан перғауын сұрағандай сенен бүгін: „Неше жас өмір сүрдің!“ – деп сұрауға рұқсат ет.

Мүмкін сен он жетідемін дерсің. Бұл жастықтың шуақты кезі фой. Өмірдің сұлулығын тамашалап, жастық шағындан әлде не алам деп ойлайсың ба?

Жігітім, бірдене алғың келсе жүрегінді Исаға ұсын.

Жас кезіңден бастап Исаңың соңынан ерсен, көп нәр-

сенің сырына қанығасың. Тайғақ жолдан аулак жүресің. Тәңіріме кештетіп келдім деп реніш білдіретіндердің саны көп. Олар қажет нәрсемен шұғылданбады; аспанның нұры даритын неке қию тойында болмады; Тәңірдің еркіне сай қимыл-әрекет жасамады. Осы аталғандардың бәрі болмас еді, егерде олар жас шағынан Құдайға шын көңілімен беріліп өссе. Сондықтан да, жас екенсің, өмірің әлі алда екен, Исаға тіршілігінді түгелдей бағышта! Сонда фана игілікті, баталы өмір кешпексің.

Неше жас өмір сүрдің? Тәлім алу уақыты баяғыда аяқталды. Сен өмір биігіне жеттің, қуат-күшің толысты. Өмір теңізіндегі кеменді Isa бастап келе ме? Әлде өзінің ақылың мен күшіңе сенесің бе? О, достым, өмір теңізінің жасырын жартастары мен бүраландары көп. Кеменің білгір жүргізуші болмаса, апатқа ұшырадым дей бер. Талайлар сөйткен: өмір теңізіне олар желкенді кере шыққан, бірақ кемелері қирап, өздері суға кеткен.

Сен жымиясың ба? Менімен олай болуы мүмкін емес дейсің бе? Әуелі кім екенінді, не істей алатыныңды көрсет. Бірақ: „Адамға бар дүниені иемденгеннен не пайда, егер ішкі дүниесіне зақым келтіретін болса!“ дегенді ұмытпа. Жұрт құрмет тұтатын кісі-ақ бол, ақшаны көп тап, өзіңе арнап тамаша сәулетті үй сал, бірақ рухани қасиетің жоқ қой, ендеше барып тұрған кедейсің. Бойында ең қажет нәрсе жоқ. Ең басты маңыздылықтан жұрдайсың!

Неше жас өмір сүрдің? Қырық бес деп жауап берерсің. Онда өмір біигін аттапсың да, ақырын, ептең батыс беткейге ойысып баrasың. Балаларың өскен. Бірақ не көрді олар сенен? Нені үйренді? Өмір саған көп ауыртпалық түсірді, ал сен не таптың? Тәңірді өзіңе жол серік етіп ала алдың ба? Әлде әлі де Онсыз келе жатырсың ба? Егер Тәңірді қабылдамаған екенсің, онда бұл істі көпке созба. Өмір биігінен төмен түсे бастадың екен, онда күннен-күнге құлдырай түсесің. Уақытыңды пайдалан. Алда әлі де игілік мезгілі бар.

Неше жас өмір сүрдің? Ойланып, алпыс деп жауап қата-сың. Кәріліктің ақша қары ақырын сенің төбенден жауып тұр. Шашыңа ақ түскен. Бұрынғыдай қуатыңың жоқ екенине көзің жетті, бірақ кәрілікті мойыннататын ойдан құтыла алмайсың.

Игілік жөніндегі: „Шаштарыңа ақ кіргенге дейін сендерді бағып-қағамын!“ – деген сөздер сенің өміріңен орын тапты ма? Өмірің игілікті ме? Әлде бұрынғыша игілікке мойын ұсынғың келмей ме? Иә, жас келген сайын сүйір түсесің деген қағида жиі-жің шындыққа айналуда. Осы жағын да ұмытпасаң етті!

Неше жас өмір сүрдің? Жетпіс бес деп жауап қатасың. Бұл тамаша кезең. Тәнірдің адамы Мұса белгілеген өмір шегінің біріншісінен өтіпсің. 89-ші жырда айтылғандай. Енді өмірдің екінші сыйығына жақындал келесің. Ал орган жемісің қандай? Осынау өмірің тәтті ме?

Сенің жүріп өткен жолың сан қырлы. Талай қауып-қатерлер артында қалды. Жас кезінде білетіндеріңің көбісі енді жоқ. Исаны сүйеніш тұтып аса таяғыңа айналдырың ба? Үмітің тірі ме?

Кәрілікті Исамен бірге өткізу мен өткізбеудің үлкен айырмашылығы бар. Жасың келгендегі қынышылық наразылық тудырады. Адам өзінің күшін кеми бастағанын білгенде кейігіш, ашуланшақ болады. Бәрін баяғыдай қалдыруға дәрменің жоқ. Исамен бірге өмір сүрген кәрілікке ештеңе де жетпейді! Онда да жасыңың келгендігін дәлелдейтін ауыр жүкті сезінесің. Бірақ ол қуаныш әкеледі, өйткені адам „біраздан соң аспандағы үйіне“ баратынын біледі. Бұл тілек барған сайын оның құнделікті тынысына айналады.

Неше жас өмір сүрдің?

Өмір жолын Құдаймен бірге жүріп өттің бе? Өмірің Құдайға тиісті жемісін бере алды ма?

Әлде өміріңді жоғалттың ба? Құнделікті өткінші қызық-қа беріліп, мән-мағнасыз нәрсемен айналысып, қапыда айрылған шығарсың?

Кәрі бол, жас бол, сұрапым: мінажат ет! Тиісті өмірінде өзінді сүйіп, сен үшін құрбан болған Тәңір ұлына сенімінде жоғалтпай өт. Сонда ғана мәнгілік дүниенің маңызына қарай перғауынның: „Неше жас өмір сүрдің?“ – деген сұрағына жауап бересің.

ӨТКЕНГЕ КӨЗҚАРАС

Жаратылыштың басталуы 47, 9 – 10

Ақ шашты Жақып Мысырдың құдіретті қүшті патшасының алдында тұр. „Тек қана малшы“ болса да оның алдында патша басын иді, өйткені мына қария оған құдіреттілігімен әсер етті. Оның жүзі мен бүкіл болмысынан мәңгіліктің лебі сезілді.

Мәңгіліктің лебін неше жастасың деп патша сұрағанда, Жақыптың берген жауабынан да байқауға болатын. „Менің жихан кезуге берген күндерім жүз отыз жыл; өмірімнің күндеріне келсек – олар бақытсыз және тым аз, әкелерімнің жиханкездікке салынған шағындағы өмір жасына да жетпейді,“ – деп жауап қатты.

Ол бүкіл өмірін жихан кезу сапарымен теңейді, ендеше мақсаты жер үстінде емес, аспанда – Тәңірдің даңқы шыққан биікте. Өз кінәсін өмірінде көп нәрседен құр қалғанын ашықтан-ашық айтады.

Жәй қарапайым адам бұлай сөйлей алмайды. Ол „жихан кездім“ демейді. Өз кінәсін ақтармайды.

Жақып сияқты Құдайды көніліне тұтқан, жүргегіне мәңгілік нұры орнаған адам ғана солай дей алады.

Өмір сұру – жихан кезу. Бұл жөнінде кісілердің көбі ойланбайды да фой.

Жихан кезу! Біздің отанымыз басқа жерде. Біз тек сапар шегіп келеміз. Өткен күннің келесі күнге айтары: өмір сұру – ол игілікті мәңгілікке шеру тарту. Осыны ұмытпасақ етті. Адамдар тұрған жерінде жайлыш орын тапсақ дейді,

бейне бір өмір-бақи сол арада қалатында. Бірақ күткен сағат келісімен, оның қашан болатыны ешкімге де аян емес, өз баспанасын тастап жолға шығары хақ.

Рас, адамдар бір-бірімен келіскендей, өлім туралы жұмұлы ауыздарын ашпайды. Ол жөнінде естеріне сала бергенді қаламайды. Бірақ әлемдегі ең анығы – әр кімді өлім күтіп тұр; ерте ме, кеш пе, өзіне шақырып есігімізді қағады.

Өмір сұру – жиханды кезу. Егер біз осы көзқараста болсақ, онда аспанның нұры жолымызды жарқыратады. Онда біз бұрын қаранғы болып көрінген өмірімізден көпті ұғамыз.

Өмір сұру – жихан кезу. Бұл нақты мақсат емес, мәңгілікке дайындық; шын отанымызға жетіп, арнаулы ұядызды табу.

Сенің өмірің де жихан кезу ме?

Жақып өткен өміріне бұрылып, көзін салған. Ондағы көптеген сүрқиялышты көрді. Иә, өмірі жаман екен. Және бәрі де өзінің кінәсінен болды.

Жамандығы – ағасы Аппастан оның тұңғыш туғандығын ұрлауы.

Жамандығы – қарт әкесін алдағаны.

Жамандығы – отанын тастап, ата-анасының тірі екеніне қарамай әке үйінен қашып шығуы.

Жамандағы – ақы үшін қызындыққа мойын ұсынып еңбектенуі, ол өз үйінде бұл ауыртпалықты көрмес еді фой.

Иә, бар өмірі жамандық екен. Қорқыныш пен кінәфа толы. Жіберген күнәсі үшін ондаған жылдар бойы азап шекті.

Бірақ Құдай оны ескерусіз қалдырмады. Өзінің тәлім-тәрбиелік мектебіне қабылдады. Иглігі үшін өтірікші Жақыптан Жаратқан иесінің ісін жақтایтын Израилді жарағып, даңқын асырмақ болды. Жақыптың ішкі дүниесін жөндеуде Құдай ұзын – сонар ауыр жұмыс атқарды. Азап пен қайғының қайнаған ортасына апарып салу керек болды.

Өзінің ұзақ өмірінде Жақып көптеген ауыртпалықтарға тап келді. Бір бақытсыздықтан кейін екінші бақытсыздыққа ұшырады. Тәңірін қайта көріп, қайта жоғалтты. Өмір

жолында ең сүйікті әйелі қайтыс болды. Мамраға дер кезінде жетіп, әкесін жерлеуге ұлгірді. Сонан соң тағы да ұлдары әкелген қайғы мен қасірет. Рувимның, одан кейін Иуданың жасаған қылышы.

Жүсіпті балалары сатып жібергендері көңіл күйін көрсөн!

Қыны мол өмір! Неге сонша қыын? Өйткені Құдай оны бойындағы лас пен кірден тазалағысы келді. Өйткені Құдай одан такуа жасамақшы болды.

Құдай дегеніне жетті ме? Иә, Жақыпты ол көздеген мақсатына алып келді.

Бұны білудің өзі жұбаныш. Жақып сияқты уәдені аз беретін адамды іздел табу мұлдем қыын. Мінезі де жетісіп түрған жоқ. Ол барып түрған пәлекет, айлакер еді. Тек өз пайдасын ғана ойлайтын. Сондықтан да оны менсінбей, айналып өтүге болатын еді.

Бірақ Құдай осы жаман, ызақор адамды қолына алып, одан өз игілігіне ескерткіш жасап шығарады. Фажап емей, немене? Құдіреттілік қой бұл!

Егер Құдай Аппасты Тәңір ісінің жақтаушысы етіп тәрбиелесе, оның мінезі турашыл, ашық қой; онда мұнысы бізге түсінікті болар еді. Бірақ одан көңілімізге жұбаныш орнамас еді. Ал Жақыптан басқа адамды жасауы-жанымызға ұлы жұбаныш әкеледі.

Енді Жақыптың Құдайының біз арқылы да мақсатқа жететініне сенеміз. Сөзсіз жетеді! Ол оның қолында ғой. Тілейтіні де сол. Бәрін Жақыптың өмірімен растан отыр.

Жақып жаман болса да, жасаған кінәсі зор болса да, Құдай бәрі бір оны өзгерту. Жердегі қарақетпен айналысқан Жақыпты жүзінен мәңгіліктің нұры тамған Израилге айналдырды.

Міне, сол себептен ұлы патша қарт еврейдің алдында басын иді. Бұл адамнан Тәңір қолының таңбасын көрді, күнәға батқандарды Тәңірдің баласына, мәңгіліктің мұрагерлеріне бағыштайтын игіліктің күшін сезді.

Жақып қолын жоғары көтеріп, Тәнір өкіліндегі патшаға батасын береді.

Құдай Жақып арқылы өз дегеніне жетті.

Діни дұға айтушылардың Оны „Жақыптың Құдайы“ деп атайдыны да сондықтан. Мен де келісемін, „Жақыптың Құдайы“ деген аттан артық, қымбат ештеңе жоқ.

Откен өмірге тастаған көзқарасың сені ержүректіліктен ада етуі мүмкін. Тәнір даңқын көтеруге ат салысатындей бізден бірдеңе шыға ма деп сұрақ қойып, өкінуге болады. Көз алдыңда „Жақыптың Құдайы“ деген ат тұрған жоқ па. Тәнір өз мақсатына Жақып арқылы жеткенін айттық. Мақсатына біз арқылы да жетеді. Рақметімізді айта отырып, басымызды иіп, үміт пен сенімге құлақ асып Дұға жиынтығының (Псалм) 45-ші тарауынан: „Тәнір күші бізben бірге, Жақыптың Құдайы біздің қамқоршымыз!“ – деп айта аламыз.

Қандай мінезде, кім болсаң да ескі күнәм мазалап, дамыл бермейді дегенде, үміттен күдер үзбе! Артыңа бұрыл да, алдыңа қара: Жақыптың Құдайы сенің қатысуыңмен өз мақсатына жетеді, ол үшін қайғы мен қасіреттен, қыншылық елегінен өткізуі мүмкін. Сені, сенің қарсылығыңды толық иемденеді, өйткені ол Жақыптың Құдайы.

ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУ

Жаратылыстың басталуы 47, 11 – 12

Ішкі рухани өмірінде Құдайдың көмегі керек те, сырттағы тіршілікке Оның керегі шамалы, өйткені соңғысының Тәнір үшін айтарлықтай маңызы жоқ деген пікірді ұстанатын адамдар жиі кездеседі.

Бұл көзқарас қате. Қандай жағдай болмасын біз Құдайға барып жүгінуге тиістіміз. Ол үшін екінші қатарға қоярлықтай маңызы аз ештеңе жоқ. Тәнір біздің ұсақ-түйегімізге де көңілін аударады.

Жұсіп тарихының мына үзіндісі сөзімізге дәлел. Ол әке-сіне, оның үлкен отбасына мүмкіншілігінше қамқорлық етті фой. Соларға байланысты ұсақ-түйекті де есінен шығармады. Әр отбасындағы баланың санын анықтады. Соған орай отбасына жер бөлінді. Қамқорлықтан тыс іс жүзінде ешкімді қалдырмады. Бала біткен толық есепке алынды. Патша тарататын азық-түліктен олар өздеріне тиісті еншіні иемденді.

Перғауын бұйырғандай Жақып балалары елдегі ең жақсы деген Раамсес жеріне тұрақтады. Олар Мысырда жақсы өмір сүрулері керек. Жұсіптің еркі бойынша жай емес, жақсы қамтамасыз етілуге тиісті.

Жұсіптің алдында Иса ұятқа қалады фой деп ойлайсың ба? Жұсіптің бейнесі қаншама тамаша болғанымен, ол тек көшірме ғана. Шын бейнеге Иса жатады. Егер Жұсіп ұсақ-түйекке де мән берсе, Иса дүниедегі барлық нәрсеге назар аударуға шамасы келеді.

Соған сен, тек қана жалғыз Соған!

Көбіміз, және кейбір діндарлар жасайтын қателік баршылық. Өйткені адамдармен, адамдардың көмегімен сана-самыз. Қит етсе іскер кісілер: маған сауда-сатыққа клиент керек, ендеши кешкісін көвшіліктің жиналған жеріне бара қояйын, – дейді ойланбастан. Есепке алатындары адамдық, күнделікті тіршілік факторы.

Бірақ шыншыл болып Құдайдың сөзі қалмақ. Текten тек: „Адамға сенген адам онбас! Тәнірге арқа сүйеген адам ғана игілікке жетпек!“ – деп айтылмаған.

Ақылыңа емес, бар жүргегімен Тәнірге беріл! Бұрынғы жасағаныңың бәрі ақылға сай, тәжірибемен істелген болып көрінуі мүмкін, ал шанында адамнан келер көмекке сенім арту Тәнірдің көнілін қалдырып, даңқын төмендетеді. Тек Құдайға ғана сен. Өзіңнің бүгінің мен ертеңінді, әйелің мен баланды Оның қолына табыс ет, сонда қамқорлық жасайтының көресін.

Оның саған әдейі арнап қойған орны бар. Соны көр-

сетсін. Өз еркінмен ол орынды іздеме. Өйтетін болсаң адам ақылымен шатасып Содомға барған Лот сияқты қателік жолына түсесің. Содомда ол тәжірибелі қасіреттен алды. Орынды өзің іздесен, ол саған женіл тимейді. Бұл іс сенікі емес, Тәңірдікі! Ол жолынды көрсеткісі келеді, көрсетеді де. Жанарымен соған бағыштап отырады. Ол уәдесін берген, сол айтқанын орындаиды да.

Жұсіп отбасын ең құнарлы жерге орнықтырды. Жұсіп жаман ештеңе де бермейді. Иса басқаша әрекетке барады деп ойлайсың ба? Айтшы, Исаға қалай қарайсың? Ол да сені тыныштығы мол айдынға қарай алып жүреді. Тек алып жүруіне рұқсат ет. Жақсы орынға апаратыны даусыз. Саған бірден-бір қажет, қолайлы орынға апарып шапағатын береді.

Сені сол жерге жеткізгеннен кейін қамқорлығына алады. Бірақ бұның бәрі кез келген жерде болады еken деп ойлаудан аулақ бол. Жоқ, жоқ! Сен болсын деп өзі қалаған жерде, өзінің қажеттігіне жаратқысы келген орында фана қамқорлығына алады. Егер Ілияс Тәңіріне құлақ аспай, Хораф өзеніне бармай басқа жерге кетсе, Құдай оған қамқорлық көрсетпес еді. Егер де ол Сарептіге, пүтқа табынушыларға бармай, өзіне баспананы Израилден іздеген болса, – Тәңір оған қамқорлық көрсетпес еді. Бірақ, Ілияс Жаратқан иенің айтқанымен жүрді. Тәңір сондықтан да оны назарынан тыс қалдырған жоқ.

Өз орнында болсаң, Құдай саған да қарасады. Жұсіп әкесі мен ағаларына, олардың отбасына қарасқандай Тәңір сені де қамқорлығымен жарылқайды.

Жұсіп туысқандарына қалай қарасты? Оларды астықпен қамтамасыз етті. Аузыңдан дәмі кетпейтін тәтті ештеңе де ұсынбады. Бастарынан асқан молшылыққа да шомылдырмады. Бірақ қажет нәрсенің бәрін берді.

Тәңір бізбен де солай етеді. Зор байлық пен тәттіге той-дырамын деп бізге уәдесін берген жоқ. Алайда күнделікті жейтін нағмен қуантады, қыын уақыттан аман-есен өтуі-

мізге қарасады. Бұл шын ақиқат. Егер әлде кім наннан тапшылық көретін болса, оған Құдайдың батасын алуға кедергі жасайтын бірдене бар ма деп қорқамын.

Тәңірдің қарайласатыны соншалық, тіпті кішкене баланы да назарынан тыс тастамайды. Бір баласы бар отбасынан көп балалы отбасына молырақ беру керектігін жақсы біледі.

Осы дұрыс па? Иә, дұрыс. Өз шәкірттерінен сұрағандай Тәңір қалаулыларынан сендерге не қажет десе, олар бүгін: „Жаратқан ием, біз ештеңеден тапшы емеспіз“, – деп жауап береді.

Тәңірдің тәнің мен жаныңа, әйелің мен балаңа қамқорлықпен қарайтынын өз тәжірибеңнен көресің. Жер басып жүрген өміріңе көмегін дарытып, мәңгілікке мензейді. Бізді бәрімен толық қамтамасыз етеді.

Сол себепті де Тәңір балаларының өздігінен қам жеуі күнә, барып тұрған есуастық.

Сенің қам жеуің көмектесті ме саған? Жоқ! Ешкімге де пайдасы мен көмегін тигізген жоқ. Бірақ Тәңірге сенім артсаң, Ол саған қамқорлық етеді.

Немен айналыспақсың? Таңдал алудың рұқсат. Әлде Тәңірді өкпелетіп, оның даңқын төмендетіп өзіндік қам жей бересің бе? Әлде Жаратқан иеңе сенім артып, атын ту ғып ұстайсың ба? Таңдаудың ерік берілген.

Қамқорлыққа күн жоқ. Қамқорлық – күнә.

Сенім арту Тәңірге қуыныш әкеледі. Сенім арту пайда да тигізеді. Сонда сенің не істеуің керек?

Мен саған Тәңірге сенім арт дер едім. Өз өмір жолынды соның қолына табыс ет. Әйелің мен балаңды, үйінді, бүгінің мен ертеңінді ұмсын. Сонда ғана өкінбейсің. Өйткені Тәңір сені мәңгілікке қамтамасыз етеді.

ӨТЕЛІНДІ

Жаратылыстың басталуы 47, 23 – 24

Ашаршылықтың басталғанына біраз жыл болды. Оның тынысы Мысырда да сезілген еді. Ханаан мен басқа елдер баяғыда-ақ ауыртпалықты бастарынан кешіп жатты. Мысырда алдын-ала дайындалған астық көп себін тигізді. Бұл қор ақыры таусыла бастады.

Бірақ Жұсіп үлкен қоймалар жасаған еді, астықты сонда барып сатып алуға болатын. Мысырлықтар сол жерге барып, сатып алғатын. Осыншама үлкен етіп салынған қоймаға енді ешкім мысқылдан күлмейтін болды. Қайта куанатын. Осы ауыр мезгілді ойлап, алдын-ала қам жегені үшін Жұсіпке рақметтерін жаудырды. Құрғақшылық қайта-қайта кезекпен алмасып жатты; Жұсіпке келіп нандық астықты сатып алушылар көбейді.

Ніл өзені үшінші рет те, төртінші рет те жағасынан шығып тасыған жоқ, егіс даласы бұрынғыдай бітік егін бере алмады. Қатарынан бірнеше жыл шығым болмады.

Қыншылық басталды. Астық сатып алғатын ақша да бітті. Енді не істей керек?

Осылай қиналған мысырлықтар Жұсіпке келіп: „Бізге астық бер, ақшамыз таусылды, қарадан-қарап өлтірмексің бе?“ – десті.

„Малдарыңды осында айдан әкеліндер, күміс ақшаларың бітті екен, керек бидайларыңды мал басына аласындар!“ – деп жауап қатты Жұсіп.

Солай болды да. Қой мен аттарды, өгіз бен есектерді бидайға айырбастады. Жұсіптен алған астықтарымен олар тағы да бір жыл қоректенді.

Сонан соң тағы да тақыр сипады. Бұл жылды қуаншылық болып, егін шықлады. Қайтпек? Жұсіпке қайтадан келіп: „Мырза, күміс ақшаның біткенін жасырмаймыз, мал басын да өзіңе табыс еттік; жеріміз бен қара басымыздан басқа ештеңе де қалған жоқ. Жерімізден, өлуге аз-ақ қалған тәні-

мізден келер пайда аз. Астыққа бізді, жерімізді сатып ал, жерімізben бірге перғауынның құлы болып саналайық. Жер қаңырап бос қалмас үшін егуге дән бер!“ – деді олар.

Жұсіп тілектерін орындалап, бүкіл Мысыр жерін перғауынға сатып әперді. Сөйтіп, перғауын барша елді билеп-төстеуші жалғыз қожайын болып шыға келді. Қол астындағы кісілердің бәрі одан жерді жалға алатын болды.

Енді олар егіннің төрт бөлігін өздеріне қалдырып, бесінші бөлігін перғауынға беріп отырды.

Жеке меншіктік жоғалды. Барша ел патшаға бағынды. Енді әркім перғауынның басыбайлы шаруасы болды.

Жұсіп перғауынға жер мен адамдарды сатып әперді. Бұл осы қыын жылдары жүргізілген ғажайып өзгеріс еді. Жұсіп басшылықты қолына алғанда перғауынның билігі онша күшті емес еді, ал қазір ол әлемдегі ең мықты тақ иесі атанады. Бұның бәріне Жұсіптің арқасында қолы жетті.

Інжілдегі Мәсіхтің бізді Құдайға төгілген Өз Қаны арқылы сатып әперді дегенін оқыдың ба? Жұсіп перғауынға бүкіл Мысырда сатып әптергеніндей Иса да жарық дүниеге кісілердің жанын Құдайға сатып алу үшін келді.

Бірақ Жұсіптің Мысырды сатып алғанынан гөрі бұл оған өте қымбатқа тұсті. Жұсіп мысырлықтарды құнделікті сатып жүрген бидайына айырбастап алды. Иса болса дүниеге өмір әкелу мақсатымен жерге түскен Өзі бидайдың дәні еді. Құдайға бізді сатып әперу үшін Қанын төгіп, өмірін берді.

Төленген құнның бағасы тым үлкен. Оны дүниеде еш адам да өтей алмайды. Өйткені, бұл әбігер өмірден сендер әкелеріңен қалған алтын мен күміске сатып алынған емессіндер, кемістігі жоқ таза Қозы секілді Мәсіхтің құнды Қанымен алындыңдар. Бір рет римдік жауынгерлері қамшының астына алған Әулие Израилдің арқасына назарынды салшы. Қан жоса іздер ұзыннан созылып қалды емес пе. Израилдің арқасы біртұтас қанды жарага айналды фой.

Голгофадағы азап суретіне көзінді салшы. Тіккен шеңбердің істігінен қалған жарадан Қан бетті жауып кетті.

Шеге қағылған қол мен аяқтан да Қан сорғалады. Найза тиген бүйірінен де тамшылап Қан ақты.

Қандай бағамен өлшейсің мұны! Құрбандыққа шалынған Қозының Қасиетті Қаны!

„Сендер үшін қымбат баға төленген!“ – дейді елші. Ол дұрыс айтады.

Сен мұны білесің бе? Құтқарушының сен үшін қиналып, азапқа барғаны жөнінде ойға қаласың ба?

Мүмкін сен әлі адасқандар арасында шығарсың. Селт етпестен Құтқарушыға арқаңды беріп тұрган боларсың. Сен қарамайсың Оған, сен естімейсің Оны, қабыл алмайсың Оны. Сонда да бәрі бір Оған бағыныштысың! Шындық бұл. Сен үшін төлеген бағасы тым қымбат, өйткені Қанын текті. Егер де әлі де адасып, күнәға берілсен, олай етуге хақын жоқ. Сен Құтқарушының адамысың. Себебі Қанын төгіп, Құдайға беру үшін сені сатып алған.

Осыған орай Құтқарушыға бар да, оған занғы түрде тиісті нәрсесін бер. Жүргегің мен өмірінді табыс ет. Жеке меншік етіп иемденгенін ұсын. Жалына отырып сұраймын сенен!

Ал сен Оған барып, өзінді толық табыс еткенге айтарым: бұдан былай өзіңе-өзің ие емессің, өз еркімен өмір де сүре алмайсың. Иса сені сатып алған. „Сондықтан да Тәнірдің негізіне айналған тәндеріңмен, жандарыңмен, Құдайды мадақтаңдар!“

О, егер біз өмірімізben өзіміз үшін тіршілік қылмайтынымызды, құрбандықтың қымбат бағасы арқылы Құдайдың билігіне көшкенімізді дәлелдей алсақ қой.

ҚҰЛДАР

Жаратылыстың басталуы 47, 25

Өзінің билігінің арқасында Жүсіп бүкіл мысырлықтарды перғауынның басыбайлы шаруаларына айналдырды. Олар

еркіндігі мен бостандығын жоғалтты. Енді өз жерінде отырудың орнына, оны жалға алатын болды. Барша ел мен барша халық таққа жүгінді.

Мысырлықтар бұл өзгерістерді қалай қабыл алды? Жұсіптің оларды еркін жүрген кісілерден басыбайлы шаруаға айналдырғанына наразылық қылды ма? Оған қарсы шықты ма? Халықты жақтайдын ұйымдар құрып, бас көтерген жоқ па?

Жоқ! Қайта рақметін айтты. Жұсіпке келіп: „Сен бізді өлімнен құтқардың; ендеше мейірімің бөленіп, перғауынның құллы болалық!“ – десті олар.

Егін шықпай, қуаңшылық бірінен соң бірі қайталанып жатқанда қайғырғандарын көрсөндер! Болашаққа жан тұршігерлік қорқынышпен қарады. Тағы да қуаңшылық болса не істемекпіз? Аштан өлеміз бе? Олар нілдің тасуын ынтыға күтті.

Енді, міне, қыыншылықтан құтылатын оңай жол табыла кетті. Жұсіпке өздерін, меншігінде бардың бәрін сатты. Түгелдей оның қолына берілді. Енді олар үшін Жұсіп қам жеуеге тиісті. Енді олар Ніл өзені таси ма, тасымай ма деп бастарын қатырмады. Егін шыға ма, шықпай ма деп қиналады. Жұсіп оларды қамқорлығына алды.

Қам жеу, мазасыздық, қорқыныш – бәрісін бәрі жойылып, саналарында рақаты мол тыныштық орнады. Болашақтарының мықты қолда екенін білді. Жұсіптің олар үшін шын көнілмен қам жейтінін, барынша қарасатынын түсінді.

Жұсіп болмағанда аштықтан қаза табушы еді. Оның даналық қамқорлығы өмірлерін сақтап қалды. Сол себепті де үлкен сүйіспеншілікпен, рақметін жаудыра: „Сен бізді өлімнен құтқардың; ендеше мейірімің бөленіп, перғауынның құллы болалық!“ – деді.

Мысырлықтардың бастарынан кешіргені шығынға ұшырай бастаған саудагердің халы сияқты. Ондай адамның күн мен түні қорқынышқа толы, уақыт өткен сайын шаруасының жақсарғанын, пайдасының өскенін күтеді, ал шын

мәнісінде бәрі керісінше болып шығады. Күйреу сәті де жақын. Аман қала ма? Әлде қарсыласқаны түкке тұрмай құрдымға сіңе ме?

Жоқ, күйреді. Әзер тұрған үй құрылышы құлап түсті. Өз еркімен өмір сүрген саудагер қарапайым қызметкерге айналды. Енді ол пайда табу үшін жан таласқан іс адамы емес, бұдан әрі мазаланбай тыныш үйқтауына болады. Жейтін наны бар. Қалай болады деп қам жемейді, қорқынышты ой басын қатырмайды.

Ал сен ше? Біздің де бас еркіндігінен айрылып құл болып шыға келуіміз ғажап емес.

Бұл сұлулықты паши ететін сөз деп айта алмаймын. Көп адамға ол ұнамайды да. Сонда да Иса Мәсіх арқылы Құдайдың құллы атанғаныңа не жетсін. Осы тамаша жағдайды басынан кешпейінше адам қарсыласып бағады... Өзін Құдайдың құллы еткен адам жақсы біледі, Оның құллы болу деген – шын бастандыққа жету.

Тәңірге бағынбай, өз еркін қорғаған кісінің өмірі де кедей. Өйткені ол менменшілдігін бекітпек. Олай болса Құдаймен қарсыласып бағады. Есуастық қой. Беріл оған, сонда фана тыныш боласың. Қайғы- қасіретің де бітеді.

Құдайдың құллы болу тамашаның тамашасы. Жеке басыңың жауапкершілігі жойылады. Бәріне Тәңір жауапты. Құнделікті тірлікке қатысты жүздеген іс пен міндетті орындаудың қажеті жоқ. Кеңесшінің орнына саған ақылын айтады, жолың болмаса жүретін жолың болады. Құдіретті деген атын жерге түсірмес үшін бізді дұрыс сапарға алып шығады. Егер адамдар саған жамандық жасайды еken, онда ол туралы Тәңіріңе айт. Құдай ісіңе араласады. Күш-қуат, немесе көнілге жұбаныш керек еken Жаратқан иене бар, ол сені құр-алақан қалдырмайды.

Махаббаты мол, мейірімі мол осы сынды мырзаның құллы болу неткен фанибет. Одан артық, одан жоғары ештее жоқ.

Сөйтіп мазасыз жүрегіміз тынышыққа оранады. Құнде-

лікті күйбең мен қам жеу, толқу-қиналыс бойдан кетісімен, бар жауапкерлік Жаратқан иемнің иығына артылысымен, біздің ішкі дүниеміз барша әлемді асқан тереңдікпен қабыл алады.

Сен оның құлышың ба? Өзінді тоқтатпа, бар болмысың мен беріл. Толық Оның құлы болып, ештеңені қалдырмай: тәнің мен жаныңды, әйелің мен баланды, ақшан мен затыңды, күшің мен қуатыңды табыс еткенде фана шын бақытқа жетесің.

Оған осылай берілдің бе? Бірденені өзіңе қалдырган болсаң, кеш емес, бере фой. Өйтпейінше шын құлы бола алмайсың. Егер бірденені сақтап қалғың келсе – нағыз тыныштыққа, нағыз бақытқа жеттім деме. Оған бәрін ұсын!

Құлдар уақытын өз қажетіне пайдалана алмайды. Олардың уақыты Тәңірдікі, оны қалай өткізгені үшін есеп беруге тиісті. Сондықтан олар не істеп, не қою керек деп бастарын қатырмайды. Тек қана: „Тәңір, бұйрығыңды айт! Күтіп тұрмын!“ – дейді. О, егер Тәңірдің барлық балалары құлға айналса фой, онда босқа кетіп жатқан уақыт пайдаға асар еді.

Құлдар өз бетімен ақшаны жұмсамайды. Бұл жерде де олардың еркі Тәңірдің қолында. Не алып, не қою керек жөнінде Одан ақыл-кеңес сұрайды. Ақшаның иесі Тәңір екенін білетін кісі басы артық нәрседен кашады. Тапқан-таянғаның Құдайға әкеліп береді. Ерікті адамдарға қарағанда құлдар ақшаны үнеммен жұмсайды.

Құлдар фой! Олар туралы тағы да не айтпақсың деп шошына сұрайсың. Ештеңе де! Бірақ осы аталмыш түсініктегі біздің бақыттымыз бен тыныштығымыз жатыр. Адам баласы өзі үшін әлі де бірденені тығып қалғысы келсе, жағдайын іс жүзінде бекітуге тырысса, Құдай мен оның арасында қарама-қайшылық болса, онда келіспеушілік бұрынғысынша сақтала береді. Ал егерде өзінді толық Тәңіріңе ұсынсаң, онда бәрі жоғалады, Құдай арқылы тыныштыққа жетесің.

Сенің бүгін де мысырлықтардан үйренгеніңді қалар едім. Олардың алдында ұятқа қалма. „Перфауынның құлы болалық!“ – деген еді олар Жүсіпке.

Осы сөздерді біз Исаға да арнауымызға болады фой. Ол Оған өте лайық. Біз үшін қанын төгіп, өмірін қиды емес пе?

О, егер осы жолдарды оқыған жандар біз шынымен Тәңірдің құлымыз ба деген сұрапқа көніл бөлсе. Мүмкін әлі де Құдайға олар қарсылық білдіретін шығар.

Мениң тілерім, сенің де, менің де, ананың да жүректерінен: „Біз Исаның құлы болғымыз келеді!“ – деген сөздер куанышпен шықса екен.

ҮЙДІ САҒЫНУ

Жаратылыстың басталуы 47, 29 – 31

Жақып отбасымен бірге Мысырда он жеті жыл тұрақтады. Оларға елден ең жақсы деген жер берілді. Бала-шағасы қасында. Жақып өзінің сүйікті ұлы Жүсіптің биік дәрежесіне шын қуанатын. Соған қарамастан Мысырда өзін үйдегідей сезінбеді. Не қаласа да бәрі бар, тек бір ғана жетіспейтіні туған жері, отаны еді. Ханаанның тау-тасы мен даласын аңсады. Гесем тамаша болып көрінгенімен Ханаан емес еді. Мысыр жақсы болғанымен отаны емес.

Күн өткен сайын туған елін аңсай тұсті. Туған елге келіп құйылатын жолдың тұс-тұсынан көрінетін Ливанның тауларын көрмегелі қашан! Рахильдің табытының қасында түрғанынан бері де көп уақыт өтті. Экесі мен атасы жерленген Мамрада да көп жыл болмады.

Жүрегі туған үйге, Ханаанға ұмтылды. Ата-мекенін енді қайтып көре алмайтынын сезді. Бойындағы күші азайды. Әлі кетті. Бірақ бәрі бір туған жерде жерленсем деп армандағы.

Жүсіпті шақыртып алып, жүрегіндегісін айтты. „Сенің назарың арқылы иглік тапқан болсам, қолынды менің кеудемді қымтаған көрпеге бас та мені Мысырда емес, әкем

мен атамның қасына қоятыныңды шындықпен мейірімінді төге айт!“ – деп жалынды ол.

Жүсіп уәдесін берді. Кім соңғы демін алып жатқан адамның тілегін орында�性ын. Бірақ Жақып уәдемен ғана шектеліп қоймады. Тәнінің елінде көне табытқа салынатынына оның көзі жетуге тиісті. Осыған орай Жүсіп ант етсін. Сонда ғана Жақыптың көнілі хош таппақ. Сонда ғана тілегі қалтқысыз орындалады деген сенімде болады.

Саған ата-мекенге, Ханаанға байланысты сағыныш таныс па?

„Үйіне деген сағынышты жоғалтпаған адам бақытты, себебі ол туған ұясына қайтып оралады!“ – деген еді бірде Юнг-Стиллинд.

Өліммен бәрі біtedі дейтіндер – бейшара жандар. Олар аспандағы алтын қала Иерусалимнің не екенін білмейді. Ол пақырларға мен қайғыра қараймын.

Өлгеннен кейін өмірдің барына сенетіндерді, бірақ олардың есімдері Құдай адамдарының есіміндей аспанда жазылмаған деп күмәнданатын адамдарды көргенде де қайғырамын. Олардың үміті тірі емес.

Өмір сүрудің – жиханды аралап шеру кешу екенін, Исаңың жарық сәулесі рақатқа, ата-мекенге жеткізетінін білетіндер шын бақыттылар.

Ендеше тән, күзде ағаш жапырағын жоғалтқандай, күшінен айрыла берсін, бақыттылар оған ренжімейді, бұл өзгеріске олар қуанышпен қарайды. Білетіндері: Тәңір оларың жерден тамырларымен суырып алғанда, Бейіш бағына апарып, қайта отырғызыбақ. Ол үшін қайғырмайды, қуанады, рақметін айтады.

Жақыптың үйіне қайтқысы келді, өйткені ол жер үстіндеғі Ханаанды сағынды. Сол жерде ол өмір сүрген, әке-шешесінің, атасының қабірлері де сонда. Иә, біздің мекеніміз аспанда. Сағынышпен соған, рақаты мол ата-мекенге асығамыз. Онда Тәңір бізді күтіп тұр, Ол бізге арнаулы орын дайындаған қойған.

Өз ата-мекеніндей аспан Ханааны саған таныс па?

Туған үйінді сағындың ба деп әр кімнен сұрай бергім келмейді. Мүмкін сен әлі өте жас шығарсың. Қуатың бойына сыймайды. Алдында Тәңірге еңбек етерге тұрарлық көп жылдарың жатыр. Сен үйінді сағынбайсың, сағынуың да мүмкін емес. Сенің мақсатың күн жарығы барда еңбек ету, өйткені түн орнасымен ешкім де жұмыспен айланыспайды. Бірақ сенен сұрапым: ата-мекеніндей аспан Ханаанымен таныссың ба? Себебі атың көк жүзінде жазулы ма, жазылған жоқ па, соган сенімің мол ма?

Осы жолдарды оқытындардың арасында қарттар да бар. Откерген жас мөлшерлері ақ қар болып шаштарын жапқан. Олардан да сұраймын: үйге деген сағыныш таныс па сендерге? Әлде әлі де жерден кеткілерің келмей ме? Өміріңнің кешкі сағатында ата-мекенінді сағыну тамаша гой. Ата-мекеннен түскен жарық жолыңа құйылса, мәңгіліктің сәулесі өмірінді жарқыратса, онда қараңғы кештің де нұрланатыны сөзсіз.

Менің оқушыма шын жүргімнен айтарым: үйге деген, мәңгілікке деген сағыныш кеудене толассыз құйыла түссін. Сенімге ие болып: менің отаным аспанда деп айта алыңдар.

Тілегім: туған үйің мен мәңгілікке арналған бұл сағыныш көкірегінді керіп, көктегі ата-мекенің бұрынғыдан бетер қызықтыратын болсын. Тек осылайша ғана жеткен жасымыз өзгеріс таппақ, тек осылайша ғана өміріміздің кеші алтын шұғылаға оранады.

Ата-мекені мен үйін сағындырып, нәзіктікпен тамырынан босатқандардың жүргегін Тәңір игілікке толтырысын.

ҰЛЫ СЫЙ

Жаратылыстың басталуы 48, 1 – 5

Жүсіп сырқат әкесінде болып, уәдесін беріп, сүйегін Ханаанға жеткізем деп келіскеңнен кейін көмекшілерінен

Жақыптың халі нашарлайтын болса, хабарландар деп сұрады. Хабар ұзақ күттірмеді. Қария төсектен тұрмай қойды. Өмірінің соңғы сағаты жақындағаны рас еді.

Жұсіп асығыс әкесіне жетті. Көзін жұмайын деп жатқан атасына оның екі немересін – Манассия мен Ефремді ертіп келді. Тәңірін жақтаушы қарияның өлер сағатында төсегінің қасында болу оларға зор әсер етеді деп ойлады.

„Сенің ұлың Жұсіп келе жатыр!“ – дегенде Жақыптың куанышында шек болмады. Бұл хабар бойына күш дарытты. Жұсіп келе жатыр! Ұлдарының бәрінен артық сүйгені, талай жыл жоқтап қайғырғаны, өзінің шын куанышы – Жұсіп! Сол фой келе жатқан. Әлін жиып, оны қарсы алу үшін төсегіне тік отырды.

Енді, міне, өзінің жастық шағы туралы, сонау бір түнде үйсіз қашқынға айналып, ашық аспан астында үйқыға кеткені жөнінде әңгімелеп отыр. Есіне ғажайып түсі, көкке созылған саты, оның ар жағынан пайды болып өзімен сөйлескен Тәңір түсті. Құдайдың сонда айтқанының бәрі қалайша дұрыс орындалды десеңші. Ендеشه болашақта не болатынын ескерткені де жүзеге аспақ. Құдай оның ұрпағына мұра етіп Ханаан жерін береді. Қарт Жақып бұған әбден сенген еді. Сондықтан да сүйегінің Ханаан жерінде жатқанын қалады. Ұрпақтары Ханаан жерін иеленгенде өр үрім бұтақ өз бөлігін алады, ал Жұсіпке екі бөлік тимек. Өлейін деп жатқан Жақыпқа мұны Құдайдың өзі ескерткен еді.

Бұрынғы жасаған күнәсі үшін Левий Ханааннан өз бөлігін ала алмады. Тек көп уақыттан кейін халық алтын торпақты айналып билеп жатқанда Левий ерлік көрсетіп, Тәңір жағына шықты. Сонда ғана қарғысынан арылып, батаға ие болды. Бірақ Ханааннан бәрі бір тиісті бөлігін ала алмады. Алайда Құдай оған басқаша рақымын жасады. Левийдің ұрпағынан дін қызметкері мен Иеговаға қызмет ететін діндарлар тарады.

Бұлай боларын өлейін деп жатқан Жақып білген жоқ. Білгені – Ханаанға қатысты мұрагерлер тізімінен Левийді

шығарып тастау. Сөйтіп он екі үрпак өрбіген тармақ тізбегі бұзылды. Оны кім байланыстырмақ? Жақыптың балаларының бірі екі бөлікті иемденетін болады фой. Ол кім?

Ол Жұсіп. Жұсіпке екі бөлік берілуге тиісті. Осыны іске асыру үшін Жұсіптің екі ұлы – Манассия мен Ефрем – Жақыптың балалары болып саналады.

Раждап! Қорлықтың ең төменгі сатысындағы жәбірлеуді басынан кешкен ұлы енді ағаларынан жоғары тұрмақ. Соңғы қайыршыдай құлдыққа сатылышп, қапасқа қамалып, ақыры билеушіге дейін көтерілген ол болашақта Ханаан жерінің ұлан-ғайыр бөлігіне ие болады.

Иә, игілік әр қашанда қажет, осы және болашақ өмірде оған уәде берілген. Тау уағызында: „Момындарға рақат нұры жауады, өйткені олар осынау жерді мұралыққа алды!“ – дегені шын мәнісінде орындалды. Құдайдың Ібраайымфа: „Мен сенің қалқаныңмын, берер сиым өте ұлы!“ – деп айтқаны да тұра.

Жұсіптің өмірі сеніммен берілгендердің үшін Құдай қандай ұлы сый ұсынатынын дәлелдейді.

Мүмкін сен қорлықтың тұнғиығына батып малтыққаның үшін ренжіп, қайғырған шығарсың. Иә, саған өте қыын тиді; адамдар сені қарсы алмады, түсінбеді, жек көретіндерін жасырмай көрсетті. Кейде шыдамың таусылып: неліктен осының бәрі маған тап келді, неге мен ғана осы ауыр жолмен жүруім керек деп таусыла өз-өзіңе сұрақ та қойғың келді. Ағайын, егер сен Құдай бастаған жолды түсінбесен Жұсіпті есіңе ал. Ол нені ғана көрмеді! Тастан қараңғы жол жатты фой оның алдында. Ақыры даңқ жолымен рақатқа жетті! Сеніммен беріліп, өкпелеп-қарсыласпай, үн-тұнсіз шыдамдық көрсетіп, адамдардың мазағын көтеріп сапар шеккені үшін Құдай оны сыйынан құралақан қалдырмады.

Сені де ұлы сыйлық күтіп тұр, тек адаспай Тәңірдің соңынан берік сеніммен ере біл.

Мысқыл мен құғынды, жаманшылық пен табалауды реңішсіз қабылда. Тәңір назарынан тыс қалдырмайды. Сағаты

келгенде Өтеушінің сөзін естисің. „Көңілі адал момын құл, аз нәрседе сен сенім білдірдің, енді сені көптен жоғарырақ қоямын. Жаратқан иеңінің қуанышына бөлен!“ – дейді Ол.

Өле-өлгенге дейін Оған берік сенімде болғандарға Тәңір табыс етемін деп, уәде еткен гүл шеңберлерін бергенде не болмақ?

Қорлықтың лайлы тұңғиырына батқанында, адамдар саған қыын-қыстау туғызғанда, жүргегің ауырсына бастағанда: құрмет гүл шеңберінің сені күтіп тұрғанын ұқ. Бұл ұлы сый емес пе?

Жүрер жолың қалай-қалай ирелендесе де: шарқ ұрып шатқалға шықсын, немесе құлдырап аңғарға түссін, бірақ Құдайдың Өз атының даңқы үшін сені шынайы жолмен әкеle жатқанына күмәнданба. Ал жолыңың ең соңында сені ұлы сыйлық күтіп тұр.

МӘҢГІЛІККЕ АПАРАР ҚАҚПА АЛДЫНДА

Жаратылыштың басталуы 48, 8 – 20

Көрі Жақып мәңгіліктің қақпасына да жетті. Жүсіпке жүргегі арқылы Тәңір жеткізген шешімді айтады: Жүсіптің екі ұлы Жақыптың балаларының қатарына еніп, Ханаан жерінің екі бөлігін алуға тиісті. Жүсіп мәңгілікке көзін жұмайын деп жатқан атасынан бата алуға ұлдарын әкелгенге дейін Жақыптың рухы тағы қайғыланды. Әлгінде Жүсіптің балалары жөнінде әңгіме қозғағанда оның есіне тағы да өткендейгі ауыр күндер, кішкенесі Вениамин туғаннан соң, Рахильдің жан тәсілімін бергені түсіп кетті. Ондаған жылдар өтті ғой содан бері. Бірақ сүйгені Рахильдің бейнесі әлі күнге дейін көз алдында. Сол қайғылы сағат кеше фана болғандай санасында өшпей қалды. Қымбатты әйелін кеше фана жерлегендей көрінді.

Шынайы махабbat жылдар өтсе де тозбайды. Шынайы махабbat өмірі от болып лаулай береді.

Жұсіп осы кезде балаларын ертіп келді. Ауыр ойдан бүгінгі болмысқа қайта оралған Жақып: „Бұл кім?“ – деп сұрады. „Бұлар Құдайдың осы жерде берген менің балаларым ғой,“ – деді Жұсіп ұлдарын жақындастып, сөйтіп Жақыпқа оларды анық көрсету үшін. Экесінің жанары да өше бастаған еді. Жақып жас ұландарды өзіне тартып, беттерінен сүйді. „Сенің жүзінді көрем деп ойламап едім, енді, міне, Құдай балаларыңды да көрсетіп отыр,“ – деді Тәңіріне деген рақметін жасырмай.

Жұсіп әкесі бата бергенде, ынғайлы болсын деп, тұнғышы Манассияны оң қол, кішісін Ефремді сол қол жағына әкеліп түрғызды. Бірақ Құдай атынан Жақып басқаша жасайды. Мәңгілік қақпасының алдына келген Жақып болашаққа үңіліп, Манассияға қарағанда Ефремнің алдағы өмірі маңызды екенін көреді. Сондықтан да бата берерінде оң қолын Ефремнің, сол қолын Манассияның басына қояды. Жұсіп әкесі қателескен ғой деп, оның қолын ауыстырмақ болды. Бірақ Жақып өзінің қалағанынан қайтпады. Сүйіспеншілікке толы назарын Жұсіпке бұрып: „Алдыңа менің атам Ыбраійым мен әкем Ысқақ барған Құдай, осы өмірге келгелі мені бағып-қағушы Құдай, осы күнге дейін қауып-қатерден сақтап келген Періште, мына ұландарға батасын беріп, жарылқасын, менің есіміммен Ыбраійымның, Ысқақтың есімдері саналарында жазылып қалсын, жер үстінде бұлар тарататын үрпақ молайсын... Сендерге мені Израиль жасаған ием жар болсын деп, Ефрем мен Манассияға, батамды беремін!“ – деді.

Жақып неге Манассиядан гөрі көңілін Ефремге бөлді? Себебі: Құдайдың тілегін орындаған еді. Құдайдың табиғи дарынға, адамның артықшылығына қарамай, үлкеннен гөрі кішісіне назарын көбірек бөлетінін біз Киелі кітаптан жи кездестіреміз. Тәңір патшалығындағы ең басты шарт – табиғатынан келген талап емес, Жаратқан иеден дарыған игілік. Құдайдың ұлылар мен күштілерге қарамай, әлсіздер мен кішілерді таңдайтынын Қасиетті Жазбаның (Священ-

ное Писание) беттерінен де оқымыз. Жаратушы күші басым Аппасты батақор етпей, көңілін нәзік, әлсіз Жақыпқа аударды. Құдай Израиль еліне патшалыққа Аминадавты әкелмей, таққа ұмыт болған, мал бағып жүрген Дәуітті қояды. „Мен адам тұрғысынан көз салмаймын, себебі адам бетіне қарайды, ал Тәнірің жүрегіне үңіледі,“ – деп түсіндіреді Құдай, осылай таңдауының себебін Ысмаил пайғамбарға. Жақып мүмкін Манассияның орнына Ефремді ұсынғанда үлкенінің жүрегінен әлде нені байқап қалды ма екен? Әлде, оған Ефремнің момындығы ұнады ма? „Құдай момын жандарға рақымын береді“. Манассия үлкендігін жасап, әкесінің билеуші деген ұлы атағын арқа тұтып, мақтаншақтық көрсетті ме екен? Сондықтан да Жақыптың оны артқа ысырғаны оған момындыққа жеткізетін ем еді. Солай болуы керек еді. Құдай қателік жасамайды фой. Бұлай етуйнің мәнісін Ол жақсы біледі. Сондықтан да Жақып жаратқан иесінің тілегімен келісті.

Мәңгіліктің қызығын көру үшін, жердегі осы дүниеге тән сезімдерді тежеп отыру керек.

Мәңгілікке аппаратын қақпа алдында тұрған адамның өзі баратын тыныштық дүниесін құлағымен, көзімен, жүрегімен қабылдай алатыны қандай жақсы! Көрі Жақыптай көреген әкен, ойшыл атаң болғаны қандай керемет!

Достым, қалайсың өзің? Мәңгілік қақпасына сен де жақындаپ қалған жоқсың ба? Көзіңің жанары сөніп, құлағың естімейді. Бірақ, назарың даңқ биігінде ме? Құлағың Тәнірдің үнін, соңғы орындауыңа тиісті тапсырмасын естіп жатыр ма?

Құдай өз мақсатына Жақып арқылы жетті. Жақып тым өзімшіл жан еді. Тек қана өз күші мен өз ақылына сенетін.

Енді, міне, құлағы мен көзі Құдайға қызмет ететін адамға айналды.

Енді, міне, өмір сабағын оқып тауысты. Құдай оны өз мектебінен босатуына болады.

О, Тәнір біздің бәріміздің іштерімізде өз мақсатына же-

тетін болса фой. О, егер Қасиетті Рух біздің тәлім-тәрбие-мізді, тазаланып айыққанымызды көріп: „Орындалды!“ – дей алса фой.

Іә, Тәнір мектебінде бірдеңеге үйренуіміз үшін Жаратқан ие бізге игілігін берсін. Оған ұқсап, Оның кейпіне келейік! Көзіміз бен құлағымыз мына дүниедегі күйбеңге тарс жабылып, тек биіктен, жоғарыдан құйылған сәуле нұрына ғана ашық болсын!

Осының бәрі өлім сағатын жеңілдетеді. Осы дүниеде айналамызben қоштасып үлгіруге тиістіміз. Бізді көріп, тыңдау туысқандарымызға қуаныш пен жұбаныш әкелетінін ұмытпайық. Соның дәлелі мәңгілікке аппаратын қақпа-ның алдында Жүсіптің экесін естіп, тыңдағаны.

ДҰРЫС ӨЛІМ

Жаратылыстың басталуы 48, 21

Өлім туралы айтқанда Жақып қобалжымайды. Мұндай рухани мықтылықты Мәсіх жолын қуушылардан да, Тәнір балаларынан да көп кездестіре бермейміз.

Өлетінін білгендердің қорыққанын көрсөніз! Олай болмаяу керек. Құдай алдындағы ісіміз ойдағыдай болса, онда өлім келді деп қобалжуудың керегі жоқ.

Еркін Инжіл Шіркеуінің игілікті діндары Отто Шопфтың бүл дүниеден кетуі өте-мөте әсерлі. Өлімінің жақындағанын естігенде ол дір етпеді. Досы Фриске дәрігер аурудың санаулы ғана уақытының қалғанын айт деп еді. Анау Оттоға келіп, оның жағдайының тым қыын екенін хабарлады. „Сонымен, менің өлер уақыттым жақын болды. Мені жалғыз қалдырындар!“ – деп өтінді сонда ауру. Он минут өткен соң өлім халіндегі Отто досы Фристы қайта шақырды. „Бәрі ойдағыдай!“ – деді оған түк болмағандай.

Егер өлім асығыс келіп есігінді қақса, ал сен әлі қартайған жоқсың, бірақ та Шопф сияқты шімірікпестен он

минут ішінде оны қабыл алуға дайын болғаныңды білдіре аласың ба? Жақып секілді ұстамдықпен: „Міне, өлгелі жатырмын!“ – деп айтуға күшің жете ме?

Бұған қашан жетуге болады? Егер бізбен Құдайдың арасында ештеңе тұрмайтын болса ғана. Арыңды күтпеген күнә қинамаса. Егер ол адам үнемі Тәнірдің көз алдында жүрсе.

Жақып өз баласы мен оның ұлдарына не айтты? „Осы өмірге келгелі мені бағып-қағушы Құдай, осы күнге дейін қауып-қатерден сақтап келген Періштем,“ – деді емес пе. Иә, инабатты Бақташыға өзін ұсынғанға игілік көп. Ол сені өзінің атын көтеру үшін дұрыс жолмен бағып-қағып алыш жүреді. Қауып-қатерден сақталғанда да игілік дайын. Ол жастыққа ақырын ғана басын салып: „Міне, өлгелі жатырмын!“ – дей алады.

Рақат өлімге шын дайындалу қандай? Тек қана Тәнірге арналған діни кешке қатысу ғана ма? Асығыс оқылған дұға мен дін уағызы шығар? Жо-жок! Құдайдың көзіне түсіп, үнемі Құдаймен бірге болуың керек. Игілікке сеніп: „Жауыздықтан адамын!“ – деп, бағып-қағушы Бақташының соңынан ер.

Өмірің мен жүрегінді Тәнірдің қолына тапсыр да, жауыздықтан ада қылсын де, бүкіл күнәнді алдына жайып сал. Сонда ғана күткен, немесе күтпеген өлім келгенде: „Міне, өлгелі жатырмын!“ – деуіңе болады.

Жақыптың бұл сөзінен біз осыны ұфамыз. Өмірің шынайы дайындықтан өтсе, өлу онша қыын емес. Сонымен бірге Тәнір құлдарының өлімін тым маңызды санама. Тәнірдің құлдары келіп-кетіп жатады, Құдай болса өзгермейді. „Міне, өлгелі жатырмын. Тәнір сендермен бірге болмақ.“

Осы сөздер санамызға мықтап сіңсін. Бір адамның орнын бір адам баса алмайды деп ойлаймыз. Адамдарға назарымызды көп аударып, Тәнірге көз салуды ұмытамыз. Құдай құлдарының бірде бірі тіпті ең жарылқағанының да орыны ойсырып қалмайды. Өйткені Тәнір патшалығына адам үкімі жүрмейді.

„Тәнір сендермен бірге болмақ. „Тәнір құлдарының бүл дуниемен қоштасқанында осы сөздің жұбаныш болатыны сөзсіз. Біздің жоғалтатынымыз тым көп, бірақ құдіретті, даңқты Оны – тірі Құдайды сақтап қаламыз. Ол ешқашан өлмейді. Ол өз ісін одан әрі жалғастары береді. Құлдары ана дуниеге кетіп жатса да, мақсатын жеңіспен аяқтайды.

Олім төңірегінде тым көп әуреге түспендер. Мейлі, өлетін біз өзіміз, немесе Тәнір құлдары болсын! Жаратқан иемізге сеніммен берілгендейімізді көрсетсек, Ол соңғы деміміз біткенге дейін бізді пайдасына жаратады. Керегінде шақырып алады да, өзі қала береді. Біzsіz-ақ патшалығының жұмысын әрі жалғастырады. Бұл Оның ісі.

Кейбіреу ажал табалдырығын аттайтынның төсегінің шетінде отырып: Тәнір менің ерімді алса қайтпекпін деп ойлайды. Екіншісі: әйелімнен айрылсам не болмақ? – деп уайымдайды. Онда қалай өмір сүремін? Осы сынды адамдардың „Міне өлгелі жатырмын“, „Тәнір сендермен бірге болады“ деген сөзді саналарына жеткізу керек.

Жаны нәзік қарындасым, қайғырма! Қүйеуің сені тастан кетсе де, Иса сені қалдырмайды. Ол жетімдер мен жесірлердің әкесі, ақылшысы. Ол өміріміздің соңына дейін бізben бірге. Қоңлінді бас!

Егер сен жақын адамыңның өмірі таусылды ғой деп қорықсан, біліп қой: Құдай сендердің қастарында. Сенің тілек-ойынды ол жақсы біледі. „Сені жалғыз қалдырмаймын, тастанаймын!“ – деді Ол. Жаратқан ием айтқан сөзін қалтқысыз орындаиды.

Өмір мен өлімге жеңіл қарамайық, өзімізді Тәнірдің қолына табыс етіп, Оған қуанышпен сенімділік білдірейік. Шынайы таза махабbat қорқынышты да жеңеді.

Дәл осы бүгіннен бастап Тәнірге үмітімізді артайық. Дәл осы бүгіннен бастап Құдаймен бір болайық. Қалған күндерде де сөйтелік. Белгілі уақытымыз келгенде қорқыныштан арылып, балаларын жұбатқан Жақып сияқты туған-туысқандарымызды жұбатып: „Міне, өлгелі жатырмын. Тәнір

сендермен бірге болады“, – деп айтатын болайық. Сонда ғана мұны нағыз таза өлім демекпіз.

ЖЕМІСТІЛІКТІҢ СЫРЫ

Жаратылыстың басталуы 49, 22

Соңғы рет Жүсіптің ағалары хал үстінде жатқан Жақыптың төсегінің жанына жиналды. Экесінің олармен қоштасқысы келді. Тәнір атынан соңғы сөзін айтпақ еді.

Тәні ғана әбден қалжырап бітті. Рухы баяғыдай жас, сергекті. Маңындағыларға ғана көзі бұлдырап, түманданып көрінді. Бірақ аспан әлемін Жақып ап-айқын көріп жатыр. Осы дүние үшін құлағы да мардымды ести қоймады. Ал Тәнірдің үнін бұрынғыдан бетер анық естиді.

Қазір ол балаларына өзінің тілегін емес, Құдайдың ойы мен оның болашақ жөнінде хабарлағанын айтып жатыр. Экे өз пікірін ғана жеткізетін болса, көп нәрсені толық баяндап бермес еді. Эрине, бұл салтанатты сағатта Рувимнің, Симеон мен Левийдің ескі күнәларын жаңғыртып жарыққа шығармайтыны аян. Құдайдың атынан көрегендікпен әңгімеледі. Сондықтан да ештеңені жасырып, өзгерте алмады.

Иудаға арнайы тоқталды. Оның ұрпағынан шығатын, барша халық алдына бас иетіннің тұлғасын, барша әлемді құтқаратын Мессияны көрді.

Жақыптың қоштасу сөзі сүйікті ұлы Жүсіпке бағышталғанда поэтиқалық әсерлікке жетті. Зор тебіреніспен оның откендері өмірі мен болашағын суреттеді. Жүсіптің өміріне ғажайып әсерін тигізген бата сырын да ескерусіз қалдырмаады. Оның жемістілігінің, батақорлығы мен күшінің нede жатқанын меңзеді.

Жақыптың айтқан сөзі біз үшін да маңызды. Одан же-містіліктің, батақорлық пен күштіліктің сырына қаныға аламыз.

Сол сөзге құлақ асалық. Ол көп нәрсені түсіндіреді.

„Жұсіп – жеміс беруші ағаштың үрім-бұтағы, кәусар бұлақтың жанындағы жеміс беруші ағаштың үрім-бұтағы; бұтақтары қабырганың үстін жауып кеткен“.

Жұсіп үрім-бұтақ бола алды ма? Сол кезде жасы елудің шамасында. Қалайша Жақып оны үрім-бұтаққа теңейді? Бірақ ағаштың бұтағы еді. „Үрім-бұтақ“ деген сөз екі рет қайталаңады.

Оны қалай түсінеміз?

Іә, бұтақ екені рас. Өмірінде жемісті мол, көп берді. Жұсіп болмаса Мысыр қайтер еді? Ханаанның, әкесінің отбасының аман қалуы екіталай еді фой. Ол тек қана Мысыр халқын емес, барша әлемді сақтаған болды.

Жеміс көп беретін ағаш еді Жұсіп. Сонымен бірге үрым-бұтақ болып саналатын. „Кәрілігінде де олар жемісті, құнарлы, нәрлі“ – деген дін дұғасын айтушының сөзі оның өмірінен ғажайып шешімін тапты. Елді ол жастық жігермен биледі. Жыл өткен сайын қартайса да, еңбек сүйгіштігін жоғалтқан жоқ.

Жасы әбден толысқан шағында да үрім-бұтақтының жоғалтпады. Жапырақтары жайқалып, қабырганың үстін жауып тұрды. Олай айтатынымыз: өзінің жағдайынан, өзінің шыққан тегінен асып түскені. Қарапайым еврейдің, бақташының баласы – бүкіл Мысырдың билеушісі. Бұл шынында да биікке жоғарылау. Әкесі мен ағаларын көп алыс артында қалдырыда да, ұлы дәрежеге ие болды.

Жемісі бүкіл халық пен барша әлемге игілік болған, жеміс беруші үрім-бұтаққа қалай айналды?

Жас бұтақтың жайқалған ағаш болуына не себеп? Бұтақтарын биікке көтеріп, қабырганы жауып кетуіне не көмектесті?

Жемісті болуының сыры „кәусар бұлақтың жанында“ деген сөзде жатыр. Бұлақтың жанында ол жастығын, тазалығын сақтап қалды. Бұтақтары биікке көтеріліп, қабырганы жауып кеткені – өмірлік күшті бұлақ арқылы бойына жинағаны еді.

Жұсіптің өніп-өсуіне көмектесіп, өміріне қуат берген бұл қандай бұлақ? Бұлағы – жүргегінің Құдай деп соғып, Тәңірмен бірге болуы.

Қайнар бұлақтың көзі өте тереңде жатыр. Сондықтан да Жұсіп бүкіл, болмысының тамырын тереңге жіберді. Сейтіп Құдаймен тығыз байланыста өмір сүрді.

Осы қайнар көзінен жұбаныш пен қуат таппағанда елін тастап, Мысырға құлдар керуеніне байланып айдалған ол қайғы мен қасіреттен жан тапсырар еді.

Осы қайнар бұлақтан сусындарында Потифардың әйелі соңына түскенде аяғын шалыс басып, еріксіз торға түсіп құрыған болар еді.

Тар қапаста жатып, көмек көрмей, үмітін үзіп морт құрып кетуі де хақ, бірақ кәусар бұлақ жан-дүниесіне әл болып құйылды емес пе.

Билемешілік дәрежесіне жеткенде де Мысыр ақсүйектерінің қызығанышынан жоғары міндеттін орындаі алмай, құрып кетуі де мүмкін еді, бірақ адудынды құшті осы сарқылмас қайнардан сімірді ғой.

Жетіп толғаны, болғаны – бәрі кәусар бұлақтың, Құдаймен тығыз байланысты үзбеуінің арқасы.

Бар болмысымыздың тамырын қайнар бұлаққа мала аламыз ба, әлде мала алмаймыз ба, Құдаймен жүздесуге қауқарымыз жете ме, жетпей ме – міне, мәселе осыған байланысты екенін жемістіліктің сырынан үйренейік.

Күшімізді Құдаймен қарым-қатынастан алғанда фана өміріміз Тәңір мен адам үшін жемісті де, пайдалы болмақ. Тіршіліктің тілек-талабы өскен сайын жұмсайтын күш-куатымыз да өсе түседі; сол тілек-талапты орындау барысында жаңағы қайнар бұлақтан әлденгеніміз жөн. Өйтпесек солып, тартылып, жеміс бермей керексіз болып қаламыз.

Жемістіліктің сыры саған таныс па? Оған ұлы талап, үлкен білім, зор қабілет қажет емес. Тамырымыз бұлаққа жетті ме, жетпеді ме – мәселе сонда. Біз өзімізге керекті күш-куатты сол бұлақтан алып жүрміз бе?

Ең керегі-бұлақтың жанында үрім-бұтақ болып қанат жаю. О, Құдай, бізге соны сыйфа бере көр; бізге – жас пен кәрігे. Өзінің атының даңқы мен әлемнің игілігі үшін Тәңір сөйтеді де.

Осы қайнарға тамырынды жеткізу, сол қайнардан қоректену – міне, жемістіктің сырлы осы. Иә, „кәрілігінде де олар жемісті, құнарлы, нәрлі.“

ЖАСЫРЫН КҮШТЕР

Жаратылыстың басталуы 49, 23 – 24

Өмір сұру – күрес; бұл сөзді біз жиі естіміз. Шынында да солай. Жан-жағымыз толған жау, оқтарын бізге қарай кезеп тұр. Күрес барысында атылған оқ, көвшілігімізді ұшырып түсіруде.

Жүсіптің өмірі де күрес еді. Оны жан-жақтан аяусыз атқылап жататын. Ататындар негізінен өз туысқандары. Бұл жанынды ауыртып, жүрегінді қанатады; жақындарың жауға айналса жаның ашиды, әсіресе үй ішіндегілерін.

Ағалары Жүсіпті аямады ғой. Аштан өлсін деп орға тастады, соңан соң құлдыққа сатты.

Бұл ісегендері Жүсіпті тас жүрек етсе түсінікті ғой. Бірақ олай болмады. Ол опынбады, жүргінен қарғыс толы сөздер лақ етіп төгілмеді. Жо-жоқ! Оның садағы мықты болды!

Өмірі қанша ауыр болса да күресті тоқтатпады. Өзін жеңіліске ұшырадым деп есептемеді. Сенімсіздікке, ұсақтыққа аппаратын кедергілерден аттап өтіп, күресе берді. Ең хауыпты арбаудан да жеңіспен шықты.

Құлдықты басынан кешкен жағдайда да, қараңғы қапаста да қалайша Құдай мен адамдарға өкпелемей, ерлігін жоғаллады? Бойындағы қуатының сырлы неде?

Жақып ол жөнінде: „Жақыптың Құдайының қолындей оның да қолының бұлшық еттері мықты еді,“ – деді. – Осыдан Израилдің Бақташысы да, тірегі де!

Балаң әлі мектепке бармай тұрғанда сен оған хат жазуға көмектескен жоқсың ба? Жаза алмаса да жазғысы келетін. Сен оны, әрине, құлқі етпедің, „саған хат жазу ертерек,“ – деп тоқтау айтпадың. Бірақ сен бір бет ак қағаз алып, балаға қарындаш ұстатып: „Сонымен, не жазсақ екен?“ – дедің. Сонда сәби өзінің не қалайтынын айтатын. Үлкен алақаныңмен баланың қолын қысып, қарындашты қағаз бетімен жүргізе бастадың. Солай әріптен әріп туатын. Осылай сен балаңа „хат жазуды“ үйреттің.

Жүсіппен де солай болды. Ауыр күресті жеңіске дейін жеткізуге мүмкіншілігі жетпеді. Қара қарғалардай жаман ойлар жан-жағынан торлады. Құзғындар оның жүрегіне жол іздеді. Жүсіп қарсыласып бақты.

Әрі қарай шыдай алмаймын дейтін өзіне-өзі! Мұны ол пайдасы болмаса да Құдайға да айтты. „Тәңір, мен өз ойыма қарсы тұра алмаймын. Арада ызындаған сан қылы ой жан-жағымнан қоршап алды. Көмектесе көр маған! Мені қорға да, жеңіске жеткіз!“ – деді.

Міне, сонда оны Жақып Құдайының мықты қолы алға бағыштады. Құдай өз алақанын Жүсіптің қолының ұстіне салды. Мұнысы жеңіске жеткізетін.

Иоас патшаның ауырып жатқан Елисей пайғамбарға барған тарихын білесің бе? Пайғамбар Иоасқа: „Садақ пен жебені қолыңа ал!“ – деді. Патша садақ пен жебені алды. Сонан соң Елисей: „Колыңды салып тарт!“ – деді бүйірып. Патша бүйірығын орындағы. Елисей қолымен садақтағы патшаның қолын ұстады да: „Ат!“ – деді. Патша атады. Жебе зырылдан ұша жөнелгенде: „Бұл Тәңірдің құтқару жебесі, Сириядан құтқаратын жебе! Сен сириялықтарды Афекте талқандайсың!“ – деп дауыстады Елисей.

Егер Елисей патшаның қолын бағыштамағанда, оның садақ атқанында маңыз болмас еді. Мұның түсінігі төмендегідей: Иегова сенімен бірге соғысады. Иегова саған жеңіс әпереді. Сенің қолыңды бағыштағанымдай Тәңір де өз қолымен мен мензеп отырады. Сөйтіп, Құдай сені жеңіске жеткізеді!

Мұны Жұсіп өз басынан кешті. Жан-жағынан қыспакқа алған қыншылтықтарға Жұсіп мызғымай қарсы тұра алмас еді. Оны өзі де білетін. Сол себепті Тәнірден көмек сұрады. Тәнір көмегін берді.

Жұсіптің күшінің сыры, міне, осында. Ол өзіне сенген жоқ. Өзінен ештеңені де күтпеді. Осының бәрін Тәніріне айтты.

Біз неге жиі жеңіліске ұшыраймыз? Өйткені өз әлімізге сенеміз. Сен де өз-өзіңнен әлде нені күтіп, ойлағаным болады дейсің гой. Жо-жоқ, соның үшін ақыры үятқа қала-сың!

Адам әлсіздігін әбден мойындағанда ғана күш-қуат алады. Ештеңе істей алмайтынын, түк те білмейтінін, мейлінше шарасыз екенін білсімен Тәніріне жалбарынады. Сонда барып Жақыптың Құдайы өзінің күшті, мықты қолын біздің әлсіз қолымызға тігізіп, көмекке келеді. Жебені құтқарушы ретінде алға зулатады, сөйтіп күрес пен арпалыста біз жеңіске жетеміз.

О, егер сен күштің сырына жете білсең! Өзіңнің әлсіздігінді, қауқарсызыдығынды сезінсөң! Егер сенің өркөкіректігің күл-талқан болса гой, шіркін!

Сонда ғана жеңілістен жеңіске жетіп, Жұсіп қана білетін сырдың бетін ашамыз.

Бұдан былай өз мүмкіншілігіңе бой ұсынба! Құдайға сен! Өзіңнен ештеңе де күтпе! Құдайдан күт! Құдайда бәрі бар. Құдай көмектеседі. Құдай жасағысы келгенін жасайды.

Бұдан әрі де өзіңе сеніммен қарасаң, жеңіліс табатының даусыз. Құдайға толық берілдің екен, онда жаумен шайқаста жеңіске жетесің. Күштің сыры, міне, осында.

БАТАНЫҢ СЫРЫ

Жаратылыстың басталуы 49, 25 – 26

Жақып бұған дейін Жүсіптің өткен өмірін әңгімелеген болса, енді оның болашағына көз салды. Жүрегі сезінгенді жеткізетін қажет сөзді әрең тауып, қиналды.

Батасын беру үшін кәрі Ысқақтың оның төбесіне қолын басқан сәтті есіне алды. Батаны алдал, өтірік айтып алды ғой... ал қазір тіпті басқаша...

Жақып баласына нені тіледі? „Әкеңнің Құдайының атынан, Сол саған жар болсын!“ Бұл бастамасы. Оған құнделікті көмекті тілейді. Өміріндегі барлық жағдайда да, жоғары дәрежесіне сәйкес туатын жауапкершілік пен басқа да сұрақтарда Құдайдан көмек алып отыруға тиісті.

„Әкеңнің Құдайының атынан, Сол саған жар болсын!“.

Жақып неге Құдайды осылай атады? Өйткені Одан шексіз-шетсіз көмек алған. Қыын сафатта ол Құдайды сезіп, Оның өзіне Көмекші екенін ұқты. Сондықтан да баласына бағыштап: „Әкеңнің Құдайының атынан, Сол саған жар болсын!“ – деді.

Бұл өте маңызды тілек. Көмектің өте қажет екені сөзсіз. Адамдар мұны түсіне білсе ғой.

Бізге құнделікті көмек өте қажет. Ол сынақ сафатында, қыыншылық пен қыын-қыстау кезінде, жұмыс пен отбасында, жол үстінде сафат сайын, күн сайын өте қажет!

Жақып ұлына одан әрі: „Құдіреттіңің құдіреттісінен, Ол биік аспан игілігі мен тұңғиықтың нұрын бата арқылы дарытсын!“ – деп тілек айтты.

Мұнымен не айтқысы келді? Меніңше, ол Жүсіпке бақыт пен қамсыздықты, патшаның дұрыс көзқарасын, халықтың сүйіспеншілігін, отбасының тыныштығын, баладан келер куанышты тілеп отыр. Бұл жоғарыдан келетін бата.

Кәрі жиханкез, өмірді жете түсінетін Жақып үнемі жақсы күндердің бола бермейтінін біледі. Тұңғиықтың да, қараңғы тұн тұңғиығының да бар екені оған аян. Ол

Рахильдің қайтыс болған сәтін есіне алды. Төрт жұз адамды бастап Аппастың өзіне қарсы шыққан сафатын елестетті. Жүсіптің қан-қан болып жыртылған киімін алып келген күнді көз алдынан өткізді. Иә, өмірде түпсіз тұңғирықтың бар екенін ол жақсы біледі.

Сонымен қатар, құдіретті Жаратқан иенің тұңғирықтың нұрын бата ғып дарытатынын да түсінді. Қайғының да игілік болғанын қалайды. Сол себепті де ұлына: „Аспан игілігі мен тұңғирықтың нұрын“ тілейді.

Былайша айтқанда, Жүсіптің қуанышы мен қайғысы, бақыты мен бақытсыздығы оған бата болып айналуға тиісті.

Тәнірдің еркі, ойы, тілегі осы. Құдайды сүйетіндер игілікке ие болсын. Мұны білген қандай жақсы. Білсөн, болашақтан қорықпайсын, қасіреттен шошынбайсын.

Құдайдың даңқы артсын! Бата аспан биғінен бе, тұңғирық нұрынан дари ма, Тәнір соның бәрі біздің игілігімізге айналса екен дейді. Өйткені ол құдіретті Жаратқан ие. Шексіз қасіреттен, орасан зор ауыртпалықтан Ол бізге рақат ізден табады.

Батаға орай Жақып тағы да ұлына бірдене тілегісі келеді. Онысы: „емшектен тарайтын игілік“.

„Емшектен тарайтын игілік“. Қандай жақсы сөз. Одан біз бала – батаның жемісі екенін білеміз. Батақор еркектің бейнесін суреттей отырып, жыр айтушы: „Үйіндегі әйелің жеміске толы жұзім сабағындей; дастархан басындағы ұлдарың сенің зәйтүн ағашының бұтақтарындей,“ – дейді (Жырл. 127, 3). Одан әрі: „Міне, оның Тәнірі берген мұрасы – балалар; Оның сыйы – ана құрсағындағы нәресте. Жас ұлдарың күштінің қолындағы жебе. Қорамсағы сол жебеге толы кісі – баталы,“ – делінген (Жырл. 126, 3-5).

Біз бұғін неге жетіп отырмыз? Балаларды енді игілік деп санамайды. Бұл қате көзқарас діндарлардың арасында да бар. Бала қазір қажетсіз жүк, сол себепті де сәбілердің санын азайтуға тырысамыз. Діндарлар арасына бұл уыттың қалай терең тарағанын бір Құдайдың өзі біледі.

Бірақ бала – бата, бала Құдай берген бағасыз сый деген түсінік өз негізін жоймақ емес. Наның аздау, баспанаң тарлау екен, алайда шындық шындығын жоғалтпайды: қорамсағы жебеге толы – игілікке бай. Баламен аралассаң, самал жүтқандай әсер аласың. Баланың тәрбиелік мәні де зор: әкешшесін ол менменсуден, өзімшілдіктен қорғайды.

Құдай үйге бала берсін. „Тағы біреуі туды!“ – деп күрсінбейік, қайта Тәңірдің сыйын асыфа күтейік. Ол отбасына дарыған бата фой.

Жұсіп сияқты күнделікті көмекті, аспан мен тұңғиық нұрының игілігін, бала сую қасиеті мен отбасы бақытын бата-тілек арқылы өзіне бағыштап алған кім бар?

Бұл батаның сырьы неде жатыр?

Жақыптың соңғы сөзіне назар аударалық: „Осының бәрі ағаларының арасынан ерекшеленген Жұсіптің басына дарысын!“ – деді ол.

Сыр, міне, осындей. Жұсіп ерекше белгіленіп, бата алған! Жастайынан Құдайға берілгендейдіктен Тәңір ағаларының ішінен оны таңдаған еді. Ағаларының жасаған есуастығы мен күнәсіне қатыспады. Оның білетіні: мен Құдай үшін өмір кешуім керек!

Құдай үшін өмір сүргендіктен Құдай да онымен бірге болды. Сол себепті де оның өмірі игілікке айналды.

Жұсіптің басына дарыған бата саған да дарығанын қалайсың ба? Ендеше сол сияқты қалаулы болуың керек. Өзінді Құдай жолына арнап, тек Сол үшін, жалғыз Тәңірің үшін өмір сүргенің жөн.

Жұсіп сияқты өзінді толық Тәңірдің қолына тапсыр, сонда Құдай рухани игілікті, күнделікті көмекті, аспан мен тұңғиық нұрын бір саған ұсынады. Мейірім мен рақаттан сені құр қалдырмайды. Құдайдың қалаулысы болу – бата алу. Сыр, міне, осында.

МАҚСАТҚА ЖЕТУ

Жаратылыштың басталуы 49, 33; 50, 1 және 4-9

Мақсатына жақын қалды! Бірақ осыған дейін Жақып көп адасты. Шет жерде- Мессопотамияда ұзақ болды. Сонан соң үйге оралып, қанатын жайып өсіп келе жатқан Жұсіпті көріп, қуанды. Одан кейін сүйікті ұлын жоғалтып, қайғырды. Оның артынан Жұсіптің тірі екенін біліп, қасына келіп тұрақтағаны. Енді, міне, шаршап-шалдыққан жолаушы ол мақсаттың сыйығына жеткен сияқты.

Балаларына бата беріп, өсиетін айтқаннан кейін Ефрон даласындағы үңгірге көміндер деп ескертті. Іле көзі жұмылғып, жүргегі тоқтады.

Жұсіп сүйікті әкесінің тәніне көз жасын төге ұмтылды, суи бастаған денені құшақтап сүье бастады. Жұсіптің жасы елуге келіп қалған, бірақ әкесіне деген махаббаты баяғыда Ханаандағы шатыр ішінде отырып, оның Киеіл кітаптағы аңыз-әңгімелерін тыңдаған кездегідей еді. Жақыптың Құдайды сүье білуге жастайынан үйреткенін ол ешқашан да ұмыта алмады. Өмірдің дүлей дауылына тап келген Жұсіп не істер еді, егер әкесі шын жүргімен Тәнірге сенуді үйретпеген болса? Су астындағы жасырын жартастарға соғылып, кемесінің апатқа ұшырамағаны әкесінің арқасы.

Сондықтан әкесінің қазасын қатты қайғырды. Сондықтан да әкесінің тілегін қалтқысыз орындағы. Елге апаруға дайындалып, оның денесін бальзамдады. Сонан соң, патшадан әкесін Ханаанға жерлеуге бару үшін, демалыс сұратып кісі жіберді.

Патша тек қана демалыс беріп қойған жоқ, білгірлік жасады. Өзінің маңындағы ақсүйек мырзаларға қаралы шерумен бірге болып, жерлеуге қатысындар деп бұйырды.

Сонымен кәрі бақташыны патшалық қара шерумен алдып жүрді. Оның құрамында жоғары дәрежелі мырзалар, сарай басшылары, елдің түкпір-түкпірінен келген қызметшілер бар болатын.

Жақып сөйтіп қатты сағынған туған жеріне де оралды. Енді ол ата-мекеніне, үйіне жетті. Көздеген мақсатына да жетті.

Жақыпты жоқтау жеті күнге созылды. Соңан соң, ақ басты жиханкезді Сарра өлгенде, оны жерлеу үшін Үбрайым сатып алған үнгірге апарып қойды.

Көп жылдардан соң туған жер топырағын қайта басып, алыстағы көкжиекте көгілдірленіп жатқан Ливанды көргенде Жұсіп сергіп, бір түрлі жеңілдік сезді. Сонау өткенде өмірі мен бүгінгі күннің арасында талай-талай оқиғалар жатыр-ау!

Жақып армандаған мақсатына жетті. Орасан көп уақыт өтсе де, ол көздеген межесін тапты. Өмір жолы қалай-қалай бұраландағанымен, жоғары өрледі, құлдырап төмен құлады, – бәрі бір соған қарамастан нысананаға әкелді.

Достым, сен ше? Мақсатыңа сапар шегіп келесің бе? Назың Құдай қалаған, Құдай өзі ұсынған мақсат-нысанана? Өміріңің сан-алуан өзгеріс, құбылыстарында назарың сол нысананаға, туған үйіне, жер-үйігүң Ханаанға бағыштала ма?

Ешкім де, ештеңе де нысанаңнан бұрмайтын болсын.

Тәңір сені жасы жеткен жиханкез ретінде, немесе күшкуатыңды әлі жоғалтпаған кезінде өзіне шақырса, онда тұрған не бар? Мақсатыңа жетсөң болды.

О, Құдай игілігінді бер – ешкім артта қалмасын, ешкім қаза таппасын, тек бәріміз жиналып бір-бірімізді шынайы куанышта, мақсат тұтқан нысанамыз – Тәңір үйінде қарсы алайық.

ҚҰДАЙМЕН БІРГЕ

Жаратылыстың басталуы 50, 15 – 23

Ханаанға барған соң, Жақыптың денесін табытқа салғаннан кейін, Жақыптың балалары бұрынғы ескі оқиғалар-

ды естеріне алды. Жұсіпке қатысты кінелары зор болып көрінді. Ол енді ағаларына қалай қарайды еken? Солардың кінәсінен көптеген қынышылықтарға тап болғаны үшін жауапқа тарта ма? Мүмкін әкесінің көзі тірісінде батылы жетпеген шығар. Ал енді жазалауына әбден болады. Ағаларын қорқыныш биледі. Сондықтан да Жақыптың атынан кешірім сұрамақ болып шешті. „Әкең сенің қайтыс болар алдында өсиет қылып еді: Жұсіпке айтындар, ағаларының күнәсін кешсін, өйткені олар жамандық жасады гой!“ – осы сөздерді Жұсіпке жеткізді.

Жұсіп осыны естігендे жылап жіберді. Жақып айтты дегендері өтірік екенін білді. Жақып Жұсіптің ағалырын кешірменгенін білсе, оны өзі-ақ айттар еді. Сырқат әкесінің тәсегінің басында ол үш рет болды. Жақып ештеңе демеді. Ол Жұсіпті жақсы білетін. Бауырларын баяғыда-ақ кешіріп, бәрін есінен шығарғанын бірден түсінді.

Ендеше Жұсіптің жылағаны несі? Ағаларының жүргегінде әлі де өтіріктің қалдықтары барын сезініп жылады. Олардың сенімсіздік білдіргеніне, кештім дегеніне мән бермегендеріне қиналды. Тұысқандарының бақытсызы өмірін ойлап жылады. Қазірдің өзінде ашылып отыр: өткен уақыт ішінде олар қуаныш пен бақыттың не екенін білмеді, кінәнің ауыртпалығы жылдар бойы мазаларын кетіріп, әлі де ар мен сана-сезімдерін соққылайды екен.

Неткен бейшаралық өмір. Бейшаралығы – кінәнің салдары. Бейшаралығы – інісіне сенбеулери.

Ағалары сенімдерін жоғалтқаны Жұсіп үшін үлкен қайғы еді. Кештім дегеніне сенбеді. Тәнірдің де жүргегінің парша-паршасы шықпай ма, егер адамдар оның махаббаты мен игілігіне сенбейтін болса. Ол Галгофада мәңгілік құтқару әперсе де, адамдар өз күнәсінің ауыртпалығын көтеріп жүргені Құдайдың жаңын ауыртады.

Олармен әңгімелесу үшін Жұсіп ағаларын шақырып алды. Ағалары алдына келіп құлай кетті. „Міне, біз – сенің құлдарың!“ – деп шулады! Бейшара бауырларыңбыз!

„Шошынбаңдар, себебі мен Құдайдан қорқамын. Сендер маған қарсы жамандық ойлап едіңдер, бірақ Құдай оны бүтінгі табысқа жеткізу үшін жақсылыққа айналдырыды да, көптеген адамдардың өмірін сақтап қалды. Ендеше шошынбаңдар. Сендерді, сендердің балаларыңды асырауға дайынмын!“ – деді Жұсіп оларға.

Қандай қарама-қайшылық: Жұсіп және оның ағалары. Аналар күнә мен кінәнің тепкісінде, Жұсіп – Жаратқан иесінің қол астынды.

Күнәнің тепкісінде болу – бейшаралық өмір кешу. Құдаймен бір жүру – рақат пен тыныштық табу.

Күнәнің астында жаншылсаң – қорқынышты өмір сүреңің. Құдаймен болсаң – тыныштық пен қуанышқа бөлеңесің.

Күнәң бар екен – малай мен құл болғаның. Құдай қолдаста – бостандық тапқаның.

Қалайсың, достым? Өмірің Жақыптың балалары өміріне ұқсаса, күнәмен жаншылып жатса, онда бейшара, бақытсыз сормандай екенсің. Әлде өмірің Құдаймен бір ме? Ол сенің басшың мен өміршің бе? Ендеше өмірің рақатқа толы болғаны.

Жұсіптең бол. Құдайдың назарына ілік. Өміріңің басшылығын Соған бер. Сонда нағыз бақытты боласың. Ол сенің күнәнді кешіп қана қоймайды, сондай-ақ бойындағы бүкіл кеселден арылтады. Сенің өміріңді көрден сақтап қана қалмайды, мейірімі мен рақымына бөлейді.

Ауыр жолмен жүре қалсан, адам баласынан азап шексең, онда біліп қой, Құдайдың назарына ілігіп, бәрін Тәңірдің қолынан қабылдайтын кісі ешқашан да өшін алмайды, махаббатын сыйлап, кешірімділік жасайды.

О, Құдаймен бірге болған рақат өмір!

Жұсіп Құдаймен бірге болғандықтан ағаларына бәрін кешіріп, олардың жасаған жамандығын ұмытқан еді. Тәңірдің қолынан келген іс деп қабылдады. Шындықтың негізіне жетті. Құдайдың жасағанының бәрі адамның игілігі үшін!

Ағаларының күнәсі Жұсіпті Мысырға апарды, сол жерде Құдай оны сансыз адамның өмірін сақтап қалу үшін пайдаланды.

Құдаймен бір адам қандай да болмасын қын жолмен жүргенде де ренжімейді, өкпелемейді. Дұрыс келе жатқанын растайтын шындық үнемі бой көрсетіп тұрады.

Жұсіп Құдаймен бір болатын. Сол себепті ол ағаларына: „Шошынбаңдар. Сендерді, сендердің балаларыңды асыраймын!“ – деді. Оларды жұбатып, достық көңілмен сөйлесті.

Адам бұндай әрекетке Құдаймен бірге болғандаған барады. Қарғыс айтып жатса да, бата беруге болады. Сени қуғындаса да, намысыңа тисе де рақметінді айта бересің. Бұл Құдаймен бірге болғандықтың қасиеті.

Жылдар өтті. Елу жыл. Бұл мерзім жөнінде білетініміз аз. Жұсіп немере, шөбере сүйді. Бұл игілігі мол өмір еді. Ол патшаның көңілін тапқанына, халық көрсеткен сүйіспен-шілікке, отбасының бақытына қуанды. Өйткені Құдаймен бірге болды.

Достым, жақсы, жаман күндерге қарамай сенің де өмірің итілікті болсын, тек Құдайға сене біл.

Өміріңнің беткейінде, табытыңың бүйірінде, бүкіл жүріп өткен жолыңың бойында бір ғана: „Құдаймен бірге“ деген жазу тұрсын!

ҚҰДАЙ СОЛАЙ ДЕГЕН

Жаратылыстың басталуы 50, 24 – 26

Жақып қайтыс болғалы алпыс жыл өтті. Жұсіп өзінің де соңғы күндерінің таянып қалғаның сезді. Жауапты іс оның бүкіл күшін сарып етті. Оның жасы жүз онға келді. Мысырды билегеніне сексен жыл болды. Ұзақ та, игілікті қызметіне сын көзімен қарап алды. Көп уақыт өтсе де, одан мысырлық шықпады. Туған отаны Ханаан екенін ол білетін. Сол себепті сүйегін әкесінің жанына апарып, жерлегенін қалады.

Соңғы сағаты жақындағанда туысқандарын шақырып алып, ойындағы тілегін айтты. „Мен жақында өлемін, бірақ Құдай сендерді қараусыз қалдырмайды, осы арадан алып шығып Ыбраайым мен Ысқаққа және Жақыпқа уәде еткен жеріне апарады. Құдайдың бастауымен мениң сүйегімді елге жеткізіңдер!“ – деді.

Оның айтқаны Израиль балаларының Мысыр жерінен көшүі туралы. Адамдық тұрғыдан қарасақ, бұл мүмкін емес. Олар неге көшеді? Мысыр жерінің ең шұрайлысы – Гесем. Израиль балаларына одан артық жердің керегі де жоқ еді. Гесемде олар бейбіт, тыныш өмір сүріп жатты. Ханаанды алу үшін қолдарына қару алып жаулап алмаса болмайды. Мысырда олар жоғары мәдениеттен тәлім алса, Ханаанда ол жоқ.

Сонымен Израиль үрпағының Мысырдан көшіп кететініне сену қыын.

Ендеше Жұсіп Мысырдан кету керек екенін неге айтады?

Құдай Ыбраайым мен Ысқаққа және Жақыпқа Ханаанды берем деп уәде еткен. Бұл сөзді антпен бекітті. Жұсіптің сүйенетін негізі осы ғана. Құдай айтқан! Құдайдың сөзі негіздің негізі. Тәңір сөзінің қозғалмайтын жартас екенін ол жақсы білетін. Сыртқы жағдайларға назар аудармай, тек Құдайдың сөзімен ғана санасты.

Жұсіп қателесті ме? Құдаймен санасатын адам ешқашан қателспейді. Израиль балаларын Мысырдан шығарудың жолын Тәңір жақсы білетін.

Елді аман сақтаудағы Жұсіптің сіңірген еңбегін білмейтін жаңа әulet мемлекет басшылығына келгенде, Израиль балаларына қайғылы күн туды. Мысыр халқының жағдайы тым ауыр еді. Халық перғауынның құлдығынан босанбақ ниетіне келді.

Израиль балалары Мысырдан кетпекші болғанда, оның жолы жабық болып шықты. Перғауын рұқсат бермеді. Осыншама халықты жібергісі келмеді. Еврейлерді түрлі жұмысқа пайдалануға болатынын көрді. Сол себепті Мысырдан кетуге келісімін бермей отырып алды.

Бірақ Тәңір жоспарлаған нәрсе қайткен күнде де орындалуға тиісті.

Израиль балалары қажет деп таба ма, таппай ма, перғауын келісі ме, келіспей ме – онда тұрған не бар. Құдай Ханаан жерін Израилге берем деп уәде етті ғой. Ендеше құдіретін жүзеге асырады. Сену қыын. Бірақ мұны айтқан Құдай ғой. Жүсіпке соның өзі жетіп жатыр.

Бұл шындыққа сәйкес келе ме, келмей ме деп Жүсіп сұрамады: Тәңір сөзіне сүйенді. Құдай айтты – бітті.

Тәңір сөзіне деген осы мызғымас берік сенімді барлық Жаратқан ие балаларынан кездестіре алсақ қой! Ал бүгінгі күні Жаратқан ие балаларының көбісі Киелі кітапқа орай сын айтады. Тәңірдің айтқандарына күмән келтіріп, үсті-үстіне сұрақ қояды. Анау мүмкін емес, мына берген бата-сының орындалуы екіталай дейді.

Тәңірдің сөзіне мызғымай сенуді, бұл дүниеден кеткелі жатқан Жүсіптен үренеік. Шындыққа арқа сүйер болсақ, көп нәрсеге үренеміз. Құдай солай деді.

Сондықтан да Жүсіп Израиль балаларының Мысырдан кететініне мейлінше сенді, сондықтан да сүйегін еліне, жер-үйігіна апарындар деп бұйырды. Мысырда ұзақ болатынымен санаспай, Құдайдың сөзімен санасты. Сол себепті де сүйегін қолма-қол емес, Израиль балалары Мысырдан көшкенде фана алыш шығындар деді.

Денесін мысырлықтардың дәстүрі бойынша бальзамdap, табытқа салды.

Израиль балаларына Жүсіптің мумиясы нені уағыздайды? Мысырда қамсыз тұрып жатқан оларға – Жүсіптің табыты: біздің отанымыз мұнда емес дегенді ескертті. Мысыр жерінде қаламыз да жоқ. Құдай солай деді.

Мысырдан кетпек болып, кете алмағандарында Жүсіптің табыты тағы да: перғауын сендерді жібергісі келмесе, бәрі бір еріксіз жібереді, өйткені Құдай солай деді, – деп ескертті.

Мысырдан шығып шөл даламен келе жатқандарында да

Жұсіптің табыты әлде нені уағыздады. Израиль балалары Ханаанның бекініс – қалаларындағы алыптар туралы естіп, шошынғанда Жұсіптің мумиясы тағы да: Құдай айтқан, біз Ханаанға женіспен кіреміз! – деп ескертті.

Шөлде қаңғыруға мәжбүр болғанда Жұсіптің мумиясы: Тәңірге неге сенбедіндер? Ханаанға кіреміз деген үмітті жоққа шығардындар, сондықтан өмірлерінді шөлде өткізесіндер. Құдай солай айтқан еді.

Осы сынды құдіретті уағызды Жұсіптің денесі Сихемге жеткізіліп, әкесінің жаңына жерлегенге дейін бойында сақтап келді. Жұздеген жылдар бойы ол Израиль балаларының діни үніне айналды. Шуақты күнде де, қын уақытта да. „Құдай солай айтқан!“ – деді ол уағыз-үн.

Жұсіппен қоштасатын да сәт келді. Оның бүкіл өмірінің өзі ұлан – файыр діни уағыз. Бірақ біз одан Тәңір сөзіне мызғымай сене білуді үйренбейінше қоштаса алмаймыз. Тәңір сөзін жұрт сынайды екен, ендеше біздің мақсатымыз оны жүрекке тұтып, жоғары бағалау. Одан бізді ешкім айырмасын, мәңгіліктің шыңы сияқты біз оны тірек етеміз. Ендеше Құдай солай айтты деген Жұсіптің ұраны біздің де ұранымыз болсын.

Тек сонда ғана өмір мейірімге толып, өлім рақатқа айналады. Сүйенеріміз игіліктен туған шындық. Иә, Құдай солай айтқан!

